

84/3403/10

0-54

ҚАЗАҚ

күлкісі

Сабырбек

ОЛЖАБАЙ



ҒАСЫР МАШАҚАТЫ



83.3 (5 Kaz)  
0-54

Сабырбек ОЛЖАБАЙ


ҒАСЫР  
МАШАҚАТЫ

Әзіл-сықақ әңгімелер

927426  
- 928076 -

ОБЛЫСТЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ӘМБЕБАП  
КІТАПХАНАСЫ

КІТАП САҚТАУ  
БӨЛІМІ

  
ҚазАқпарат  
Алматы  
2011

А.С. ПУШКИН АТЫНДАҒЫ  
ОҚТУСЫҚ ҚАЗАҚСТАН  
ОБЛЫСТЫҚ ӘМБЕБАП  
ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНАСЫ

УДК 821. 512. 122

ББК 84 ҚАЗ - 74

О - 54

83.3(5Қаз) + 84(5Қаз)6

Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрағат комитетінің «Әдебиеттің әлеуметтік  
маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша  
шығарылды.

**Олжабай С.**

**О-54 Ғасыр машақаты: Әзіл-сықақ әңгімелер. – Алматы:  
ҚАЗАқпарат, 2011. – 284 бет.**

ISBN 978-601-03-0086-6

Қазақ сатирасының сайыпқырандары Шонаның сарқытын ішіп, Садықбектің сақалынан сипаған сатирик Сабырбек Олжабайдың бұл туындысы зерек те ұғымтал оқырманға арналған. Кітаптың “Ғасыр машақаты” деп аталуының өзінде үлкен салмақ бар. Автор әр тақырып аясына жеке отбасының, мекеменің, тіпті бір адамның басындағы оқиғаны ала отырып, бүкіл қоғамды жайлаған дерт, бірімізді әбігерге салып жүрген машақаттардың сырын ашады. Сөйте тұрып, “Ғасыр машақатымен” бірлесе күресуге шақырады. Шығарманың құндылығы да осында. Тілі жатық, бір деммен оқитын әр дүниенің тереңінде уытты мысқыл, күлкі арқылы жан дүниенің тазарту бар.

УДК 821. 512. 122

ББК 84 ҚАЗ - 7

ISBN 978-601-03-0086-6

© Олжабай С., 2011  
© «ҚАЗАқпарат», 2011

## САБЫРБЕКТИ НЕ ҮШІН ОҚИМЫЗ?

"Жаңа оқу жылының қарсаңында бірінші сыныпқа баратын балаларымызды балапанның басынан ұрып санағандай түгелдеп кеп бердік".

Біз танымал сатирик Сабырбек Олжабайды сөзінен танып жүрміз. Міне, сол сөз. Расында да қазақ қауымында үйіндегі шүпірлеп жүрген балалары мектеп жұмысы басталарда ғана еске түсетіні бар. Жаз бойы алақтап жүріп, сабаққа баратынынан екі-үш күн бұрын апыр-топыр болады да жатады. Бұл — ұлттық дерт. Сүйек түгілі, сіңірге, жұлынға сіңіп кеткен. Бір жыл, он жылда жазылмайтын, гасырлап жиналған нағыз машақат.

Негізі Сабырбек сақтияндап жинап, қаламының ұшымен кірпіштей қалап шыққан дүниелердің бәрі кез келгеннің басында жүрген нәрселер. Қайсысына барып айтсаңыз да:

— Дәл өзі. Тура сондай! — дері сөзсіз.

Бірақ, мәселе — дәл соны жеріне жеткізе айтып, мойындата білуде. Сабырбектің жазбаларына көз жүгіртіп отырған сауатты кісі:

— Тым ауыр жазады екен! — деп қалды.

Мен оны түсіндім. Өйткені мынау жазбалар оның



қотырын ашып, сыздауығын жарып жіберді. Ауыр болмағанда қайтеді?!

Солай, бауырым Сабырбек!

Талайдың шиқанын шырылдата сығып, бүкіл қоғам арсыз, мақтанқұмар, бақай есеп пейілінен арылғанша арыныңды тежеме! Созақтан шыққан сарбазым, нақтылай соғар найзагерім, қолындағы құрығыңды бір сәт босатпа! Талай асуларды тізгіндейтін жасқа енді жеттің. Жазар көбейсін!

**Атанбек НАУРЫЗ.**

## ОҢ ҚОЛ

Мен, Ауғанстан соғысының жаман жауынгері шама-шарқыма қарамастан, Үкіметімізге, Парламент Мәжілісінің депутаттарына, жалпы заң шығарушы органдарға сын айтқалы отырмын. Бұл сынның өзі қатындардың қарғысынан да қаттырақ.

Соғысқа қатысқан майдангерлердің миы орнында тұруы қиын шаруа. Ал мен сияқты бір қолын түбірімен берген майдангер болмашыға қит ете қалса, мұны соғыс салған жараның әлі жазылмағаны деп біліңіз.

Есік алдында отыр едім, хат тасушы Қатира өтіп барады екен. Қолында бір бума газет-журналы бар.

— Оу, Қатираш, бізге де бұрыла кетсеңші. Біздей ауған соғысының ардагеріне жәрдемақы да келіп қалатын уақыт болған тәрізді,— деп хат тасушыға қарай мойнымды созып-созып қарап қойдым.

— Е, авганец қайным, сенің зейнетақыңды кесіп тастапты.

— О несі ей!

— Оны мен қайдан білейін. ВТЭК дей ме, ӘТЕК дей ме, доғдырлар қайта тексеруден өтсін депті ғой.

— Қайта өткені несі? Былтыр ғана мына шолақ қолыммен аудан орталығына жүз мәрте барып келмеп пе едім?

— Зейнетақы керек болса тағы барасың қайным. Маған текке торсылдай бергенше, жолға жинал,— деп Қатираш қарасын батырды.

Жазған құлда шаршау бар ма, ертеңгісін аудан орталығына қатынайтын сары “пазикке” келіп қонжидым. Автобус Орынбек жәкемнің ескі арбасындай салдыр-гүлдір етіп орнынан ыңырана қозғалды.

Бүгінде қайбір жөндемді жол бар. Жол-жөнекей автобусымыз тулап, салдыр-гүлдірден құлағымыз шулап, үсті-басымызды шаң қауып автобекетке жеткенде жолаушылар бірін-бірі танымай таң қалып, құр сүлдеріміз сүйретіліп көліктен түстік. Жалғыз қолыммен үсті-басымды қаққан болып, аудан орталығына келдім емес пе, көзіме қара көзілдірік таққан болып, жігіт емеспін бе әтір-сәтірді бетке жаққан болып аудандық ауруханаға қарай құстай ұштым.

– ВТЭК-тің кезекті отырысы кеше өтіп кетті. Қайда жүрсіз? – деп мені дәрігер біраз сілкілеп алды.

– Оның өтетінін мен қайдан білейін. Ешкім хабарлаған жоқ, – деп ақталдым мен.

– Хабарламаса бұдан былай құлағың түрік жүрсін, – деп дәрігер бөлмесінің есігін жаппаққа бекінді.

Мен жалғыз қолыммен жабылғалы жатқан есікке шамам келмейтін болған соң ернеуіне аяғымды көлденең тоса қойдым.

– Сіз неге врачты басынып тұрсыз? Әлде полиция шақырту керек пе? – деді дәрігер.

– Құдай сақтасын! Ондай бәлесінен аулақ! Маған келесі комиссияның қашан өтетінін айтпас па екенсіз? Сізді мен сол үшін мазалаған едім. Кешіріңіз! – деп мүләйімсідім.

– Адам сыйлау дегенді ұмытып барасыздар, – деп ескертті қайырымды дәрігер, – осында күніне мың ауру келеді. Барлығы сіз сияқты басымызға әңгіртаяқ ойнатып кетсе, көрген күніміз не болады.

– Кешіріңіз дедім ғой, кешіріңіз. Мен тең келесі комиссияның қашан болатынын ғана біліп кетпек едім, – деп жоғарыдағы сөзімді қайталадым.



– Сіз үшін енді арнайы комиссия өткізе алмаймыз. Келесі комиссия алты айдан кейін өтеді.

– Сонда мен алты ай бойы зейнетақысыз қалмақпын ба?

– Ол сіздің шаруаңыз.

– Біздің шаруа болғанда, көке, көріп тұрсыз ғой, қол мынау, жалғыз қолмен жарытып жұмыс істей алмаймын. Оның үстіне ауылда жібі түзу жұмыс та жоқ. Сеніп отырғаным осы жалғыз зейнетақым еді,— деп мен жылап жіберуге шақ қалдым.

Қайтіп жыламассың, расында сеніп отырғаным осы азғантай зейнетақың болса. Адам баласының басына бейнет бермесін деңіз. Берсе табан астында мүсәпір болып қалуың ғажап емес. Мына қаршадай баланы “көке” деп сандырақтап тұрғаным сондықтан.

Дәрігерді біз “адам жанының арашашысы” деп дәріптеп жатамыз. Қайдағы арашашы. Қайта нағыз жан алғыштар осылар. Егер расында жанымыздың нағыз арашасы болса, осындайда қол ұшын бермейді ме?

– Маған енді қайт дейсіз? Кешігіп келген өзіңізден көріңіз! — деп дәрігер “іс осымен бітті” дегендей, алдындағы қағазына үңілді.

– Көке-ау, көріп тұрсыз ғой, жағдай мүшкіл. Бір әрекет істесеңізші. Мендей пақырға бір ақыл айтсаңызшы, — дедім жыламсырап.

Ол “не айтамын” дегендей, иығын кушитты.

Мен де бастырмалатып болмадым.

– Жарайды,— деп жібіді жас жігіт, — үш күннен кейін сағат таңертеңгі 10-00-де тап осы жерден табылыңыз.

– Құп болады, жолдас... дәрігер, кешікпей келемін.

– Кешікпей келу өз алдына, ауылдан сыбаға ала келуді ұмытпағайсыз. Мен сізге жағдай жасап отырмын.

– О не дегеніңіз? Сыбағаңыз дайын. Біз де білеміз істің жайын.

– Онда сол күні кездескенше!

Әкем тіріліп келсе мұндай мәз болмаспын. Алты ай бойы тостырмай, мәселемді үш күннен соң шешетін болды ғой. Әй дегенмен өзім де бәлемін. “Алты айдан соң келесің” дегеніне теріс бұрылып кете бермей, тас кенеше жабыспадым ба дәрігерге. Қалай дегенде де оның бетін бері қараттым. Бұның өзі үлкен ерлік емес пе? Ауғанстандағы аласапыран соғыста дұшпандардың бір ротасын қырып салып, командиріміз мақтағанда да мұндай масаттанған жоқ едім. Бұл күнкөріс тауқыметі дегенді қойсайшы. Зейнетақым қайта жалғанатын болғанына есім ауа мәз болдым.

Жазған құлда шаршау жоқ, дәрігердің айтқан уақытында есіктің алдында қылқиып тұрдым. ВТЭК дегеннің өзі 5-6 дәрігерден тұратын комиссия. Талай рет өтіп үйренгенмін ғой. Қамқоршымды оңашалап, ауылдан ала келген сыбағасын бердім.

Оң қолымды иықтан төмен ауғанның снаряды жұлып кеткен еді. Сол жер шодырайып біткен. Енді сол жерді көрсету үшін тер сасыған көйлегімді шешіп жатырмын.

– Дұрыс. Бұл кісі Ауғанстан соғысында болған. II топтағы мүгедектікке қайта жатқызуға болады,— деді жоғарырақ отырған дәрігер.

Сірә, комиссияның басшысы болар.

– Бара беріңіз, өттіңіз,— деді менен сыбаға алған “сүйкімдім”.

Соғыста контузия алған адамға өкпелеуге болмайды. Мен осы жерде тыныш кетудің орнына тағы да бірнәрсе деп қалдым.

— Осы түп-тамырымен кесілген оң қолым қайта өсіп шықпайды ғой. Ендеше несіне жыл сайын әурелей бересіздер,— деп салдым.

Дегенмен үлкен дәрігер мұныма ашулана қойған жоқ. Ашуланғанда бар ғой, зейнетақысыз қалар едім. Ол орнынан тұрып жайлап басып қасыма келді. Арқамнан қағып тұрып:

— Бауырым, сен солдат болған жансың. Солдат әскери тәртіпке қалай бағынса біз де өзіміздегі заңға солай бағынамыз. Заңды сыйлай білу керек,— деді ол сосын.

— Сіз маған қайдағы бір заңды не үшін түсіндіріп тұрсыз?

— Қайдағы бір заң емес, бұл сізге тікелей қатысты.

— Маған?

— Иә, сізге тікелей қатысы бар. Біз Үкіметтің арнайы қаулысы бойынша түрлі топтағы мүгедектерді жыл сайын комиссиядан қайта өткізіп тұруымыз керек.

— Сонда түбімен шабылып қалған қолдың қайта өспейтінін сол Үкіметіңіз білмейді ме?

“Мына бір сұңқылдаған бәледен қалай құтыламын?” дегендей, дәрігердің қолы енді қалтырай бастады.

“Тағы бір нәрсені бүлдірермін” деп мен бөлмені тастай қаштым.

Жарымжан адам қашанда дене кемістігін сезініп жүреді. Сол кемшін тұсы аяққа тұсау болады. Елетейсіз халді басынан өткереді. Сыртқа жүгіре шыққан мен аңдаусызда есік алдындағы ағашқа соғылып мұрттай ұштым. Қырсыққанда қолым кесілген жағыммен құлапшын.



Орнымнан тұра алмай жатып әлдекімдерді ондырмай сыбадым...

Әрине, мына қорлық жаныма қатты батты, әкем жаңа өлгендей ұятты жиып қойып боздап жыладым...

## ЖИДЕГҮЛ ЖАЙНАП САЛА БЕРДІ

Жұмыстан келсем Жидегүлім жұлынып жүр.

— Осы үй бар ғой, тұп-тура жын-перінің, сайтанның, одан қашқанның, бұдан қашқанның ат қорасы. Үй емес мола. Жұмыстан дінкәлап келгенде демалатын да жағдай жоқ. Мына албастының (мені айтады) қайдағы бір туыстарының қонақ үйі. Сабақтан келеді де тап бір менің әкемнің жұмысын тындырып оралған адамдай сұлай кетіп, сілейіп-сілейіп жата-жата кетеді. Көресіні осылардан-ақ көрдім. Не үй шаруасына көмектесейін демейді, не ыдыс-аяқты жумайды. Тағы бірнәрсе айтсаң жұлынып тулайды. Қайдан ғана тап болдым мынадай арамтамақтарға,— деп үйдің шаңын аспанға шығарып жатыр екен.

Ауылдан оқу іздеп келген екі бауырым суға тиген күшіктей “кінәларын” мойындап, монтиып-монтиып отыр. Берік — әкемнің інісінің баласы. Қайрат — үлкен әпкемнің ұлы. Енді осындай бауырым мен туған жиенім үлкен қалаға оқу іздеп келгенде біздің үйге жатпай қайда қонақтайды.

Осыны Жидегүлге түсіндірмек едім, өзімді жүндей түтіп, бауырларымның алдында жерге қаратты.

— Байғұс, бауырмашылын сол, ал емешегің езіліп бара жатса екі бауырыңды емізіп ал. Менің басымның сақинасы ұстап тұр. Жатамын. Қарның ашса неге

бұралқы иттей аштан қатпайсың? Атау керек пе, әне анау қазаның, тамағыңды өзің істеп іш,— деп түкпірдегі бөлмеге кіріп кетті.

Мен балалар бақшасынан оралған Маратиктен тіл алдым.

— Жаным балам, мамаң тамақ берді ме?

— Иоқ.

— Иоқ болса, қарның ашып тұр ма?

— Пап, тамақ жегім келеді, қарным ашты.

— Не жейсің жарығым?

— Бәліш.

— Ойбай, айналайын, мен бәліш пісіре алмаймын ғой. Одан да етін мол етіп палау жасайын. Мына бауырларымның да қарындары аштықтан бұралып жатқан жоқ па? — деп жатырмын.

— Ал мен балмұздақ жеймін,— деп Айгүлім аузын ашып тілін көрсетті.

Бұл оның асқазанымда түк те жоқ дегені.

— Қызым-ау, бала деген кешке қарай балмұздақ жемейді.

— Мен бала емеспін.

— Бала деп кішкентайларды айтады. Ана ағаң Маратикке де балмұздақ жеуге болмайды. Тістері түсіп қалады. Содан соң балалар сендерді “кетік” деп мазақтайды.

— Мейлі, мазақтай берсін. Мен балмұздақ жеймін,— деп шешесіне тартқан бірбеткей Айгүлім жер тепкілеп жылауға айналды.

Амал жоқ, қолына 50 теңге ұстатып, Қайрат екеуін дүкенге жібердім. Берік екеуміз палау басуға кірістік. Студент кезімнен палау басып үйренгенмін. Өте дәмді пісіпті. Алайда Жидегүл төсектен басын да көтерген жоқ. Қайтсін-ай, ауруы жанына батып жатыр да.

Келесі күні жұмыстан оралсам үйде бала күнгі достарым Ынтымақ пен Салқынбек отыр. Жидегүл әлі жұмысынан келмеді. Көптен көрмеген құрдастарым келіп жетістім де қалдым. Жидегүл келгенше достарым аш отырмасын деп аздап ет қосып, картошке пісірдім. Бір жартылық пен бұл тамақ жұмырымызға жұқ та болмады. Әрине, еркек басыммен қазан жақты салдырата беруге болмайды. Есік қапан ашылады, дастарханға тәтті тоқаш қапан шашылады деп алаңдап отырдым. Жаңағы ішкен ащы су қарнымды қырнап өтіп, “шіркін, тағы тамақ болса...” деп жалаңдап бара жатыр.

Осы кезде Марат пен Айгүлді жетектеп Жидегүл де жетті. Әрине, үй көкала түтін. Қалың етіп төсеген көрпешелерде қос-қос құс жастықты құшақтап Ынтымақ пен Салқынбек серейіп жатыр. Дастархан жиналмаған, ыдыс-аяқ жуылмаған. Осыны көріп гүлдей жайнап келген Жидегүлдің түрі өрт сөндіргендей боп-боз болып кетті. Қолдары қалтырайды ма, қалай? Ол үйдегі қонақтарды көріп босағаға сылқ етіп отыра кетті. Мен жүгіріп барып оның сыртқы киімдерін, аяқ киімін, тағы да оны-мұнысын шешуге көмектестім. Ол “мына бәлелерің қайдан келген?” дегендей, ала көзімен маған ата қарады.

— Бала күнгі достарым Ынтымақ пен Салқынбек қой,— деп мұрнымның астынан мінгірледім.

— Болса қайтейін, достарыңды өзің күт. Менің басымның сақинасы ұстап тұр,— деп ол түкпірдегі бөлмесіне сүңгіп кетті.

— Жидегүл ғой. Баяғыда өздеріңмен бірге алып қашқан келіншегім. Соңғы кездері жүйкесі сыр беріп жүр. Бүгін де жұмыстан сырқаттанып келіпті. Біраз жатқан соң басының ауруы жазылады. Сосын тұрып



тамақ істейді,— деп достарымның алдында ақталып жатырмын.

— Әй, қатыныңның ана сазарған түріне қарасам, ол бүгін жазылмайды, одан да ащы суың бар ма, күй!— деді Салқынбек.

— Өзі тіпті бізбен амандасуды да білмейді ғой. Қалалық боламын деп өзіне қағынды тиген бе? — деп Ынтымақ ырс-ырс етіп күлді.

— Текке кінәламандар, бас деген оңай емес. Құдай аурудан аулақ қылсын, — деп жанторсығымды достарымның табасынан арашалап жатырмын.

— Босқа арамтер болма. Қатыныңдікі кәсіби дерт. Үйге жақтырмайтын кісілері келгенде ұстап қалатын шошымалы ауру. Бұл өте қауіпті болады. Әсіресе, өзі болған қызға қатты жабысады. Оны емдеу үшін Қазақстанның ең мықты деген молдасына түкірту керек,— деп Салқынбек пәлсапа соқты.

— Мына мыстан қатының мен білсем бүгін бізді аштан қатырады. Одан да жақын жерде сыраhana, дәмhana болса аздап көңіл көтеріп қайтайық,— деп Ынтымақ орнынан тұрды.

“Аттың сыры иесіне мәлім”. Жидегүлдің бүгін көнделмейтінін ішім сезіп достарыма ілестім. Маратик пен Айгүл түкпірдегі шешелеріне кіріп кеткен еді, қарасандарынан шымшып алған ба, екеуі де шырылдап шықты.

— Ойбай, біздің кесіріміз мына екі жәутеңкөзге де тиді-ау. Шешелері шыңғыртып жібергеніне қарағанда, оның бізге деген кегі әлі тарқамаған. Жомарт, мына екі баланды да киіндіріп ала жүр. Жол-жөнекей бұларды да тойындырып қайтайық,— деді Ынтымақ.

Мен екі студент інімнің бүгін тағы да аш қалатынын ойлағанда жүрегім сыздады. Олар мен болмасам асhana

жаққа беттей алмайды. “Басқа жерге ауысып алыңдар” деуге менің арым жібермейді. Ел-жұрттың табасынан қорқамын. Пәтер жалдап тұруға екеуінің да қалтасы жұқа. Жатақханада стипендия алмайтын студент күнкөре алмасы тағы белгілі. “Соры қалың студент бауырларым-ай” деп іштей үгітіліп, екі құрдастың қарасына ілестім.

Енді Ынтымақ пен Салқынбек қосылған соң асқазаныңның алты жерінен жара шықса да арақтан алдырмай қоймайды. Біраз сілтеңкіреп келіп есікті зорға таптық. Екі бауырым балконға құлай кеткен екен, солар есікті ашып, ішке кіргізіп алды.

— Қарындарың ашқан жоқ па? — деп сұрадым екеуінен.

— Тоқпыз,— деді екеуі қосарлана.

Алайда жанарларының түкпірінде сөнуге айналған сәуледей жылтылдаған қоламтадан екеуінің де ашқұрсақ екенін сездім. Бірақ күресуге дәрмен жоқ. Оның үстіне Ынтымақ пен Салқынбекті түнетіп алсам, мұның өзі үлкен бедел болғалы тұр. Тек түкпірдегі аждаһа оянып кетпесе болғаны.

Арада апта өткенде ауылдан ағайындарым Жұман мен Нұралы келді. Осы жолы Жидегүлдің жүйкесі жұқара қоймас деп ойлағанмын. Өйткені баяғыда студент кезімізде жаңадан отау болған Жидегүл екеумізді Жұман мен Нұралы бірі етін, бірі сүт-айранын, қап-қап ұнын арқалап тасып асыраған. Жидегүл құдайын ұмытса да сол жақсылықты, құрдастықты ұмытпауы тиіс.

Қайдан?! Жұмыстан оралған Жидегүл екі ағайынымды көргенде талып қала жаздады. Мен бұған “қорыққан мен қуанған бірдей” деген, Жидегүл жан-жарым қатты қуанды-ау” деп өзімше мәз болдым.

Сөйтсем бекер ерте қуаныппын. Бұл жолы Жидегүлдің сақинасымен бірге ақимасы қосыла ұстады.

Біз – еркектер әйелдердің бір сөзін де қайталап айта алмаймыз. Жидегүлдің не деп жырлағанын айтып жүйкеңізді жұлындырмай-ақ қояйын. Бірақ Жұман мен Нұралының қос қолдарын төбелеріне қойып сезіп кеткендерін айтпасам болмас.

“Енді тағы да қандай туысым келіп сорымды қайнатар екен” деп көлеңкемен қорқып жүргенімде, есіктің қоңырауы беймезгіл шыр ете қалды. Менің ішім зырқ ете қалды. Жүрегім зу етті. Отырған жерімде бірнәрсені бүлдіріп қоя жаздадым. Мен Жидегүлге, ол маған қарады. Амалсыз есікке қарай жылжыдым.

– Бұл кім екен-ау?

– Біз – Жидештің нағашыларымыз ғой. Қалаға келіп қалған едік.

Мен темір есіктің қос құлпын бұрап ашып, қонақтарды ішке озғыздым.

Бетіне түгі шығып тұрған Жидегүл түрленіп сала берді.

Бұрын білмейді екенмін-ау, менің келіншегім күлгенде керемет сұлу болып кетеді екен-ау.

Жидегүлдің гүл жайнаған түріне қарап бақыттан басым айналып тұрды...

## АБЫРОЙДАН АЙЫРЫЛҒАН АЛТЫН АЛҚА

Жұмыстан ерте келген Ерғали жұмсақ диванның үстінде жантайып жатыр. Қамыр илеп жатқан Қалдыгүлі бұрқырап ұрсып, оқтай-тақтайды тасырлата түсуде. Бұл оның Ерғалидың жүйкесін жүндей түтейін дегені.

— Жұмыстан келген бойда піштірілген теке сияқты талтайып жатасың да қоясың. Осы сенің еркек адамға ұқсап үйге бір шеге қағатын күнің болады ма? Жұрттікі әне, сырттың да, үйдің де тірлігін жапырып жібереді. Бұл бозымның мемлекеттің жұмысын атқарып келгені бізге міндет. Жат, жата түс, жетпегір! Осы сенің жатудан жамбасың шірімейді екен. Қашан көрсең жұмыртқа басып, күрке тауықтай ұйқылы-ояу жатқаны сол,— деп Қалдыгүл қамыр-қамыр қолымен күйеуіне қарай оқтауды көтеріп-көтеріп қойды.

— Не істе дейсің, жазған-ау? Нең қирап қалды соншама? Осы сендерді асыраймыз деп қызметтен қалжырап келгенде тыныштық бересің бе, жоқ па?

— Иә, қарық қылып жүр едің соншама. Жүдә тау қопарып келгендей міндетсінеді ғой.

— Е, міндетсінбей. Қолыңнан келсе менің қызметімді атқарып көрші.

— Немене, сен істеген жұмысты мен атқара алмайды ма екем?

Осы кезде үйге көрші келіншек Күләйша кіріп келді.

— Әй, нені бөлісе алмай жатырсыңдар?

— Жай, мына жамбасың сынғырдың жалпыып жатысын айтам да. Үйге келсе осылай жатып алады. Шөптің басын сындырмайды-ау, сындырмайды, — деп Қалдыгүл құрбысына шағымданды.

— Ақыры түк бітірмей жатыр екен. Маған аз ғана



уақытқа күйеуінді прокатқа бере тұр. Бой-бойын шығарып терлетіп қан сорпасын шығарайын,— деп күлді Күлайша.

— Ә, мейлі. Біржола аламын десең де қой демедім,— деп Қалдыгүл жомартсынды.

— Онда Ереке, ваннамыздағы су құбырын ауыстырып бере ғой. Керек құрал-жабдықтар дайын. Еркексің ғой, қолыңнан бірдеңе келер,— деді Күлайша.

— Әй, мұны еркек деймісің? Апарып көр, езеніне көзің жетіп, бұдан жеріп барған бетте қайта кері жіберерсің,— деді Қалдыгүл.

— Байың болған соң құтыра бересің де. Біз мұндай еркектің иісіне зар болып жүрміз. Босқа күңкілдей бермей тамағыңды тездет. Ерекең құбырды ауыстырып бітсе біз бірге келіп жейміз,— деп Күлайша есікті сыртынан жапты.

Ә дегенде көрші келіншекке ілесуді хош көрмей тұрған Ерғали “еркексің ғой, қолыңнан бірнәрсе келер” деп Күлайша қолпаштаған соң енесінің соңынан ерген қошақандай томпаңдап бара жатты.

Шынында да, Күлайша керек құрал-саймандардың барлығын түп-түгел дайындап қойыпты. Тек, енді кранды бекітіп, су құбырын ажыратып алып, жаңасын салса, іс осымен бітіп жатыр. Алайда асханаға ғана жаяу барып, қалған жерлерге машинамен барып, машинамен келетін, күні бойы қызмет орындығында тапжылмай отыратын Ерғали үшін құбырды ажырату оңайға түспеді. Су жүрген құбырдың болттары тот басып қалған ба, оңайлықпен ажырай қоймады. Содан соң Ерғали үстіндегі костюмі мен көйлегін шешіп тастады.

Еркектік намыс деген нәрсе, негізінен, тау қопарады, жауды жайпайды. Ерғали да еркек емес пе, “болмашы

ӘБІЛІСТЫК  
ҒЫЛЫМИ-ӘМБЕБАП  
К. ТХАНАСЫ

1994004  
—

ӘБІЛІСТЫК  
ҒЫЛЫМИ-ӘМБЕБАП  
К. ТХАНАСЫ

нәрсені тындыра алмасам, көрші келіншек күліп жүрер-ау” деп, барын салды. Әрине, барын салған соң ескі құбыр алынып, жаңасы орнатылды.

Күлайша ваннаны жинаймын деп білегін түрініп іске кірісіп кетті. Еңкейіп ваннаның астын сүртемін дей бергенде мойнындағы алтын алқасы омырауынан асып, жерге салбырады. Ваннаның астын тазалап, енді тұра берейін десе, алтын алқаның ұшы әлденеге ілініп қалған. Үзіліп кетсе қаншама асыл зат шашылып түскелі тұр. Алқаның ілінген тұсын ажыратпақ болып әрі әрекеттенді, бері әрекеттенді. Неше түрлі асыл заттармен әшекейленген алқа ваннаның түбіндегі әлдеқандай ілгекке ажырамастай ілінген сияқты. Осы уақытқа дейін май-май болған қолын жуып тұрған Ерғали еңкейіп епетейсіз қалған Күлайшаға көмекке ұмтылды. Еркек емес пе енді.

– Жайырақ, жайырақ. Иә, осылай. Осылай абайлап тарта бер. Ойбай, абайласайшы. Ауырттың ғой. И-и-и. Қытығымды келтірдің, жайырақ деймін, – деп Күлайша алқасы үзіліп кетпес үшін әбігерге түсті де қалды.

Тап осы кезде “Мына ит неге сонша кешікті. Еркекке сенгенше төрт босағаңа сен деген. Бүгінде ит те, еркек те бірдей. Көрінген жерге саңғып кете береді” деген әлдебір арам ой тұла бойын тітіркенткен Қалдыгүл көрші келіншектің үйіне баса-көктеп кіріп те қалған еді. Ваннаның ішінен әлгіндей сөздерді естігенде “ұрлықтың дәл үстінен түстім-ау” деп, қаны басына шапшыды. Оның үстіне жартылай ашық есіктен әйел мен еркектің жартылай жалаңаш денелері көрініп те қалған еді. “Мыналар төсек таппағандай тірліктерін тар ваннада тындырмақ екен ғой. Бәлемдер кинодан көргендерін істеп жатыр да. Мен сендерге кинодан

көргенді, істегенді көрсетейін” деп Қалдыгүл ваннаның есігін ашып кеп қалды.

Бұл кезде шаштары ода-дода болып жалбырап, көйлектерінің етегі түріліп кеткен Күлайша әлі де алқасымен алысып, еңкейіп тұр еді. Ерғали болса келіншектің артында көйлексіз тұр. Мұндай сұмдықтың үстінен шығамын деп ойламаған Қалдыгүл сілейіп қатты да қалды.

— Мына Күлайшаның алқасы әлденеге ілініп қалып шығара алмай жатыр,— деді Ерғали да сасып.

— Иә, нені шығара алмай жатқандарыңды білемін. Ә, бәлем! Қолға түстің бе? Бәсе-ау, өзім де сезіп жүр едім. Неге осы сен Күлайша десе күлмендеп қалады десем, осындай бір бәлең бар екен ғой. Ал енді маған не дейсің?! Ұрлықтарыңның дәл үстінен түстім. Болды! Бітті! Ажырасамын! Сендей кім көрінгеннің етегіне жармасқан ессіз еркектен байсыз өткенім жақсы! — деп Қалдыгүл жерде жатқан темірдің бірін алып күйеуінің басынан ұрғылай жөнелді.

Темір тиген соң қандай бас болсын жарылады. Қан судай ақты. Ерғали ваннаның ішіне түсіп жарылған басын жууға кірісті.

Осы кезде оқиғаның теріс бағыт алып бара жатқанынан шошынған Күлайша тоңқайып тұрып төрелік айтты.

— Әй, Қалдыгүл, сен де осындай ма едің! Бостан-босқа байыңның басын жарғанша маған көмектессең еді, қарашы мына алқа құрығыры әлденеге ілініп шықпай жатыр. Кел көмектес. Не болғанын сосын өзім айтып беремін! — деді Күлайша.

— Айтпай-ақ қой. Білдім, кім екеніңді. Неге біздің үйге келгіштей береді десем, байымды айналдырып жүр екенсің ғой. Енді тірлігіңді тындырып алып,

қайдағы бір алқаны айтады ғой. Сене қалыппын. Әй, жәлеп! Мына еркектің жәлебін саған қалдырдым. Ақыры боларын болдырыпсыңдар ғой! – деп ашудан қаны қарайған Қалдыгүл сыртқа қарай ата жөнелді.

“Бүйтіп сақтаған алтын алқасы бар болсын”, – деп Күлайша басын әнтек көтеріп алғанда, асыл заттар шашылып, бұрыш-бұрышқа дөңгелеп бара жатты.

Шашылған алқа тастарын енді қайтып орнына келтіре алмайтыны сияқты, ойда жоқта қиюы кеткен мына тірлікті қалай түзерін білмей, Ерғали басын ұстап отырып қалды.

Содан бері екі ай өтті. Ерғалидың үйінде әлі де күн күркіреп, қар жауып тұр.

## АШЫҚ САБАҚ

Ошақбай бүгін мектепке ерте келді. Екпіндетіп ерте келуінде ептеген сыр бар. Бүгін ол ашық сабақ өткізбек. Тақырыбы – “Әдемілік – әдептен”. Міне, осы ашық сабаққа мектеп директоры Әлібек ағайдың өзі қатысып отыр.

– Ағай-ағай! – деді ашық сабақ енді басталғалы жатқанда Назира, – мынаған қараңызшы, Нұртай тыныш отырмайды.

– Ол неге тыныш отырмайды?

– Білмеймін. Қолымен менің қарнымды ұстамақ болады.

– Қарнымды?

– Иә, қарнымды.

– Оңбаған Маубасов! Сен неге қасыңдағы оқушының қарнын ұстамақ болдың! Қане, тұр орныңнан!



– Ағай, өйткені оның кіндік тұсы ашық.

– Немене, ашық тұрған жердің барлығын ұстап көру керек пе екен? А-а, мен не деп кеттім өзі?

Ошақбай сасқалақтап мектеп директорына қарады. Әлібек “сабағыңызды жалғастыра беріңіз” дегендей, мұғалімге ым қақты.

– Сонымен, сен Нұртай, Назираның қарнын қай жерін, не үшін ұстамақ болдың?

– Ағай, енді сабағымыздың тақырыбы – әдемілік емес пе? Ал мына Назира кіндігі көрініп тұратын бірдеңе киіп келіпті. Әжем айтушы еді: “Ашық-шашық жүрген қыздың үстіне сайтан ұялайды” деп. Содан кіндігін жауып қояйын десем, Назира қашқақтай береді.

– Назира! Тұр орныңнан! Неге дұрыстап киініп келмейсің?

– Ағай, сіз түсінбейді екенсіз. Бұл енді қазіргі мода ғой.

– Мен бе түсінбейтін? Мода деп ашық-шашық жүруге болады ма қыз балаға. Осы сен қай сыныпта оқисың?

– Тоғызыншы.

– Тоғызыншы болса мұндай киім кию саған әлі ерте. Студент болғанда қалай киінсең де жұмысымыз жоқ. Ал мектепке әдемі киініп кел. Бұдан былай мұндай кіндік көрініп тұратын киім кимендер. Жарай ма қыздар?

– Ошақбай ағай! Біздің сыныпта кіндігі жабулы қыз жоқ.

– Мұны айтқан кім?

– Мен ағай! Қалданмын.

– Сен немене барлық қыздың кіндігін санап жүрсің бе?

– Сенбесеңіз, шетінен тұрғызып көріңізші. Кіндігі жабулы қыз тапсаңыз, мен мұрнымды кесіп берейін.

– Мен сенің мұрныңды не қыламын. Мұрныңды кесіп берсең “пұшық” деп қыздар мазақ қылады. Балалар доғарындар осымен. Отыр Назира. Сонымен балалар бүгінгі ашық сабағымыз не жайында еді?

Осы кезде соңғы партада отырған Алма орнынан сайтан көргендей қарғып тұрды.

– Ағай, ағай!

– Не болып қалды саған Дастанова?

– Мына Салқынбек менің кеудемді нетіп...

– Неткені несі? Әй, оңбаған Қыштанов, не істеп отырсың?

– Ағай, мына Алманың алмасын ұстап көрсем бе деп едім.

– Ол немене? Мектепке алма әкеліп жеп отыр ма?

– Жоқ-ә.

– Жоқ-ә болса, қайдағы алма?

– Алма болғанда ағай, енді біртүрлі ыңғайсыз. Айта берейін бе?

– Айта бер. Енді орныңнан айтқалы тұрдың ғой.

– Айтсам, ағай, мына Алма үстіне тым тар лямка киіп келіпті. Әлгі бір ақын бар ғой ағай, сол айтпақшы “кеудедегі қос алма, қос алма емес Қособа” демекші, қос анары тырсыып, тіптен мазамды алып бітті.

– Содан немене, ұстап көргің келіп кетті ме?

– Енді ағай, жаныңда “мені ұстап көр” деп тырсылдап қос анар тұрса, сіз де шыдамайсыз ғой...

– Тәйт әрі...

– Неге тәйт әрі дейсіз. Өткенде менің папам екеуіңіз біздің үйде видик көріп отырғанда алмалары дәу қыздарды көріп “шіркін, бір ұстап көрер ме еді?” дегеніңіз қайда?

– Қап мынаны-ай ә! Ол үйде болатын. Бұл – мектеп.

– Кешіріңіз, ағай. Мен мектепте алманы ұстап көруге болмайтынын білмей қалдым.

– Жарайды, отыр. Ендігәрі Алманың алмасына... Жо-жоқ, оған тиісуші болма. Тыныш отыр! Сонымен балалар әдемілік дегеннің өзі әдептіліктен басталады екен. Солай емес пе балалар?

– Солай ғой, ағай. Бірақ, мына Нұралы неге менің аяғыма қолын сала береді. Осы да әдептілік пе? – деп Гүлжан орнынан тұрды.

Қып-қысқа юбка киіп алыпты. Қара санынан төмен жарқырап көрініп тұр. Үстіндегі лямкасы да қысқа. Кеудесі түгел ашық. Екі анары бұлтиыш ортасында әдемі бір сызық жатыр. Ошақбай көзілдірігінің үстінен Гүлжанға сүзіле қарап қалыпты. Осы кезде мектеп директоры жөтеліңкіреп қалды. Ошақбай селк етті.

– Тұр, қане орныңнан оңбаған Тәшкенбаев. Сен неге Гүлжанның аяғына қолыңды сала бересің?

– Енді ағай, көріп тұрсыз ғой. Өзі партада аяқтарын айқастырып шәниіп отыр. Қызықтырып қытығыма тиген соң...

– Қызықтырса қарама.

– Қалай қарамайсың ағай. Тіптен юбкасының ішіндегі киімі де көрінейін деп қалды ғой.

– Жап аузыңды! Бұл өзі не деген көргенсіз еді. Қане шық сыныптан. Қыздар, балалар аяқтарыңа қарамас үшін неге шалбар киіп жүрмейсіңдер?

Мұғалім ашудан қалш-қалш етті. Нұралы орнынан атып тұрды да партадан аттап өтіп сыртқа ұмтылды.

Гүлжан кеудесін кере түсіп аяқтарын ойнап басып орнына келіп отырды. Сыныптағы барлық ер бала ол орнына жайғасқанша мойындарын созып бойжеткенге қарап тұрды.

– Мұндай ашық сабаққа сынып жетекшісін де қатыстыру керек еді. Қайда 9 “б” сыныбының жетекшісі Жібек апайларың? – деп мектеп директоры кештеу болса да ақыл қосты.

– Жібек апай үйінде жігітімен отыр. Қаладан келген. Мен барып шақырып келейін бе ағай? – деді Жұман.

– Шақырып келе ғой.

Кішкентай сары бала сып етіп жоғалды.

Сыныпта өлі тыныштық орнады. Шыбынның ұшқан дыбысы естіледі дейтіндей тыныштық орнаған тұста Кұлайша бақырып жылап қоя берді.

– Не болып қалды саған Кұлайша?

– Мына сұмырай Сұлтан аяғына айна қойып...

– Иә, қойса қайтеді екен?

– Менің бұтыма сол айнамен қарап отыр ғой...

Кұлайша жылауын үдетті. Әлібектен де, Ошақбайдан да маза кетті. Қалай жұбатарларын білмеді. Әбүйір болғанда осы жылау үстіне Жібек кіріп келді. Оқушылардың барлығы Кұлайшаны тастай салып Жібекке қарай қалысты. Үстінде тым тар лямка. Қос анары сыртқа теуіп, түгелдей дерлік көрініп көз арбайды. Кіндігі де жарқырап көрінеді. Қарыны аппақ екен. Бұтына юбка сияқты бірдеңе іліпті. Мынадай тоқ та түзу балтыр әлемнің мен деген мода көрсетуші қыздарының өзінде жоқ шығар. Мынадай сұлулықты көріп мектеп директорының өзінің аузы ашылып қалыпты.

– Өлә, апай! Фигураңыз мощный екен ғой! – деп осы кезде Сұлтан орнынан қарғып тұрды.

Әдемі бір түс көріп жатқанда оятып жібергендей әсерде қалған Әлібек оқушыға жақтырмай қарады. Мұғалім Сұлтанның басына бормен бір-ақ ұрды.

– С-і-з осындай әдемі ашық сабаққа неге

қатыспайсыз? Біз сізге үлкен үміт артып, осы сыныпқа жетекші етіп бекіттік емес пе? — деп Әлібектің бастықтығы есіне түсіп, Жібекке сүзіле қарады.

— Кешіріңіз ағай! Қаладан қонақ келіп қалып...

— Қонақ келсе сабақты тастап жүре беруге бола ма? Осы ашық сабаққа сынып жетекшісі ретінде сіз де қатысуға міндеттісіз. Осыны неге түсінбейсіз?

— Енді қайталанбайды. Жаңа айттым ғой, қонақ келіп қалғаны...

Жұман орнынан рұқсатсыз қарғып тұрды:

— Ағай, ол қонақ емес, Жібек апайдың қаладан іздеп келіп отырған жігіті.

— Кім айтты оны саған?

— Бүкіл ауыл шулап жүр ғой.

— Қайрақбаев қақшандамай тыныш отыр. Сенен мұны ешкім сұраған жоқ, — деп қалды Ошақбай.

— Неге? Әлібек ағай сұрап тұр ғой, — деп Жұман тілін сопаң еткізіп көрсетті.

Сөзді директор алды:

— Қымбатты Жібек ханым, мына Ошақбай ағайларыңыз бүгін әдептілік жөнінде әдемі бір ашық сабақ өткізгелі отыр екен. Соған сіздің көмектесуіңіз керек еді. Мәселен, бүгін сіз қыздарға қалай киініп жүру керектігі жөнінде тамаша бір келелі кеңес айтсаңыз ғой. Бұлар оны өмір бойы естерінде ұстайды.

— Директор ағай, өткенде осы Жібек апайдың кеудесіне көзім түскені үшін мені сыныптан қуып шыққан. Содан екі апта бойы сыныбына кіргізген жоқ, — деді Салқынбек қарап тұрмай.

— Ал мен Жібек апай партаға жазу жазған кезінде юбкасы көтеріліп, суға түсерде киетін киімдері көрініп



қалған соң күліп едім, мені бір ай бойы сабаққа кіргізбей қойды,— деп томсарды Сұлтан.

— Мен апайдың одан да сорақы жерін көргенмін. Оны айтсам мені мектептен мүлдем шығарып жібермейсіздер ме? — деді Нұртай.

Жібек қып-қызыл болып отыра кетті.

— Ашық сабақтың соңына қарай келіп кетермін,— деп директор сытылып шығып бара жатты.

## АВТОЖАРЫС

— Әке, мен биыл он бірінші сыныпты бітіргелі отырмын. Осы қуанышыма не сыйлайсыз?

— Балам-ау, бар базарым өзіңсің. Сенен немді аяймын. Көңіліңде жүрген жәйт болса айт.

— Айтсам, мектепті бітірген соң университетке оқуға түсіремін дегенсіз.

— Ойбай-ау, бұл мәселе әлдеқашан шешілген. Университеттің ректорымен баяғыда сөйлесіп қойғанмын. Жарығым сол, болашағын ойлап тұр ғой. Менің баламның басы істейді. “Болашақ” стипендиясымен шетелдердің біріне оқуға жіберейін десем, “жалғыз балаңды қайда жібергелі отырсың” деп шешен ғой көнбей отырған. Әйтпесе...

— Шешем айтты — заң. Шетелге бармаймын. Бірақ университетке мініп барып жүретін машина керек қой.

— Астындағы “Мерседес” ше?

— Әке-ау, “Мерседеспен” қазір балалар мектепке барып жүр. Онымен университетке ұялмай қалай барамын?

— Иә, солай екен-ау. Сонда саған иномарканың қандайы керек?

– Сіздей әкем барда “Джиптің” өзіне неге мінбеймін?

– Рас-ау. Оқуға түскеніңе көрімдігім болсын, 70 мың долларлық мынауский “Джип” әперемін.

– Ура!

– Бірақ, ұлым, оныншы сыныпта оқып жүргеніңде машинанды көшеде қатты жылдамдықпен айдаймын деп “Ауди-100” деген машинаны қағып кетіп, екі адамды мерт қылғаныңды ұмытпа.

– Әке, ол кезде жүргізушілік куәлікті енді ғана сатып әперген едіңіз ғой. Сол жолғы авариядан екі адам қайтыс болса да, ол жақтың адамдары сізден асып ештеңе дей алмап еді ғой.

– Ұмытпапсың ұлым. Енді абайлап жүр.

– Мақұл, әке!

– Қазір қалада машина көбейіп кетті. Бір-бірінен басып озбаса ішкендері бойларына тарамайтындай. Сосын кейбір машинадағылар қотыр сиыр сияқты сүйкеніп жүреді. Солардан сақ бол, ұлым.

– Әке, өткенде сондай бір сүмелек машинамның алдына шығып алып, құйрығын қаншық сияқты бұлғақтатып қоймап еді, бағдаршамда жүргізушісін ұстап алып, әкесін көзіне көрсеттім. Осы кезде жол полициясы келіп қалған еді, менің сіздің балаңыз екенімді біліп, таяқ жеген жүргізушіні одан әрі тұқыртты.

– Абайлап жүрсеңші, әйтеуір.

Университетке түскені бар, “Джип” машинасын алғаны бар Мырзабек Дәулетұлы достарын казиноға шақырды. Одан шығып мейрамханаға кірді. Оны да місе тұтпай түн жарымында саунаға тапсырыс берді.

Жеті жігіт, жеті қыз саунадан таңғы төртте бір-ақ шықты. Бақадай сұп-суық жігіттердің мойындарына сұлулардың білектері жыландай оралады. Ауыздарында

– қымбат шетелдік шылым. Көздерінде – қара көзілдірік. Осылай көліктеріне асығыс мінген жігіттер жеті жүйрікпен көшені бастарына көтере азынатып автожарысты бастап кетті. Машина дөңгелектерінің шиқылы, моторларының гүрілі, сигналдарының қатты дауысы шырт ұйқыда жатқан талай адамды шошытып оятты.

– Ойпырым-ай, соншама асығып немене жау қуып келе ме екен? – десті терезеден көшеге көз салғандар.

– Бастық біткеннің балалары басынатын заман болды ғой, – десті терезеден телміргендер.

Жеті машина құйғытқаннан құйғытып отырып қаладағы кең даңғылдың барлығын басып өтті. Қаланың шығыс бөлігімен жалғайтын екі жақты жаңа бір даңғыл түсіп еді. Жеті жүйрік осы даңғылға келгенде тіптен барын салды. Машиналардың ышқынған дауыстарынан талай адам тіптен тентек болып қала жаздады.

Осылай аңыратып келе жатқанда Мырзабек Дәулетұлы рульге ие бола алмай, жол бойындағы полиция бекетіне барып соқтықты. Оның ішінде екі полиция қызметкері енді ғана мызғып кеткен еді, сол күйі оянған жоқ.

“Джиптің” дәнеңесі кеткен жоқ. Жолға қайта түсіп алған Мырзабек газды тағы да аямай басты. Достарының өзінен озып кеткеніне шамданып, газды тарылдатып басты-ай бір.

– Мырза, не істегеніңді білесің бе? Машинаны жай айдашы. Қорқамын, – деп жалбарынды жанындағы жанторсығы.

– Молчать. Әйтпесе әйнектен сыртқа лақтырып жіберемін, – деді Мырзабек.



Бойжеткен жым болды. Алайда, денесі дір-дір етіп, еріндері көгеріп, көздері қорқыныштан бақырайып орындыққа жабыса түсті.

Бұл кезде Мырзабектің көздері алашапыраштанып, алдындағыны мүлдем көруден қалған еді. “Жалмауызға да жан керек”, жанындағы қыз талып қалды.

Ол арындатқаннан арындатып барып жол айырығында бұрылудың орнына қарсы бетке өте шықты. Ал сәл ойпаттау жерде құрылыс дүкені бар еді. Сол дүкенді қирата-мирата ішке өтіп кеткен “Джип” қарауыл шал мен итін таптап кетті. Шалдың шыңғыруға да шамасы келмеді. Ал, ит басын көтеріп үлгерген жоқ. Құрылыс заттарына асылып тоқтап қалған “Джиптің” рулінде Мырзабек қор етіп ұйқыға кетті.

Мына сұмдыққа бүкіл қала шуласты. “Ойбай, түгенше деген дөкейдің тентек баласы “Джип” машинасымен 2 полиция қызметкерін, бір қарауыл шалды басып өлтіріпті. Өзі қазір ауруханада жатыр екен” деген суыт хабар сол күні-ақ бүкіл қала тұрғындарының төбе шаштарын тік тұрғызды.

Уақыттың емдемейтін жарасы жоқ. Жұрт “дейді, дейдімен” жүргенде, арада сырғып жыл өтті. Өлгеннің артынан өлмек жоқ, әркім өз тіршілігіне кірісті.

Сөйтіп жүргенде сот болатын күн де жетті. Жұрт көп жиналды. Іс ұзақ қаралды. Судья мырза айтып отырса Мырзабек Дәулетұлында қылаудай қылмыс жоқ. Ол отырыстан шыққан соң рульге ие бола алмайтынын сезіп, машинаны басқаруды қасындағы Күлімкөзге беріпті. Одан әрі не болғанын өзі де білмейді. Есін тек ауруханада жинаған. Бас сүйек сынып, ми шайқатылыпты. Содан да сот процесі кешіккен. Енді, міне, басқаның машинасын жүргізушілік куәліксіз айдағаны, сөйтіп үш адамның қазасына себепкер



болғаны үшін Күлімкөз жауапқа тартылмақ. Алайда, қайтыс болған кісілердің ағайындары кешірім бергендіктен әрі Күлімкөз бұрын сотталмаған, жұмыс істейтін жерінен жақсы мінездеме әкелгеніне байланысты, оның үстіне қыз бала екені ескеріліп, жазадан мүлде босатылмақ. Осы үкімді естігенде түнде жарысқып жүгермектің бірі:

– Жасасын біздің әділ сот! – деп айқай салды.

– Бүйткен судьяң бар болсын! – деп біреулер жерге түкіріп, сот залын тастап шығып бара жатты.

Сот залынан шыққан Мырзабай жанына Күлімкөзді отырғызып, бұл аймақта әлі ешкімнің тақымы тиіп көрмеген әлдебір шетелдік машинамен көшені басына көтеріп, басып бара жатты.

– Автожарыс қайта басталды, – деді әлдекім.

Сотқа жиналғандар үрейленіп, бірі машиналарына, екіншілері жол жиегіне, үшіншілері мектепке, енді бірі балалар бақшасына қарай зытып бара жатты...

## ЖОҒАЛҒАН ҚҰДА

Егер құда күтуден халықаралық жарыс өтетін болса, қазақтар сөз жоқ бас жүлдені қиналмай жеңіп алатын еді. Өйткені қазақ: “Құданды құдайындай сыйла” дейді. Ата-баба дәстүрі осылай деп тұрған соң кең қолтық қазақ аянып қалсын ба?!

...Тұрдыбек көкемізді табан астынан түлен түртіп кетті. Ауладағы сәкіде таңертеңгі тамағын кемпірінің сүт қосқан қою шайымен ішіп отырған Тұрдыбек кесесін самаурын жаққа шиырып лақтырып жіберді де, былай деп тіл қатты:

– Әй, Бәтiш, бүгiннен бастап қамдан. Осы сенбiде құдамды шақырып, есiк көрсетемiн.

– Көтек! Не дейдi мына алжыған қақбас? Құда күтуге мың құралдан бiр сайманы жоқ. Олар сонда сенiң мынау алқам-салқам бетiңдi көруге келе ме? – деп Бәтiш жеңгей бұрқ еттi.

Тұрдыбек iшiп отырған шайына шашалып қала жаздады. Өңешiндегi ыстық шайды не әрi, не берi жiберерiн бiлмей түйiлiп отырып қалды. Әлден соң жұтқыншағы жоғары-төмендi қозғалақтады. Көздерi жасаурап кеткен Тұрдыбек кесенi кемпiрiне қарай жiберiп қалды.

– Найсап! Не деп оттап отыр? “Дайындығың жоқ” дейдi ғой. Оған не дайындық керек. Ана жайылып жүрген ала тайды, бiр-екi қойды соямын. Одан артық не керек? Сен үнеми бiткелi тұрған iстi кейiнге шегересiң де жүресiң. Менiң аяғыма тұсау болуды қой дегенiм қайда саған?

– Ендi күз түссiн. Мал семiрсiн. Қауын-қарбыз молайсын деп жатқаным ғой.

– Әй, қақбас! Келiнiңнiң түскенiне қанша уақыт болды? Бiлесiң бе? Осы уақытқа дейiн құда шақырмай отырғанымыз ұят емес пе? Сөздi қысқарт. Бүгiн кешке дейiн ағайын-туыстар мен балаларды келiндермен бiрге шақыр. Әңгiме осымен бiттi,– деп Тұрдыбек қабағын түйiп орнынан тұрды.

Белгiленген уақытта құдалар бiр автобуска артылып арқа-жарқа болып есiк алдына келiп түсе-түсе қалысты. Ауыл келiндерi алдарынан шығып, жаңа құдаларға арнап шашу шашты. Бiр келiншек үлкен тостақпен ұн ала шыққан екен, автобустан түскендер түгелдей аппақ маска киiп шыға келдi.

Тұрдыбектің үйінен таңғы астарын ішкен қылауы үспеген су жаңа құдаларды бірнеше жеңіл машинаға бөліп-бөліп мінгізіп күтуші жақ жолға шықты. Әуелі Тұрдыбектің туған інісі Қилыбек құдаларға бір бас көрсетті. Бас құданың аты – Салқынбек еді. Өзі де бір етек-жеңі мол тігілген жан екен. Арақты қырлы стаканмен өңешке тастай салып, табақтағы білем-білем ет пен майға бес бармағын көсей салғанда, жарықтықтың тәбетіне еріксіз таңдай қағасыз. Осы шіспен ол бүгін-ертең сыр алдыратын емес. “Құда күте алмау жағынан ұят бір келсе, осы кісіден келеді” деп берік шешім қабылдаған күтуші жақ Салқынбектің асты-үстіне түсіп әлек. Өзі Тұрдыбектің бел құдасы болса, күтушілер оған қоғадай жапырылмай қайтеді?

Он алтыншы үйге жеткенде Салқынбек тілден сүрінді. Оның осы халін білген Тұрдыбек інісі Қилыбекке құпия тапсырма берді.

Түнгі төртте бас құданың “отряды” жеңіліс тапты. Тұрдыбек те тілін шайнап “қай жерге жатамын?” деп тәлтіректеп тұрды.

Жаз айы. Үй іші қапырық. “Құда таза ауада демалсын” деп бақшаға тақау сәкінің біріне төсек салынды. Салқынбек үш бауырымен бірге масахана ішіне сүңгіп кетті. Күтушілер оны масаханаға дейін қуып келіп “жатараяқ” ішкізіп, мәсісін шешіп барып тарқасты.

Таңертеңнен ішкен тамақ бар, бөтелкелеп ішкен арақ-сыра бар, Салқынбек әлден соң орнынан атып тұрды. Шаруасын бітіріп, масаханасы құрулы төсегін іздеп еді, таппады. Содан беті ауған жаққа жүре берген. Алдынан ағараңдап масахана көрінгенде Салқынбек сахарада айлап адасып, суат көзін әзер тапқан

жолаушыдай қуанып кетті. Масахананың іргесін түрді де, інісінің қасына жата кетті. Сол бетте-ақ ол қор ете түсті.

Таңертең құдаларды оятуға келген Тұрдыбек таңтамаша қалды. Төсек тұр. Бас құда жоқ. Құдалыққа еріп келген екі інісі төңкеріліп-төңкеріліп алаңсыз ұйқыны соғып жатыр. “Бұл кісі түнде қанша ішкенімен ерте тұрады екен ғой” деп құдасының оралуын күтіп еді, шөп сылдырлатып келе жатқан ешкімді байқай қоймады. Патшалардың өзі жаяу барып келетін жерде құдасы көрінбейді. Әлде бұлақ басына жуынуға кетті ме екен. Салқынбек мұнда да жоқ болып шықты. Сонда оны бейбіт күнде жау алып кете ме?

Таңғы ас дайын болды. Бірақ оны бас құдасыз бастау әдепке сыймайды. Содан бүкіл ауыл болып Салқынбекті іздеу басталды. Құдықты, қораны түгел тінтіп шықты. Бас құда суға сіңіп кеткен жандай зымзия жоқ. Айдың-күннің аманында құда жоғалту деген не сұмдық?!

...Әбен қасындағы кісінің қоламта иісінен жиіркеніп оянды. О, тоба! Келіншегі Күләш екеуінің ортасында дөңкиіп біреу жатыр. Тап бір әкесінің үйіне келгендей жайбарақат. Қорылын айтсаңшы. Ал, оның арғы жағында Күләш шаштары қобырап, аузы ашылып ұйқыдан есесі қалған жандай төңкеріліп жатыр. “Мына атаңа нәлет, қойнымдағы қатынымды дәл өз төсегімде, дәл қасымда еншілеп тастап, дым болмағандай қорылдап жатысын қарашы-ей” деген ой басына келгенде Әбеннің түктері тікірейіп, көздері от шашты. Өн бойындағы барлық қан басына шауып, жүзі күреңітті. Қолдары дір-дір етті. Сол бетте ол келіншегінің жағынан салып қалды.

— А-а, не, не болды! — деп Күләш шошып оянды.

— Әй, мынау қойныңдағы қай ойнасың?

– Кім? Қайда?

– Қойнында жатыр ғой міне.

– Не дейді ойбай? Не бетімді айтамын енді? Мынауың кім-ей, жынды?

Күләш орнынан атып тұрды. Көйлегін жүре киіп масаханадан шықты.

– Кім екенін өзің айт? Ұсталдың ба, бәлем! Мынауың бар күшін сарқып алған соң тұруға шамасы келмей қалған ғой. Әлде “жата тұршы” деп өзің жібермедің бе?

– Не деп тұрсың-ей, сен? Қайдағы ойнас?! Қайдағы үңілмес? Мына ауылда мені біреумен ырбандасыпты деп қашан, кімнен естіп едің. Бөтелкелес құрдастарыңның бірі шығар. Бетін бері аударып, үңілмейсің бе жүзіне? – деп Күләш ақыл қосты.

“Рас-ей, менің төсегімде, қатыным мен екеуміздің әл ортасында алаңсыз жатқан бұл қай батыр?” – деп Әбен шақырусыз келген қонағын жұлқылай бастады. Ол қаннен-қаперсіз. Бетіндегі шыбынын қорып тастап төңкеріліп түсіп, қорылына қорыл қосты. Әбен әрі үңілді, бері үңілді. Бұл ауылдан көріп жүрген кісілердің ешқайсысына ұқсамайды. Сонда бұл кім болды өзі?

“Апам да аң-таң, мен де аң-таң” деп, ерлі-зайыптылар ұрысты одан әрі қарай жалғастырамын білмей тұрғанда, үйінің жанынан дүрлігіп өтіп бара жатқан бір топ кісіні көзі шалды. Ішінде Тұрдыбек бар. “Жүрістері суыт қой. Қаралы хабар болмаса жарады” деп ойлап, онсыз да атқақтап тұрған жүрегі одан бетер дүрсілдей соқты. Әбен үй сыртынан өтіп бара жатқан кісілерге тұра ұмтылды. Учаскелік инспекторды ертіп келіп, осы кісілерді куэ ету де ойында бар-ды.

– Көке, Тұрдыбек көке! Жайшылық па? Таңертеңнен жеңешем түйіп оятқандай тызақтап қайда барасыздар?



— Атама, ойбай!

— Не болып қалды? Айтсаңызшы, жұмбақтамай.

— Құда жоғалды! Таңертең ғана төсегінде жатқан. Тұрғызайық, тамақ берейік десек жоқ. Суға ағып кетті ме, қасқыр жеп қойды ма, білмейміз. Енді елге қай бетімізді айтамыз. Іздемеген жеріміз жоқ. Енді көлшіктің басына кетіп барамыз. Кім білген, күні бойы арақ ішкен адам шомыламын деп...

— Сіздер кісі жоғалтып жүрсіздер, мен шақырусыз келген біреуден құтыла алмай жатырмын. Түнде келініңізге келген бе, қайдам, төсегімізде төңкиіп біреу жатыр.

— Қане, барып көрелікші. Біздің құда болып жүрмесін.

Тұрдыбек таңертеңнен таппай жүрген құдасын басқаның төсегінен көргенде талып қала жаздады.

— Ойбай-ау, біздің бәріміз дүрлігіп таппай жүрген кісіміз, бас құдамыз осы ғой. Кім әкелді оны мұнда?

— Білмеймін. Таңертең оянсақ келініңіз екеуміздің ортамызда жатыр ғой.

— Бұл — бұл... Біздің құдамыз мұнда қалай келіп қалған. Қап мынау ел айта жүрер қызық әңгіме болды-ау. Қане, оятып өзінен сұрайықшы. Құданың осы ауылда бізден бөтен танысы жоқ еді ғой,— деп Тұрдыбек құдасын жұлықылай бастады.

Бетіне салқын су тиген Салқынбек орнынан сайтандай болып атып тұрды. Сөйтті де өзін қоршап, аң-таң болып тұрған кісілерді көріп состиып тұрып қалды. Сосын:

— Әй-әй... Осы ауыл жақтан қаралы хабар жоқ па? Неменеге жиналып қалғансындар? — деді иегі кемсендеп.

– Қаралы хабардан да жаман болып тұр ғой, – деп жатып атар Тортай шағып алды.

– Не дейді? Не дейді? – деп Салқынбек одан сайын мазасызданды.

Өз құдасы емес пе, Тұрдыбек Тортайды тиып тастады. Дереу салқын сыра алдырылды. Сыраның үш бөтелкесін аузынан ішіп ес жинаған Салқынбек “түнгі жорығын” еміс-еміс елестетті.

Жиналғандар жамырай күлді. Әбенге құрдастары:

– Осы алаңсыз қатты ұйқынды қой деп талай айттық. Тапа-тал түсте келіншегіңді біреу төңкеріп кете жаздады, – деп әзілдеді.

Жоғалған құданың аман-сау табылғаны үшін бірнеше тост көтерілді. Араққа сылқия тойған Салқынбек ертесіне есін өз үйінде жинады.

– Өл! Өле қал! Ит алқаш! Бас құда болып барып отырыптабұлатауын тыя алмайды ғой. Қарабетқылдың ғой бізді. Енді қызыңның бетіне сенің қылығыңды титық руы түгел салық етіп айтып отыратын болды. Айрандай ұйып отырған бір отбасыны ойрандап кете жаздадың. Бұдан да өліп қалғаның жақсы еді, – деп Салқынбектің қатыны Гүлбахрам шашын жұлды.

Ал, Тұрдыбек ауылында “құда жоғалды” оқиғасының түрленген, бірнеше эпизодтор қосылған нұсқалары айтылған сайын тыңдаушылар рахаттана күледі деседі...

## ДӨКЕЙЛЕРДІ ДӨНБЕКШІТКЕН ДАТАЛЫ ТҮН

Сонымен, облысты табандатып талай жыл басқарған Тұңғышбек Таңатаров табан астынан тағынан түсетін болды. Бұған талайлар таңқалды.

– Ойбай-ау, жұмысын тәп-тәуір атқарып жүр еді ғой, кімнің аяғын басып кетіпті соншама?..

– Бұрынғы әкімдердей соңынан сөз ілестірмеген жан еді. Не бүлдіріп қойды екен.

Деген сөздер желді күнгі қамыстардай шулады.

Бұдан аттай жеті жыл бұрын әкімді қызметтен аларда Үлкен кісі: “Бұл облыста біреудің үйіне кіріп шай ішуге болмайды. Ал сен менің айтқанымды дұрыс түсінбедің” деп ұрысқаны әлі жадымызда. Қалай ұмытайық. “Әкім деген осылай болады екен” деп ол бәтшағар да ой, ойына келгенін істемеді ме! “Жел тұрмаса шөптің басы қимылдамайды” енді. Жарықтық жұмыстан қатты шаршайтыны соншалық, табиғаттың тамылжыған шақтарында тау-тасты кезіп кететін. Кейіннен сол әкімді қызметінен кетіріп тынған соң айтып жүр ғой, көкеміз көк мойынға жүдә “жерік” болса керек-дүр. Содан соң қыз-келіншек дегенде бәрін ұмытатынға ұқсайды. Тіпті бір рет шаршағанында шуақ сыйлап отырған қолаң шашты кеудесін тістеп алып, ол шатақ шығарып, үлкен-үлкен сыйлық, қомақты-қомақты қаржы беріп жүріп аузын зорға жаптырыпты” деген әңгіме де айтылып қалып жүрді. Тегі Салқынбектің сүйкімдісі “бүгінде өсекті еркектер айтады” дегенді босқа айтпайды. Әйтпесе осы кісінің қолы жүріп тұрғанда бұл әңгімені неге естімедік.

Астанадан келгендердің түрі тым сұсты көрінді. Әдеттегіше, шұғыл актив шақырылды. Үкімет басшысы Тұңғышбек Таңатаровтың тындырған тірліктерін тізбектей келіп:

– “Бір қарын майды бір құмалақ шірітеді” деген. Әжептәуір бедел жинап едіңіз, сыбайлас жемқорларды шапаныңыздың етегіне бүркеп жасырып, олардың кеңірек қарпып қалуына жол бергенсіз. Елді бұлай шулатуға болмайды, – деп барып тоқталды.

Кететін әкім сөзін күреңітіңкіреп бастап, күмілжіп барып аяқтады. Жылы жымиюға әрекеттенді, әрине. Бірақ онысы шынайы шықпады. “Осылай болып қалды енді, өмір ғой” деп түйіндеді сөзін. Иә, бұл өмірде кімдер аяғын қия баспаған?

– Кәне, кім сөйлейді? – деді астаналық басшы.

Залда өлі тыныштық орнады. “Осыншама адамның ортасында орнықты сөз айтатын бір ойлының болмағаны ма?” деп ойлады Үкімет басшысы.

Мінберге “дежурный” шешендер шықты. Осы аймақтың ауа райын қабақтарымен реттеп отыратын біраз шатақ шалдар бар-ды. Үкімет адамының алдында келген әкімді жорта мақтағансыды. “Көзіміз енді ашылатын болды” деп көлгірсіді. Бұрын біреу көзіне топырақ толтырып жүргендей-ақ.

Жиналыс біреулердің қуанышымен, енді біреулердің күйінішімен аяқталды. Жұрт есікке лап қойды. Тұңғышбек тұңғыш рет көптеген көк желкелердің күжірейіп кеткенін көрді. Бұған сол шодырайған шойын желкелер: “Бәлем, өзіңе де сол керек” деп бара жатқандай сезілді.

Шыға берісте экс-әкімге Әбілқасым бетпе-бет ұшырасып қалды. Әншейінде іші-бауырыңа кіріп кете жаздайтын Әбілқасым бұрынғы әкімнің қолын алмай өте шықты. Ол жаңа әкімнің қолын құшарлана қысып, әлдене деп жылмаңдап тұрғанын Тұңғышбек жон арқасымен-ақ сезді. Сол-ақ екен, арқасында мың

құмырсқа жорғалап бара жатқандай бүкіл денесі түршігіп сала берді.

Ау, мынау Абылай ғой. Қашан да айналшықтап алдынан шықпайтын, ойындағыны айтқызбай-ақ оқитын оң қолым деп жүрген Абылайы. Не болған-ей, мынаған? Ең жақын досын көрмей көзін шел басқан ба? Әне, ол да ұмсынып барып жаңа әкімді құшақтай кетті. Жауырынан қағып бірнәрсе деп жатты. Тұңғышбекті танитындай тұрпат сездірмейді.

Бір кезде маңғазсыған Мағзұм көрінді. Жұртты киіп-жарып жаңа әкімнің жанына жетті. Тап бір жаңа түскен келіндей жаңа әкімнің алдында иіліп сәлем берді. Сосын қолын ұзағырақ сілкіледі. Жаңа ғана жиналыстан шыққан әкімнің киіміне шаң тұрмақ шыбын қонуы мүмкін емес еді. Алайда Мағзұм жаңа әкімнің костюмін қайта-қайта қаққыштады. Еңкейіп туфлиін сүртейін деп еді, жүріп келе жатқан адамның табанына тапталып қалармын деп ойлады-ау, бет орамалын орта жолдан қайтарды.

Аулада Астанадан келгені бар, осында атқа мініп жүргені бар бір шылым шегетіндей мерзімге шоғырланып тұрды. Ойламаған жерден тағынан тайған жан қай шоғырға қосыларын білмей дағдарды. Әрине, бұрынғы машинасы енді оған тиесілі емес. Бас-аяғы жоқ қоштаспай кетіп қалудың және ретін таппады.

Сол күні ауа райы суытыңқырап тұрған-ды. Сәл ықтасындау жерді паналаған Тұңғышбек бұрынғы сенімді досы Әбілқасымның:

— Мен Тұңғышбекке “тынып жүр” деп талай ескерттім. Тыңдады ма? — дегенін құлағы шалып қалды.

— Өзі де бір соңғы кезде адам танудан қалды,—



деп қостады Абылай, — ешкіммен санаспайтын болып кетіп еді. Әйтпесе жүрміз ғой бәріміз. Мінезі дөрекілене бастады. Майлы жіліктің басын тек ағайын-туыстарына, таныс-тамырларына ұстатты.

— Сауап болды,— деген Мағзұм масаттанғандай сезілді.

“Е, кімдерге сеніп жүргенмін?” деп Тұңғыш теріс айналды.

Әкімшіліктен экс-әкімнің ұнжырғасы түсіңкіреп қайтты. Біраз адам топтанып әлденеге шаттанып шіңкіреп қайтты.

Сол күні даңғырлақ руының жақсылары мен жайсаңдары қаладағы қалтарыс бір мейрамханада бас қосты. Сөзді осы рудың президенті Күшейген Күшенгенов алды.

— Қазақ қазақ болғалы билік басында бірыңғай былдырақ руының адамдары отырады. Қашаннан біздің ар-намысымызды аяққа таптап қыр көрсетумен келеді. Пәдеріңе нәлеттер, күн көрсетуді қойды, тегі. Міне, бүгін былдырақ руының бір білгішінен құтылдық па деп едік, тағы бір иіс алмасын әкеліп қонжитты. Сонда біздің даңғырлақ руымыздың даңқы қайда? Мына қорлыққа қашанға дейін төзуге болады? — деді Күшейгенов әкесі тап бүгін жан тәсілім еткендей күңіреніп.

— Тегі, айтамын-ау, облысты былдырақ руының балалары басқармаса, дүние төңкеріліп кете ме? Осыны үлкен кісі неге ескермейді. Бұлар шетінен құтырып бітті. Бір шара ойластыруымыз керек,— деп Күшейгеннің қасындағы қуыс маңдай біреу түтікті.

— Тым құрыса қаланы алып қалайық. Барлық билікті бір былдырақтың балаларына беріп қоюға болмайды деп ақыл қосты Аздырған ақсақал.

– Атамыз дұрыс айтады. Бірліктің бір ұшы оларда болса, екінші ұшы бізде болуы тиіс. Мұндай әрекетсіздікке жол бермеуіміз керек, – деп түйіндеді Шәріпбек.

– Үлкен шылбыр былдырлақтарға бұйырды. Олар бізді басынбас үшін не істемек керек? – деп сұрады ру белсендісі Болдырған Бөденеұлы.

– Әуелі мына әкімнің аяқ алысын шамалайық. Содан соң осал тұстарын ойып алып, ыңғайымызға қарай пайдаланамыз. Одан әрі өзінен өзі-ақ көрініп қалады, – деді Сұлтан.

– Солай сағыздай созып отыра береміз бе, әрекетті бүгіннен бастауымыз керек. Ол өзінің орынбасарларына даңғырлақ руынан ешкімді өткізбеймін деген көрінеді ғой, – деді Әсен.

– Ерсі де болса айтайын, езуін жырын кетпесін. Немене билік тек былдырлақтарға ғана жаратылған ба? Бізді де шешеміз ұл тудық деп тапқан. Мұндай әділетсіздікке жол бермейміз, – деп жұлқынды Жұман.

– Жә, әліптің артын бағалық. Жаңа әкім де ойланатын шығар. Сосын оның айналасындағы өзіміздің жігіттерден күнделікті мәлімет алып отыруды ұмытпайық. Көп ұзамай мұның да осал тұсы табылар. Бір үйір жігіттер жүр ғой. Оны таппаса, неғыламыз оларды? – деп айналасына сынап қарап қойды. Бәрі басын шұлғыды. Өз сөзінің дұрыстығын сезіне түскен сайын, тіпті арқаланып кетті. – Сол тұста оған бізден басқалар да аш қасқырдай жабысар. Міне осы ұрымтал жерлерді Парламентте отырған балалардың құлағына сыбырлай қоярмыз. Арызды да үсті-үстіне бұрқыратармыз. Бәлемнің жүйкесі тозып, сайтандары қозып, өзі-ақ бір күнде жөнep берep. Сол күнді таяу қылсын! Әумин!, – деп бет сипады Күшейгенов.

Отырғандар түгелдей “әмин” деп бір кісідей бет сипады.

Қырсыққанда қымыран іриді. Тап осы жасырын жиын өткен күннің ертесіне үлкен тізгіннің бірін ұстап тұрған даңғырлақтың бір болашақ әкімі рушылдығы әрі дәрекілігі үшін қызметтең босатылды.

Көк желкелер жынданып кете жаздады. Өттең, жаңа әкімнің келгеніне бір-ақ күн. Арызды қалай жазарын білмеген даңғырлақ руының біраз дөкейлері сол түні дөңбекшіп шықты...

## ҰРЫ КӨЗ

“Жарты жолға келгенде атың, жарты жасқа өлгенде қатының өлмесін” деген мәтелің бүгінде қымға алғысыз болып қалды. Қазір жарты жолға өлгенде “иномаркаңыз” сыр берсе, әрі-бері ағылған машиналардың біріне қол көтере қоясыз немесе ұялы телефоныңызбен қоңыраулата салсаңыз, таксист немесе слесарь “теңге қайда?” деп әп-сәтте жетіп келеді. Ендеше, жарты жолда атың өлгенінен нендей қиындық көріп жатырмыз?

Енді мәтелдің екінші бөлігіндегі “қатын” деген ірлеске келейік. Бүгінде осы жаныңыздың жартысы сізге қатындық жасайды деп жаратушы олардың есімін мәңгідей осылай қойған тәрізді. Сол құдай берген мінезімен сізді орта жолда тастап, о дүниеге жападан жалғыз қалтанып кете берсе қайтпексіз. Қорқып қалдыңыз ба? Жошымай-ақ қойыңыз.

...Жетпістің жотасына жармасқан Тоқашбай қақалдың қамшысы сынды. Үзеңгілес достары келіп

жоғарыдағы мәтелді кіріктіре отырып, көңіл айтты. Иә, жер ортасы жасқа келгенде кемпірсіз қалу оңай ма? Тоқашбайдың белі бүгіліп, шөгіп кеткендей көрінген.

Балдырған әжейдің қырқы өткен соң балалары Тоқашбайды қалаға әкетті. Ағайын-туыс, құда-жекжау көрші-қолаң қамығып, көздеріне жас алып қалды. “Е,е, ол сорлыға оңай ма? Шүйіркелесіп шай ішіп отыратын қасында кемпірі жоқ. Дамбалын келініне жудыра алмайды. Қазір қасында бала кезінен бірге өскен қатарластары да табылмайды. Жазған шал жетім болып қалды ғой” деп, көз көргендер уайым соқты.

Сөйтіп жүргенде “не дейсің, Тоқашбай тоқал алыпты” деген сыбыс алақандай ауылға теледидар жаңалықтарындай лезде тарады. Сөйткенше болған жоқ, Тоқашбай тоқалын қолтықтап ауылға келіп те қалды.

Жас иіс шіркін, қоя ма, Тоқаң жасарып қалыпты. Баяғы сақал-мұрттан жұрдай. Үстінде ине-жіптен жаңа шыққан костюм-шалбар. Мойнында қошқардың басындай галстук. Туфлиі жалт-жұлт етеді. Қолтығындағы жаңа жеңгеміздің аты Жұпаркүл екен. Жұпар десең Жұпар. Өн бойынан әдемі бір иіс шығып, еріксіз елең еткізеді. Жанарын айтсаңшы, қарағанда ішкі дүниенің барлығын оқып тұрғандай, өзіңнен өзін қымсынасың. Жұпар жеңгей отызға енді ғана толыпты.

— Баяғы бабаларымыз Сексенбай, Тоқсанбай, Жүзбайларды дүниеге әкелген. Көкелеріңіз жарап жатса жуырда Жетпісбай деген інілі боласындар,— деп жеңгей жымың-жымың етеді.

Ауыл молдасы келіп неке қиғаннан соң құрдастары Тоқашбайды ортаға алды.

– Мынандай жап-жас сұлуды құрығыңа қалай түсірдің?

– Қалыңдыққа жығып алдың ба?

– Есік көрген бе екен өзі?

– Өз еркімен келді ме, әлде қаладағы шпана балаңның шатағынан қорқып, шаужайыңа жармасты ма?

– Әй, тым жас екен, қайнылары үй айналшықтап шықпай жүрмесе жарады да.

Қарттар кем иектері кемсендеп, көздерінен жас аққанша күліп мээ-мэйрам болып қалысты. Ішіп отырған шайларына шашалып қала жаздағандары да кезікті.

Қонақтарының өзін мазақ етіп отырғанын сезген Тоқашбай тоқалын тамақ қамына ығыстырып, шай құюды өз қолына алды. Сосын әңгімесін бастады.

– Бала мен келін жұмыста. Қол бос. Уақыт көп. Үйде жатып іш пысқан соң баламның “Джипіне” мініп, саябаққа келмеймін бе? Осында серуендеп аусын ішкенді, көлеңкеде демалып отырғанды жаным сүйеді. Мұнда көбінесе жастар жүреді. Ашық-шашық күргендерде көз қиығымды салғым келмейді-ақ. Бірақ көз дегенің ұры. Түспейтін жерге түседі. Бірде осылай саябақта серуендеп жүр едім, ұры таздай жылмыңдаған біреу кезікті. Қараймын, жасы мен құралыптас, сақал-дұртын сыпситып алып тастапты. Аты Руслан екен. Шешем татар” деді-ау, шамасы.

– Сізді бес-алты күннен бері көріп жүрмін. Қайқаймын кемпіріңіз қайтқан-ау,— деді Руслан мандық-саулықсыз.

– Оны қайдан білдің?

– Ұры көзіңізден, — деді ол.

Содан Руслан шалмен достасып кетті. Оның да кемпірі о дүниелік болған екен. Қос жетім шал өткен



өмірімізді айтып бір шер тарқасып қалдық. Кемпірдің қадірі енді білініп жүргенін айтып, жанарымыз шыланды. Бірде сол антұрған Руслан:

– Төке, ұры көзіңіз қыздардың ашық-шашық жерлеріне барлауды үдетіп барады ғой. Жастық шағыңызды еске түсіріп, бір жасарып қайтайық та, – деді.

– Қалай?

– Қалайы несі, жас иістерге белімізді уқалатып, ойнап-күліп дегендей..., – деп қалалық құрдасым сылқ-сылқ күледі.

Содан “сауна” деген моншаны көрдім. Жанға керектінің бәрі табылады бұл жерден. Ыстық буга бусанып, жас иістерге арқамды қасытып, жас жігіттердей қутыңдап шыға келдім. Сол күннен бастап баламнан “шалдармен шахмат ойнап жүрмін” деп теңге алып қалатын болдым, – деп бір тоқтады Тоқашбай.

– Сонда сен немене, мына Жұпарыңды саунадан суырып алдың ба? – деп Серік сыр тартты.

– Жоқ-ә, белде әлі қуат бар екенін білген соң Руслан досым жәрдемдесті.

– Қалай?

– Жұпар күйеуі қайтыс болып, ата-анасының қолында отырған екен.

Осы кезде Нұртай:

– Тоқа, беліңіздің бақуат екенін немен дәлелдедіңіз? – деп тосыннан сауал тастады.

– Әй, найсап! Белім бекем болмаса мынадай жас тоқал сонау қаладан салпақтап соңымнан келер ме? Әлі де қуатым бойымда екен. Саунада жүріп “қайран, Пайғамбарымыз қыршын кеткен екен-ау” деп қамықтым. Оның жасында қыз алса да болады екен-ау деп ой қорыттым. Ал ендеше. Осы Нұртай жас кезінде

сайтан еді. Сол сайтандығы әлі қалмапты-ау,— деп Тоқашбай тарс кетті.

— Сенің сайтандығың менікінен асып кеткендігін білмей отырсың ба? — деп Нұртай астарлай күлді.

Тоқашбайдың төзімі таусылды. Құттықтай келіп жүйкесін қытықтап отырған құрдастарына қапа болды. Оның көңіл-күйін байқағандар:

— Қайтсін-ай, шымылдығы желкілдеп тұр ғой,— деп орындарынан көтеріле бастады.

Арада ай өткен. Шағын ауылдың шалдары қалашыл болып алды. Алқаш Жұман “сиырымды сатамын” деп барып, теңгелерін түгел тонатып, сымпындай болып оралды. Одан кейін барған Салқымбек те екі қошқарының теңгесін “жүліктерге” амалсыз беріп келді. Осылай оншақты шал тоналған тұста “ойбай, несін айтасың, қалада сырттан келгендерді тонайтын топ пайда болыпты” деген әңгіме желдей гүледі.

Бірақ, көп өтпей шал біткен неге базаршыл болып кеткені, олардың қалай тоналып қала беретіні ашылып қалды. Қайыржанның кіші ұлы саунада Кемел ақсақалды жап-жас келіншекпен көріп қалыпты. Мұнан соң ауылда кемпірлер көтерілісі басталды. Біраз патақ шал “жүліктерге” қалай шырмалғандарын шашаусыз айтып беруге мәжбүр болыпты деседі. Олардың бірекеуі есіктен құлап, үйлерінен шыға алмай қалуы талай сырдың бетін ашқандай. Содан бері қалаға тек кемпірлер мен келін-кепшіктер базаршылайтын дәстүр орнықты.

Ал, Тоқашбай жәкемнің тоқалы маңдайы торсықтай тапты. Көргендердің айтуынша ұлы аузынан түсіп қалғандай деседі.

Кім білген...

Иә, қазір қатыны өлген қарттар құтырған заман.

Олай болса, құрметті оқырман, сүзеген сиырды құшханаға өткізіп құтылатынымыз сияқты, жоғарыдағы мәтелді архаизмге табыстауға талас тудырмайтын шығарсыз.

Иә, тілдік қорымыз қойыртпақтанып кетпес үшін ескірген мақал-мәтелдерден арылып отырған жөн.

– Айтпақшы, біздің ауылдың ақсақалдары ұры көздерін жасыру үшін бүгінде қара көзілдірік киетін әдет тапты.

## БАЯНДАМАДАН КЕЛГЕН БӘЛЕКЕТ

Жазуға жұлқына кірісіп, ақ парақтың үстінде өйдөйт бір жарысты ұйымдастырып кеп жіберген жайлы бір сәтте ішке қарай құлайтын есігіміз етпетінен ашылды. Парақта әкеміздің құны бардай шұқшиып-шұқшиып отырған үшеуміз қаламды қайраңда қаңтарып оқ жыланның басындай шошаң еткізіп кәлламызды көтердік. Содан осы кабинеттің шынайы иесі екенімізді білдіргіміз келіп, көпе-көрнеу жөтелдік. Тап-таршалбар мен үстіне жабысып тұратын лямка киген үш қыз бір-бірінен аумайды-ау, аумайды. Шаштарың қоңыр түске боятып алған. Үшем бе дейін десек, үшеуі үш қошқардың төлі сияқты. Сымдай тартылған олардың бойларынан мін таппадық. Ауызымыз ашылып, көзіміз жұмылып, аңтарылып қалған бөлме иелеріне олар келген шаруаларының шетін шығарды. Жүздеріне қарасақ – қандастарымыз тәрізді, тілдеріне құлақ түрсек – еліміздегі “ресми тілдің” өкілдері секілді. Іздегендері қазақ газетінің редакциясы екен. Редакция болғанда тіл мәселесімен айналысатын бөлімді індетіп іздеп келіпті.

— Кімде болса, жолға жаңылыспай салып жіберіпті. Бәрекелді, енді отыра қалып шаруаларыңызды айта отырыңыздар? — дедім бөлім меңгерушісі өзім екенім есіме түсіп.

— Агай, билесіз бе, бизге оят. Биз казакша котарған...

— Немене, немене?! “Оят” дейді. Кімді оятуымыз керек?

— Оят деп тұрған жоқ қой бұлар. Котарған дейді. Мен білсем осы қыздар жігіттерден көтеріп қалып, бізге араша сұрап келіп отыр,— деді Ынтымақ.

— Тегі, сіздер мұнда жаңылысып келдіңіздер-ау, шамасы. Көтеріп қойсаңыздар, әуелі акушеркаға барып ақылдасу керек шығар, — деп жөн сілтеді Жұман.

Келген үшеу аңтарылып состиып-состиып тұрып қалды. Сірә, “акушерка” деген сөз құлақтарына түрпідей тиді-ау деймін. Ортадағы қыз ызадан жарылардай болды.

— Ех, мамбет! — деп бізге жақтырмай қарады.

— Кім мамбет? Ана тілін білмейтін өзің мәмбетсің. Бір ауыз қазақша білмей тұрып бізді жазғырады ғой және,— деп Жұман дір-дір етті.

— Бізді мәмбет көрсе несіне келеді? — деп Ынтымақ ыңырсыды.

“Редакциядан араша сұрап келушілердің әрбірімен тіл табыса білулерің керек” деген бас редакторымыздың ескертпесі есіме түсіп, жайдарыланбақ болдым. “Бұйымтайларыңызды білген тілдеріңізде жеткізе беріңіздер” деп, кеңшілік жасадым. Сөйтсек бұл қыздың басты бұйымтайы бастықтарының аяндамасын қазақшаға аударту екен. Сұрастыра телсек бастықтары облыстағы дардай департаменттің ізгінін ұстап отырған директор екен. Ертең облыс кімінің алдында есеп бермек. Ал, қазір барлық іс-

қағаздары қазақша болсын деген талап бар. Жиналыста қазақша өтпек. Бастықтарының қысылғанынан қыз болып, үшеуін қосақтап бізге қарай аттандыруының себебі осы болып шықты.

Баяндама 10 бет. Оқып көрдік. Ғылыми, тіс батпайтын ауырлау тілмен жазылған. Бірыңғай цифрларға құрылған бірдеңе. Сөйлемдері шұбалаңқы, аяғына жеткенше басын ұмытып қаласың. Анау-мынау жүрек талмасы бар адам болса жүріп-ақ кетері ғажап емес.

– Мынадай ащы ішектей шұбатылған әрі бізге түсініксіз терминдері көп баяндаманы аудару қиын, деген тұжырымға тоқталдық.

Үш қыз ләм деместен алдымдағы қағазды алып, жұлқынып шығып кетті. “Жаналғыштай жалаңдап келген жалмауыздардан құтылдық-ау” деп отырғанымызда, телефон шылдырлап қоя берді. Менгеруші деген мәртебем бар, мен телефон тұтқасын маңғазсынып көтердім.

– Әләу!

– Бәләу. Маған тез жет!

Бастықтың бұйрық райындағы дауысын естіп, тапсырыс беріп қалар деген оймен қағаз-қаламымды қолтықтап, құстай ұштым.

Келсем, манағы бізден ұшып кеткен үш періште қаздай тізіліп бастықтың алдында отыр. Бастықтың бет-ауызы бүлінген.

– Сен... Сендер редакцияға жұмыспен келген кісілермен неге жөндеп, адамға ұқсап, мәдениетті түрде сөйлеспейсіңдер? – деп дүрсе қоя берді бастық.

– Не жазып қалдық, тағы да?

– Көмек сұрай келгендерді келемеждегенсіңдер. Бұдан артық енді кісі өлтірейін деп пе едіңдер?



– Келемеждеген жоқпыз. Әуелі тілдерін түсінбедік. Бұлардың қазақшасының өзіне аудармашы керек екен. Сосын орысша айтқызып көріп едік, әкелген аудармасына тісіміз батпайтынын айтып кері қайтардық, – дедім мен шындыққа қарай бір қадам жасап.

– Немене сонда? Баяндамасы басқа тілде ме?

– Басқасын білмедік. Өзіміздің орысша-ақ.

– Өзіміздің орысша болса, неге аударып бермейсің?

Бұлардың кімнен келіп отырғанын білесің бе, сен өзі? Салим Нурбековичтің өзі (бастық сұқ саусағын жоғары көтеріп қойды). Давай, сөзді қой, көмектесіңдер. Сосын келген кісімен жөндеп сөйлесе біліңдер. Ясно тебе, шагом марш! Тапсырманы орында!

Қолымдағы он парақ қағаз алақанымды өртеп бара жатқандай болды. Бөлмеге жүгіріп кіріп, үстел үстіне қоя салғанда, ол маған ширатылып жатқан шұбар жылан сияқты болып көрінді.

– Неден шошындыңыз? – деп Ынтымақ таңдайымды көтерді.

Жұман бір стакан су әкеліп ішкізді. Шекемнен суық тер бұрқ ете қалды. Есімді жиған мен мән-жайды қарамағымдағы қалқан құлақтарға жайып салдым.

– Ойпырмай, өздері қазақ бола тұра, қазақы ауылда өмір сүре отырып, бір ауыз ана тілінде сөз сөйлей алмаған үш бірдей безергеннен келген бетте-ақ қорқып едім. Ана тілдерін білмегенге ұялудың орнына өзімізді қазғырып, кінәлі етіп кеткендерін қарашы. Сырттары аулу болғанға сұқтанып-ақ қалып едім, көкелерін алдына тартып, бізді сындырып кетпекке талпыныпты-у. Жарайды, баяндаманы маған беріңіз, Салим Нурбековичті де, ол жұмсаған үш қызды да шайтан өргендей шошытайын бір, – деп Ынтымақ қолымды

жандырып жібере жаздаған қағаздарды жинастырды.

Ол ертесіне баяндаманы ана тілімізге аударып әкеліп, компьютерге тергізіп, қыздарды шақыртып бергізіп жіберді. “Мың болғыр-ау, бір қиындықтан құтқардың ғой” деп қуандым.

Іш күннен соң “Салим Нурбекович қызметтен босатылыпты” деген қаралы хабар естідік. Ынтымағым ыржың-ыржың етеді. Бәленің бәрі баяндамадан шықты-ау деп топшыладым іштей. Расында, солай болып шықты. Аудармашым түсінбеген терминдерінің тұсына ойына не келсе соны жаза беріпті. Жұқалап жаман сөздер де жазып жіберген көрінеді. Облысқа жаңа келген әкім ана тілінде қойыртпақтап, кідіріп-мүдіріп сайтанның салқыны тигендей иектері икемге келмей, сақауланып, аракідік боқтық араластырып тұрған департамент директорын жиналыс үстінде-ақ креслосынан аударып тастапты.

Сөйтіп, қазір бастығымызбен дүрдараз болып жүрміз. Бірақ бізге әзірге басын ашып ләм-мим дей қойған жоқ.

— Ана тіліміздің ажарын ашуға аз да болса үлес қостық,— деп тілшілерім мәз-мәйрам.

Айтпақшы, Сәлімнің ана тілін білмегендіктен қызметпен қоштасқаны баршаға мәлім болды. Ана тіліне келгенде ақиланып шыға келетін бірлі-жарым директорлар мен бастықтар қолдарына қазақша-орысша сөздік алыпты деп естіп жатырмыз.

Ұзағынан сүйіндіргей.

## ҰРҒАШЫ ПІЛ

Автобус келесі аялдамаға жақындап келе жатты. Кондуктор әйелдің “дайындалыңыздар!” деген дауысы салон ішін жарып өткендей болды. Алдыңғы есіктен түсіп қалуға 4-5 адам ыңғайлана бастаған еді. Көлемі түйенің жарты етіндей деуге келіңкірейтін екі келіншек бір-біріне жол бермей кептелді де қалды.

– Әй, өңмендеп қайда барасың?

– Өзің ғой киіп-жарып...

– Мен бе екен киіп-жарған? Аялдамада атаң күтіп ұрғаңдай аянбай алға ұмтылдың ғой. Енді міне, мені басып кете жаздадың.

– Мына сендей жардай адамды жын да басып кете алмас.

– Өле қал. “Құлап жатып сүрінгенге күледі” деген. Сөлем жағынан сен де кем емессің.

– Осылай салмақ өлшеп тұра береміз бе? Жол ерсенші түсіп қалайын.

– Қалай қозғаламын? Тығыздап тастапсың. Мына үріңмен қасыңда жатқан байың тұншығып өлетін ығар.

– Өлтірмей-ақ жүрміз. Сірә, бір-екі байды жұтқан жалмауызсың-ау, деймін сөзіңе қарағанда...

– Өзің жалмауыз. “Іріген ауыздан шіріген сөз ығады” деген. Оңбағанның айтып келе жатқанын ара.

– Мен бе оңбаған? Шошқадай семіріп жарылуға ақ қалыпсың ғой. Не жеп семіріп жүрсің?

– Әйтеуір, сенің ырысыңды жеп жүргенім жоқ. Айымның тапқанын қанағат тұтып жүрген жанмын.

– Қанағатшылын. Сенде қанағат болса қанардай мпайып кетер ме едің.

– Өзің қанар. Ішіне нәжіс толған қанарсың.

– Ойбай, мына албастыны қара. Мені ішіне нәжіс толған қанар дейді. Өзінің жетісіп тұрғаны шамалы. Сасық күзен. Қарашы, айналаны бүлдіріп бітті. Тіфу-у-у. Қандай жаман иіс. Демала алмай қалдым ғой.

– Онда бетіңе противогаз киіп ал.

– Сонда сен сасытып тұра бермексің бе?

– Не деп тұрсың ей, албасты? Кім автобуста иіс шығарып келе жатқан? Қайдағыны көкіп...

– Енді қолтығыңның иісі ме, білмеймін, қолқаны қапты ғой қоңырсыған бір жағымсыз иіс.

– Өзіңнің қолтығыңды қара. Көйлегіңнің жеңі қолтық тұсынан сөгіліпті. Сасық иіс содан шығып келеді.

– Құдай-ай, сені де қатын деп алған байыңда көз жоқ екен.

– Немене, көзі жоқ болса салып берейін деп пе едің.

– Ондай күдіретім жоқ, “мынадай жалмауызға қалай жақындастың” дейін деп едім.

– Әй, сен біздің жақындасқанымызда қандай шаруа бар? Енді ортамызға жатып ойындағыны орындатайың деп пе едің?

– Екеуіңнің орталарындағы адам тіл тартпай кетер. Сенің қасыңа сайтан да жатпас.

– Құдайға шүкір, байымыз түнеп жүр.

– Жетісіп жүрген шығар.

– Жетіспегенде енді. Немене, жетістірмесем, қасыңа жатқызайын деп пе едің?

– Сен немене, мені салдақы санап келемісің. Ой бұзылған жезөкше!

– Өзің жезөкше! Аузың аузыңа жұқпай сөйлеп келе жатқаныңа қарағанда одан да өткен сорақысың-ау деймін.

– Ойбай, мынау не дейді? Мені автобустың ішінде жәлепсің деп жәнсіз тиісті ғой. Халқым-ау, не дейді мынау? Естіп келесіндер ғой. Мен мұны сотқа беремін.

– Пішту. Сотыңнан қорқып едім. Сотта менің қайнағам істейді. Сендей салдақының жазасын қалай беруді біледі.

– Әй, біреуге қарадай қарап тиісіп салдақы деп келе жатқан мен бе, сен бе?

– Сен!

– Бетім-ау, мына албасты не дейді? Жаңа ғана мені жүргіш деп алып, енді танып отыр ғой. Міне біздің заманда көкелері күштілері осылай көкиді.

– Маңдайындағы ырысыңды мен жазғаным жоқ. Түгі жоқ сорлы болып туған өзіңнен гөр.

– Мені түгі жоқ деп кім айтты саған.

– Өзің ғой енді. Ешкімім жоқ деп еңкілдеп келе жатқан.

– Ешкімім жоқ дегенді қапан айттым. “Қайнағам сот болып істейді” деп қорқытқан соң “көкелері барлар көки береді” дегенім рас.

– Міне, мойындадың ба? Енді ертең сотта кездесеміз. Осы айтқаныңнан танба.

– Танбаймын. Сендей қоянжүрек мен бе екем? Қайнағаңмен қосып қаңғытып жіберейін.

– Соншама сен кімсің?

– Менің ағам республикалық прокуратурада істейді.

– Жаңа ғана түгім жоқ деп келе жатыр едің ғой.

– Сен өзің қосып айтуға құмар жан екенсің. Осында қайдағы бір қайнағаңа арқа сүйеп, қырып кете жаздадың ғой. Қайнағаң мықты болса, автобуста алқынып нең бар. Керіліп мықты машинаның бірін мінбейсің бе?

– Мінемін. Несі бар. Мен мінбей ол машинаны кім мінеді?



– Үйбай! (бетін шымшып). Машина мінгіш сорлы. Автобусқа ақшаны зорға тауып жүріп шіренуін-ай, шіріктің.

– Өзің шіріксің!

– Маймыл!

– Ит!

– Шошқа!

– Айуан!

– Албасты!

– Жалмауыз!

– Қалтырауын!

– Су сиыры!

– Ұрғашы піл!

Осы кезде қондылау келіншектің бірі екіншісін салып қалды. Анау шегіншектеп барып қарсыласының бүйірінен ыңқ еткізіп бір түйді.

Автобуста ұртында насыбайы бар бір шал ұйқылы-ояу келе жатыр еді. Селк етіп оянып кетті.

– Келіндер-ау, бұларың не? Жастардан ұялсандар нетті?

– Бізге ұятты сіз үйретпей-ақ қойыңыз.

– Ой-буй. Бекерге араша болып келеді екем ғой. Қойдым. Сендердің қылықтарыңа тойдым.

– Тойсаңыз, осылай томпайып отыра беріңіз.

Орындықтар ортасында ашық майданға шыққан екі келіншек салғыласып біткенше автобус үш-төрт аялдама өтіп кеткен-ді.

– Шопыр, ай шопыр! Мынау қай астановка?

– “Көктем” аялдамасы.

– Оңбаған соқыр! Сен неге мені “аурухана” астановкасынан тастап кетпедің?

– “Аурухана” аялдамасында ауруларыңыз қозып сөз салғыласудан бір-біріңізден озып хабарландыруға құлақ астыңыздар ма?

– Сен неге хабарландыруыңды қатты айқайлап айтпайсың?

– Екеуіңнің айқай-шуларыңнан жұрт еститіндей болды ма?

– Білмеймін. Кейін қайт! Мені “Көктем” астановкасына жеткізіп таста.

– Жеткізбесем, соттағы қайнағаңа айтасың ғой, ә?

– Сорлатамын. Ит жеккенге айдатамын.

Енді екі келіншек өзара қырқысуды қойып, жүргізушіге жармасты. Осы кезде ол:

– Соңғы аялдама. Бәріңіз де автобустан түсіңіздер! – деп хабарлады.

Менің ойыма қазақ тілі пәнінен сабақ беретін Сатыбалды ағайдың “сөзжасамдар” дейтін бір термині түсті. Егер әки, осы екі келіншекті бар ғой, тіл ғылымына алсаңыздар, талай жаңа тіркестер, жаңа сөздер жасап шығарарына дау жоқ.

Ал сіз “қазақтың кез-келген қатыны бір сөзінді мың сөз етіп шығарады” дегенге әлі сенбей отырсыз...

## НҰРТАЙДЫҢ НАМЫСЫ

“Қайран қазағым, небір зобалаң заманда шілдің тезегіндей тоз-тоз болып тарап, бүгінде ат төбеліндей ғана шошайып қалдық” деп ұлтжанды Нұртай а ұрады да отырады. А ұрғанда аузынан от шығады, көкірегі қарс айырылып, қабырғасы қақырап кетердей болады. Оның бұл сөзіне қарап “қазақ деген халық қырылып біткелі тұр екен-ау” деп ой қорытуы мүмкін кез-келген келімсектің. Келімсектің аты – келімсек. Олар түгілі

Нұртайдың тұжырымдамасын таразылап отырсам, мен де түңілемін.

Расында, "бір қозы туса бір түп жусан артық шығады" деп бала санын көбейтуге келгенде асқан жомарт қазақ бүгінде сараңның сараңына айналған. Оның қасында кешегі шық бермес Шығайбай, қара сүтаттырмас Қарабайларың жіп есе алмайды. Сен маған: "Не деп оттап отырсың?" деп ала көзіңмен ата қарама. Ол зәрлі көзіңнен қорқатын мен емес. Зәрленбей зерделі, зәру сөзге зәкір тастасаңшы.

Айталық, мына Тұңғыштың тығыршықтай жан торсығы "толысып кетемін, фигурам бұзылады" деп жалғыз баладан соң бақа да таппады. Ал, Салқынбектің сұлуы бір ұл мен қыз тауып еді, байының басын күнде жаратын болды. Жұманның жан жары екі ұл сыйлап, жарылқап еді, үшіншісіне келгенде қысыр жыландай сумаңдай шыға келді. Қалданның қатыны да балашағаның у-шуын естісе қақалып қалатындар қатарынан болып шықты. Еркек біткен езге айналып, қатын біткен қоқырандаған заманда қазақ саны өсуші ме еді? Мұндайда демограф М.Тәтімовтың "Көк көрпенің бүлкілі" деген жап-жақсы әңгімесіне көкжөтел тиіп, тұншығып қалатын болып жүр.

Жаңа оқу жылы қарсаңында бірінші сыныпқа баратын балаларымызды балапанның басынан ұрып санағандай түгелдеп кеп бердік. Бүкіл ауылдан айтсам енді өкпелейсіз-ау, бар-жоғы 25 бала шықты. Бұрын біздің тұсымызда бірінші сыныпқа 120-130 бүлдіршін баратын еді. Төрт сыныпқа бөлініп оқитынбыз.

Міне, көріп отырсыз, қазақ келіндері бала табуға келгенде осылай кісенделіп, көсіле алмай отыр. Бәлкім, балалы аналарға мемлекеттік көмекті жарытымды

көрсете алмай отырған Үкімет әлде мемлекет те кінәлі шығар-ау.

Нұртайдың нарттай болып қызарақтайтыны да содан. "Қазақтың санын көбейту керек" дейді тағы да. "Қайтіп көбейтеміз?" деп құс жастықта шалқалай жатып ол қиялын шалғайларға шалқытты.

Айтып, айтпай не керек, соңғы жылдары Нұртайдың қолы жүріп тұр. "Көштен қалмайын" деп бір фирма аша салып еді, түфә-түфә, табыс тасқындап кеп берсін. Бұрын "Москвич" мініп жүрген Нұртайдың қолы "Мерседеске" жетті. Кеше "кеңсе" деп кішкене бір үйшік иеленіп еді, бүгінде "офис" деп иелік ететін екі қабатты зәулім мекемесі бар.

Енді не жетпейді? Қайырымдылық шараларына да қарайласып тұратын Нұртай қазақтың санын көбейтуге не үлес қосуы қажет екен ғой.

Осы оймен ол қарамағындағы қиғаш қастың біріне көз салды, артынша сөз салды.

– Ой-ниетіңіз түзу. Мен сізден туған баламды күл арасына тығып бағамын ба, қайтемін? – деді қиғаш қасы.

– О, не дегенің, екі бөлмелі пәтер әперсем жетеді ме? – деп сұрады Нұртай.

—Үш бөлмелісі, – деп қосты қимасы, – бір бөлмесі қонақтарыма, екіншісінде екеуміз жатамыз, үшіншісі – балалардыкі болады.

– Ақылыңнан айналдым, асылым, – деп Нұртай еміренді.

Қиғаш қас үш бөлмелі пәтерлі болды. Артынша "тоқалдарға "Тико" деген машина тиімді екен", – деп тақымына бір "жорға" басты.

Осылай жүргенде фирмаға және бір күлімкөз келе

қалды. Бұл қиғаш қасынан да қылықты қыз болып шықты.

"Ана Тоғайбек, Болысбай, Тәуірбектер бір емес үй тоқалдан алып жатыр ғой. Олардан менің нем кем? — деген ой келді Нұртайға. Оған ой келмесін, келсе орындамай қоймайды.

Бірде ол Маралды жұмыстан соң алып қалды. Мейрамханаға барып екеуі аздап виски жұтты. Қыздың жүрегі атқақтады. "Мынандай мырзаның гүлі болғанға не жетсін" деп қиялдады. "Күңі" деген сөз аузына түсіп кете жаздап, өз-өзінен тіксінді. Мұны Нұртай өзінше жорыды. 60-ты алқымдаған Нұртай мен жиырмаға әл жете қоймаған Марал шыр көбелек айналып, билеп келген соң бір-біріне қарап ұзақ үнсіз отырды. Осы кезде Нұртай Маралдың жұмсақ алақанын жүрегіне жақындатып, жан сырын ақтарып салды. Қызға уәдені үйіп-төкті. Өңі түгел түсіне де кірмеген байлыққа басып айналған бикеш шиедей ернін шатақ шалдың мыж-тыж сасық аузына тоса берді. Шалды шайтан шалықтап кеткендей шалқалай құлады. Марал мас болып қалып жылады.

Арада апта өтпей Маралдың қаланың шетіндегі екі қабатты үйін екеуі оңаша жуып отырды.

Мақтаулы Марал шалдың жүрегін жаралы етті. Қылымсыған тоқал жақсы жалақысыз жанына жолатпайды. Сыйлықтарды да мольнан талап етеді. Бұл тоқалдың тандауы "Джипке" түсті. Толықсыған тоқалдың бармайтын, жүрмейтін жері жоқ. Машинасы бензинді қалтырауынша қопарады. "Джипіне" жанармай жоқ болса, машина өшіп, тоқал оталады. Шәңкілдеген дауыс "офисті" опырып барып, отбасына тірелуі бек мүмкін. Мұндайда Нұртай қалтасының



қатпар-қатпарын ақтарып, тапқан-таянғанын тоқалының алдына тастайды.

"Шешінген судан тайынбас". Әбден дәнiккен Нұртайдың үшіншiге ойы кеттi. Қармаққа оймақтай Оралбике iлiктi. Шалдың Оралбикемен ойнап-күлiп жүргенiн екi тоқалы естiп қойып, салды дейсiң бүлiктi. Үш тоқалдың арасында арашашы да, елшiсi де, "жемшiсi" де өзi болып жүргенде жүйкеледi де қалды. Бұл кезде Оралбике де опырып алып, шалға "шоу" деп қолын бiр сiлтеп едi. Сонда да тынатын Нұртай ма?

– Атасына нәлет, қазақтың санын көбейттiм. Үш тоқалымда үш ұлым кеттi. Есейген соң туыстарын өздерi-ақ табады, – деп бөсiп отыр.

Бәйбiше баяғыда-ақ қарасын батырған. Балалар үйлi-баранды. Тоқалдар шалды танымайды. Олардан туған жәутеңкөздер:

– Бiздiң әкемiз кiм? – деп сұрайды шешелерiнен.

Шалдың бүкiл дүние-мүлкiн бөлiсiп алған олардың қазiр "Нұртай" дегенге тiлi келмейдi.

Осылай төрт шаңырақтың төбесi ойылып тұр. Үш тоқал да "ендi күйеу дегендi төбемнiң шұңқыры көрсiн" дейтiн көрiнедi. Керектерiне қолы жеттi, байды қайтедi ендi.

"Қазақтың қатындары қояндай шұбыртып неге көжектемейдi?" деп кiжiнетiн Нұртай баласын "келiнге бiр немереден артық таптырта алмадың?" деп боқтап қояды.

Қайтсiн-ай, қазақтың саны өспей қалғанына қатты күйзеледi де...

## АҚҚОЛТЫҚ

Университеттегі төрт жұп сабағынан Сәндігүл үздігіп шаршап шықты. Қарыны да ашып, өзет талып барады. "Оқымасаң қатарыңнан кем қаласың өмірден өз орныңды таба алмай өтесің. Ерте тұрмысқа шыққанда да жегенің таяқ болады. Біз барды оқып ал", – деп ақылы оқуға түсірген ауылдағы ата-анасына ренжіді. Бірақ, оларға артар өкпе де жоқ. Әкесі ауылдағы толымсыздау мектептің болымсыздау мұғалімі. Алған айлығын анаған деп, мынаған деп мектеп жинап қалады. Әкесі байғұс айлықтан айлыққа қарызданып, қауғаланып жүргені.

Үлкен жолдың бойында, тоя тамақ жеу ойында сөмкесін сүйретіп, өзін жоқшылыққа үйретіп, селесон кетіп бара жатыр еді, қасына сүйріктей сұлу бір шетелдік автомашина келіп тоқтады.

– Қайда бара жатырсыз, қарындас? Жеткізіп тастайын, – деді қырықтың үстіндегі қырма сақал ағасы.

– Рахмет! Өзім-ақ жетемін.

– Рахметіңді жеткізіп салған соң айтарсың. Отырма машинаға.

Қырма сақалдың сөзі сұстылау шықты ма, әлде өзіне еріксіз тартып кететін құдіреті бар ма, Сәндігүл жыланға арналған торғайша тырп ете алмай қалды. Әлден соң өзінің әдемі автокөлікте келе жатқанын аңғарды. Қырма сақал өн бойын тіміскілеп өліп өшіп барады. Көзімен тіміскелемеген жері қалмады. Сәндігүл ұялып, етегін төмен түсіргенсіді.

– Менің атым Құртай. Жекеменшік фирманың директорымын. Екі қабатты коттедж, екі шетелдік машина бар. Офисіміз де екі қабатты. Өз күшімізбе

салып алғанбыз. Сонымен бірге көп қабатты үйлердің бірінде төрт бөлмелі пәтерім де бар. Іші жиіазға малынып тұр. Қаласаң сонда тұра бер,— деп жомартсынды Құртай.

— Керегі жоқ, аға. Мен ауылдас қыздармен бірге пәтер жалдап тұрамын.

— Оған теңге төлеп жүргенше менің пәтерімде тұрмайсың ба? Жалғызсыраймын десең қасыңа жолдас қыздарыңның бірін ал.

— Ойланып көрейін, аға!

— Ойланатын ешнәрсесі жоқ, тіптен қазір барып көремін десең де еркің өзінде.

Құртай машинасын оқыс басқа жаққа бұрды.

Расында, пәтер жиіазға толы екен. Еврожөндеуден өткен. Жұтынып тұр.

Құртай тоңазытқыштан шампан алып, екі бокалға құя бастады.

— Мұныңыз не, ағай? Мен ішпеуші едім!

— Енді таныстыққа бір жұтым ешнәрсе етпейді.

Сәндігүл бұрын-соңды бөтен пәтерде болып көрмеген еді. Оған қоса шарап дегенді аузына алмапты.

Оған бәрі қызық көрінді. Бірақ қыз абыройын да ойлап қойды.

Олар пәтерде көп бөгелген жоқ. Құртай оны жалға алған пәтеріне дейін шығарып салды.

— Сәндігүл, сені сабақтан соң шығарып салып тұрайын. Қарсы болмасаң, - деді Құртай қоштасарда.

— О, не дегеніңіз, аға! Қажеті жоқ. Рахмет!

Құртай Сәндігүлдің сүйріктей саусағынан аялай сүйді де, тез бұрылып, машинасына отырды.

Келесі күні Сәндігүл жол шетінде өзін күтіп тұрған Құртайды көрді.

Содан кейін де ол Сәндігүлді бірнеше рет шетелдік

машинасымен талай серуендетті. Қымбат сыйлықта ұсынды. Сәндігүл пәтерақы, киім, тамақта тарықпайтын болды.

Иә, әуелгіде жабырқаулы көңіліне мұның бәрі қызы көрінген. Бірте-бірте Құртайға қалай бауыр басық қалғанын өзі де білген жоқ. Қиындық қашықтағанда сайын қызықты күндер көбейді. Құртай қолы ашық жігіт болып шықты. Тіпті, Сәндігүлдің екі жылдық оқу ақысын алдын ала төлеп те қойды. Оны былай қойғанда сессия арасында оқытушыларға өзі жолығып Сәндігүлдің емтихан, сынақтарына көмектесіп жүрді.

Бірде ол 4 бөлмелі пәтерде талықсып жатып Құртайдың құрған торына қалай түскенін өзі де сезбей қалды.

— Жаным, мен сені мәңгі-бақи алақаныма салып өтемін. Енді менің тоқалым боласың,— деді Құртай.

Әуелгіде шараптың шалқуымен бәріне басып шұлғи берген. Есін жиғанда өзінің қыз ғұмырымен қоштасып, біреудің бұйдасына басы байланғанын бірікпек ақ біліп, өкініштен өзегі өртенердей күй кешкен. Ол бір түн жылап шықты. Көп кешікпей өкініш те ұмтылып бастады. Құртайдың аялы алақаны, қамқорлығы бәріне ұмыттырғандай еді.

Төртінші курста оқып жүргенде Құртайды түлеп түртті. Төрт бөлмелі пәтерге жап-жас қызды ертіп келгенде-ақ Сәндігүлдің жүрегі зу ете қалған. Соң күні-ақ ол өзінің бұрынғы жалға алған пәтеріне көшті.

— Осы уақытқа дейін жасаған қамқорлығым үшін рахмет айт! Мен басқа қызды сүйіп қалдым. Хош! — деді қырма сақал қамқоршысы.

Оның осы әдемі сақалымен ойнап, қытығы келген қылықты кездері есіне түсіп, Сәндігүл жылап жіберді. Дегенмен, ол дәрменсіз еді. Кімге барып шағынады.

Ата-анасы бұл қылығын естісе, Сәндігүлге не демек? "Жақсы оқып, грантқа ауысып алдым" деп әке-шешесін алдаған еді. Енді 4-5 курстың ақысын кім төлейді? Осыларды ойлап-ойлап Сәндігүл асылып өле қалғысы келді. Алайда, өмір қымбат, жан тәтті екен. Құр сұлдері қалған ол ұнжырғасы түсіп, сабағына келді.

Төрт бөлмелі пәтерде түнеп, шетелдік машинада сайрандап жүріп Сәндігүл ешнәрсені сезбеген екен. Енді барып байқаса айналасындағы ажары бар, алайда қаржысы аз біраз қыз тоқалдыққа баяғыда-ақ айналып үлгеріпті. Былай қарасаң ешнәрсе аңғармайсың. Аңғартпайды да.

Баяғыда бір қыз "өзеннен су әкелемін",— деп үнемі өзі сұранып кетеді екен де, көп кідірістеп қалады екен. Сөйтсе ұрын келген күйеу бала байқамай оң жақта тұрған қалыңдықты екіқабат етіп қойыпты. Бұл жайт шешесі арқылы әкесіне жетпейді ме? Сөйтсе әкесі:

— Қызым, алдың тұйық, артың жар екен,  
Өзен жаққа бара беруші едің осындай бір сұмдығың бар екен,— дейтін көрінеді.

Ол кезде мұндай мәселе тез шешіледі. Құда жаққа шабар айтылып, қыз ертерек ұзатылған деседі.

Сол айтпақшы, жылтырап киініп, жырақтау жүретін қыздардың осындай "ұрлықтары" бар болып отырғандығы.

Әрине, барлық қамқорлықтан жұрдай болып, оның орнына "өмірбақи алақаныма салып өтемін" деген "кішігірі" табан астында айнып, шырынын сорып алып, қызығын лақтырып тастаған шабдалыдай етті. Ол күндердің ойлаудың өзі ауыр азап. Бал күндер мен ерлердің түндер, теңгеден тарықтырмайтын жомарт сәттер еді. Осылай өң мен түстің ортасында жүргенде бір



күні алдынан сайтандай сап етіп Құртай шыға келді.  
"Райынан қайтқан екен, қайта қауыпшатын болды  
қой" деп Сәндігүл жылап жіберіп, "жігітінің" мойнын  
асыла кетті.

Құртай Мұзды мұхиттың мәңгі ерімейтін мұз  
секілді тым суық, ызғарлы. Оның көз жасын кө  
еткеніне жібімеді де. Машинасына отырғызы  
шеткерек бір кафеге апарды. Бұрынғысынша там  
әперді, аздап шарап ішті.

— Бұл саған деген махаббатымның қайта маздау  
емес. Қиналып жүргенінді білемін. Содан со  
жаным ашып, әдейі іздеп келдім. Саған бір ұсын  
айтпақшымын. Көнсең қор болмайсың, — деді сазар  
сұсты Құртай.

Енді Сәндігүлге бәрібір еді.

— Шартың не? — деді Сәндігүл.

— Бір ағайға аққолтық боласың. Өте бай кі  
Ақкөңіл, жақсы адам. Ол сені мен секілді орта жо  
тастап кетпейді.

— "Аққолтық" деген не пәле тағы?

— Ағаның төртінші тоқалы боласың. Сен біле  
боларсың, бірінші әйел — бәйбіше, екінші әйел — то  
емес пе? Ал үшіншісі не деп аталады?

— Білмедім.

— Білмесең, үшіншісін — "нақсүйер" дейді. Өт  
кешігіп қалдың, ол кісінің нақсүйері болар едің, осы  
2-3 жыл нақсүйерін тапқан. Ал енді неге "аққолты  
атанатыныңды сұрамайсың ба?

— Сұрадым делік.

— Сұрасам, кісінің қауқары кетіп, қартайған  
ғында алған әйелін "аққолтық" дейді. Сүйіктісі  
бойындағы қызығын, қойнындағы қызуын көре ал  
шамасы келмеген шатақ шал сүйіктісін қолтығы

қысып қана жатады. Содан барып төртінші тоқал — аққолтық атанады.

— Мен ондай қолтығы сасық, алжыған шалға бармаймын.

— Ойлан. Алдында әлі 4-5 курстарың бар. Одан әрі екі мемлекеттік және диплом қорғау жұмысың және күтеді. Одан қалса ертең диплом алғаныңда сені қызметке кім қояды? Ана ауылдағы бір айлығы екінші айлығына құралмаған мүсәпір мұғалім әкең бе? Басыңа қонған бақтан айырылма. Мен сені оған жақсылып айтып қойдым. Таныс дәрігерім бар, әп-сәтте-ақ сені қыз қылып шығарады. Ха-ха-ха!.. Айттым ғой, өте мейірімді, жүрегі кең адам. Сені көрсе талып түседі. "А" деп бір қиналған бол. Шалың мәз болып қалсын. Сосын сенің үстіңнен алтын жаудырмаса маған кел, — деп бастырмалатты Құртай.

Алды тұйық, арты жар Сәндігүлдің алдынан үміт сәулесі көрінгендей болды. Не ішемін, не киемін демейтін молшылық мезеттер. Ыстық табысулар. Шалқыған шаттыққа толы мейрамханалар. Әйел қанына соншалықты тиетін көл-көсір мақтаулар. Тағы басқалары көз алдына елестегенде Құртай оған бақытын ұрлаушы емес, бақ құсын сыйлаушы болып көрінді. Сол күні олар қалтарыстағы қонақ үйде тағы бір табысып, ертесіне дәрігер алдында отырды.

Жасы жетпіске жуықтаған мыж-тыж ақбас шал Сәндігүлге "аққолтығым менің" деп сүлікше қармасты...

## ҚИЯМПУРЫС КЕСЕЛ

Кісілік деген бір кесепат кесел бар. Онымен сырқаттанған адамды емдеудің тәсілін дүниежүзінің мен деген данышпан дәрігерлерінің барлығы жабылып әлі таба алмай жатыр деседі. Бұл өзі құтыру сияқты қиямпұрыс ауру ма деп топшылаймыз. Құтырған адамның екі көзі сүзеген сиырдай қанталап айналасындағыларға арғы ата-бабасынан қалған кесел бардай өшіге қарап, ентігі басылмай, қабағы ашылмай көрінгенге тап-тап беріп, түйіліп отырмаушы ма еді? Кісілік атты кесел жұқтырып алған пенденің де басында тап осындай белгілер болады екен. Дәрігерлердің психологтардың жиі шатасып қала беретіні — ауру түрлерінде ешқандай айырмашылық жоқтықтан десек оқымыстылар. Солай болса солай шығар.

Көпірбай көкемнің кісілігі әншейінде атан түйе жүк еді. “Қашайын деп тұрған киікке “тәйт” деген сөз не сорым” демекші, бөлім бастығы болып жүргенде ақ шіренгенде үзеңгі үзетін ол орынбасар орындығына қонжығанда тіптен қарамағындағыларды қырып жіберіп жаздады. Қызметкерлері оның алдына кіруге қорқады. “Басекеңнің жүйке жүйелері жүдемей отыр ма екен” деп бір-біріне жәутендейді. Көпекеңе кірген із бар десе шыққан із жоқ. Арыстанның өзі!

Бұл жарықтықтың аса көңіл бөлетіні — көлем мәселесі екен. Ойпырмай десеңізші! Анасының құрсағынан көлік мініп бұл дүниеге ызғытып келген адам тәрізді қарға адым жерге қызмет бабына берген машинасынсыз аттап баспайды-ау, баспайды. Тіпте патшалардың өзі жаяу баратын жерге көлігіміз жетуге бар. Бірақ абыройға орай мұндай жай мекеме ғимаратының ішінде болып шықты.

Мына қырсықты айтсаңшы. Көпірбай көкемнің үйі әзі қызмет істейтін мекеме ғимаратының дәл іргесінде еді. Екі аралықтағы 2-3 үйді айналып өтсе болды, орынбасардың қақпасына тіреледі. Сонда да Көпекен түскі асына көлігімен барып келеді. Таңертең шопыры қақпа алдында қақшиып жарты сағат бойы күтіп отыруы тиіс.

Бірде шопыры Шәріпбек сағат екіге он бес минут калғанда қақпа алдынан табыла қоймады. Көпірбай кі қолын артына қойып әрі жүрді, бері жүрді. Сәліктің төбесі көрінбейді. Ызаға булыққан Көпірбай жүргізушісін жеріне жеткізе әбден сыбады.

Үйлердің арасынан өтіп, мекемесіне жаяу тартса, асфалинің табаны түсіп қалмайды, әрине. “Көпекен кеңсесіне қарай жаяу салпақтап өтіп барады” деген не қымды. Ол орынбасар басымен мұндай жөнсіздікке қол бере қоймайды. Жаяу жүрсе қызметтік беделіне әдімгідей көлеңке түседі. Оның машина кабинасынан шығып-жырғалып түсіп жатқанын былайғы жұрт білгісіздеріп тұруы тиіс. Екіншіден, үйінен кеңсесіне шыға аяулатып, бір-екі мәрте келе қалса шопыры білген әбден еті үйреніп қалмай ма? Сонда Көпекен орынбасарлыққа жаяу жүру үшін көтерілді ме? Жоқ, қол болмайды!

Осыны ойлап Көпірбайдың қан қысымы көтерілді. Қай-қайдағы сайтандары қозып, иығында сықылықтап шырыпалды. Жүзі түтікті. Түкірігі шашырап, әлдекімге қолын шошандатты. Жүрегі қысылып, көйлегінің түймелерін ағытып тастады. Қолындағы сағатқа қайта-қайта қарағыштады. Сағаттың тілі безектеп мұның айтшыт, бейбастақ, бейәдеп ойларындай секектеп шығым таппайды. Бұл оның жынын одан әрі қоздыра алатын еді. Осылай қолына түскен жанды түтіп жеуге дайын

болып тұрғанда, көлігінің дауысы құлағына жетті дегенше, қасына келіп те тоқтады.

— Әй, оңбаған! Сағат 3-ке жақындады. Қайда жүрсің? — деп шаптықты Шәріпбекке.

— Кешіріңіз, бәсеке! Үйге қонақтар келіп қалып.

— Сонда сен бастығыңды күттіріп қойып, үйіңді әлдекімдермен, келімсектермен ахахалап отырдың.

— Олар келімсектер емес. Ауылдан келген көкелер. Қолдарына су құйып дегендей, аздап кешігіп қалды. Сіздің үй кеңсеге тиіп тұр ғой. Жаяу-ақ баратын шығар деп ойладым.

— Кім? Мен бе жаяу баратын? Көргенсіздің көзің тұрғанын қара. Мені мына ыстықта немістің жаман тұтқынындай жаяу салпақтатпақ. Қарай гөр! Таптыр екен ақымақты! Жексұрын! Әй, сен бүгіннен бастап боссың! Әкел, машинаның кілтін! Енді көкелер күтесің бе, көршінді күтесің бе өзің біл. Ноқта-бау сыпырылды. Басың бос. Бетің ауған жаққа жүре бер деп Шәріпбекті кабинадан жұлып алды.

— Міндет қылғаныңыз машина болса, міне қара. Мені бүйтіп басынбаңыз. Бос күрекке боқ табыла. Машина айдамасам кетпен ұстармын. Өйтіп сізден кісіден ауыр сөз естігенше, қос қолымды төбемге қойып қаңғып кеткенім дұрыс, — деп Шәріпбек кілтін лақтырып жіберді де, жөніне жүре берді.

Осы кезде мекемеден бір қызметкер алқынып жетті.

— Көпеке! Бәсекең сізге тез жетсін деп жатыр. Сізге сұрақ бар ма? — деп сұрады. — Жоқ, бар ма? — деп сұрады. — Сұрақ жоқ, сұрақ жоқ... сұрақ жоқ... сұрақ жоқ...

— Әй, Шәріпбек шайтан! Қайт артқа! Машинаны жүргіз! — деп Көпекең кеңірдегін қақпай айқай салып еді, бұл кезде шопыры үй-үйлер арасымен қарасын батырып үлгерген екен.

— Қап, мына итті-ай, ә! Осыдан көзіне көк шығар деп ойладым.



Әйелетпесем Көпірбай атым құрысын. Өзің  
йтқандай, екі қолыңды төбеңе қойдыртып сандалтып  
ібермесем, мұрынымды кесіп берейін. Осыдан ба,  
сыдан. Ш-ш-ш... – деп шашалып қалған Көпірбай  
шина руліне өзі отырды.

– Әй, не үшін шақыртыпты? – деп сұрады сосын  
ақырта келген шабарманнан.

– Білмеймін. Облыстан комиссия келген бе, сондай  
яқты бірдеңе.

—Ой, кеңе! Бірдеңе деп былдырайды ғой. Саған да  
ән біледі деп сауал қойып жатырмын-ау. Былжыраған  
ме! – деп Көпірбай көлікті дүр еткізді.

Енді ол шопыр болмаса да машина рулін аздап  
сқара алатын өнері бар-ды. Жылдамдықты бірден  
іге тығып, автокөлікті арс еткізіп, орнынан оқыс  
зғалтқан ол соңына будақ-будақ шаң тастап,  
йындатып бара жатты.

Ол бір-екі үйден соң кілт бұрылып, үлкен көшеге  
суі тиіс еді. Сол жерден бұрыла бергенде алдынан...  
ектептен қайтып келе жатқан ұлы шыға келгені.  
пірбай машина рулін барынша жылдам бұрып  
герді. Есін жиғанда қираған қораның ішінде  
шинасының руліне жабысып отыр екен. Ұлы қора  
ртында жылап тұр.

Шәріпбек сол кеткеннен мол кетіп қарасын  
ырған. “Құтырғанымға қой атадым” деп жүрген  
інеді бүгінде.

Ал, қора иесі Қойлыбай полицияға арыз жазған  
н, Көпекең шақыртуды хош алмай жүрген көрінеді.  
ісінше ол қолайсыз жерге қора салған Қойлыбайды  
қа бермек дейді білетіндер.

Бәрінен де бұрын Көпірбай көкеге шопыр шақ  
мей тұрғаны шатақ болып тұр.

– Е-е, оған Шәріпбектен басқа кім шыдайтын еді? – десетін көрінеді қызметтестері.

– Қиямпұрыс аурудан айықпаса, шопыр түгілі отырған орнына зар болады,– десіпті бастығы.

Қазір жұртқа ұнап тұрғаны бастықтың осы сөзі ғана.

## САРЫАУЫЗДАР СҰХБАТЫ

Біздің кезімізде қазіргідей алқын-жұлқын сүйісті, тар төсектегі “төбелесті” көрсететін кино болмайтын. Бірақ Мінәйім жеңгем айтпақшы, жатырынан қағынып туған мен, бесінші сыныпта оқып жүрген Гүлдарифа деген парталасыма өлердей ғашық болып, жүрегімнің жұлым-жұлымы шықты. Қайтсем соның бетін бері қаратамын деп ойлаймын да отырамын. “Ғашықтың тілі – тілсіз тіл” екеніне сол кезде-ақ көзім жетті. Сөйлеуге, артық қимылдауға қорқамын. Бұл ғашықтық дерті не істетпейді. Күнде көйлегімді, галстугімді жуып, таңертең үтіктеп аламын. Туфлиімді майлаймын. Сабакқа қырсыз неме едім, Гүлдарифа қарамай қоя ма деп, оқу үлгерімім екпінділер деңгейіне дейін жетті.

Бір күні шабытым қозып кетіп, отыра қалып Гүлдарифаға арнап өлең жаздым. Сондағы шатпағым мынау:

Гүлдарифа, күнімсің сен,  
Қалықтаған аспанда.  
Жарсыз жүру уайым екен,  
Мына біздей жастарға.

Бұлай енді ұйқасы ұйысып тұрған тәрізді. Меніңше, өлеңде мін жоқ. Сосын көршім Құртайға хатты беріп,

үшбу сәлемімді арқалатып жібердім. Құртай құрдасым хатты құрдай жорғалап отырып, Гүлдариганың қолына адаспай жеткізуі тиіс еді. Өйткені, конверттің сыртына “аттай шап, адаспай тап” деп, сілтеме жасағанмын. Менің сынып бойынша бірінші болып ғашық болғанымды қызғанды ма, әлде Гүлдаригаға өзі де ынтық болып ішінде мұз жанды ма, құрып кеткір Құртайым хатты қыздың емес, тура биология пәнінен сабақ беретін әрі сынып жетекшіміз Жібек апайдың қолына тікелей апарып тапсырмай ма.

Апай линейкамен басыма салып қалды.

– Оңбаған Озбырханов! Қаршадай болып саған ғашықтық-машықтық неге керек-ей! Оданда сабағыңды оңдырмайсың ба? Тырнақтай болып махаббат сенің не теңің-ей! – деп күйдірді ғой.

Ол кезде қызға хат жазу, қырындау, ғашықтық дегенің кісі өлтіргеннен де ауыр қылмыс. Көзімнің сорасы ағып жылап тұрмын. Мұрын дегенің пысы етеді. Қазіргіні қайдам, ол кезде біздің жігіттік болмысымызға осы мұрынның кесірі тиеді де жүреді. “Мынау жігіт болып қалды-ау, қыз алдында ұят болмасын” демейді. Танаудың астында бірдене жылт-жылт етеді де тұрады. Оны үйірден жырыла қашқан асауды қайырғандай “ініне” қорс еткізіп тартып әкеліп тығасың. Сәлден соң саған ерік бермей, тағы да ұбап-шұбап созбалақтанып түсе бастайды. Кейде үрген шар сияқты дөңгеленіп те қалатынын қайтерсің. Осы “асауды” ауыздықтаймыз деп жеңіміздің ұшы күс-күс болып жүргені.

– Жексұрын Озбырханов, қызға хат жазғанды білесің. Неге мына жеңінді жуып жүрмейсің! – деп Жібек апай құлағымнан тартқанда жаным көзімнің ұшына көрінді.

– Апай! Бұл Өмірханның махаббат жайлы бір дәптер өлеңі бар,– деп Құртай орнынан ұшып тұрды.

– Қане?

– Міне!

Өзімше “өлең” деп шимайлап жүрген көк дәптерім бар еді. Қағынған Құртай соны сөмкемен ұрлап алған екен. Тақта жаққа қарай құстай ұшып барады. Бұдан әрі менің ахуалымды айтқызбай-ақ қойыңыз. Ондай сұмдықты досыңыз түгіл, дұшпаныңыздың басына бермесін.

Жүрегімді ғашықтық отымен өртеген алғашқы махаббатымның арқасында осылай оңбай таяқ жегенмін. Осыдан соң қызды ауылға жоламаймын-ақ дегенмін. Қайдан? Осы жеңгелеріңе үйленгенше талай қыздың басын ғашықтық хатпен қатырдық. Енді бүгінде Мінәйімшалап мазамды ала бастаса “жазу-сызуға сол кезден жаттығып жүргенмін” деп жалтарып құтыламыз.

Қош, сонымен нені айтқым келіп еді? Айтпақшы, алғашқы махаббат жайлы екен-ау. Онда да өз басымнан өткергендерім емес, жаңа ғасырдың ғашықтық хикаяттары хақында.

Кеше біздің үйге бір ағайынымыздың жоғары сыныпта оқитын екі баласы келді. Күн жексенбі. Туысқа келіп сәлем беріп кету тәрбиенің түзулігінен. “Көргенді балалар екен-ау” деп қуанып қалдық. Түс әлеті еді. Аспан айналып жерге түскендей қапырық. Біраз жатып демалғым келді. Түкпірдегі бөлмеге келіп төсекке қисайдым. Көзім ілініп барады екен. Екі-үш баланың самбырлап сөйлеген дауыстарынан оянып кеттім. Сірә, мені ұйықтап қалды деп ойлаған болулары керек.

– Сәбит, кеше мен Назирамен саунаға бардым.

Екеуміз алғашқында сыра ішіп отыр едік. Мен онша қыза қоймадым. Назира да “коньяк алдыршы” деді.

— Сосын не болды?

— Не болушы еді, екі сағат махаббатпен шұғылдан-дық.

— Сен немене, екіқабат болып қалады деп қорықпай-мысың?

— Ой, Назира опытная, ол көтеріп қалмаудың неше түрлі әдісін біледі.

— Назира былай қалай өзі?

— Не қалайы бар. Маған дейін де ол екі-үш жігітпен қыдырған.

— Демек, саған дейін...

— Иә, солай. Шынын айтқанда, махаббат ойынына мені алғаш үйреткен сол. Бірінші кездескенімізде “әлі сарыауыз балапан екенсің” деп күлген.

— Енді ше?

— Енді олай күле алмайды. Өйткені мен “видиктен” үйренгендерімді оған түгел қолданып жүрмін.

— Қарсыласпай ма?

— Қайта “осылай ұнайды” дейді.

— Сен естідің бе? Сегізінші сыныптағы әлгі кім бар еді ғой, ана үнемі тәкаппарсынып жүретін қыз. Аты... Иә, иә, Гүлмайдан. Соны біздің Қанат сындырыпты ғой.

— Құлақтан теппеші. Ол ондай қыз емес.

— Сенбесең Қанаттан сұра. Мен де алғашында сенбегенмін. Кейіннен екеуі спортзалда сүйісіп тұрғандарын өз көзіммен көрдім. Сен немене, тоқтап қалдың ғой.

— Ойпырмай, Гүлмайданды солай деп ойласамшы.

— Тоғызыншыдағы Тұрсынкүл екіқабат болып қалған дей ме?



– Иә, алдырыпты ғой.

– Жақында Серіктің туған күні. Пәтер жалдап туған күнін атап өтпекші. Ол осы күні Жазирамен міндетті түрде түнеймін депті.

Бұдан әрі олар диванның сықырлағанынан күдіктенді ме, басқа бөлмеге ауысты. Күбір-күбір дауыстары талып естіледі. “Шешеннің...”, “ой, жынды” дегендерін ғана құлағым қағып қалады. Ара-арасында жазуға болмайтын боқтық сөздер автоматтың ұңғысынан шығып жатқандай түйдек-түйдегімен борайды.

Бұл бәлекеттердің боқтықтарын естімейін деп құлағымды жастықпен бүркеп алдым. Сөйтіп жатып қалғып кетіппін.

Түсімде Гүлдаригаға жазған хатымды бере алмай таусылып жүрмін. “Ұятсыз” дейді ол қып-қызыл болып. Сол кезде диваннан ауып еденге құлап түстім. Оянсам түсім екен.

Баяғыда өтіп кеткен балдәурен балалық шағым, әжелердің аппақ жаулығындай кіршіксіз күндерім, періштедей пәк көңілім, адал сезімім, ұяңдығым, ұялшақтығым... Бәрінен де бұрын махаббатты “қыздарға хат жазу” деп қана түсінетін аңғалдығым есіме түскенде, Сұлтанның бақырауық түйесіндей боздап жылағым келді...

## ІНДЕТ

Қазақта алатайдай сан тарауға бөліп келе жатқан алапес бір ауру бар. Ол – рушылдық дерті. Ғалымдарымыздың дәлелдеуінше, бұл қотыр сияқты өте жұқпалы. Сүйкеніп кетсе болды келесі кісі үсті-басын қасынып шыға келеді. Бір жаманы осы дертті денесіне дарытып алғандар оңайлықпен жазылмайды. Қайта ауруы асқына түсіп, күн өткен сайын құтырына түседі.

Сонда бұл сырқаттың белгілері қалай білінеді? Қалай көрінеді? Бұған енді арнайы маман шақыртып әуре болмай-ақ, сандалған лабораториялық зерттеулерден өткізбей-ақ кез-келген адамның көзі жете беретін секілді. Иә, кәдімгі қотыр бар емес пе, үсті-басын тыртыр қасыған, терілері бөртип қызарып кеткен адамды дәрігерді дүрліктірмей-ақ қотыр екенін дәлелдеп беруге болады ғой. Міне, дәл осы қотыр – рушылдық дертімен бір жатырда өсіп-өнген ағайынды кісілер. Бұл ішкі белгілері дейік. Ал, сыртқы белгілері былайша “бақылдайды”.

– Біздің Қитық руының түп-тамыры тереңде. Барлық қазақ осы Қитықтан тараған. Бізден мынадай-мынадай бахадүр батырлар шыққан! Республикамыздың пәлен-түген деген жерлері түгелімен Қитықтың ата мекені! Біз пәлен миллионға жеттік!

Бұлардың енді осы “біз-біз” деп бақылдағандарына қарап, шынында іштеріне жуалдыз немесе біз тығып алғың-ақ келеді. Бірақ оған рұқсатты ешкім бермейді. Егерәки, бар ғой, іштеріне біз сұққыласаң, адамдардың жүрегін айнытып, жүрегін лоқсытып құстырар сұмдық сасық иіс шығар еді. Сосын олар бөсе алмай тынар еді.

Шалғайдағы Шалшық ауданына іс-сапармен бара қалдым. Күтіп алған досым Мүтәлі:

— Біздің ауылдың шалдары шетінен шатақ. Ә дегеннен руынды сұрайды. Сен де сыбағасыз қалмассың. Сұраса былай деп айт, — деп жол-жөнекей жөн-жосықты алдын ала үйретіп қойды.

Ауылда ауызашар беріліп жатыр екен. Ақсақалдар сырттан келген мені бірден байқады.

— Уа, қай баласың? — деді ыңыранған біреуі.

— Ата, Қитық боламын, одан Қисықпын, — дедім тақ-тақ етіп.

— Е, мұндай баладан айналасың. Өзіміздің бала екенсің ғой, — деп ақсақал әңгімесін сабақтады.

Алла-ай десеңізші, ауыл ақсақалдары ауызашарға емес, тура бір ашуға басарға жиналған тәрізді. Сабалақ руында он атасынан қалған кегі бардай шеттерінен іреп сойып отыр. Сабалақтың әр бас көтерерін жамандаған сайын ішпей-жемей тойып отыр. “Ойпырмай, түп-тұқиянымызбен тұздай құрта жаздаған жоңғарлар болса жөн басқа. Сабалақ түбі бір қазақ емес пе? Қандасына соншама қастасқаны несі?” деп аң-таң болып мен отырмын.

Келесі күні Мүтәлі:

— Бүгін көшенің бергі бетіндегі ауызашарға барамыз. Бұл көшеде кілең Қитық руының Қыңыр деген атасы қоныстанған. Бір күнге нең кетеді. Қыңыр болып отыра бер, — деді.

Сол күні мен Қыңыр болып ауызашарға бардым. Қыңырлар Сабалақты сабалап-сабалап бітті де, Қисыққа барып сүйкенді. Тындап отырсам, Қыңырлардың қыр аса алмай жүргеніне Қисықтар кінәлі көрінеді. Майлы жіліктің басында кілең бір Қисықтан тарағандар

отырады. Бір атадан тараған едік-ау демейді. Қыңырға күн көрсетуді қойған. Не істемек керек?

Мына тығылып талқыланған мәселені тыңдап отырсам ішімізге індетіп келген кешегі жоңғарлар мен немістер ендеп еніп кеткен тәрізді. Соны қалай да ортамыздан тырқыратып қуып шығуымыз керек. “Күлтөбенің басында күнде кеңес”. Тақырып біреу. “Жауды аяған жаралы”.

Сол сапарда Шалшықтан талай ойға малтып қайттым. Өзімше долбар жасап қауашағыма бірнәрселерді қарпып қайттым.

Осылай жүргенде облысымызға Қитық руының бір адамы әкім болып тағайындалды. Енді сұрамаңыз. Іріткі салушы ілімі мен індетімен ауырғандар қырылап қала жаздады. Сонау бір жоңғар шапқыншылығында ел азаттығы үшін опат болған әруақты әкелері пәлен ғасыр салып қайта тіріліп келгендей қуаныштан жүректері жарылып кете жаздады. Жасырын жиындар, бұқпантай басқосулар, кесірлі кеңестер көбейді.

—Бұл өлкеге Қитықтың балалары бас болып келмегелі неше заман. Сондықтан қолға түскен бақыттан босқа айырылып қалмайық. Жаңа әкім Жағыпарға жан-жақты жәрдем берейік. Оның атқармақ, атқарған істерін толағай табыс ретінде халыққа жарнамалап отырайық. Көрсін біздің әулеттен екенімізді, — деп Садық ақсақал жан-жағына маңғаздана қарап қойды.

“Руымызды бірлікке шақырған еңбегімді ескерер ме екен” дегендей, еріндерін қайта-қайта жалап қойды.

Осы бұқпантай басқосудың жемісі орасан. Жағышар жөнінде жан-жақты жағымды жаңалық жариялап отыратын арнайы топ құрылып, жетекшісі тағайындалды. Бұл үшін басыбайлы бір басылым ашылды. Содан кейін кімдерді қайда бастық ету

жөнінде күрделі мәселе талқыланды. Сабалақ руының белсенділерін алты қыр асырып қуу керек деген қыңыр шешім талқылаусыз қабылданды. Арнайы қор ашылып, жүрегінде оты бар өзіміздің балаларды оқыту, оларды қызмет баспалдағымен өсіріп отыру мәселесін аталарының сабағымен ауызданған Алшынбай алға алып баратын болды.

Осындай аласапыран кезеңінде алыстағы Адырна ауданына тағы да бара қалмаймын ба. Жақсы-ақ қарсы алды. Түкпірдегі 50-60 түгін түтетіп отырған ауылға тартып кеттік. Осындағы орта мектептің директоры облыстық мәслихатқа депутат болып сайланған екен. Құттықтап қайтпақшымыз.

Үй иесі біздің алдымызда ғана кезекті құттықтаушыларды шығарып салған екен. Тәп-тәуір екпіндеп алыпты. “Қырық градусты судың” буы қойсын ба, қазан қайта көтерілді. Дастархан жаңаланды. Менімен келген екеуі арақта өші қалғандай жата-жастана ішуге көшті. Үйде баян бар екен. Ішеуі қосылып әнге басты. Әрине, көңілді отырысты кім жек көрсін. Жігіттердің басқосуды қыздырып, мені қонақ қой деп сыйлап отырғанына ризамын. Сөйтіп отырып, түнгі сағат 4-тен асты. Таңертең жол жүруіміз керек. Осыны ойлап жастыққа бас қойғаным сол, мызғып кетіппін. Бір оянып кетсем баянға қосылып әнмен үйді бастарына көтеріп жатқан үшеу қатындарша салғыласып, бажылдасып жатыр.

— Мына жатқаның қай атаның баласы? — деп сұрады үй иесі.

— Шамасы, Сабалақ руының Содыр деген атасынан болар.

— Әй, мен сендерге үйіме Сабалақтың адамын әкел деп қашан айттым. Бұл әулеттің үйіне бірде-



бір Сабалақтың баласы бас сұқпауы керек. Давай, қайқайындар. Бөстектеріңді көтеріңдер. Мына Сабалағыңды көрмейтін болайын, — дейді директор дүр-дүр етіп.

— Ойбай! Облыстан келген қонақ қой. Оянып кетсе ұятты,— дейді мені осында ертіп келген екеуі.

— Ешқандай ұят емес. Облысты біз басқарып тұрғанда мұның кім еді, тәйірі! Давай, қайдан әкелсеңдер, сол жерге қайта әкетіндер. Бұл үйде Сабалақ жатқанда маған тыныштық болмайды! — дейді Дәлденбай директор.

— Әй, мұны буындырып өлтіре салайық. Кім біліп жатыр? Арақ ішіп тұншығып өлді дей саламыз,— деп жол-жөнекей асты-үстіме түсіп келген Боташ бас жағыма келіп мойнымнан буындыра бастады.

— Не істегелі жатырсың? — деп орнымнан жалма-жан атып тұрдым.

Ішеуі состып тұрып қалды. Тегі менің “тіріліп” кеткенімнен түңілді-ау, шамасы.

— Жай, ойнап едік, — дейді Қожантай.

— Бүйтіп ойнағандарың бар болсын. Жиналыңдар, кәне. Аудан орталығына қайтамыз,— дедім түсімді суытып.

— Ойбай, бәсеке, бірер сағат мызғыш алайық. Жол ұзақ. Жол-жөнекей бірдеңеге ұрынып қалармыз, — деп сасқалақтады Боташ.

— Жол-жөнекей емес, бірнәрсеге қазір-ақ ұрынғалы тұрмыз ғой, — дедім мен.

— Ту-у, әзілді де көтере алмайсыз ба? Қане достық үшін жүз-жүз грамнан тартайық та, бір-екі сағат көз шырымын алайық,— деді Қожантай.

“Сайтан суды” кеңірдектен әрі асырған үшеуі отырған жерлерінде бір-бір жастыққа жата кетті.

Қайдан ұйқы болсын, біреуі болмаса біреуі орнынан атып тұрып, мені бас салып буындыратындай үрейленіп жатырмын. Ұйқы қашқан. Көзіме тіреу қойғандай.

Бір-екі сағат ұйықтайтындар түске дейін тырп етпеді. Үйге қонақ келгенін естіп Дәлденбайдың әкесі мен шешесі келді. Жөн сұрастық. Дәлденбайдың анасы менімен рулас болып шықты. Бауыр болып табыстық. “Інім екенсің” деп, маңдайымнан иіскеп, бауырына басты.

– Нағашыларын түнде буындырып өлтіріп қоя жаздады бұлар, – дедім мен әзіл-шыны аралас.

– Қу арақтың кесірі ғой. Жай әшейін, ұйқыда ма, ояу ма деп сынап көрмек едік, – деп кеңк-кеңк күлді Ботап.

Қоштасарда Айымкүл ана тағы да “бауырым” деп бетімнен сүйді. “Қайным екенсің, апанды сағындырмай келіп тұр” деп жездеміз кең құшағына алды. Менің көзіме жас іркілді. Түнде көрген азабыма ма, әлде бір қазақтың басын қоса алмай жүрген осындай тексіздерге ме екен. Бұл арасын кермек дәм тата тұрып аңғара алмадым.

Жол-жөнекей “Жигули” жеңіл автомашинасындағы үшеуіміз аузымыз бұртиып, ұрысып қалған баладай үн-түнсіз отырдық.

Аудан әкімшілігіне соқпастан бірден автостансаға тарттым. Облыс орталығына жеткенше бір індет ізімізден өкшелеп қуып келе жатқандай жүрегім тарсылдаумен болды...

Айтпақшы, әңгімеміздің басында рушылдықты қотырға теңеп едік. Қышытқанымен қотырың дұрыс күтінсеңіз тез жазылып кетеді екен ғой. Ал мынауыңыз баяғыда емі табылмай тұрғанда балаларды жуадай жусатып, қынадай қырған шешек сияқты індет емес пе? Жасырып не қыламыз, көп қазақтың бойында

қазір осы індет бар. “Ауруын жасырған өледі”. Жауыз жоңғарды жеңген қазекем, іштей іріткен індетті жеңе алар ма? — деп ойлаған сайын ұйқым шайдай ашылады.

## ҚАЙТАРМАЛЫ ҚАСІРЕТ

Ол тұста қазіргідей тізгін ұстағандардың әр екі-үш, әрі кетсе төрт-бес жылда ауыстырыла бермейтін шағы. Мәселенки-и, Байбатшаев деген азамат ауданымызды бақандай 27 жыл басқарды. “Енді бір үш жыл басқарып, отыз жылға толтырып кетейін” деп жүргенде ол таза мүшесі болып табылатын партияның өзі тұйыққа тіреліп қалып, Байбатшаевтың байырғы “каналдары” кеңіп кетті. Өзі балық секілді жағалауға шығып қалды.

Содан әкімдер шеруі басталып кеп берді. Біріншіміздің аты Бекболат еді. Жағымпаздану, жарамсақтану сияқты жұқпалы індет ол кезде де өршіп тұрды. Сондықтан көптеген азаматтар келіндері ұл туса немерелеріне Бекболаттың атын қойып:

— Басеке, немеремізге сіздің есіміңізді қойдық. Сіздей елге тұлға болып өссе бізде арман бар ма? Үйге келіп дәм татып, немереміздің аузына түкіріп кетіңіз, — деп Бекеннің айналасынан шыға алмай шыр айналып жүретін.

Несін айтасыз, сол тұста ауданымызда Болатбек, Болатхан, Болатжан, Бекайдар, Бекжан, Бекарыс, Бектұрған, Бекбатыр сынды есімдерден аяқ алып жүре алмай қалдық. Тіпті бір жағымпаздау жеңешеміз қызына Бексұлу деп ат қойып, талайларды орта жолға тастап кетті.

Шіркін, біздің аузы дуалылардың таппайтыны жоқ-ау. Аудандық партия комитетінің бюросында еріксіз бас шұлғушылар былай деп бұлбұлша сайрайтын болды.

— Мақұл бәсеке! Тапсырмаларға болаттай берік боламыз!

— Бәсеке, бек жақсы айттыңыз. Мынауыңыз таптырмайтын ақыл екен!

— “Өнетін жердің көгі көп, өсетін елдің бегі көп” деген. Ауызбіршілігіміз ажырамасын. Партия шешімдерін жүзеге асыра берейік,— деп сіп-сежий мақал тауып сөйлейтіндер де, табан астынан тауып айтатындар да көбейіп кетті.

Тіптен етіміз үйреніп кеткені соншама, қазақтың жалпақ тіліне “бек” немесе “болат” сөздерін қоспасақ, жеп отырған тамағымыздың тұзы кем сияқтанып тұратын болды. Бір күні Түйебай деген тауартанушы түскі асқа үйіне бармай ма, түпкі бөлмеде төсекте жатыр дейді.

— Әй, менің бек қатыным! Бек тамағың әзір болса, мені оята сал. Болаттай балқып бірер минут көз шырымымды алмасам болмас.

Келіншегі де күлімдеп, сөз сауып қалған біреу екен.

— Бек жақсы, бек байым. Болаттай балқығыңыз келсе, ымыртта келіңіз. Қазір жиырма минуттан соң тамағыңыз әзір болады. Енді балқи бергеніңізде болаттай қатып қаларсыз,— дейтін көрінеді.

Осы әңгіме ел аузында анекдот болып тарап кетті. Бастапқыда сыбырлап айтушы едік, Бекең кеткеннен соң жыбырлап айтатын болдық.

Бір күні аудан орталығында жаңа балалар бақшасы ашылатын болды. Пионер үйінің қызметкерлері, оқу бөлімінің басшылары тайлы-тұяғымен жаңа ғимарат басында бір апта үйлеріне қайтпай, тазалық

жұмыстарымен жүрді. Жаңа мекеменің ашылуына жұрт көп жиналады енді. Бұл жолы да жиналғандардың қарасы едәуір екен. “Біріншінің өзі лента қияды” деген соң, бұл салаға үш қайнаса сорпасы қосылмайтын мекемелердің де басшылары келіпті. Дыбыс күшейткіштен әсем әуен төгіліп тұр. Кіре беріс қақпадан бүлдіршіндер ғимаратына дейін түрлі шар, жалау ілініп тасталған.

Кіре беріс демекші, қақпаға қақырайта жазылған маңдайшаға көзім түсіп кеткені. “Болатбек” балалар бақшасы деп көрнекті әріптермен үлкен етіп жазылып қойыпты. Енді әуенге құлақ түрмім. Сөйтсем “Батыр бала Болатбек” деген ән шырқалып жатыр.

Ерлігіңді біледі ел,  
Ұмытпайды сүйеді ел.  
Батыр бала, батыр бала Болатбек,  
Батыр бала советтік жас пионер”,

— деп келетін қайырмасы жадымнан әлі өшпепті.

Қиюласып кеткені соншама, Болатбек деген батыр баланы еске алып, бақшаға сол батыр ұланның есімі беріліп жатқандай күй кештік. Байбатшаев партиямыздың балаларға көрсетіп отырған әкелік қамқорлығы жөнінде байыпты баяндама жасады. Ата-аналардың көздері жасаурады. Бүлдіршіндер тақ-тақ етіп тақпақ оқыды. Партияға, ауданның бірінші хатшысына рахметтерін айтты.

Жарықтықтың кетеріне көрінді ме, Байбатшаев партия комитеті ғимаратының артына айналасы атшаптырымдай жерге бау орнатты. Сенбілікке шықтық. Арық-атыз қазылды. Көшеттер отырғызатын шұңқырлар қаздық. Жас көшетті тыңайтқыш тастап мәпелеп қондырдық. Сенбілік бұдан соңда сарқылмады.

Ағаштар қашан көгеріп, тамыр жайып кеткенше бау ішінде жүрдік те қойдық. Енді ішінде жалғызаяқ жолы, адамдар демалып отыратын үстелдері бар жап-жақсы-ақ саябақ болып шыға келді. Әрі-бері өтіп жүріп аңғармапшыз, бір күні саябаққа кіре берістегі шағын қақпаға көз салсам, маңдайшаға “Бекбау” саябағы деп жазылып қойылыпты. Дұрыс. Саябақ болған соң оның аты да керек. “Саябақтың саяси мәнін дөп басып тапқан қандай ұтымды атау” деп таңырқадым. Біздің адамдар бар ғой, біздің адамдар енді тапқырлыққа келгенде алдарына жан салмайды.

Бұдан кейін аудан орталығында “Бекмекен”, “Бекауыл” деген көшелер пайда болды. Ауданның бір шетінде жаңадан бой көтерген мөлтек ауданға “Байбек” деген атау берілгенде, енді таңырқамаған адам қалмады. Өйткені, бұл сөз бірінші басшымыздың фамилиясы мен атының бастапқы буындарының қосындысы еді.

Сөз жоқ, Бекболат Байбатшаев ауданды жақсы басқарды. Негізгі көрсеткіш – мал мен егін шаруашылығы облыста алдыңғы орында болып, аудан одақтық, республикалық, облыстық ауыспалы Қызыл туды бірнеше мәрте жеңіп алды. Бекеннің де омырауы орден-медальдарға толды. Оның соңына жаман сөз ілескен жоқ. Жақсы келді, жақсы басқарды, жақсы кетті. Бірақ...

Өткенде баяғыда қызмет етіп кеткен ауданымна жолым түсті. Селоны армансыз араладым. Алайда бұрынғы атаулар көрінбейді. “Бекболат” балалар бақшасы – “Алпамыс” болып өзгертіліпті. “Бекбау” саябағы, “Бекмекен”, “Бекауыл” көшелері мүлде басқа адамдар атында. Мөлтек ауданды да басқа біреу меншіктеп алыпты. “Жер, көше, елді мекен атаулары



өзгере береді екен ғой. Ал, кілең бек пен болаттан басталған адамдар паспорттарын қалай ауыстырып алды екен” деп ойладым мен.

Ғасырлар өтер. Жаңа ұрпақтар келер. Бектер де түтесілер. Бірақ жаңбырдан соңғы саңырауқұлақтардай жаңа жағымпаздар өсіп шықпасына кепілдік бере алмаймын енді.

Сол күні “қандай атаулар көбейіп кетті екен” деп санап шығуға мұршам келген жоқ. Жаңа әкім мені “Джипіне” отырғызып, әкесінің аты берілгелі жатқан мектепке ала жөнелді.

Жер сілкінгенде үлкендер: “Қозғалмандар, қазір оның қайтармасы болады” деуші еді. Бұл даңққұмарлықтың да қайтармасы болады екен ғой. Бірақ ол жер сілкінгеннен де бетер азапты сияқтанады. Бұдан да “ей, пенделерім, тәубеге келіңдер!” деп жердің сілкініп-сілкініп қойғаны да тәуір ме деп ойлаймын.

## МАЙТАБАН

Қорғаныс істері жөніндегі департамент жанындағы медициналық комиссияға алыс ауданнан алпыс алты әскери қызметке шақырылушы арып-ашып жетті. Оларды “Облвоенком” күтіп алып, беттерінен өпті. Барлығының да шашын тықырлатып алдыртып тастады. Сөйтіп медкомиссия жұмысын үлкен қарқынмен бастады. Жастар да денсаулықтарының темірдей тегеурінді екенін дәлелдеуден қашпады. Өйткені, Отан қорғау парыз. Егер одан жалтарсаң аңдылмайды ма әр із. Демек, әскерден қашу мақсат емес. Шіренсе шідер үзетін жастарға “қорқақ” деген жақсы ат емес.

Дәрігерлердің ішіндегі дөкейі-ау, шамасы, үстінде аппақ ақ желеңі болғанымен, түр-түсі сұп-сұр біреуі тақырбастардың алғашқы кіргеніне қарап гүр етті. Онсыз да лыпа атаулысын сыпырып тастап, жартылай жалаңаш кірген шақыртылушы шошып кетіп дір етті.

— Қайдан келдің?

— Ауылдан.

— Бар ма жерің ауырған?

— Жоқ.

— Ендеше табаныңды көрсетші.

Кірген еденге отыра қалып қос аяғын аспанға көтерді. Дәрігердің дөкейі жөтелді.

— Ым-ым, бара бер, майтабансың. Әскерге жарамайсың.

— Ағай, мен майтабан емес жайтабанмын. Қараңызшы, табандарымның ортасы ойық, шұңқырлау. Бақайшықтарым қандай келісті, соғысқа барсам жайратар едім талай немісті.

— Әй, найсап! Қайдағы соғыс! Қайдағы неміс! Қазір жиырма бірінші ғасыр. Мынаның мінезі қандай асыртасыр. Соғыспай-ақ Отан қорғайсың.

— Қорғайын десем өздеріңіз ғой жібермей тұрған.

— Әй, антұрған! Майтабандарды әскерге алмайды. Бар, ауылыңа қайт! Қой құртта, айраныңды ұртта. Шық, есікті сыртынан жап!

Комиссия алдында тағы үш бозбала көгенденіп тұрды. Дәрігер оларға мойнын әнтек бұрды.

— Қане, табандарыңды көрсетіңдер! Жатпа деймін, бір аяғыңды көтерсең болады ғой.

— Ағай, мен бір аяқпен тұра алмаймын.

— Неге?

— Мына құрдасым Тезекбай “тауықсың” деп мазақтайды. Былай шыға қыт-қыттап азаптайды.

– Өзі тауық!

Шақырылушы “тауық, тауық, тауық” деп сықылықтап күліп, еденге етпетінен құлады. Екі аяғын ербендетіп жатыр. Танымайтын жандардың алдында еркінсіген бұл да бір өзінше батыр.

Дәрігер қолындағы шыбықпен жатқанның табанынан тартып жіберді. Ол ойбайлап орнынан ыршып тұрды. Содан соң комиссия мүшесін ала көзімен атып, ішінен ұрысып тұрды.

– Қане, табандарыңды жалтыратыңдар. Ішеуің де майтабансыңдар! – деді дәрігер түтігіп.

– Мен майтабан емеспін! – деп қарсыласты батылдау біреуі.

– Ей, он жыл оқыған мен білемін бе, ауылдан қи сасып келген сен білесің бе? – деп дәрігер дір-дір етті.

Үшеуі үнсіз шығып кетті. Ішке тағы үш жігіт кірді.

– Сен неге жөтеліп тұрсың? Құрт ауруы сияқтысың ғой?

– Флюороқондырғысыз оны қалай анықтадыңыз?

– Енді терлеп тұрсың ғой. Туберкулезге шалдыққандар терлегіш әрі күрк-күрк жөтелгіш келеді.

– Терлесем бізді ана бөлмеде турникке тартқыздырып, жарты шақырымға жүгіртті ғой.

– Адам соған бола терлей сала ма екен? Жөтеліңнің беті жаман, әскерге жарамайсың. Қош болыңыз!

Жөтелгіш жігіт жуас па, әлде, әскерге баруға деген ынтасы суыды ма, жалт бұрылып бөлмеден жылдам шығып кетті. Бәлкім, ол комиссия мүшелеріне бірдеңе қыстырмаса әскерге өмір-бақи алынбайтынын ұғып кетті. Комиссия мүшелері енді екінші жігітке жармасты.

– Ей, албасты! Тыр-тыр қасынып тұрсың. Сен өзі кімді басынып тұрсың? Алдында дардай аға-әпкелерің

отыр. Оларды көрмейтін соқырсың ба? Қасынасың келіп ұялмай, ешкіқотырсың ба? — деді.

— Қойыңызшы, қайдағы қотыр! Жаңа жүгіріп жүргенде желкеме жүн түсіп кетіп еді. Сол шығар жыбырлатып жатқан.

— Әй, сенің желкеңе желімше жабысқан қайдағы жүн, қайдағы қыл-қыбыр. Жыбыратып жатқан жүн емес, жын болар. Желкесінде жыны бар адамды комиссиядан өткізу бізге сын болар. Шықпай тұрғанда айқай, давай, қайқай! Келесі жылы қотырыңнан құтылып кел! — деді комиссияның жалы күдірейген тағы бір мүшесі.

Үшінші үміткер алдыңғы екеуінің жағдайын көріп, күлкіден түйіліп қалды. Осы кезде әскери формадағы қасындағыға бұйырып қалды.

— Мынасы жынды ма, сау ма, қалмасақ болды бір дауға. Қарадай қарап қысылып қалғаны несі? Жоқ жерден бізді әбігерге салғаны несі? Басқа бөлмеге апара тұрындар. Су бүркіп бетін бері бұрындар! — деді.

Сол кезде шақыртылушы күлкісін тиды.

— Ау, сіздерге не болған? — деді сосын.

— Өзіңе не болған? Қараптан қарап тұрып қысылдың, келіп тұр енді не ұсынғың? Аларып қарайсың әрі өткенге, бері өткенге. Әлде, ақылыңды ат тепкен бе?

— Мен сап-саумын. Кім сіздерге осылай бал ашқан? Сірә, сіздердің ақылдарыңыз адасқан. Ауылдан келген алпыс алтымыз ауру болып шықтық. Сонда не ұттық, не ұқтық? Сауды соқыр дейсіздер, денесі тазаны қотыр дейсіздер. Қалғандары майтабан болды, мен білсем олардың бәрі майтабан емес. Сезуімше сіздерге майлы жілік керек. Комиссиядан өту үшін сіздерге сайлы жігіт керек. Демек, қолдарыңызға ештеңе қыстырмаған ғой. Тіпті, әскери міндеттілік дегенге де пысқырмаған ғой.


Ел тағдырын шешіп отырған ағайлар мен апайлар-ау! Отан деп төс ұратындар ойға ерен жүйрік болуы керек қой. Мына іс-әрекеттеріңізден соң қалай ғана көңілдеріңіз орнығып, жай табасыздар. Қалта қамын күйттеген, жақсы іске жанасуға шабан, бәріңіз де майтабансыздар, – деп соңғы шақырылушы есікті тарс жапты.

Комиссия мүшелерінің бірі сұрланып:

– Так, мынау тегін бала емес! Жоғарыға арызданып жүрер. Бұларды комиссиядан өткізу керек қайтадан, – деді.

Ортада отырғанды шайтан шалықтап кеткен бе, бет-жүзі бүлініпті, өзі алдындағы журналға терең үңіліпті. Ол тақпағын жаттай алмай жүрген бірінші сынып оқушысындай там-тұмдап тілі шығып, неге екені белгісіз:

– Майтабан, майтабан, майтабан! – деді.



## КҮЛПАШ

(Бейімбет Майлиннің ізімен)

### I

Күлпаштың көңілсіздікке түсіп жүрген күндерінің бірі еді... Үстінде өрім-өрім болған соң әр жерінен бір түйіп қойған ескі көйлек, оның сыртында тозығы жетіп, тулаққа айналған қысқы ескі тон, басында селдіреген көне бөкебайдың ескі жұрнағы. Бет-ауызы көнектей ісік: тоңы бүрісіп, үйдің бұрышындағы пешке арқасын сүйеп мұңайып, терең ойға шомылған адамша Күлпаш отыр. Қасында жыртық күпіге оранып, бүк түсіп баласы Қали жатыр.

Үй суық, жамаулы терезенің жыртығынан кірген ызғырық шекеден шаққандай... Үйдің ішін жылытуға – пешке жағатын отын жоқ. Алты айға аштық зардабы одан сайын қысып барады. Далада құтырына соққан жел онсыз да ілдебайлап тұрған үйді көтеріп кетердей. Боран аш қасқырша ұлиды. Оны есітіп, Күлпаштың іші одан бетер ұлиды.

Қали басын көтерді.

– Апа-ау, көкем қашан келеді?

– Келеді құлыным, келеді. Сорлы базарда арба сүйретіп жүрген шығар. Қолына бірдеңе түссе үйге өзі-ақ жүгірер.

Қиюы кеткен есік сықыр-сықыр етеді. Мақтым келіп қалды ма екен деп Күлпаш есікке жаутаңдайды. Есіктен ызғырық кіреді. Мақтым кірмейді.

– Көкең келе жатыр ма екен? – деп Күлпаш баласын ескі тонмен қымтап, далаға шықты. Буырқанған борасыннан ештеңе көрінбейді. Қараңдаған нәрсеге



ұзақ телміріп еді, ана тоқ ауылдың бірінің босанып кеткен иті екен. "Боранды күні ит пен бала құтырады". Қасқырдай ит қарды омбылап кешіп, ойнақ салып жүр. Бағымы жақсы болуы керек, жүні жылт-жылт етеді.

— Ит құрлы болмадық-ау,— деп Күлпаш жылап жіберді.

Қабағының астына көз жасы мұз болып қатты.

## II

Боран басылды. Мақтым келген жоқ. Күлпаш дорбасын асынып, байлар ауылының қоқыс тастайтын аумағына аттанды. Қар тізеден асады. Әлжуаз әйелге жол жүру де оңай соққан жоқ. Ой азабында келе жатып, Күлпаш зәулім бір үйдің биік дуалына тірелгенін бірақ білді. Неткен үй? Хан сарайының өзі мұндай болмас. "Осындай үйде тұрып жатқандардың арманы бар ма екен?" деп ойлады ол.

Бірақ тас дуал меңірейіп, міз бақпайды. Дуалдың ішінде әлденеге өршелене үрген қасқыр-иттің үрген ащы даусы естіледі. "Қу кедей, біздің үйдің сыртында не іздеп жүрсің?" дейтіндей. Не іздеуші еді? Өзек жалғайтын бір үзім нан болса ғой. Қалижан қуанып қалатын бір түйір ет немесе шұжықты дуалдан бері лақтыра салса қайтеді? Енді тістелген болса да банан немесе апельсин табылар ма еді? Онда қатып кетер еді ғой. Осының қуанышымен Қали мектепке барып келер еді-ау.

Өз ойына өзі елітіп тұрғанда темір қақпа жылжып ашылып, ішінен автомат ұстаған еңгезердей біреу шықты. Күлпашты көріп, автоматын кезенді.

— Әй, қатын! Не ғып жүрген жансың? Сықпытың жаман. Сені осылай киіндіріп, біздің шефтің үйіне бомба қойғалы жіберген террорист емессің бе? Қане

жоғалт көзіңді бұл жерден. Әйтпесе атып тастаймын! — деп гүр-гүр етті.

Күлпаштың зәресі ұшты. Жүрегі атқақтады. Қашып келе жатып бір шұңқырға түсіп кетіп оңбай құлады. Содан көпке дейін есін жия алмады.

Әлден соң есін зорға жинап, қаланың қалың ортасына қарай бет алды. Мұнда қарапайым адамдар тұрады. Тамақтың қалдығын арнайы қоқыс жәшігіне тастайды. Бірақ, әр жердің өз сұрқылтайы бар. Бомждар әлгі жәшіктерді жекешелендіріп алған. Күлпаш сияқты қаңғыбастарды маңайына жолатпайды. Бірақ, мына аяздан соң олар да жертөлелерден, жылу жүйелері өтетін жерасты жолдарынан, үңгірлерден шыға қоюы қиын-ау. Осыны ойлап Күлпаш бір қоқыс жәшіктері тұрған жерге келді. Расында, маңайда ешкім көрінбейді. Қуанып кетті. Қоқыс жәшіктерін армансыз ақтарды. Бір тойынған адам бүтін шұжықты тастай салыпты. Қатқан нан, жартысы желінген консерві, мұз болып қатып қалған алма, лимон, картоп табылды. Үйге керекті тағы басқа да бірер дүние тапқансыды. Бір келіншек жап-жаңа ішкиімін қағазға орап, "мусорға" атып жіберіпті. Неге үйітті екен? Не де болса Күлпаш бұл күні шала байыды. Енді қолындағысын бомждар тартып алмай тұрғанда тезірек үйіне жетуі тиіс.

Оның автобусқа да мінбегелі қашан? Мейлі үйіне жаяу-ақ жетеді. Тек Қалиы қуанса болды. Көз алдына тамақ жеп отырған Қалиы келді. Еркелегендей болады. Тоңып қалыпты ғой, байғұс.

Мақтым өз мекемесінің белсендісі еді. Жұмысты жапырып істеді. Мақтау естіді. Сыйлықтан да кенде болмады. Бірақ, тоқырау жылдарында ол еңбек ететін мекеме жабылып қалды. Қырықтан асыңқырап қалған оны ешбір мекеме жұмысқа алмады. Қайда барса да

алдынан қату қабақ қарсы алады. Мақтымның көңілі май ішкендей болады.

Бұрынғы бастығы: "Осы қарқыныңнан тайма. Биыл саған пәтер береміз",— деген. Қайдағы? Барлығы елес сияқты жоғалды. Біреудің пәтерін жалдап тұратын Мақтым қаланың қиыр бір шетінен қолдан жер сатып алды. Жиған-тергенінің барлығы соған кетті. Амал жоқ, күркедей бір баспана салып алғансыды. Не құрылыс материалы жоқ, не қаржысы жоқ Мақтымға осы күркені тұрғызу да оңай болмады. Мұнан кейінгі азап жұмыссыздық болды.

Күлпаш аса ажарлы келіншек еді. Бір күні үйіне сіңлісі келді. Мақтым жұмыс іздеп кеткен-ді. Оңашада әпкесін азғырған.

— Ана қаңғыбасыңмен осындай қорада өмір сүре бермексің бе? Өмірің қорлықпен өтеді ғой. Одан да азбас-тозбас қамыңды ойла,— деген.

Күлпаштың көңілін аудару үшін Раушанның ұсынатын адамы Жұмағазы.

— Екі-үш үйі бар. Астында қос-қос машина. Ып-қызыл коммерсант. Оған 15 жасар қыздар да тиеді. Бірақ, сені ұнататын сияқты. Пәтер әперіп қояды. Шалқып жүресің,— деді Раушан.

Ол кезде Мақтым суыққа ұрынып, сырқаттана қоймаған. Қайдан тапса да үйге талғажу етерлік бірдеңе әкеледі. Сондықтан "байыңды бастап басқаға ти..." дегенде Күлпаштың жүрегі тас төбесіне шығып еді.

— Бауыр етім Раушан-ай, бұлай деуге қалай дәтің барады? — деп сіңлісін үйден қуып шыққан.

Базарда арба сүйрететін Мақтым аяғынан сыз өтіп, қатты ауырып қалды. Аштық пен жоқшылықтың азабын Күлпаш осылай тартты.

Мақтымды ауруханаға қабылдамай қойды. "Пропискан жоқ" дей ме, "жолдамаң кәне?" деді ме, аурухананың маңайынан жүргізбей қойды. Үйде төсек тартып жатқанында Раушан тағы келді.

— Өлетін күніңе енді жақындапсың. Сендерді асырайтындай өзіміз де оңып тұрған жоқпыз. Мен де Жұмағазының қол астында істеймін. Кеше ол сені тағы сұрады,— деді қалтарыста Раушан.

Мақтым енді оның сүйіп-ақ қосылған жары. "Оның көзіне шөп салғанда қайбір опа табамын. Бір-бірімізге адал болуға серт берісіп едік қой. Күнаһар болмайын" деп ойлаған Күлпаш сіндісінің арбауынан бойын аулақ ұстаған-ды. Енді күннен-күнге ахуалдары нашарлай бастаған соң екі ойдың жетегінде басы қататын болып жүр. Әрине, Жұмағазы қатын қылып үйіне кіргізіп алмас. Бірақ, онымен әмпей-жәмпей болуы керек қой. "Байынды, баланды таста" десе не айтамын?

Күлпаш Раушанның аузынан Жұмағазыға жұғысып жүргендердің жардай болып семіріп алғандарын, кейбіреулерінің басына үй, астына машина біткенін естігенде жуанқарын коммерсанттың жасы 60-ты алқымдап қалғаны ойына түсті. Бір бала тапқаны болмаса Күлпаш әлі уыздай. Жасы 30-дан енді ғана асты. Бірақ, ана сүйкімсіз Жұмағазыға көңілдес болып қалай жер басып жүрмек? Әкесімен жасты екенін былай қойғанда сүйкімсіз біреу ғой. Әлгі әйелдер қолтығы тер сасыған кәрі текенің қасында қалай жатады екен?

Бірақ, айналаңдағы ашқарақтық, қайтсем байимын деген дүниеқоңыздық кедейшілік қамытын киген кезкелген адамды иіріміне алып, бір қарын майға түскен құмалақтай ірітеді екен ғой. Аштықтан өзегі өртеніп жүрген күндерінің бірінде:

– Мен де қандай ес қалды дейсің? Мақтымның жатысы анау. Енді адам бола ма, жоқ па? Мен де тырбанып көрейін. Біреудің есігінің алдындағы күңі болсам да, теңге беретін жұмыс тауып бер? – деді Күлпаш.

### III

Күрк-күрк жөтеліп, базарға өкпесін сүйретіп кеткен Мақтым әлі қайтқан жоқ. Бір жерде өліп қалды ма, сорлы?

Күлпаш пештің қасында. Жанында бүрісіп Қали жатыр. Ойға шомып отырып "ух!" деп ауыр күрсінді. Бұл күрсіну күн батардың алдында қатындардың от жағып, тамақ асатынын еске түсіргендіктен шығып отырғандықтан емес, бұл жүректе қаптап топтанып, іші-бауырын елжіретіп, бойын удай жайлаған қалың қасіреттің, ауыр дерттің ұшқыны еді. Бұл дертті Күлпаштың кірсіз таза жүрегіне салып отырған сіңлісі Раушан. Оған қосымша болған ызғарын төгіп бүрліктірген жоқшылық. Айналасындағы ашкөздік. Қурай басын сындырмай-ақ, дүние-мүлікке малынып, сөйлеуге ерініп қалған кербез келіншектер. Енді Күлпаш өткен өмірінде ойына кірмеген адамға көңілдес болуға уәде берді... Ертең өз босағасынан мәңгі кетпек. Сонда көзі қиып Қалиды қайда тастайды? Босағасын кімге тапсырады? Оған өзінің де көзі жетпейді.

Күлпаштың ойынан Мақтым кетпей қойды. Екеуінің алғашқы танысқаны есіне түсті. Автобуста Мақтым бір қыздың аяғын байқамай басып кеткен. Қыз аяғын басып кеткен адамның сыбағасын бермек болып, жалт қарады да, аузына біреу шүберек тығып, буындырғандай үні шықпай қалды. Жігіт аса көркем



еді. Ұзын бойлы. Үстіне киген киімі өзіне сондай жарасымды.

Содан олар Орталық саябақта ұзақ серуендейтінді шығарды. Бірін-бір қия алмай тұрғанда "екеуміздің осы құшағымызды қара жер ғана ажырататын шығар" деуші еді бір-біріне. Енді сол Мақтымды мәңгілікке тастап кеткелі отыр. Жат құшаққа. Суық төсекке. Жоқшылық жағадан алмағанда, баюға бәсеке өршімегенде. Күйеуі жұмыстан қысқарып, оның үстіне аурушаң болып қалмағанда. Қали мектепке баруға теңге таппай, үйден шыға алмай отырмағанда Күлпаш бұл сұмдыққа барар ма еді?

Күлпаштың көкірегі қарс айырыла жаздап, өксіп-өксіп жылады. Тағдырына нағылет айтты.

—Мама, а мама?

— Ау, құлыным.

— Көкем келеді ме?..

## VI

Сықырлауық есік жайлап ашылды. Келген Мақтым екен. Есіктің аузына дорбасын тастап, отыра кетті. Күлпаш жүгіріп барып, күйеуінің етігін шешпекке әрекеттенді.

— Атасына нәлет. Базар іші қарға толып қалды. Арба қанша сүйресең де жылжымайды. Жылжымаған соң қолға теңге де түспейді. Жігіттер бірдеңе жинап берді. Үйге отын түсіремін. Пісте май, вермишель, тауықтың етін, тағы бірнәрселер әкелдім,— деді Мақтым.

Күлпаш өткенде Раушанмен еріп Жұмағазының офисіне барған. Жұмағазының көздері ұры мысықтың жанарындай жылт-жылт етіп, Күлпашқа қарай берген. Содан олар бір кафеге келді. Қазы-қарта, жал-жая, ішімдіктің неше түрлісі үстелді қайыстырып жібере



жаздаған. Бұл ұялшақтап аса көп тамақтана алмады. Сол есіне түсіп Күлпаш шарт кетті.

— Мынадай қыста кім вермишельмен отырады. Қашан майлы тамақ аузымызға тиеді? Мына атқорадан қашан шығамыз? — деп айтып қалды.

Күлпаш қанша қорлық көрсе де бұлай таусылып сөйлемейтін. Соңғы кезде үйге Раушан келгіштей бастағалы келіншегі осындай "өнер" шығарып жүр.

"Мұны да оқыта бастаған екен-ау" деп іштей күрсінді. — Бүгін Раушан келіп кетті,— деді Күлпаш күйеуінің ішкі ойын тап басқандай.

— Иә, не дейді?

— Жұмыс тауып беремін, — дейді.

— Қайдан?

— Жұмағазының жанынан.

— Оның кім екенін білемісің?

— Білмеймін. Маған жұмыс болса жетеді. Өзгесінде не шаруам бар? Қашанғы мына қораға қамалып отырамын. Біз де бір жұрт сияқты жарқырап жүреміз бе, жоқ па?

— Көктем шықса Атырауға кетеміз. Ол жақта жұмыс та, табыс та жақсы дейді ғой.

— Ауру адамды кім жұмысқа алғалы жатыр?

— Оған дейін жазылатын шығармын...

— Көктеміңе дейін әлі талай уақыт бар. Мына Қалиды ойламайсың ба? Ертеңнен бастап жұмысқа шығамын. Үйде отыр. Балаңа қара,— деді Күлпаш.

— Басқаға болса да Жұмағазының жанына жолаушы болма. Мен сені онда жібере алмаймын,— деді Мақтым.

— Ол не? Адам жейді ме екен?

— Жоқ. Қарамағындағы қыз-келіншектердің барлығы оның көңілдері деседі ғой.

— Мына қаңыраған атқораңнан, жарымаған жалған өмірден ол әлдеқайда жақсы.

– Сұм Раушан сені де арбаған екен-ау. Өзің біл. Қайтемін? – деп Мақтым жылап отыра кетті.

– Көке, маған бәтеңке әкелдіңіз бе? Мектепке барайын десем бәтеңкем жоқ? – деп Қали әкесінің мойнына асылды.

## V

"Жығылғанға жұдырық" дегендей, қыс тым ұзап кетті. Қар үсті-үстіне жауды. Боран басылмады. Қаланың іргесіндегі шағын мөлтек аудандағыларға автобус қатынамай қалды. "Қаланың өзіне жетпей жатыр" деп мұндағы газ бен электр жарығын өшіріп тастады. Көптеген кедей үйлердің қысқа деп жинаған азын-аулақ отыны лезде-ақ түгесілді. Еті тірілері көмір мен ағашты қайта түсіріп алды. Мақтым сынды сырқат адамдар үйлерінен ұзай алмады.

– Шешен байғұс Жұмағазыға тиіп алғаннан сау ма? Бүгін ай толады. Үйге әлі келген жоқ, – деп Мақтым ұлына қарады.

– Көке, қарным ашты. Апам қашан келеді? – деп Қали кемсеңдеді.

...Жұмағазығы жұмысқа жегілгелі Күлпаштың жағдайы жақсара түсті. Оны бір мейрамханаға даяшы етіп жұмысқа қабылдады. Мейрамхананың екінші қабаты қонақүй екен. Содан екі бөлмелісі Күлпашқа тиген. "Таңертең ерте келе алмайсың" деп осыған түнетеді.

Бір күні бөлмесіне Жұмағазы келді. Соңында нөкерлері. Әп-сәтте-ақ үстел үсті жайнап сала берді. Нөкерлер көп бөгелген жоқ, Жұмағазы екеуі оңаша қалды. Коньяктан біраз ішкен Күлпаш шешініп жатқан Жұмағазыға: "Мұныңыз не?" дей алмады. Аюдай

қорбандаған қарынды қақпастың қылығы ұнамаса да оның дегеніне көнді. Осы кездесуден соң ол түнгі 2-3-ке дейін осында болатынды шығарды. Кейде қонып та қалады.

Көңілді орта, шектеусіз ішіп-жеу, қалауынша киіну Күлпаштың қала сыртындағы үйін ойлауды ұмыттыра бастағандай еді. Кей-кейде мына баяны жоқ өмірінің соңы немен бітерін ойлағанда ұяттан өзін қоярға жер таппайды. Енді ол Мақтымның, Қалидың бетіне қалай қарайды?

Жұмағазы жорға аша бастады. Күлпашқа қолы бір жетіп алғаннан соң баяғыдай өліп-өшпейтін болған. Күлпаш өткенде көрші бөлмеден оның жап-жас қызбен шығып бара жатқанын көріп қалды. Қыз мұның жуан белінен құшақтап алыпты. Кәрі теке еңкейіп қыздың бетінен сүйіп қояды.

Осындағылардан есітіп жүр, Жұмағазы талай сұлуларды уысына түсіріп алған соң көп кешіктірмей, қолғапша ауыстырып отырады деседі. Ендігі кезек Күлпашқа келмесіне кім кепіл?

Осыларды ойлап Күлпаш сарыуайымға салынды. Кеше түсінде Қалиды көрді. "Саған жұмыстан көп-көп кәмпит, жақсы киімдер әкеліп беремін" деп кетіп еді. Қарасын біржолата батырған, оның үстіне кешірілмес күнәға батқан шешесіне өкпелеп жүр ме, аузын бұртитып үндемейді. Бұл "кел" деп шақырады. Қали қашқақтайды.

Бір күні ол Мақтымды да түсінде көрді. Ашулы, қабағы қарс жабулы.

Өзінің бір күндік рахат ғұмыры үшін адал отбасын айырбастап кеткен Күлпаш енді Жұмағазыға қор болып жүргеніне арлана бастады. "Неге солармен бірге өлмедім?" деп ойлайтын болды. Мақтым соңғы кезде

тым жүдеп кетіп еді. Өзі көңін эзер сүйретіп жүрсе де бұларға тамақ тауып әкелемін деп таңмен таласа тұрып, базарға кететіні есіне жиі түседі. Осындай ақ жүрек адамның қадірін білмегеніне өкінді.

Бірде оны Жұмағазы азық-түлік әкелуге жұмсады. Астына машина берді. Осы сәтті пайдаланып ол келгелі жинап-теріп жүрген тиын-тебенін тыққыштап алып шықты. "Тым құрығанда өзектерін жалғап қайтайын. Қалиға әдемі куртка, бәтеңке алайын, қуанып қалсын" деп ойлап қойды іштей.

Қала шетіндегі үйіне жеткенше дегбірі қалмады. Мейлі жек көрсін, Қалиын бір иіскеп, бетінен сүйгісі келді. Мақтым әрине, кешіре қоймас. Сонда да алғаш қойнын жылытқан күйеуі емес пе? Үйге азық-түлік апарып тастағысы келді. "Енді бұл табалдырықтан аттаушы болма" деп еді-ау кетерінде. Мейлі дүние тауып келген келіншекті кім жек көреді? Жетіскенінен барды ма, Күлпаш бұл тірлікке?!

Үйіне тақау маңға жеткенде ол машина жүргізушісіне: "Осында тұра бер",— деп әкелген азық-түлігі мен киім-кешегін алып, көшемен жаяу тартты. Үйінің мұржасынан түтін шықпайды. "Әлі отын түсірмеген бе, бұл сорлы?" деп ойлап қойды.

Үйіне жақындағанда байырғы көршісі, маскүнем Қыбырай алдынан жолықты. Бұған ала қарға көргендей таңдана әрі жақтырмай қарады.

— Неменеге тесіліп қарайсың? Амансың ба? — деді Күлпаш.

— Аманбыз,— деп күңк етті Қыбырай, — Сені анадайларға қосылып кетті деп еді.

— Анадайларың кім-ей, албасты?

Қыбырай ләм-мим деп жауап қатпастан ұзай берді.

Үйге жақындағанда Күлпаштың жүрегі атқақтай

соқты. Үйдің маңайы күрелмепті. Мақтым мұндайға пысық еді. Әлде басқа жерге көшіп кетті ме екен?

Ол қырау басқан терезелерден қарап, күңгірт бөлмелерден ештеңе айыра алмады. Есікті тартып көріп еді, құлып салынбапты. Енді ол жүрегі тарс-тұрс етіп үйге кірді. Жарықты жағып қалғанда ауыздары ашылып, көздері бақырайып, тістері ақсиып жатқан Мақтым мен Қалиды көрді. Бірін-бірі қапсыра құшақтап алыпты.

Күлпаш жұмақ өмірдің жер-жебіріне жетіп қарғап, шаштарын жұлып, күйеуі мен ұлының үстіне өкіре құлады.

Көп кешікпей мейірімді адамдар Күлпашты жүйке аурулары ауруханасына жатқызды.

"Енді одан қайта шығуы мүмкін емес" деседі білетіндер.

## АҚЫРЗАМАННЫҢ БАЛАСЫ

*"Қайыршысы жоқ ел бақытты".  
Әл-Фараби.*

Темір жол вокзалына келіп түскенім сол, үсті-басы алба-жұлба, түр-түсі ұсқынсыз, үстінен қолаңса иісі шығатын, сақал-мұрты өсіп кеткен, олары көптен тарақ көрмегендіктен меринос қойдың жүніндей ұйысып, ұйпа-тұйпасы шыққан екі пенде алдымнан тәлтіректеп қарсы ұшырасты. Қасымда төрт жасар немерем бар еді, мына "жабайыларды" көріп, шыңғырып жіберді. Мен дереу жұбатуға көштім. Амал жоқ, алдауға тура келді.

— Ата,— деді немерем солығын басып,— жаңағы жабайы ағайлар кім?

Иә, олар кімдер? Қоғамдық мәні бар қомақты сауалды қаршадай баладан күткен жоқ едім. Сасып қалдым. Мұндайда не деп жауап берген жөн? Бала шіркін, анау-мынау алдаусыратқаныңа оңайлықпен көне қоймайды. "Сасқан үйрек артына қарай сүңгиді". Менің де шамам осы деңгейлес еді.

— Балам, олар көне дәуірдің адамдары рөлінде киноға түскелі жүр,— дедім.

Баланы алдайтын төте жол тауып кеттім-ау деп өзімше қоқиланып қойдым.

— Ата, киноға түскілері келсе, студияда отырмай ма? — деді қаршадай қағынғаным.

Немереден жеңілген жерім осы болды. Ауызға құм құйылды. Балаға балмұздақ әперіп, есепті теңестіргендей болдым.

Үйге автобуспен қайттық. Жолаушылар көлігі орынынан қозғалғанда-ақ дорба асынған біреу самбырлап сөйлеп, соңында құран аяттарын асығыс оқып, салонды аралай бастады. Біреу бес теңге, екіншісі он теңге тастап жатты. Қолыма іліккенін біз де бердік.

— Ата! Мына кісі кім? — деді тағы да немерем.

— Бұл үй-күйі жоқ бейшара біреу ғой.

— Ата, оның үйі неге жоқ?

— Жоқ болған соң жоқ та.

— Сонда далада туған ба?

— Басында бұл бейшараның да баспанасы болған. Кейін не күйге түскенін бір Алла біледі.

— Оның үйін рәкет тартып алған,— деп түзетті немерем.

Ақырзаманның баласы деген осы. Рәкет дегенді айтуға менің өзім жүрексінем. Бұл қалай батылы барып, айтып тұр?



Екі-үш аялдамадан соң автобуска мүгедек біреу мінді. Шын мүгедек пе, өтірік мүгедек пе, біліп болмайды. Қалт-құлт еткеніне қарап жаным ашыды. "Құдай мүсіркесін" деп оған да бірнәрсе қыстырдым.

— Ата, теңгені үлестіре бермесеніңші. Балмұздаққа теңге қалмайды ғой,— деп ренжіді Маратик.

— Ұлым-ау, ана сорлының баласы да балмұздақ жегісі келеді ғой.

— Оның атасы жоқ па?

— Атасы бар. Бірақ, шамасы жоқ.

— Қалай?

— Тыныш отыр, ұлым. Үлкендерден ұят болады.

Ертесіне Маратикті жетектеп, базарға бардым. Ығы-жығы адамдар арасында кімдер жоқ дейсіз. Кешегі темір жол вокзалындағы бомждар мен қаңғыбастар, қайыршылар мұнда да өріп жүр.

— Бір үзім нанға көмектесіңізші.

— Көкетай, өліп барамын, көмектесе көріңіз.

— Құлыңыз болайын, тамаққа бірдеңе тастап кетіңізші.

— Қайыр-садақа беріңіздер! Жолдарыңыз оңғарылысын!

— Бүгін — жұма! Ниеттеріңіз қабыл болсын!

Ұлардай шулаған қайыршылардан қашып құтылғандай болып келе жатқанымызда бесіктен белі шықпаған бүлдіршіндерін орап алып, құдай үшін дәметкен бір топ сыған кезекті. Біреулерінің қолында қаңылтыр құты. Оған адыраспан түтетіп алып, сауда қатарларын жын-шайтан, тіл-көзден аластап жүр. Сығанның семіз бір әйелі жолдың ортасында тұра қалып, алақанға қарап бал ашып тұр. Кейбір сенгіштер мен аңқаулар сыған әйелінің алақанына теңгені уыс-

уысымен қалай ұстатып жатқандарын өздері де сезбей қалуда.

Мына бір қалтарыста бет-ауызы домбыққан біреу жатыр. Үсті-басы жағал-жағал. Жұрт бет-аузын тұмшалап, айналыш өтіп жатыр. Біз де сөйттік.

Осының барлығынан үрейленіп, айналасына алақ-жұлақ қарап келе жатқан Марат қолымнан айырылып қалардай мықтап ұстап алыпты.

— Ата-ау, олар неге теңге сұрайды. Зейнетақы алмайды ма? — дейді.

— Алмайды.

— Неге?

— Оны өздерінен сұрау керек.

— Сұрасай, ата.

Қалтаң-құлтаң етіп келе жатқан бір қайыршыдан интервью алғым келіп кетті.

— Әке-шешем өліп қалды. Өздігімнен күн көре алмадым. Сосын үйімді саттым. Араққа. Енді, міне, жүріс осы,— деді маскүнем.

Қайран бауырым, "қара маклердің" уысына түскен екенсің ғой деп ойладым. Олар осындай ерік-жігері кем, арақты атасынан қалған астай сіміретіндерге сүйкеніп жүреді.

— Қайтайықшы,— деп қыңқылдады Марат.

Басар тауы, барар жері қалмаған қаңқыбастар қуыс-қуыстардың бұрыш-бұрыштарды, елеусіз жерлерді де иеленіп алған. Қоқыс жәшіктерін тіміскілеп, көр-жерді жинап жүргендерді де көзіміз шалды.

Бомждарды ойлап басым қатып келе жатып аңғармапшын, базарда жүргенде біреулер әмиянымды үптеп кетіпті.

— Балам, енді үйге жаяу қайтамыз,— дедім немереме.

– Ата,– деді немерем маған зекіп,– үп-үлкен болып қалтаңызға неге ие болмайсыз? Үлкен бастықтарға айтпайсыз ба, дуаналарды осынша неге сайрандатады?

Расында, неге сайрандатады? Немерем айтпақшы, үп-үлкен болып осы сауал менің ойыма келмепті. Ақырзаманның баласымысың деген...

## МАХАББАТ ЖӘНЕ КӨЗ ЖАСЫ

### *Қаз-қалпында*

Жағышардың қалай үйленгенінің өзі бір хикая.

– Осы қайным қу тізесін құшақтап өтер ме екен? – деуші еді жеңгелері.

Қарияның қабағы қарс жабылатын. Апамыз біресе шатақ шалына, біресе ұялшақ ұлына қарап қойып ауыр күрсініп, самаурынға сексеуіл салатын.

Сөйтіп жүргенде сыныптасының барлығы үйленіп алды. Алды 2-3 балалы болды. Ауылда қыз жоқ емес, қырғын. Әскери борышын өтеп келген Жағышар мектепті кейін бітірген қыздарға қырындағысы-ақ келеді. Бірақ, олардың "ағай" деген сөзінен сұмдық шошынады. Бұл әскерден оралғанда сыныптастан Бекжігіттің Гүлдарифа деген қызы ғана тұрмыс құра алмай, оң жақта отыр екен. Қойшы ауылдағы қызға бірнеше рет барып еді, қыңырайып көнбей қойды. Сөйтіп жүргенде оның көрші ауылдың шопаны алып қашып кетті. Не істеу керек? Салт басты, сабау қамшылы Жағышар олай шапты, бұлай шапты, өзіне тең келетін, айтқанын екі етпейтін, жан-дүниесін түсінетін бойжеткенге жолықпай-ақ қойды.

Жұғыспайтын да жөні бар, Жағыпардың қыз алдында былай тұрсын, құрдастарының алдында да жақ ашпайтын "жақсы" бір қасиеті бар. Сөйтіп жүргенде ол өзінен бірер сынып кейін оқыған Балжанға сөз тастап көріп еді, кет әрі еместігін білдіргенімен, нақты жіптің ұшын ұстатпады. "Әскерде жігітім бар, күтіп жүрмін" деді ақырында. Жағыпар мұнан соң оған тіріде жуиды ма?

Қызды ауылдың иттері қабаған, жеңгелері жөйт болып шыға берген соң Жағыпардың да жүні жығыла бастады. Енді ол үйлену мәселесіне бас қатырып жатпайтын болған. Бірақ, әкесі күнде ұрсады. Шешесі асты-үстіне түсіп, бәйек. Ол өзінің төркіні жағынан оң жақта отырыңқырап қалған қыз іздеп көріп еді, орайы келмей-ақ қойғаны. Біреуі барып келген, екіншісінің ақылы сай емес, үшіншісінің көркі дегендей шешейді де шаршатып бітті.

Шала бүлінгенмен шаруа орайына келуші ме еді. Бірақ Жағыпар сүт фермасындағы Ферузаға сүйкеліңкіреп көріп еді, ол қолын қаға қоймады. Содан қызды машинасына отырғызып алып қырат-қыратты қыдырыстаған, қызғалдақ терген. Қыздың қызғалдақ ернінен алғаш рет уыз дәм алғандай да болды. Басы айналған жігітіміз үйіне "келін әкелемін" деген хабарды алды-артын ойламай жедел жөнелтіп жібермей ме? Қазан көтеріледі, леген-леген бауырсақ пісіріледі. Шымылдық құрылады. Енді Жағыпар Ферузаның алдына машинасын көлденең қойып, "Кеттік" десе:

– Қайда? – деп қарап тұр дейді.

– Біздің үйге.

– Онда не бар?

– Үйленеміз.

Сонда Феруза ішін басып күлді дейді бір.

– Ау, неменеге жетісіп күлесің? – демей ме, оның сайқымазақ күлкісіне шыдай алмай кеткен жігіт.

– Күлмегенде жылаймын ба? Үйленемін деп үрейімді ұшырдыңыз ғой,– депті шолжаңдаған бойжеткен.

– Онда неге сүйістің? – дейді ғой жігіт.

– Е-е, сол ма, емексіп қалғаныңыз. Оқудағы жігітімді ойлап отырып, сізбен қалай сүйіскенімді сезбей қалыпшын,– депті Феруза.

Тура солай депті.

"Ананы ойлап, мынаны ойлап, көрінгенмен сүйісе берсе бұл қыздың түбі шикі" деген қорытындыға келген Жағышар ит көрген ешкікөзденіп, ауылға аумалы-төкпелі күйде келеді.

– Перінің қызына жолығыпты,– деп жориды біреулер.

– Бұған соқыр қыз болмаса, кім тиеді,– деп күлкі қалғандары.

Шал шарт кетті. Семіз қошқардың пұлы, ынжық жігіттің құрқол келгені бар, кемпірін үй айналдыра қуды деседі көргендер.

Сөйтіп, мойнына су кетіп жүргенде Жағышарды аудан орталығына жұмсайды. Қайтар жолда бір қыз қол көтеріпті. "Шылымпұл" жағын ойлаған шофер қызды ойланбастан кабинасына мінгізе салған. Орталықтан ұзап, ойпаттау бір жерге келгенде жүргізушінің батылдығы ұстап кетіп:

– Неге жалғыз-жарым жүрсің? Біреу-міреу ұрлап кетсе қайтесің? – депті.

– Сол мені ұрлайтын жігіт бұл маңнан таптырмай тұр ғой,– дейді бойжеткен.

– Ал мен ұрлап әкетсем қайтесің? – депті бұл одан сайын батылданып.

Сонда сұлу бұған бұрылып қарапты дейді. Қарап-қарап болып:

– Немене? Осы күнге дейін шошқа тағалап жүрсіз бе? – депті.

"Қаша-қаша батыр боласың" деген. Қыздардан сөз ести-ести батыл болған жігіт қайтпастан:

– Сені күтіп жүргем, – депті жайбарақат.

– Ендеше, ауылыңа тартпайсың ба? – депті қыз.

– Біз қайда келе жатырмыз? – деп Жағышар жылдамдықты үдеткен.

Өз сөзінен өзі қайта алмады ма, әлде басына жабылған ақ орамал киесінен қорықты ма, қыз көп туламастан сыңсып отыра кеткен.

Дегенмен бұл бойжеткен ақылды келін болып шықты. Ата-анасының көңілін тапты. Жағышарға торсықтай-торсықтай 4 ұл, құндыздай-құндыздай екі қыз туып берді. Бүгінде шаңырағында шаттық күлкісі пашылған үлгілі отбасылардың бірі.

Бегімше деген тағы бір жігітіміз отызға тақағанда көрші ауылдан қыз әкелді. Кездейсоқ танысқан, қалжындасқан. Бірақ, басына орамал салдырған жоқ. Бегімше оны әкелген жеріне өзі апарып салды. "Сотталатын болдым" деп уайым жеп жүргенде ай өтті. Содан "мың рет өлгенше, бір рет өлейін" деп қызды ауылға тағы бармай ма? Қыз сотқа да, әке-шешесіне де шағымданбапты.

– Неге олай етпедің? – демей ме бұл.

– Жаман адам болсаңыз, жылағанымды түсініп, үйге жеткізіп салмас едіңіз, – депті қыз.

Екеуі Бегімшенің машинасымен біраз қыдырады. Жігіт машинасын тағы да ауылға қарай бұрады. Бойжеткен: "Ағай, түсіп қалайын" демепті. Содан жігіт үй алдына келіп, бір-ақ тоқтайды. Думан басталған. Бір кезде Бегімше шымылдық ішіндегі қалыңдығына келіп:



– Жол-жөнекей ұмытып кетіпін, атың кім еді? – депті.

– Өлэ, ана жолы да сұрамағансың,– депті ұялып отырған қалыңдық.

Қыздың сол сәттегі ыстық лебімен Бегімшенің де өн бойы жылып қоя берген.

Әрине, қыз алып қашудың барлығы бірдей осылай сәтті бола бермейді. Баяғы кездегідей бірін-бір білмей-ақ қосылып, түзу түтін түтетіп, басқа жұрт қызығатындай тіршілік етіп жүргендер бүгінде некен-саяқ.

Өмір де, тұрмыс-тіршілік те бүгінде өзгерген. Баяғыдай ауылда қыз алып қашу кездесе де бермейді. Біздің балалау кезімізде ағаларымыз алып қашып келіп үйленетін. Әрбір "қыз алып қашу хикаясы" өзінше қызық еді. Кейде тіпті, естіген жанға нанымсыз жайттыр де кездесіп қалып жататын. Бір таңқаларлығы – сол кезде босаға аттаған қыз жылап-сықтап қалып қоятын. Көбіне болашақ келіннің ибалығынан, ізеттілігінен қыз алып қашқыш серілер тәртіп сақшыларының құрығынан оңай құтылып кетіп жүрді. Иә, адам жаратылысы дегеніңіз күрделі. Осылай шаңырақ көтерген жұп жарасымды ғұмыр кешіп кетіп жатты. Сотталу деген сұмдықты естімеппіз.

Демограф Мақаш Тәтімов "қарадомалақтар азайып барады" деп жар салып жүр. Күні кеше келіп кеткен "Аттан Қазақстан" бейбіт шеруінің жетекшісі Амантай қажы Асылбек "Қазақстанда 25 пен 45-тің арасындағы жарты миллион қыздың күйеуі жоқ" деп жар салып кетті. Сондықтан ол екі әйел алу мәселесін алға қойды.

Дегенмен, "қыз алып қашудың" машақаты да жоқ емес. Осындай зорлықпен келген қыздардың асылып

қалу немесе суға батып кету, сірке суын ішіп улану сияқты оқиғалар да кезігіп қалады. "Үлкендердің сөзін жерге тастамайын, аттаған босағамнан кетпейін" деген көптеген арлы арулардың тағдыры тас-талқан болды. Осы тұрғыдан келгенде көзжұмбай ерлікке барудың өзі қиын екенін сезінесіз.

Тағы да ойланамын. Бірін-бірі танымай-ақ отбасы болғандардың көпшілігі неге босағаға берік. Ал, керісінше "күйдім, сүйдім" деп қосылған "ғашықтар" араға жыл салмай, неге ажырасып кетіп жатыр? Осынау біріне-бірі қарама қарсы оқиғаларды көріп, ой түйіндеуге болады. Негізі отбасы беріктігінің алтын арқауы – өзара түсіне білгендікте, ортақ арман, ақыл-ойдың жақындығында болса керек.

"Келін келді дегенде тұра алмадым" деп Кенен атамыз айтпақшы, оң босағаны аттап келген қалыңдық үшін бүкіміз қуанамыз. "Бақытты болса екен" дейміз. Көп ретте "бір-бірімізбен түсінісе алмадық", "мінездеріміз үйлеспеді" деп ажырасып жатқандарды ұшыратамыз. Мәселен, Шымкент қалалық хал актілерін тіркеу бюросының бізге берген мәліметі бойынша тек биылғы жылдың басынан бастап пәлен отбасы ажырасуға өтініш жазған. Олардың отбасы құрғандарына бір жыл да болмаған. Сонда махаббат дегеніміз қайда? Олардың бақытын ұрлап жүрген кімдер? Бәлкім, төзімділік, шыдамдылық, ұстамдылық, бірін-бірі кешіре білу деген қасиеттер босаңсып кеткен шығар. Бір данышпан: "Адам сезімдерінің ішінде махаббаттан өткен секемшіл де кінәмшіл сезім жоқ" депті. Рас шығар. Сол секемшілдік пен кінәмшілдіктің шектен шыққандығынан шығар, қазір махаббаттың көз жасы көл болып тасып жатыр.

## БАТЫРХАННЫҢ ЕЛЕСІ

Бір мекеменің есігінен сабаудай-сабаудай жырмалық кіріп шығамыз. Ал, қыздарды қылдай қылып өліп тастауымда аса терең сыр жатыр деп ойламаңыз. Енді еркеккіндік болғаннан сөң ептеп үйдегі, кеңседегі астықтан сытылып шығып, ерекше "еркелікке" алынатынымыз болады. Нұртай жайына көшсек, ол шұғыл да сауна деп сызылып тұрады. Кейде кербез еліншектерге көңілі кетіңкіреп, ой-ниеті бұзылып тұрады. "Давай кеттік. Әкелеріңді жұмыс өлтірді ме?" деп қызметтен тез шыға қоймағанымызға қызынып тұрады. Мұндайда әрине, сылтау тапқыш-ақпыз. Құмыстан ертерек кеткен Нұртайдың соңынан біртіндеп біз де тайып тұрамыз.

Бұрынғыдай емес, бүгінде ержігіттің төрт жұрты бар қой. Ежелден белгілі үшеуіне қызметтес жұрты деген қосылған. Алғашқыларынан үйтіп-бүйтіп сытылып шығуға әбден болады, ал төртіншісі тырп еткізбейді. Екі аяғыңа тұсау, екі қолыңа кісен салғандай қылып, қалаған бағытына қарай дедектетіп алып кетеді. Шылбыр, әрине, шеңберді шыр көбелек айналдыратын тысық жігіттің қолында болады. Ол адам әр кезде басымыздың қосылмай, шілдің қиы секілді жан-жаққа шашырап жүргенімізді есімізге салады. Жігіттер де өз кезегін жіберіп алатын мендуана жеген жыңды емес қой. Дерееу әркім өз әлінше әрекетін жасайды.

Тағы бір "мықтымыз" бар. Ол қыстың күні ауласынан қар екеш қардың өзін оңайлықпен бермейтін – шық бермес Шығайбай – кетік Жұман. "Бас қосайық" деген "сигнал" келді дегенше, оны таппай қаласың. Жүмекең не жедел сапарға кетіп қалады немесе қайын жұртындағы біреулер көз жұмған болады. Қаншасы

"қисайса" да таусылмайтын жұртқа үйленіп алған. Тіпті болмаса аурухананың төрінен бір-ақ шығады. Ішек-қарынын "тазалатып", құр сүлдері діңкелеп шыққан адамға өкпе арта алмайсыз. Кезегі қайта айналып келгенше тағы бір бұлтартпас сылтауын әзірлеп қояды.

Бір таң қалатынымыз басқа дастарханның барлығында кетік тістерін көрсете күлімсіреп отырғаны. Мұндайда, тым құрыса, оның енесі де сырқаттанып қалмайды. Үйдегі жанторсығы да жанығып іздей қоймайды. Бәрімен біржола "қоштасып" шығып кетеді-ау, шамасы.

Мұндайда біз де тыныш отырмай:

— Жұмеке, осы сіздің енеңіз көптен сырқат деуші еді. Барып қайтпағансыз ба? — деп сұрай қаласыз. Ол үндемейді. Мұртынан күліп отыра береді.

"Енді өзін шайқа!" — деп Мұқалайға белгі береміз. Ол небір төтенше сауалдың астына ала жөнеледі.

— Е-е, өткенде ғана "енем өліп қалатын болды" деп уайым соғып отырғаныңызға қарап айтып тұрғаным да? — дейді мұздай күйі.

— Иә, өткенде қатты сырқаттанып қалып, бәрімізді бір әуреледі ғой. Қазір тәуір, — дейді Жұман.

— Сен дәл осылай аш қабанша қарбытып отырғаныңда, қайын жұрт жақтан "қаралы" хабар келіп қақалып қалмасаң болғаны... — деді Мұрат кәдімгідей сақтанған қалып көрсетіп.

Жұманның көздері жасаурап отырып қалады да, інінен шығып келе жатқан жыланның көздеріндей жанарлары түкпірден жылт-жылт етіп, өзі жырқ-жырқ етіп күледі. "Көмгенде күлгірдің" күлкісінің өзі кекесін. "Сендерді сазға отырғыза алмасам не үшін жер басып жүрмін" дегендей естіледі бұл жымысқы жымысы. Содан соң:

— Оған бола сенің басың босқа ауырмасын. Енем се көметін елі бар. Соңынан аңырап барар қызы мен йеу баласы дайын отыр,— деп құтылады.

Жұман осылай қашанғы тегін тамақты жеп, тегін ақты ішіп, ортамызда ойнақ салып жүре берер еді, м білсін?

Бір күні он тоғыз жігіт толғатып отырып, осы жұманды қалай саздау керектігі жөнінде Бас жоспар жасадық. Біздің жоспарымыздың арасында қанқұйлы итлердің "Барбаросса" (мұның қазақшасы "Жирен ақал" екен ғой) бағдарламасының өзі адасып, айдалада алғандай. Содан Бас жоспарды бекіттік. Жұманның жаруасы біткенше сыр ашпауға қол алыстық. Мұнымыздың шет жағасын үлкен бастықтың өзіне де тұқалап жеткіздік.

— Арты әйтеуір жазылмайтын ренішке айналып етпесін. Ойнаймын деп от басып алып жүрмеңдер,— еді бірінші.

— Бәрі ойдағыдай болады. Көптен бері үйінен көже аттырмай жүр еді, бәлемді бір түсірейік,— деп Мұрат ниығынан күлді.

Сол күні ұжым арасында "Бас директордың бірінші орынбасары Батырхан басқа қызметке жоғарылап кетеді екен. Бастық оның орнына Жұманды лайық көріп отыр екен" деген әңгімені өрістен құлаған отардың алдынан жіберген қозы-лақтай жамыратып жібердік те, әрқайсымыз өз "інімізде" "соңы не болар екен?" деп жан-жаққа құлақ түрдік. Батырхан расымен кететін адамша айналасындағыларға қимастықпен қарап, кейбіреулеріне "жаңа қызметте де менімен бірге бол" деп ілестіре кетудің әрекетіне көшті. Бұл енді біздің жоспарымыздың шынайылығына, яғни Батырханның жоғарылайтынына шүбә келтірмеді.



Жұман да жымың-жымың етеді. Естуімізше ол Бас директорымыз Жандардың алдына жасырын кіріп те шығыпты. Жандар да алыстан орағызып: "Осы қызметке өзіңнен артық жанды көре алмай отырмын" – десе керек.

Сөйтіп жүргенде Батырханның балдызы Балқаш бақытына қарай байға тиіп, бірінші орынбасар кезектен тыс он күн демалыс алып, тойға аттанды.

– Ойбай, не дейсің, Батырхан жаңа қызметтің тізгінін ұстап, пәлен деген мекемеде отыр екен.

– Алдынан құс ұшырмайды екен. Тым қатал көрінеді.

– Осындағы бір жігітті өзіне бірінші орынбасарлыққа қызметке шақырыпты.

– Біреу емес, бірнеше жігітті қанатының астына алады дейді ғой.

Осындай "дейді-дейдіні" Берлинді бомбалаған Кеңес әскері ұшақтарының снаряд бомбаларындай нөсерлеттік келіп.

Жұманның жарық еріні, жайын ауызы жайыла түсті. Әрине, бұдан әрі созу қармаққа түсіп тұрған шортаннан айырылып қалғанмен бірдей еді. Сондықтан "не дейсің Жұман бірінші орынбасардың орындығына отырды" деген әңгімені сол заматта-ақ көгеннен қозы ағытқандай, басын бос жіберіп қоя бердік.

– Оу, Жұман. Ақ түйенің қарны жарылды! Бірінші орынбасар болдың!

– Астыңда ақ "Мерседес". Алдыңда айдай сұлу ару. Өлсең де сенде арман жоқ.

– Ойбай-ау, "Абылайдың асында шаппасаң, қайда шабасың?" демекші, осындайда жумасаң, қашан жумақсың?

– Бүгін ерте үйіңе қайт. Қатираңа қазан көтерт. Жұмыс соңында жұбымыз жазылмай, жанторсықтары-



мызды жетелеп, үйіңнен табыламыз. Жаңа қызметіңді жуамыз,— дестік.

Адамға желік бітпесін деңіз. Енді бітті бар ғой, оны алдына танк қойып тоқтата алмайсыз. Біздің қуатты сөздерімізден от алған Жұманның екпінін бөгеу мүмкін емес еді. Ұжым алдында шынымен-ақ ұялып жүрді ме, әлде осы күнді көптен аңсай күтті ме, Жұмекен жүрегіндегісін бір-ақ ақтарды.

— Қадірлі әріптестер! Сіздерге көптен үйімізді көрсете алмай, кірерге тесік таппай жүрген жай бар еді. Тура ертең кешкілік, яғни жұма күні сағат 6-да біріңіз қалмай біздің үйге топ ете қалаңыздар. Ал, бүгін Қатираның қара қазанының ішіне қармақ салсаңыз да шабақ ілінбейді. Сондықтан бір күн мұрсат беріңіздер. Сосын алдағы күн сенбі, аямай сілтеуімізге болады,— деді ол.

Осыны айтып отырғанда Жұманға жанымыз ашығанын-ай! Мұндайда есуас қана толғанбайтын шығар.

Ал, ертесіне не көрдік дейсіз ғой. Сұрамаңыз. Жұманның дастарханы небір дәмді тағамдардан қайысып тұр. Ішінде құстың сүтінен басқасының бәрі бар. Қара уылдырық, қызыл уылдырық дейсіз бе, ішімдіктің неше атасы дейсіз бе, самсап тұр. Бастыққа семіз қой сойыпты. Ұйытылып пісірілген еті бал татиды. Жылқының қазы-қартасы ауызға салсаң еріп кетеді.

— Әріптестерім менің! Ешнәрседен тартынбандар. Бәрі де сіздер үшін! Бәріңіздің бастарыңызды қосып, үйден бір дәм берсем деген көптен бергі арманым еді. Соның орайы бүгін келді. Біздің үйде Жандар сынды жан-дүниенді жыға тани білетін көреген басшымыздың келіп, дәм ауыз тигені үшін өзімізді бақытты санаймыз!

Ал, қане, рюмкелерге аямай құйыңдар,— деп үй иесі "алғысөз" сөйлеген соң тартынбадық.

Жұманның жұмысты жапырып жіберетіні айтылды. Оның елгезек, ұйымдастырғыш қабілеті назардан тыс қалған жоқ. Ақырында оның қара қазанын қайнатып, үйін жайнатып отырған Қатирасына дейін мақтап, коньяктің неше түрлісін әкеміздің құны қалғанша айда бір іштік-ау. Келіншектер де қалыспады. Осы қарқынмен дастархандағыны біраз опырып жіберген екенбіз. Жұманның үлкен ұлы машинасымен дүкенге бір-екі мәрте барып қайтты. Қазір фирмалық дүкендердің тәулік бойы жұмыс істейтіні мұндай жақсы болар ма?

Содан құлқын сәріде тарадық-ау, шамасы. Салқынбек, Тұңғыш, Сұлтан, Нұралы, Қалдан, Әбен сияқтылар үйлеріне жете алмай Жұмандікінде түнеп қалды.

Ертесіне есімді жисам, шаңқай түс болыпты. Сол кезде телефон да шар ете қалмасы бар ма? Көтердім, Жұман екен.

— Әй, неғып жатырсың? Қатираштың сорпасы дайын болды. Тез жет! — деді өзімсініп.

Өзімнің де іздегенім сол, бір таксиді ұстап алып, құстай ұштым. Келсем үй тола мейман. Салқынбек, Тұңғыш, Нұралы, Қалдан, Әбен тілдерін қайта тістеп қалыпты. Әйда бір сілтедік-ау содан.

Арада апта өтті. Жұман "бұйрық әне беріледі, міне беріледі" деп Жандар жаққа мойын созумен болды. Ішерімізді ішіп, жерімізді жеп қойған біз "өзіңе де сол керек" деп іштей мәзбіз. Бетпе-бет кездесе қалса "не хабар бар?" деп жорта сұрағансымыз. Ол иығын қайқаң еткізеді.

Сөйтіп жүргенде ол бір күні бөлмемізге алақ-жұлақ

етіп кіріп келді. Бөлмеде бес-алты жігіт отыратын едік. "Не болып қалды?" деп өре түрегелдік.

— Анда, анда... — деп Жұман қолын ербеңдетіп, сылқ етіп отыра кетті.

"Мынау дәу де болса сайтан көрген-ау" деп қолын сілтеген жаққа тұра-тұра жүгірістік. Ешнәрсенің елесі көрінбейді. Содан соң қайта келіп Жұманның бетіне су бүркіп жүріп тірілтіп алдық.

— Иә, бауырым, көзіңе не елестеді?

— Неден шошындыңыз?

— Анда,— деді былқ-сылқ еткен күйі, — Батырханның елесі болып бір бейне жүр.

— Қайда?

— Батырханның бөлмесіне кіріп кетті.

Құпия табан астында ашылды. Біз Жұманды тастай салып Батырханның бөлмесіне лап қойдық.

— Ана Жұманды бір нәрсенің салқыны ұрып кеткен бе, мені көре салысымен амандаспай, алақ-жұлақ етіп бөлмесіне қарай тұра қашты. Не болған оған? — деді Батырхан амандық-саулықтан соң.

— Расында, оны билікқұмарлық деген бәленің салқыны ұрып кеткен. Сіз демалысқа кеткелі орыныңызға отырамын деп істемегені қалмады,— деп Серік пен Тортай қарқ-қарқ күлді.

Батырхан бізге аң-таң болып қарады. Біз оған өзі жоқтағы оқиғаны майын тамызып айтып бердік.

— Е-е, бәсе! — деп Батырхан да қосыла күлді.

Бұдан арғысы қаралы оқиғаға бара-бар тірлік. Қатира келіп шаңымызды қағып кетті. Жұманның жүрегі ауырып, "Жедел жәрдеммен" ауруханаға жөнелтілген. Қатира енді осыны қосып, бастықтың ішіп-жегенін

термелеп жоғарыға арыз жөнелтпек. Жұман олай-бұлай болып кетсе күн сұрамақ.

Абырой болғанда, Жұман әрі қарамай, бері қарады. Күнде кезекшілікте тұрып, тамағын тасып дегендей, өліп кете жаздадық. Беті бері қараған соң: "Батырханды барған жерінде көп тұрақтатпай, кері қайтарыпты. Одан бұрын сол креслода отырған Астанадағы бір дөкейдің туысы екен. Өйтіп-бүйтіп орнына қайтып келіпті. Әйтпесе Жандардың сізге деген ықыласы бөлек еді ғой. Саспаңыз, ол сізге бір сайлы орын әзірлеп жатыр", — деп жұбаттық.

Енді қайтеміз? Айдың-күннің аманында атпал азаматымыздан айырылып қалмайық та.

Сонда да Жұман:

— Қайран, қара қошқарым? Қатираға лама пальто әперемін деп тырнақтап жинаған қайран теңгем, — деп өкінгенін қоймайды. Соғыс жылдары жүректің астында қалып кеткен жарықшақтай сыздатады да тұрады.

## **"ӘЖЕЙДІҢ ҚЫРҚЫНА ДА, ЖЫЛЫНА ДА БАРАМЫН"**

Кезекті еңбек демалысын алған Күлайша күйеуі Қасымбекке "әкесі өлгенді де естіртеді" дегендей, алдағы жоспарынан хабар берді. Оның негізгі мәтіні былай боп келді: "Белім ауырады, аяқ-қолым сырқырайды. Осы демалысымда курортқа барып емделмесем, жағдайым күннен-күнге кері кетіп барады. Айтпақшы, менің подругам Өтіркүл де сырқаттанып жүр екен. Екеуміз келісіп курортқа бірге баратын болдық".

– Жолдама жағы қалай? – деп сұрады Қасымбек.

– Оған бұлк етпе, шалым. Әтіркүлдің таныстары көп екен, бәрін реттестіріп қойдық, – деді бұлаң қағып, еркелей түскен Әтіркүл.

– Жақсы бопты. Қашан жүрмексіңдер?

– Бүгін-ертең сенің, балаларыңның кір-қоңын жуып, арғы күні аттанамыз.

– Е-е, мен тап бүгін аттанып кете ме деп, қорқып...

– Қалай енді, сенің рұхсатыңсыз шыға алмаймын ғой.

– Жолдаманы жасырын дайындап, подругаң Әтіркүлмен келісіп, "болар іс болып, бояу сіңгенде" ғана менімен ақылдасқансып тұрсың дә.

– Ойбұй, шалым-ау. Мен саған сенемін ғой. Жолымды бөгемейтіңді білемін. Оның үстіне өзің де "түні бойы" аңілеп-үңілеп шығасың, жұмыс-жұмыс деп жұлқына бергенше, жағдайыңды жасап, жақсылып бір ем қабылдамайсың ба? – деп жүр едің ғой.

– Мен енді емдел дегенде курортқа барып, жағажайда жалаңаш жатып, күнге қыздырын демеген шығармын.

– Не дейді, бетім-ау! Әй, Қасымбек! Сен де осындай қызғаншақ па едің?

– Қызғанбаймын ғой. Сөздің сыралғысы да. Сонда да саған бір әңгіме айтайын.

– Айта ғой.

– Айтсам, тап сен сияқты бір келіншек күйеуінен үйтіп-бүйтіп сұранып, курортқа кетіпті. Енді мұнда оны көлеңкесінен қалмай аңдып жүрген ешкім жоқ, бір жігіттің жүрегін жараламай ма? Содан екеуі қол ұстасып, судай тасып, махаббат отына күйіп-жанбайды ма? Бай да, бала да адыра қалады. Махаббат отына маздаған әлгі екеуі жиырма күннің зуылдап өте

шыққанын аңғармай да қалса керек. "Таң атпайын дегенмен, күн батуын қоймайды" демекші, қоштасатын да күн келіп жетеді. Бір-біріне әбден бауыр басқан екеуі қайта қауышудың амал-тәсілдерін ойластырады. Ақырында жігіт:

— Келісі жылы дәл осы уақытта пәлен уақытта жолығайық. Жолдаманы өзім әкелемін. Тек өзін көрсетілген мерзімде жетсең болды,— демей ме?

Уәде осы болады. Бірін-бірі қимаған қос "ғашық" амалсыздан ажырағандай болады.

Алынған қол, айтылған серт бойынша келесі жылы көрсетілген уақытта жігіт ентигіп кетсе, келіншек жоқ. Не істеу керек?

Содан соң амалсыз күткен келіншегіне "курорттағы әжең қайтыс болды, тез жет" деп жеделхат жөнелтіпті.

— Ау, курортта сенің қандай әжең бар? — демей ме күйеуі ежірейіп.

— Ойбай, былтыр курортқа барғанда жататын жай болмай, бір әжейдің үйін жалға алып, ем қабылдағанбыз. Қамқорлығын көп көрдік. Барып қайтпасам болмас, — дейді келіншек.

Келіншегінен күдіктенген күйеуі сүйіктісінің қасына өз шешесін қосып жіберсе керек.

— Ақыры әуре болып бара жатырмыз. Апам екеуміз курортта демалып қайтайық. Курорттағы ем апамың да бір дауа,— дейді келіншек.

Сонымен енесі мен келіні курортқа келіп, жайғасыпты. Әрине, келінді күткен адам бар. "Апама жездем сай" демекші, кемпірге де бір өзіне лайық шал табыла кетсе керек. Әркімнің өз қызығы өзінде, уақыт өте шығады. Ене мен келін ауылдарына қайтады. Үйге жақындай бергенде келіні ұялғансып:



– Ене-ау, екеуміз де күнәға белшеден баттық, үйге қай бетімізді айтамыз? – десе керек.

Сонда енесі:

– Әдірем қалғыр, сен байыңа не деп ақталсаң, сол деп ақтал. Бірақ, мен әлгі өлген әжеңнің қырқына да, жылына да қалай болғанда да барамын, – десе керек.

Сол айтпақшы, соңыңнан жеделхат келіп тұрмай ма?

– Көтек! Не дейді? Сен де осындай ма едің? Егер сенбесең өзің де бірге жүр. Алайда сені қызметіңнен босатпайды ғой. Сондықтан "қарайлап жүр" деп Әтіркүлге табыстарсың. Екеуміз бір бөлмеге жайғасамыз ғой. Не бопты сонша? Жас емеспіз. Сенде бір жол жүрейін деп тұрғанда адамның көңілін бұзып... – деп Күлайша кемсендеді.

– Әй! Тый жасыңды! Әшейін ескертіп жатқаным да. Естіп жүрміз ғой. Талай жігіттен "курортқа барған келіншектің сау қайтқаны жоқ" дегенді естігенбіз. Ертең менің атыма да ұят. "Пәленшенің әйелі осылай екен" деген жақсы ат па? Аяғыңды қия басқаныңды естісем тірсегіңді қиямын. Ал, Әтіркүліңді ал да барып қайт курортыңа. Ақыры жолдама алып қойыпсындар ғой, - деп Қасымбек қисайды.

Күлайша күлімдеді. Артынша омырау тұсы дірілдеді. Қасымбекті бас салып құшақтап, диванға аунап бара жатты.

– Әй, жындымысың? Қайтеді ей, мынау?! Болды, қой. Ұят қой. Балалардың біреуі келіп қалар... – деп жатты Қасымбек.

...Күлайша мен Әтіркүл бір бөлмеге жайғасты. Спорттық киімдерін киіп, омырауды сәл аша түсіп, дәрігерге кезекке тұрды.

— О-о, жаңадан келген екенсіздер ғой, — деп дәрігердің алдында-ақ бір жігіт Күлайшаға жабыса түсті.

— Жаңағы менімен әңгімелескен жігіт қалай өзі? — деп бөлмеге қайтып келгенде Күлайша сылқ-сылқ күлді.

— Жаман емес сияқты, — деді Әтіркүл.

— Жаман болмаса кешке соларға қонаққа барамыз. Оның қасында бір жігіт бар екен. Ол сенікі, байқаймын мұнайлы өлкеден келген қалталы жігіттер, теңгеден тарықпайтын болдық, — деп Күлайша жоспар жасай бастады.

Сол күні ымырт үйіріле екі жігіт пен екі келіншек курорттың іргесіндегі ресторанда бір-бірлерін баяғыдан білетін жандардай емін-еркін ішіп-жеп, әзілдесіп отырды.

Жігіттің аты Қалдан екен. Бұған Күлайша іштей қуанып қалды. Өйткені, әйел сыры қырық қатпар емес пе, кейде байқамай "Қалеке" деп қалса, Қасекең онша тулай қоймас, — деп те ойлады.

Қалдан мен Күлайша вальс ырғағымен ұзақ биледі. Айтылмаған сыр қалмады. Шараптың қызуына өн бойы балқыған Күлайша кезінде күйеуі алып қашқанын, оны сүймейтінін, тек балалары үшін ғана бағын байлап, бөтеннің босағасында жүргенін жыр қылып айтып берді. Қасымбекті ол балаларымның әкесі деп қана сыйлайды екен.

Құшаққа өзі құлағалы тұрған қимас қалқадан айырылып, Қалданды енді жын қағып кеткен жоқ. Ол да сөзге шешен екен. Ғұмырында Күлайшадай жаны нәзік, жүрегі таза, ажары мен ақылы сай келіншекті тұңғыш көріп тұрғанын айтып бәсіресінің болттарын босата бастады.

Олар үстел басына оралғанда бірін-бірі жаңа

тапқан ғашықтардай жанарлары ұшқын атып тұрды. Бір-біріне аса ілтипатпен құрмет көрсетіп, Қалдан келіншекті орындығына жайлы жайғастырды. Мұнан соң да шанышқы, қасықты, рюмкені жалғап жібермек болып, қолдары түйісіп қалғанда, әлдебір ыстық тапты екеуі де айқын сезінді.

Биге тағы шыққанда Күлайшаның бүкіл денесі өрт болып жанып тұрғанын Қалдан да сезді. Сезбесе ол Қалдан болар ма? "Бүгін мендік боласың" деген бір ой қылаң бергені сол, жігіттің де өн бойы лапылдап бара жатты. Осыны сезінген Күлайшаның еріндері дір-дір етіп:

— Қаншама уақытымды көзсіз көбелектей босқа өткізгенмін, — деп Қалданға тығыла түсті.

— Міне, жаным. Ақыры кездестік қой, — деп Қалдан келіншекті бауырына тартты.

...Күлайшаны Қасымбек вокзалдан күтіп алды. Курорт жаққан ба, Күлайша ажарланып кеткендей болып көрінді. Мүмкін сағынғандықтан да болар.

— Қалай, ол жақта? Ем-домы қонды ма? Қалай демалдыңдар?

— Бәрі де жақсы. Өздерің қалайсыңдар, — деп аптықты әйелі, — Балалар қалай? Ауырмай жүр ме?

Үйге келгеннен соң Күлайшаны көңілсіздік басты.

— Курортта жасаған ем-дом қайдағы бір қырық жылдық ауруларымды қозғады. Сірә, жақпады-ау деймін. Денем дел-сал болып тұрғанын қарашы, — деп Күлайша ертерек жатып қалды.

Қасымбек мұны жолсоқты болып келдіге жорыды.

Келесі жылы тап осы уақытта Күлайша тағы да "Курортқа барып келмесем болмас" деп қыңқылдай бастады.

— Былтыр курорттан ауырып келгенің есінде ме?

Ендеше биылғы демалысында ауруханаға жатып емдел. Барлық жағдайы жасалған жеке палата тауып берейін, — деді Қасымбек.

Алайда Күлайша Әтіркүл екеуіне курортқа тағы да жолдама дайын екенін көлденең тартып, күйеуінің ұсынысын қабыл алмады. Сосын кезекті еңбек демалысында ауруханаға жатып емделіпті деген не сұмдық?

— Жарайды, — деп келісті Қасымбек, — Курортқа барсаң барып қайт. Былтыр да курорттан келген соң екі-үш күн ауырып, сосын жүдә жақсы болып кетіп едің ғой.

— Рас-ау, — деп жадырады жұбайы.

Артынып-тартынып балаларын, күйеуін қимай қайта-қайта сүйіп Күлайша курортқа кетті.

Қасымбектің кеудесін күдік кернеді. "Сағынған боп, артынан барып көретін екен" деп ішіне сыр түйді.

Арада бес-алты күн өткенде қас қарая Қасымбек курорттың кіре берісіне көлігін қаңтарды. Осындағы демалып жатқан адамдай айналасына жалтақтамай қыдырыстап жүрген болды да, алтыншы корпусқа қарай тартты. Мұнда Күлайша мен Әтіркүл орналасқан бөлмені адаспай тапты.

Бейуақта келген Қасымбекті көріп, Әтіркүл шошып кетті. Қасындағы дударбас "Әтіркүлдің күйеуі келіп қалды" деп жорып, тіл-ауызы байланып қалды.

— Күлайша қайда? — деді қатулы Қасымбек.

— Анда, анда, — деп Әтіркүл жын ұрып кеткен адамша қолдарын ербеңдетті.

— Қай бөлмеде?

— 405-те.

Қасымбек есікті сарт еткізіп жапты да, 405-ші бөлмеге қарай жылдамдата жүрді. Ол әуелі есіктің

сыртынан біраз тың-тыңдап тұрды. Әйелдің мекіренген дауысын естіп, тұла бойы ашудан қалш-қалш етті. Есік бәрібір оңайлықпен ашылмайтынын біліп, қара күшке салып, есікті бір тепті. Ол шалқалай ашылды. Кереует үстіндегі екеу түкті де түсінбей, көрпелеріне жармасты. Қасымбек көрпені жұлып алды. Күлайша күйеуін көріп, талып қалды.

Әрине, талып қалған әйелді одан әрі жәбірлеу еркекке лайық емес. Қасымбек үстел үстіндегі әлем-жәлем суреті бар бір журналға "Енді менің босағамнан аттаушы болма. Талақ. Талақ. Талақ" деп жазды да, қою қараңғылыққа сүңгіп бара жатты.

## "АТАУ КЕРЕ"

Замана лебіне қарай әр кезеңнің, әр дәуірдің өзіне сай модасы болады екен. Дер кезінде байқалмаса да мұндай томпақ дүние уақыт өте өз-өзінен аймандай болып, білеуленіп шыға келеді. Бір кездері біздің ауылда да азаматтық борышын өтеп қайтқан ағаларымыз өздері әскери қызметте болған аймақтан келіншек әкелуді модаға айналдырғаны соншама, мұның соңы кәдімгідей бәсекеге ұласты. Алақандай ауылымызда орыс, бурят, ұйғыр, күрді, украин, беларус халықтарының қыздары бірінен соң бірі келін болып топырлап түсіп жатты. Кеңес үкіметінің көрігі қызып тұрған шақ. Орталық жақтан өкілдер келсе интернационал ауылға атбасын тіреп, ұлтаралық туыстықтың тамыры тереңдеп тұрғанына тәубе айтып, таңырқасып жататын. Ол да бір дәурен секілді еді-ай!

Негізінен біздің ауылдың қарасирақ, шиборбай балалары бірыңғай қоңырқара болып келеді.

Жоғарыдағыдай әр ұлттан жеңгелеріміз көбейген сайын ақсары, сары, ақшылдау, көк көзді, жирен шашты інілеріміз көбейді.

– Мынау бурят келіннің баласы. Демек, Бұрқанбай шалдың немересі болды ғой.

– Оу, мынау Татьяна келіннің ұлы ғой. Бұл Майіш қайнағаның немересі.

– Сап-сары болған түріңнен айналайын. Гуля келіннің ұлысың ба?

Міне, осылай інілерімізді шешелерінен ауысқан түрлеріне қарай танып, ажырататын болдық. Бір тәуірі кілең қарақоңыр інілеріміздің ішінде нағашыларына тартқан туыстарымыз ерекшеленіп жүруші еді.

Бірақ, әңгіме туысқандарымыздың гендік ерекшеліктерінде емес. Қызықтың көкесін "шүршіт" келіндері әкелді.

Өлгі Майіш жәкеміз совхоздың бір отар қойына ие еді. Армиядан ұлы орыс келін жетектеп әкелген соң қайтеді, амал жоқ, өзіне көмекші етіп алды. Тарас көкеміз түр-түсі өзгешелеу, тілі тосын Татьяна жеңгемізге маз. Қалада қылтиып жүрген жан жарын "күні шақырайған айдалаға әкеліп, қой сауырына салпақтатып қойдым-ау" деген ой қаперіне кірмейді. Жақын мандағы Жаңатас қаласына жұмыс іздеп кетейін десе онжылдықтан әрі оқуды оңдырмаған. Қолында тым құрыса тракторист не слесарь деген куәлік жоқ. Ал, қала қолында куәлігі жоқ адамды қара жұмысқа жегіп қояды. Сондықтан, айранын ұрттап, қойын құрттап, шопан болып жүргені артық. Кей жылдары қой шүпілдетіп, қозыны көп туып кеп берсе озат шопан атанып, атағың бір шығып қалады. Жалпы, сол кезде шопандық деген атақ шығаруға таптырмайтын кәсіп еді ғой.



Осындай озат шопанның үйіне ферма басшылары келіп, машиналарынан аунап-аунап түсе қалмай ма? Татьяна келін бұл кезде шай қоюға, нан илеп, ет асуға, атасы мен енесіне аздап қазақша сөйлеуге төселіп қалған кезі. Енесі қазанға етті өзі салады. Келін шай әзірлейді. Осы кезде енесі келініне:

– Келін, а, келін! Атаңды шайға шақыр, – деп қалмай ма?

– Мақұл, апа! – деп келін киіз үйден шығып кетеді.

Әлден соң оның үй артында тұрып:

– Майіш, Майіш, кел үйге, шай іш, – деген дауысы жаңғырып, меймандардың құлағына жетеді.

– А, ку шүршіт. "Ата" десең ауызың қисайып қалады ма? – деп енесі үйден шыға жөнеледі.

Дегенмен, ене келініне "сабақты" тым кеш берген еді. Қонақтар ет жеп болғанша орыс келіннің мына қылығына түсіністікпен қарап отырғандай сыңай байқатады. Алайда, "отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарайды".

Татьяна келіннің "тапқырлығына" талайға дейін күліп жүрдік.

Буряттан келген жеңгеміздің аты Зоя. Тілі басқа демесең, түрі өзіміздің қазақтан аумайды. Келін болып түскен жылдары біразға дейін орысша шүлдіреп жүрді де, бірте-бірте қазақшаға тілі сына бастады. Зоя жеңгеміз мектепте біраз балаларды бөліп алып, орыс тілін үйретуге көшті. Өйткені, жоғары оқу орындарынан дәмелі талапкер орыс тілінен диктант жазуы тиіс еді. Ал, бурят келін орыс тіліне мүдірмейді.

Енді ересек балалар болғаннан соң біріне-бірі жанама ат қою сол тұста да бар-ды. "Мынау біздің апайымыз еді" дейді ме, ауылдың өңшең қағынған бозбалалары біріне-бірі: "Ой, түйе, сораймай

әрі отыр", "Ей, шошқа, қорсылдай бермесенші", "Тайқарбай, тайраңдай бермесенші", "Ей, ұры тазы! Жылмыңдауыңды қоймайсың, ә" деп сабақ үстінде де бірін-бірі қағытпай ма? Зоя жеңгей әуелгіде "бұлардың аты осылай болып келеді екен ғой" деп ойласа керек. Мәселен, орыстар Алаксандрды – Сапа, Евдокияны – Дуся дейтіні сияқты қазақтарда да балама есім болады екен ғой деп қорытса керек. Содан құрдастардың бірін-бірі атаған есімімен шәкірттерін ол да шақыра бастамай ма?

Бұрқанбай мен Талқанбай бір әкенің балалары. Сол Талқанбай жәкеміздің Әлібек деген ұлын құрдастары кейбір қылықтарына қарай "Тайқарбай" деп қалжындайды. Енді құрдастар біріне-бірі не демейді.

Ағайын болғаннан соң, оның үстіне есікпе-есік отырған соң Талқанбай жәкеміз інісі Бұрқанбайдікіне келмей ме? Екі шал отырып шай ішеді. Насыбай атысады. Зоя келін: "Саламатсыз ба?" деп иіліңкіреп сәлем берген болып, өз ісімен бола береді. Осы кезде үйге Әлібек ініміз кіріп келмей ме? Ауыл баласы, қазір қайдам, ол кезде үйге аяқ киімімен кіріп келе беруші еді. Әлібек те солардың сортынан. Екі танауы дүрдиіп, туфлиін ауызғы бөлмеге шешіп тастамай үйге кіріп келеді ғой. Ал, бұған қала көрген Зоя жеңгеміз қалай шыдасын.

– Боже мой, ой, Тайқарбай, туфлиді коридорға шешу керек, – дейді Зоя.

Екі шал біріне-бірі қарайды. Талқанбай жәкем енді ұлына Тайқарбай деген жаңа аттың телінгенін біледі. Бұрқанбай жәкеміз де бұл әңгімеден құлақтанған деп айта алмаймыз. Сонда да жаңа түскен келіннің атаның баласына, онда да сүт кенжесіне бұлай деуі енді ел

естімеген сұмдық. Талқанбай жәкеміздің қолынан кесесі түсіп кетеді. Сонда барып Бұрқанбай кемпіріне айқай салды.

— Әй, қақпас! Келініңді неге әдептілікке үйретпейсің. Атасының көзінше баласына тіл тигізді ғой, мына дені бөлек келінің. Бар, жоғал! Келініңді алдыңа салып келіп, атасынан кешірім сұрат, — дейді қалш-қалш етіп.

Біліс деген көкем бітімі бөлек беларус бойжеткенін келін қылып түсірді. Тіліміз келмеді ме, шын аты солай ма, әйтеуір осы жеңешемізді Гуля деп атап кеттік. Шіркін, енді мұндай сұлуды бұл аймақтан табу қиын. Тіп-тік денесі, аршын төсі, оқтай түзу қос балтыры талайлардың сілекейін шұбыртып, тамсандырары хақ.

— Осындай келіншегі бар Біліс бауырым бақытты ғой, — дейді ауылдастар.

Расында, Біліс бақытты еді. Гуля өз елінде жүргенде не істегенін өзі біледі, біздің ауылда көргенді келіндердің қатарына лезде ілікті. Тек мына бір оқиға болмаса.

Гуля жеңешеміз алғашқы құрсағын көтеріп, ай толғағы басталғанда әжелер оның сырғасын, жүзігін, білезігін, моншағын алғызып тастап, шашының ұшын тарқатып қойыпты. Бұл кезде аудан орталығына жеткізу үшін "жедел жәрдем" жете алмай жатса керек. Сонда қазақтың мына ырымынан шошынған Гуля:

— Апа, немене, мен өлемін бе? Билисикті кімге тастаймын? — десе керек.

"Ойпырым-ай, өзі өлейін деп жатып байын ойлаған қатынды бірінші рет көруім" дейді Қыздаркүл әжей кейіннен.

Осы Гуля бірінші перзентін босанып келгеннен соң баласын бесікке бөлемеймін деп біраз әуре-сарсаңға салғаны бар. Сондағысы бөбегінің өкпесі қысылады-мыс.

Біздің ауылда сондай-ақ Дуся, Надя, Ирина деген де жеңгейлер болды. Сиырды сауа, күлше нанды көме алмай, отағасының атын тура атап қойғаны болмаса бұл жеңгейлердің көбісі анау айтқандай ешнәрсе бүлдірген жоқ. Тек Надя деген жеңешеміз қайныларымен ойнағанда еркекше алысып кете береді екен, Тұрар деген көкеміз әкесін көзіне көрсетіп сабаған соң күреспек түгілі сөйлеуден қалды. Ирина деген инабатты жеңгеміз қысқа юбка киетіні, киноға жиі барғыштайтыны болмаса үй шаруашалығына тез бейімделіп кетті. Сирағы ұзын бұл жеңешем алғашқы інімізді туып бергеннен соң-ақ ұзын көйлек киіп, қазақы келін болып шыға келді.

Алайда, біз көресіні өзіміздің қазақ келіндерден көрдік. Мұрат деген көкеміз қалада оқып, дипломмен бірге бізге бір жеңеше де ала келді. Жеңешеміздің аты – Жұпаркүл екен. Қаланың қызы емес пе, орысша тәрбиеленіпті. Әлгі Дуся, Зоя, Валя, Ирина, Надя, Гуля, Татьяна жеңешелеріміз қазақшаны бір жылдың ішінде тәп-тәуір меңгеріп алып, қайныларымен қалжыңдасқанда талай ұрымтал жерде қатырып кетіп жатса, бұл Жұпаркүл үш жылға жуық тілін қазақшаға сындыра алмай зор болды. Үрләш шешеміз келіннің тіліне түсіне алмай, не оған айтқан тілін өткізе алмай қор болды.

– Апашка, – дейді кешке дейін ұйықтаған Жұпаркүл келін, – ужин дайын ба?

– Дайын, шырағым, дайын, – дейді Үрләш келінінің қазақшасына қуанып.

Мұрат енді түйсіксіздер тобында болмағанмен, есерсоқтар тізімінде бар еді. Ол Жұпаркүлді әкелген күні жас келінге аталарын көрсетіп:

– Мына кісіні – Ақсақ деп ата, мынаны – Шотыр де, ал ана көкенді – Тышқан де, – деп үйретіп шығыпты.

Негізінен Мұраттың әкесі Нысанбай көкем құрдастарына осындай аттар қойып алған жан еді. Қылжақбастық Мұратқа әкесі Нысанбайдан жұғысқан болуы керек. Енді мұны есітіп отырған Жұпаркүл жеңеше айылын жия ма? Бір күні үйге Тұңғыш ата келіп кіреді.

– Саламатсыз ба, Ақсақ ата! – дейді Жұпаркүл келін міз бақпай.

Ертесіне осы үйге кішкентай кезінде үсті-басына шешек шығып, бетінде дақ қалған Ахметжан жәкеміз кіреді. Мұраттың үйретіп қойғаны бар, Жұпаркүл жылп етіп:

– О-о, Шотыр атам келді! – деп үйге қарай шапқылай жөнеліпті.

Ауылдағылар Әбеннің көздері тышқанның көзіндей жылтылдап қана жүретіндіктен оны "Тышқан" деп атаушы еді. Бірде бұл кісі де Нысанбайдан насыбай атып, өткен-кеткенді әңгіме қылып шер тарқату үшін есегімен келіп қалмай ма?

– Тышқан атам үйге түйемен келіп тұр, – деп сүйінші сұрапты жеңгей.

Сірә, есек пен түйені ажырата алмағанына қарағанда онда ес жоқ-ау деп шамалағандайсыз.

Осы Жұпар қайныларына да қайдағы бір жоқ аттарды теріп жүріп табушы еді.

– Әй, ендігі басылатын кезің болды ғой. Жындылықты таста. Қайныларыңа "Ерке бала", "Мырзаға", "Кенже бала", "Төре жігіт" деген сияқты сыпайы аттар қойып ал, – деген Мұраттың сөзі талай мәрте мүлт кетті.

Жуырда Жұпаркүл жеңешем Мұраттың туған ағасы Мараттың ұлына "Маймыл" деген қосымша ат қойғанда

бүкіл ауыл болып есімізден ауысып кете жаздадық. Бір қорқыныштысы ауылымызда соңғы түскен келіндер осы Жұпаркүл сияқтылардың "тәрбиесіндей" маған қандай ат теліді екен?" деп үркіп жүрген біреу.

Кеше Көпірбай көкеме келіні: "Ата" деп әңгіме бастап келе жатыр екен, жәкем жалп ете қалыпты. Өйткені, Көпірбай көкемнің "тамақсаулығына орай құрдастары қойған "Атау кере" деген жанама аты бар еді...

## ШҰРҚ ЕТПЕ

Қазір тас лақтырсаң журналистің басына тиеді. Шымқала деген шаһардың өзінен 300-ге жуық газет-журнал шығады десем, шындықтың ауылынан шалғай жатқан жоқ. Бір таңқаларлығы, барлық газетті Бас редактор басқарады. Сонда бір қалада 300 Бас редактор бар деген сөз. Бұл аз ба, көп пе?

Мемлекеттік газеттің бір саласын монтиып қана басқарып жүрген шаруаторы, қиындықтан қайтпайтын, өмірі өтірік айтпайтын, жұрт "қаламының желі бар" деп мақтайтын көп журналистің қатарында едім. Бір күні "Айқай-шу" деген газеттің бас редакторы Жазарбай Азарбаев ойламаған жерден жолықты.

— Есің бар болса, жекеменшік газет аш. Қашанғы мемлекетке қызмет етесің. Енді өзіңе-өзің жағдай жасайтын кез келді,— деді Жазарбай.

— Сонда газеттің таралымы, табысы қалай болады? — деп сұрадым.

— Ол өзіңе байланысты. Газетінде сенсация, даулы материал неғұрлым көп болса, соғұрлым оқырманның саны артады. Газетінді жұрт іздеп жүріп оқиды. Екі



адам айтысар болса, оның бірі саған келіп пара береді. Сен іле-шала екіншісіне телефон соқ: Мұнда осылай деп жатыр. Сіз не дейсіз? – де. Ол да ұшып келіп, қол ұшын беріп кетеді. Так, что...Газетіңнің сол номерін шығаруға кететін қаржы өзінен-өзі келеді. Шұрқ етпе, өзің қожа, өзің би, қалта қалың, көңіл тоқ, мынауский күн көресің,— деп Жазарбай бас бармағын шошайтып көрсетті.

Енді "генерал болуды армандамаған солдат солдат емес" дегендей, Бас редакторлықты іштей де болса көздеп жүрген көптің бірі емеспін бе? Құжаттарды қаттап, министрліктегілердің бірен-саранын баптап, "Былықбай-шылықбай" деген республикаға тарайтын басылым деген куәлік алып келдім. Әрине, куәлік қолда, мөр сейфте, газеттің құрылтайшысы да, меншік иесі де өзім болғаннан соң аянайын ба, бұйрықты бұрқ еткіздім. Өзімді жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің Президенті, редакциялық алқаның төрағасы деп тағайындап, XI сыныптан соң салпақтап, не оқу оқымай, не әскерге бармай сандалып жүрген Сотқарбай деген ұлымды Бас редактор етіп бекіттім. Көңілді осылай бір демдеп, біраз шимай-шатпақтарды өндеп, болашақ газетімнің шикізатын әзірледім. Айтпақшы, бір мекеменің қаңырап тұрған кеңсесінің үш бөлмесін бізге босатып берді. Керекті заттарымызды, компьютерлерді бір бөлмеге орналастырып, түкпірдегі бөлменің есігіне "Президент" деп жаздыртып, ілдіртіп қойдым.

Негізі, бастық болған жаман емес екен. "Басеке, қандай тапсырма бар?" деп жас журналистерім сызылып тұрады. Университетте сырттай оқитын екі қызды қызметке қабылдап едім, соларға көңілім бұзылып тұрады. Қалай жазу керек екенін екеуіне

ұқтырған боламын, сөйтіп тұрып бір жеріме қара дақ жұқтырған боламын. "Оу, ағай, мына жеріңізге күйе тиіпті" деп киімді тазалайды. Менің денем, бір ысып, бір суып, әлдеқандай ойлар бүкіл санамды мазалайды. Кейде о жер, бұ жерлеріміз түйісіп қалады. Оңашада байқамай сүйісіп қаламыз.

Алғашқы нөміріміз шыққанда алақайлап ат шаптырып той жасамасақ та кішігірім отырыс ұйымдастырдық. Қыздар бір бөлмені жайнатып, шай қайнатты. Палау бастық. Талай бөтелкенің тығынын аштық. Жоқ жерден бар жасау оңай ма? Тұңғыш табысымызды қыздар мақтады. Олардың да бірінші нөмірде бар еді жазған шатпағы. Мен құттықтап, олардың беттерінен сүйдім. Олар да қалыспады. Сөйтіп бізден бір қиындық алыстады.

"Өзім батыр болған соң кімді аяйын" демекші, қаламы жүйрік журналист болған соң, газеттің алғашқы нөмірін оқырмандар іздеп жүріп оқиды-ау деген материалдарды тоқыттым. Оларды әуелі жол сілтеушім Жазарбайға оқыттым.

— Во! — деп ол әдеттегідей бас бармағын шошайтты.

Сосын осы қарқыннан танбау керектігімді қоса айтты.

Біз газетіміздің беташар, яғни тұсаукесер санында анау-мынау емес, қала әкімін сойып салдық. Бұл кезде көлік қатынасы қиындап, базарға барар жол жабылып, адамдар жаяу сабылып, жастары қағынып тұрған қиындау бір кез еді. Қыстай жауған қар суы еріп, арық-атыздарға сыймай ағып, көптеген жекеменшік үйлердің іргетасында іркілдеп, қала жұртшылығы осы үшін күңкілдеп тұрған-ды. Қаланың қалдық суы тұнық өзенге құйылып жатты. Орталыққа қоныстанып алған базар басшылары сыртқа шықпаймыз деп ереуілдетіп,

көпшілік қызыққа батты. Осының бәрін түбінен қопара жаздық.

Бұл күнде оқырман шақырып тұратын тақырыпқа әуес. Сондықтан "Қала әкімі қайда қарайды?", "Бұзақылар басынып барады", "Атаманды атып кетті", "Бір ауыл өзенге батып кетті", "Мылтық кімге кезенді?", "Әйелдің көзі неге көгерді?", "Құрылыс қирап жатыр", "Әкімдерді сайлап қою керек", "Басбұзарды байлап қою керек" деген сияқты тақырыптарды күпкіге салған қойша тоғыттық. Бұлар аздай, әруақ, жын-шайтандармен табақтас болған тектілер жөнінде, ұпатын тарелкамен басқа планетаға саяхат жасап қайтқан адам хақында тылсым өмірден тамыр тартып, бірнеше материалды ойдан құрап, бір бетті безендірдік. Несін айтасыз, газетіміздің алғашқы нөмірі қолдан қолға тимей, тез тарады. Оның үстіне Жазарбай жолдасым газетінді жарнамалау үшін тең жартысын тегін таратып жібер" деген.

Содан редакцияның телефонына қоңырау шалушылар көбейді. "Газеттеріңіздің келесі саны қашан жарық көреді?" деп сұрау салушылар қарасы қомақтыланды. "Өтірікті шындай, ауруды тыңдай етіп көпіртіп мақала жаза беріңдер" деп журналистеріме жөпелдеме тапсырма бердім. Өзім де қарап отырмай, бірқатар кемшіліктерді тердім. Енді ауызды облыс әкімінің өзіне салдым. "Бюджет қаржысы қайда кетіп жатыр?", "Құрылысқа бөлінген қаржы кімдердің қарынына түсуде?", "100 млн. теңгені қайда жымқырдыңыз, әкім мырза?", "Ішкі істер департаменті ішін бүгіп отыр", "Бұл қылмыстың артында кімдер тұр?" деген сияқты материалдар оқырмандар арасында кәдімгідей сенсация туғызды.

ұқтырған боламын, сөйтіп тұрып бір жеріме қара дақ жұқтырған боламын. "Оу, ағай, мына жеріңізге күйе тиіпті" деп киімінді тазалайды. Менің денем, бір ысып, бір суып, әлдеқандай ойлар бүкіл санамды мазалайды. Кейде о жер, бұ жерлеріміз түйісіп қалады. Оңашада байқамай сүйісіп қаламыз.

Алғашқы нөміріміз шыққанда алақайлап ат шаптырып той жасамасақ та кішігірім отырыс ұйымдастырдық. Қыздар бір бөлмені жайнатып, шай қайнатты. Палау бастық. Талай бөтелкенің тығынын аштық. Жоқ жерден бар жасау оңай ма? Тұңғыш табысымызды қыздар мақтады. Олардың да бірінші нөмірде бар еді жазған шатпағы. Мен құттықтап, олардың беттерінен сүйдім. Олар да қалыспады. Сөйтіп бізден бір қиындық алыстады.

"Өзім батыр болған соң кімді аяйын" демекші, қаламы жүйрік журналист болған соң, газеттің алғашқы нөмірін оқырмандар іздеп жүріп оқиды-ау деген материалдарды тоқыттым. Оларды әуелі жол сілтеушім Жазарбайға оқыттым.

— Во! — деп ол әдеттегідей бас бармағын шошайтты.

Сосын осы қарқыннан танбау керектігімді қоса айтты.

Біз газетіміздің беташар, яғни тұсаукесер санында анау-мынау емес, қала әкімін сойып салдық. Бұл кезде көлік қатынасы қиындап, базарға барар жол жабылып, адамдар жаяу сабылып, жастары қағынып тұрған қиындау бір кез еді. Қыстай жауған қар суы еріп, арық-атыздарға сыймай ағып, көптеген жекеменшік үйлердің іргетасында іркілдеп, қала жұртшылығы осы үшін күнкілдеп тұрған-ды. Қаланың қалдық суы тұнық өзенге құйылып жатты. Орталыққа қоныстанып алған базар басшылары сыртқа шықпаймыз деп ереуілдетіп,

көпшілік қызыққа батты. Осының бәрін түбінен қопара жаздық.

Бұл күнде оқырман шақырып тұратын тақырыпқа әуес. Сондықтан "Қала әкімі қайда қарайды?", "Бұзақылар басынып барады", "Атаманды атып кетті", "Бір ауыл өзенге батып кетті", "Мылтық кімге кезенді?", "Әйелдің көзі неге көгерді?", "Құрылыс қирап жатыр", "Әкімдерді сайлап қою керек", "Басбұзарды байлап қою керек" деген сияқты тақырыптарды күпкіге салған қойша тоғыттық. Бұлар аздай, әруақ, жын-шайтандармен табақтас болған тектілер жөнінде, ұшатын тарелкамен басқа планетаға саяхат жасап қайтқан адам хақында тылсым өмірден тамыр тартып, бірнеше материалды ойдан құрап, бір бетті безендірдік. Несін айтасыз, газетіміздің алғашқы нөмірі қолдан қолға тимей, тез тарады. Оның үстіне Жазарбай жолдасым газетінді жарнамалау үшін тең жартысын тегін таратып жібер" деген.

Содан редакцияның телефонына қоңырау шалушылар көбейді. "Газеттеріңіздің келесі саны қашан жарық көреді?" деп сұрау салушылар қарасы қомақтыланды. "Өтірікті шындай, ауруды тындай етіп көпіртіп мақала жаза беріңдер" деп журналистеріме жөпелдеме тапсырма бердім. Өзім де қарап отырмай, бірқатар кемшіліктерді тердім. Енді ауызды облыс әкімінің өзіне салдым. "Бюджет қаржысы қайда кетіп жатыр?", "Құрылысқа бөлінген қаржы кімдердің қарынына түсуде?", "100 млн. теңгені қайда жымқырдыңыз, әкім мырза?", "Ішкі істер департаменті ішін бүгіп отыр", "Бұл қылмыстың артында кімдер тұр?" деген сияқты материалдар оқырмандар арасында кәдімгідей сенсация туғызды.

"Дәніккен қарсақ құйрығымен ін қазады" деген. Газетіміз өтімді болған сайын сынды өкірткен үстіне өкірттік. Қызды-қыздымен Үкіметті, Парламентті де сынап жіберіппіз. Бірақ, ол жақтан ешкім қоңыраулата қойған жоқ. Соған қарағанда сынымызбен келіскен-ау деп топшыладық. Содан соң облыстық деңгейдегі ірі-ірі мекемелердің дау-дамайына араластық. Бір дөкейдің намысын қорғаймыз деп жан теріміз шықты. Ол көкеміз біздің қалтаға бірдеңе тықты. Сөйтіп жүргенде сотта сол көкемізге сүйкенген есерді есігіміздің алдына әкеліп жықты. Болып шықтық біз бір мықты.

Бірде "Қоқыр-соқыр" деген фирманың басшысы араша сұрай келді. "Қарық қыламын" деп құлағымызды бұрай келді. Сөзіне сеніппін, оған бекер еріппін. Бұл фирма "Өнімді өзіміз өндіреміз" деген жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қарыздар екен. Бірақ біз "Қоқыр-соқыр" фирмасының сөзін сөйледік. Арада көп уақыт өтпей жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің заңгері келіп, бізді сотқа бергенін айтып кетті. Көп отырмай тез қайтып кетті. Сот бізді әрі сүйреді, бері сүйреді. Ақыры кінәмізді мойнымызға бұра бастырмай ілді. "Өнімді өзіміз өндіреміз" ЖШС-нің өкілдері мұны естіп миықтарынан күлді. Әжептеуір қаржы жинап қалған едік, қалтамыздың түбі көрінді.

Алайда, "жығылған күреске тоймас" деген де бар. Газетімізді жауып тастамағанына қуанып, тағы да күжірейіп шыға келдік. Кеше бір әкімге "үстіңнен арыз бар" деп қоңыраулаттым. Ол: "Өзім барып жолығамын" деді. Елді осылай шулатып, кейбіреулерді тулатып жүрмесек несіне журналист болып, жер басып жүрміз.

Айтпақшы, алыстағы бір ауданда ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермейтін, құлашты алысқа сермейтін, әркімге найзасын сұғып жүретін, одан ел түгел қорқып



бұғып жүретін Бәдік деген арызқоймен айқара бетке бетпе-бет сұхбатын жарияладым. Содан бері "бұл газет кәдімгі, белгілі Бәдікпен ауыз жаласқан" деп бізге ешкім соқтықпайтын болды.

Бүгінде журналистер жиындарына бара алмаймын. "Бәлеқор газет" деп табалайды. Алайда, қызық қуғандар, екі қошқарды сүзістіріп қойып, ортасынан пайда көретіндер бізден асқан басылым таба алмайды.

"Қомағай" деген жақсы ат емес. Ал, бізге ел мүддесін ойлайтын газет шығару мақсат емес.

Шұрқ етпе, біз әлі талайлардың шаңын қағамыз. Сөйтіп, қаржыны тасқындатамыз әлі.

## **БІЗ САЯЖАЙҒА НЕ ҮШІН ҚАШТЫҚ?**

Бүгінде қонақтардың да түр-түрі қаптап кетті. Базбір қонақтар түнгі төрттерде тойып келіп, "тәртібінді" қарап кетеді. Енді бір меймандар шақырусыз келуімен қоймай, үйіндегі бар мүлкінді санап кетеді. Әбен сияқты арақ десе атасын ұмытатындар алдына бір жартылық қойсаң сені, Атымтай Жомартқа балап кетеді. Нұртай секілді мешкейлер барлық тамағынды түгесіп, тарелкелеріңнің түбін жалап кетеді.

Шайдың бірнеше сорты болатыны сияқты кезбе қонақ, езбе қонақ, қыдырма қонақ, бірнәрсеңді жытырма қонақ, міншіл қонақ, сыншыл қонақ, ешкімді менсінбейтін менмен қонақ, маңғаз қонақ, айналасындағының барлығына "осылар менің кім екенімді білмей отыр-ау" деп сыздана қарайтын бастық қонақ, сол бастығына басқа біреудің үйінде отырса да "ананы жейсіз бе, мынаны жейсіз бе, су

ішесіз бе, у ішесіз бе, арқаңызға жастық қояйын ба, сізге салқын тиіп қалмас па екен" деп жағымпазданып отыратын жастық қонақ, "балалар бірдеңе бүлдіріп қоймас па екен, қараусыз қалып еді" деп өзін де, өзгенің де берекесін ұшырып отыратын беймаза қонақ, "осылардың не дүниесі бар екен?" деп үйдегі дүниемүлікті түгендеп отыратын есепшіл қонақ, "жаңа ғана тамақ ішіп шыққан едік" деп дастархандағыдан түк татпай отыратын сырбаз қонақ, "ойбай, біздің бәйбіше тамақты былай істей алмайды" деп төңірегіндегілердің барлығын тып-типыл ететін қомағай қонақ дегендер де сапырылысып жүр. Қонақтардың бұдан басқа да бірнеше түрі бар. Енді қазақ қазақ болғалы қаншама ғасыр өтті. Соншама ғасыр қонақсыз отыра алмайтын халықтың меймандарының да неше атасы бар. Солардың барлығын санап шықпады деп сөге жамандамассыздар. Одан гөрі тұзы татымды бір әңгіме айтып берейін.

Кешкі уақыт еді. Тым-тырыс тұратын телефон ара шағып алған баладай баж ете қалды. Тұтқаны көтердім. Сосын үй иесі екенім есіме түсіп, аздап жөтелдім.

— Кім екен-ау?

— Біз ғой, Қайрат аға! Кеш жарық!

— Иә, ешкілерің арық, жайшылық па беймезгіл уақытта.

— Жайшылық. Жай болғанда мына Сәуле келініңіз "ағамды сағындым" дейді. Бала-шағамызбен сіздің үйге қарай шұбырып бара жатырмыз.

— Сәуле келін сағынса, келіп кетіңдер,— дедім амалсыз.

Бұл менің Аман деген жерлесім. Қалаға көшіп келгелі жерлес болып табысып, туыс болып жабысып

жүрміз. Енді бар ғой, Сәуле келін мыңболғыр жан. "Ағалап", "жеңгелеп" іші-бауырыңа кіріп кетеді. Келгеннен осы үйдің адамындай жұмысты жапырып тастайды. Осындай келін ағасын сағынып жатса "кел" демегенде не дейін?!

Расында аман болғыр Аман інім келінді алдына салып, төрт жүгермегін жетектеп жетті.

– Кішінікі – қалтада, үлкендікі – ортада. Аға, таксиге 700 теңге бере салыңыз, – деген соң келінімнен ұялып, үйге қарай тұра жүгірдім.

Менің жанторсығым да іші пысып отырған біреу. Өйткенмен оның да Сәуле десе шығарға жаны бөлек. Екеуі сүйісіп табысты. Мен де қолдан бермей намысты, таксиді шығарып салдым.

Қазанға ет салынды. Дүкеннен арақ-шарап көтеріп әкелдім. Ертең сенбі. Одан әрі жексенбі бар. "Ағалап" жүрген інім келген соң тарылайын ба, тартынбадым. Ағмағанбетті бірінен соң бірін тартсам да алқынбадым. Арақ ішті қыздыра бастаса, артынан сыра ішіп салқындадым. Аман да айғыр стаканмен арақты өңешінен әрі қарай бірінен соң бірін асырып отыр. Сірә, көптен бері қаңсып қалғанын менен жасырып отыр.

Не керек, түнгі төртте талықсып тоңқалаң астық. Қайда қалған бастағы жастық? Не істетпейді дейсің бұл мастық?

Басым быт-шыт, бетімді біреу трактормен айдап кеткендей жыра-жыра болып, сонда да аңсағаным сыра болып тұрсам, сағат он бірге ілініпті.

– Ту-у, бүйтіп рақаттанып ұзақ ұйықтап көрмешпін. Шіркін, ағаның алды ақ жайлау деген осы да, – деп Аман інім керіліп-созылып тұрып жатыр.

— Жуынындар да, дастарханды айнала отыра қалындар. Сендерге дайындаған нарын бар,— деді келіншегім Гүлмайдан.

Айтпақшы, осы келіншегімнің атының алдына "Гүл" деген сөзді бекер-ақ тіркеген. Жай ғана "Майдан" дей салғанда жарасып-ақ кетер еді. Осындайда ғана ашық-жарқын көрінетін Гүлмайдан кісі жоқта күнде соғыс ашып жүреді. Күйеуі мен түгілі, балалары, туыстары да одан қашып жүреді. Сондықтан да оның "соғыс министрі" деген жанама аты бар.

Сол "соғыс министрі" бейбітшілік жөніндегі бітімге қол қойған ба, әлде ашуы қайнап бітіп, ортайған ба, жоқ өзінен әл тайған ба, бүгін моп-момақан, жұп-жуас. Бәлкім, дауыл алдындағы тыныштық па екен? Мейлі, бірер күн болса да құлағымның тыныштығына не жетсін?!

— Ау, Гүлеке, мына қайныңа басжазарлық бірдеңе бар ма? — дедім өзімнің де басымның сынып бара жатқанын жөндемек болып.

— Әрине,— деп Гүлмайдан бір шөлмекті ортаға әкеліп қойды.

Бастың босаңсыған болттары бекіп, маңдай жіпсіп, еркін ауа жұта бастағанда Аман інім:

— Аға, осы сіздің моншаңыз істеп тұр ма? — деп сұрады.

Өткенде ғана өкіртіп ішіп, екі күн бойы қонақтап, моншаға түсіп кетіп еді, ұмытып қалған ба, әлде ағасына наз қылып отыр ма екен деп ойлап:

— Монша бабында,— дедім.

— Онда балалар от жақсын. Моншаға түсеміз,— деді інім.

— Ойбай-ау, монша жақпай не бітіріп отырмыз,— деп үлкен ұлыма алара қарадым.

Екі жәшік сыраны сылқитып, моншадан борша-борша болып шықсақ, Аман інімнің төрт баласы мультфильмдегі маймылдың тентектеріндей үйдің азан-қазанын шығарып үлгеріпті. Бір тентегі компьютер ойнап отыр, екіншісі – горшокта, үшіншісі – аяқ киімін пешпей, үйде атой салып шапқылап жүр. Төртіншісі – айналасына тәтті біткенді шашып-төгіп тастаған. Терезенің бір пердесі түбімен жұлынып түсіпті. Теледидардың астындағы тұғырдың есігі жұлынып қалыпты. Магнитофонның кассеталары шашылып жатыр. Енді Гүлmaidанның нағыз майдан ашатын-ақ орны еді. Өзіне Құдай сабыр беріп, Сәуле екеуі асханада шүйіркелесіп тамақ істеп жатыр.

Бұл күні де біздің үйде мейрам болды. Аман інім "ертең жексенбі ғой, үйде қарайтын мал жоқ. Есікті мықтап кілттеп кеткенбіз" деп жастыққа жантайды. Алдымыз демалыс болған соң армансыз сілтедік. Бұл күні де кеш жаттық.

Жексенбіде күн тастөбеге көтерілгенде ояндық. Ояндық та дастарханға таяндық. Бір уақытта қарасам, малтамды езіп отырмын. Сонда да Аманның бүгін де кете алмасын сезіп отырмын. Екі күн бойы тірліктен қалдырса да қонағын құдайындай сыйлайтын қазақ емеспіз бе "бір қысқа қоянның терісі де шыдайды ғой" деп төзіп отырмын.

Басы қалтаң-қалтаң еткен Аман інім орнынан зорға тұрды. Бұл түрімен үйіне жете алмасы анық. Оның үстіне Гүлmaidан да түн жарымында да қонағын отырады бағып. Сәуле келін күйеуінің шамадан тыс ішкеніне кәдімгідей жүдеп қалды. Қысқасы, олар тағы да біздің үйге бала-шағасымен түнеп қалды.

"Жексенбіде жиналып, жатақтарына жөнелетін

шығар" деп ойлағанмын. Сәске түсте оянған інім жеңгесін жағалап, мені ағалап жүріп басын жазып алды. Содан соң көршісі мен екі досын шақырып, кешке дейін карта соқтық. Гүлмайдан мен Сәуле зыр жүгіріп қызмет етті. Көршісі мен екі досының есі бар екен, кешкі тоғызда такси ұстап, үйлеріне қайтты.

– Жұмысқа таңертең ағаммен бірге барамын, – деп Аман үйде қалып қойды.

Қонақтың төрт бұзығы, біздің төрт тентек қосылып, үйіміз базар болды. Інім екеуміздікі тек басжазар болды. "Ойпырым-ай, үйлеріне қайтса қайтеді?" деп Гүлмайданым оңашада олардан азар болды.

Ілгеріде өзбек пен қазақ дос болыпты. Өзбек досы қазақтікіне қонақтап келіп, бір күн жатып қайтыпты. Кетерінде досын қонаққа шақырады. Қазекең көп ұзамай жетіп, қаннен-қаперсіз жатып алады. "Бұлардан қалай құтыламыз?" деп әйелі алаңдайды. "Бұл қазақ бас жемесе кетпейді, мал сояйық" дейді күйеуі. Ертесіне қазақ атына мініп қайтқалы жатқанда өзбек сыпайылығына басып: "Қайда асықтыңыз, тағы бірекі күн жатпадыңыз ба?" – демей ме? Сонда қазекең атынан аунап түсіп: "Атымды қайда байлайын" – десе керек. Қонағы бүйтіп тез көне кетеді деп ойламаған өз-ағам күйіп кетіп: "Тілімнің ұшына байла" десе керек.

Сол сияқты бір қазақ досына қонаққа келсе, күн бұзылып, қалың қар жауыпты. Жол жабық, қонақ қозғала қоймайды. Әрине, күннің жаманы кетеді. Ауа райы жадырап, күн ашылыпты. Осы кезде үй иесі: "Бала-шағаларыңыздан хабар алмайсындар ма?" – демей ме. Сөйтсе қонақ: "Балаларымызға жедел хат жібергенбіз. Бүгін-ертең келіп те қалар" – деп жайбарақат жатыр дейді.

Тағы бір қазақ досына қонақ бола барып, екі-үш ай



тапжылмастан жатып алышты. Ығыр болған үй иесі: "Ауылдарыңда өрт шығып, үйлерің түгел өртеніп кетіпті" – десе керек. Сонда алаңсыз қонақ: "Ақыры барлығы өртеніп кетсе, қайда асығамыз?" – деп жата кетсе керек. Содан бір күні қайтатын болыпты. Үй иесі бәйек болып "жата тұрмаңыздар ма?" дейтін көрінеді. Сөйтсе қонағы: "Дұрыстап демала да алмадық. Ылғи осы. От ала келген қатындай асығып жүреміз" – деп ашу шақырыпты.

Осыларды айтып едім Гүлмайданым күлімсіреді. "Ертең өздері-ақ кетеді" – деп ашуын ақылға жеңдірді. Сөйтіп мені де мылқау болуға көндірді.

Аманнан аман-есен құтылып, "yh" деп еңсе тіктеп отырғанымызда ауылдан Аңдабай туысым қатынын қолтықтап, күшіктерін жетектеп жетті. Балаларыма да бауыр керек, мәз болып қалды. Аңдабай апта жатып, ауылға зорға қайтты. Балалары әлі бірер күн қаланы араламақ болып қалып қойды.

Бұдан кейін Нұртай мен Әбен келіп кетті. Салқынбек таңертеңгі бесте келіп, бала-шағамызбен үркітіп, іркіт ішіп аттанды.

Сенбі еді. Тентегім екі езуі дүрдиіп жүгіріп келді.

– Әке, Аман көкем звондады. Сәуле жеңешем сізді, шешемді сағынып қалыпты,– дейді.

Мұндай күйінбеспін.

– Әй, қатын! – деп айқай салдым.

– Не болды соншама ақырып? Немене көзіңе сайтан елестеді ме?

– Ойбай, сайтаннан да сұмдық. Бол, тез, жинал, кетеміз.

– Қайда? Табан астынан немене астыңнан су шықты ма?

– Оттай бермей, жинал. Саяжайға кетеміз.

— Неге?

— Ана Аман қайның қоңыраулатыпты. Оны үйге келсе білесің...

Дарбаза есігіне "Біз бір айға курортқа кеттік" деп жаздық та, саяжайға тартып тұрдық.

Қазақ: "Қонақ келсе — құт" — дейді. Ал, біз "қонақ келе жатса құлақ естімейтін, көз көрмейтін біржаққа ертерек зыт", — дейміз.

Не болып барамыз осы?

## КӨБІКАУЫЗ

Көкезулер арасында халықаралық байқау өтсе бар ғой, біздің Көпірбай көкем точно талай мылжыңның аузын айға қаратып, бірінші болып келеді. Ол бір сөйлемесін, сөйлеп кеп кетсе, Сенбектің көксау тракторындай гүр-гүр етіп, оңайлықпен тоқтамайды. Оны тоқтату үшін алты қарыс аузына лайық қақпақты бұл ауылдан таба алмай, табанымыздан тозып жүргенімізге талай жыл. Кеңес Үкіметі кезінде совхоз директоры, партия комитетінің хатшысы, ауылдық кеңестің төрағасы, жергілікті кәсіподақ комитетінің төрағасы жаба алмаған аузына егемендікпен бірге еркіндік тиіп қалды.

Жуырда Жағышар деген жекжатымыздың кіші баласы үйленіп, оған Көпірбай көкеміз де шақырылды. Енді ауылымыз аралас, қойымыз қоралас, он бірінші, әлде он алтыншы атадан қосылатын туыс болған соң, Жағышар оны шақырмағанда кімді шақырмақ?! Оның үстіне Көпекең көбікауыздығымен қоймай, арызқойлығымен де атағы жер жарған бәлеқор болса.

Сонымен, ауылымыздағы үрдіс бойынша алғашқы той ашар сөз Көпекенге берілді. Көпірбай көкем әрі-бері керілді. Өзі өте көңілді. Бипазданып, салмақтанып ортаға шықты. Әдеттегідей, айналасына "осы сендер менің кім екенімді білесіндер ме?" дегендей адырая қарап қойды. Содан соң өрттен кейінгі тоғай тәрізді күйелеш-күйелеш, әр жерге шыққан басындағы ұйпа-тұйпа шашын тарап қойды. Жалақ болып қалған ба, тілін сумаңдатып шығарып, ерінін бірнеше рет жалап қойды. "Тойға түгел жиналдыңдар ма-ей" дегендей, сүзеген бұқаның көздеріндей қанталаған жанарларымен жиналғандарды санап қойды. Осылай топшып топты мысымен басып, сонысына көңілі тасып, кәдімгідей шабыттанған Көпекен шаңырақ көтеріп, отау тігіп отырған жас жұбайларға, тойға жиналғандарға арнауын бастап кетті.

– Ал, құрметті тойға жиналған әлеумет! Қылауы түспеген құдалар! Той-тойға ұлассын! Екі жас бақытты болсын! – деп айналасына аларып бір қарап алды.

Сөздің осылай қысқа да тұжырымды басталуына қарап, Көпекеннің батасын қысқа болады екен деп ой қорытып отырғанмын. Сөйтсем, салмақты көрінгісі келген көкеміз екен ғой бұл баяндамасының бастамасы. Соңында жатыр екен небір масқарасы.

Арақ, коньяк толы рюмкелерді соғыстыруға ыңғайлап, "уһ, бұған да жетер кез бар екен-ау" деп іштей қуанып отырғанымызда, көкем микрофонды қолға қайта алды.

– Ағайындар, мен өзі тегі көп сөйлемеймін ғой, екі жасқа үлгі-өнеге боларлық бір үзік әңгіме айтып берсем, мұным енді олқы болмас, – деді Көпекен.

– Мына көкезу тағы да жорғасына басты. Давай, жігіттер, екі жастың бақыты үшін алып қоялық, – деді шыдамсызданған Шағатай.

– Айналамыздағылар бізге қарап отыр. Немене әкенді арақ өлтіріп пе еді? Шамалы шыда, – деп Шағатайды келіншегі Фатима қара санынан ондырмай шымшып алды.

Сұлтанның рюмкесі аузына барып-ақ қалған екен, ұртындағы улы суға шашалып, мұрынынан бірдеңелер атқылап, қып-қызыл болып, барып-келіп отырып қалды. Оның келіншегі Тәжікул күйеуін түйіліп қалды деп ойласа керек, арқасынан ұрғылай бастады. Онсыз да араққа қақалып отырған Сұлтан боп-боз болып кетті де, сыртқа ата жөнелді.

Жұрт қайтадан Көпірбай көкемнің аузына қарады. Жиналған жұртының өзінің сасық аузына қарап қалғанын сезген Көпекен көсілді-ай дейсіз бір.

– Баяғыда, біздің бала кезімізде үлкендердің алдын кесіп өтпейтін дала заңы болған. Қазіргі жастар алдыңғы қиып өткенімен қоймай, жөні түзу сәлемін де қимады. Тура бір құдасымен амандасып тұрғандай "Сәлем!" – деп өте шығады. "Привет" деп сәлемдесетіндер де бар. Мен жастарға "Ассалаумағалейкум!" – деп сәлемдесіндер" – деп күнде құдайдың зарын қылып, ескертемін де жүремін. Бір жерлеріне қыстырмайды, пәтшағарлар! Осы біздің ауылдың үлкендерінде де ес жоқ. Балаларына тым құрыса амандасу әдебін үйретіп қойса қайтеді. Өткенде Әлібекті көрдім. Күні кеше Кеңес үкіметінің күлімен кіріп, отымен шығып жүрген көмөнес еді. Енді бір түнде әруақ қонып, әулие бола қалыпты. Сол Әлібектің баласы мектепте директордың орынбасары дей ме, әйтеуір маған сәлемдесуінен секем алып қалдым. Күні кеше әкесінің үстінен арыз айдап, алдыма талай жығып едім. Мына антұрған баласын да тәубесіне келтіріп қоймасам болмас. Мектепте күнде теңге жинайтыны өтірік пе? Өтірік дегендеріңіз

маған келіңіздерші, кәне?! Келе алмайсыздар, ә? Іштеріңіз сезіп отыр. Көпшілігің ертең балаларыңды университеттерге оқуға апарғалы қамтанып жүрсіндер. Ертең күндерің Әлібектің сүмелегіне қарап қалмақ. Сондықтан да мойындарыңды кірпішешендей іштеріне тығып алып, үндемей құтылмақсыңдар. Ой, өңшенездер. Содан соң осы отырғандардың балалары шетінен сотқар. Олай демей айтып көріңдерші, жүрегінде түгі бар біреулерің. Әне, мұны да айта алмайсыңдар. Өткенде мектепте "разборка" жасап, атысқан кімдер? Сендердің балаларың. Он бірінші сыныптың қызын зорлаған кім? Тағы да сендердің балаларың. Мектептің бүкіл терезесінің шыныларын шаққан кім? Тақтаға бор емес, бірбәлені әкеліп жаққан кім? Топ-топ болып төбелесіп, бір оқушыны пышақтаған кім? Жетінші сыныптың оқушы қызын "сүйемін" деп құшақтаған кім? Бәрі осы сендердің үрім-бұтақтарың. Сондықтан анау Әлібектің мұғалім баласынан бастап, барлығыңды итжеккенге айдатып жіберуге қолымда айғақтарым жеткілікті. Мен мұның барлығын неге айтып отырмын. Мына шаңырағын жаңа көтерген екі жасқа "балаларыңды осындай шолжаң етіп тәрбиелемеңдер" дегелі отырмын, – деп бір қайырды Көпекең.

Осы кезде Тұңғыш деген тамада Көпірбай көкемді кідіртпек болды.

– Ақсақал, сіз жиналыста отырған жоқсыз. Бұл – той. Сізден кейін де талай кісі сөйлеуі керек.

– Мына тақылдаған бәле қайдан келді? Сен өзің қандай көргенсіз адамсың, жастарға ақыл айтып, бата беріп отырған дап-дардай адамның сөзін бөле ме екен? Осы сенің де соңыңнан қоңыраулатып жіберсем бе екен? Өзің оқыған мұғалімсің. Балаларға тәрбие

берудің орнына қашан көрсек те той-тамаша қуып жүресің.

— Көке-ау, енді тамадалықты жұмыстан бос кезде атқарамыз. Бала-шаға бар дегендей...

— Білемін. Сенің де қарық қылып жүргеніңді. Менің үйдегі қойын дәптерімде сен туралы да қойыртпақ бар.

— Ойбай, қойдым, көке. Сөйлей беріңіз.

— Сөйлесем, мен өзі қысқа сөйлейтін адаммын. Енді қылауы түспеген құдаларға арнап бір-екі ауыз тілек айтайын.

Көпірбай көкем құдаларын да қатырды. Шіркіннің білмейтіні жердің астында. Құдалары жақта кімнің сотталып келгені, кімнің сотталғалы жүргені, кезінде кімнің не істеп, не қойғаны, барлығы қалың дәптерді қопармай-ақ, көкемнің қолтығының астынан шыға келді.

Бұдан әріге жастар шыдай алмады. Нұртай атып тұрып: "Горька" — деп айқай салды. Қыздар: "Ащы, ащы" — деп жатты. Шағатай мен Сұлтан алдындағыларды қағып-қағып салысты. Стакандар мен сыңғырлаған рюмкелер дауысы құлақ тұндырды. Енді жастарға ешкімнің "алып қойыңдар" деген үгіт-өтініші керек болмай қалды.

Арақ ішуден жарыс басталып кеткенде, Көпірбай көкемнің ауызы көпіріп әлі сөйлеп тұр еді.

— Мынадай көбіқауызды бұрын-соңды көрсем көзім шықсын, — деп Тұңғыш тамадалықты тастай қашты.



## ҮШ КЕҢЕС

Кеңес үкіметінен қалған совхозды сүлікше сорған Салқынбек семірген үстіне семіргенімен шаруашылықтардың тып-типылы шығып, түгесіліп бітті. Соның басында жүрген жұмысшыларға жуынды да қалмады. Совхоздың барлық техникасы Салқынбектің қорасына жиналды.

Бұл көкемнің асқазаны темірді де талғамай қорытады екен-ау. "Апитет" деп міне, осыны айт, шіркін", — деп Тұңғыш таңдайын тақылдатты.

Бірақ Тұңғыштың таңдайы түсе жаздапты екен деп Салқынбек те тізгін тартпайды. Ол совхоз малының тең жарымын өндірістік кооперативке өткізді де, өзі сол мекемеге директоры болып сайланды. Барлық суармалы жерді өзі иемденіп барып, көңілі жайланды.

Осылай жаны семіріп, жинағанын шетінен кеміріп жүргенде облыстан құдасы келді.

— Салқынбек құда, осылай өндірістік кооперативтің көлеңкесінде қала бересіз бе? Ендігі сіздің барар жеріңіз аудан емес пе? — деді құдасы бұған ой салып.

Бұл Сәкең кезінде аудандық деңгейде бірер қызметтің тізгінін ұстаған тісқаққан, тәжірибесі толықсыған текті басшы. Расында, енді аудан тізгінін қолға алса, кімнен кем? Аудан басқарып отырған адамдардың бұдан артық жері қайсы? Салқынбек сияқты екі көзі, екі аяғы, екі қолы бар олар да жұмырбасты пенде. Македонский сияқты мүйізі барын көрмепті. Ендеше құдасы айтқандай, "құласа неге нардан құламайды?"

Өндірістік кооперативтің дардай директоры Салқынбек Тойлыбекұлы сол күні есікті тарс жауып, құдасы Біліс Айдапсаловпен алты сағат астыртын ақылдасты. Шешім төмендегідей болды:

Атом мұз жарғыш кемесі сияқты барлығын да бұзып-жарып, көздеген биігіне қиналмай жетеді.

Сонымен, Маусымбектің де "маусымы" бітті. Орнына өндірістік кооперативтің төрағасы Салқынбек Тойлыбекұлы қырандай қалқып келіп, қонжиды. Айналасына өз командасын жинай бастады. Ауыс-түйіс көбейді. "Қарбытып жеудің бір әдісі осы ауыс-түйісте" деп құдасы әбден санасына сіңіріп кеткен еді.

Негізінен Салқынбек те сау сиырдың сортына сыйыса бермейді. Кезінде аудандық деңгейде бір талай қызмет істеп, соңынан "ішіп қойды, жеп қойды" деген сөз көлеңкедей ілесіп қалмаған соң, төмендей-төмендей совхоз директорлығына сырғыған. Мұнда да соңына дабыра ілесіп, "әне кетеді, міне кетеді" деп жүргенде құдай оңдап, Кеңес одағы ыдырап, бұл тізгінің жалында жармасып қала берді.

"Ауру қалса да әдет қалмайды". Салқынбек Тойлыбекұлы аудан әкімі болып тағайындалғанан соң да темірдей тырнақтарын тереңге батыра түсті. Анадан да, мынадан да қармап қалуға құныға кірісті. Аудандық білім және спорт бөлімінің меңгерушілерін "қылғытып" болып, олар арқылы мектеп директорларының шаңын қақты. Мектепке басшы тағайындау былай тұрсын, қатардағы мұғалім қабылдауға дейін араласты. Облыстық бюджет есебінен бір мектеп құрылысы басталып еді, оның бір бөлігі бармағының астында кетті. Аудан әкімінің құзырына сондай-ақ медицина саласы берілген екен. Мұнда да талай былық жасап үлгерді. Бәрінен бұрын орталық аурухананың бас дәрігері қызметіне тіс дәрігерін, аудандық денсаулық сақтау бөлімінің меңгеруші қызметіне акушер-гинекологты қойғанына көпшілік қайран қалды.

Аудан экономикасы ілгерілеудің орнына кері

құлдырап бара жатты. Бір күні аудан әкімі Салқынбек Тойлыбекұлына экс-әкім Маусымбек Біләлұлы келді. Ол Салқынбекке үш конверт әкеліпті.

"Бөліп-бөліп салмай-ақ, бір конвертке сыйдыра салуға да болатын еді ғой. Не қызмет сұрамақ екен?" деп ойлады Салқынбек.

— Сіздің аса қиналып жүргеніңізді сеземін. Сондықтан сізге үш бірдей конверт әкелдім. Мұны жаныңыз қиналған кезде ашыңыз. Екіншісін де солай жасаңыз. Ал, үшіншісін жұмысыңыз тіптен туралап, амал таппай қиналғанда ғана ашыңыз. Бұл конверттер сізді құтқарушы құдірет,— деп Маусымбек үстел үстіне үш бірдей конверт тастап, сыртқа беттеді.

Оларды Салқынбек қолына алып қараса, конверттер сандармен таңбаланыпты. Бұл кезде Салқынбектің де соңынан сайтан ілесіп қалған еді. Ол амалсыз бірінші конвертті ашып, оқыды. "Мені жамандай бер" делініпті онда.

Салқынбек әйелі ұл туғандай екі қолын ысқылап, айқай салды. Хатшы қыз әкім шақырған екен деп бөлмеге жүгіріп кірді.

— Сені кім шақырды? — деді оған әкім.

— Енді сіз айқай салған соң...

— Ешкім де айқай салған жоқ. Құлағыңыздың түбінен сайтан сыбырлаған ғой,— деді әкім жайбарақат.

Сол күннен бастап Салқынбек кеткен әкімнің ішін кептірумен болды. "Бәрін құртып кеткен, түк қалдырмаған, мен енді келе салып не істеймін?" деп екі алақанын жайды.

"Шындығында жаңа әкім келе салып жұмысты қайтыш жолға тез қоя салмақ? Әліптің артын бағайық" десті аудандағылар.

Жыл өтті. Жұмыс алға жылжыған жоқ. Жаны

қысылған Салқынбек екінші конвертті ашты. "Уәдені аямай үйіп-төге бер" делініпті онда. "Мұндай да ақылсыз болармын ба, расында неге уәдені аямай бермеске?" деп ойлады ол. Бұл жолы хатшы қыздың көзі шарасынан шығып кете жаздады. Абырой болғанда аман қалды.

"Өйтейін деп жатырмын, бүйтейін деп жатырмын" деген сырғытпа жауаппен және жылжып жыл өте шықты. Жұрт Салқынбектен күдерін мүлдем үзе бастады. Енді не істеу керек? Президент әкімдерге "Ел алдында есеп беріңдер" деп отыр. Тындырған ешнәрсесі жоқ. Елдің бетіне қалай қарамақ?

Салы суға кеткен Салқынбек суырмадан Үшінші конвертті суырды. Ең соңғы үміт. Маусымбек соңғы ақылға қонымды кеңесті осы конверт ішіне жасырған болар. Осы үмітпен аудан әкімі конверттің жиегін қайшымен әдемілеп тұрып кесіп шықты. "Ауданды өрге бастырудың жолдарын жан-жақты жазып, осы конвертке жасырған болар" деген есек дәмемен, оң қолдары қалтырап, бүктеулі қағазды ашып, оқыды. "Мен әзірлеп кеткендей дәл осындай үш конверт әзірлей бер. Ісің былығып кетті. Қызметтен кететін күнің таяу" деп жазылыпты онда.

Баяғыда бір жекжаты өмірден күдер үзіп, тәуіптен соңғы үміт күтіп, жәутендеп жатты. Тәуіп жекжатының тамырын ұстап, олай отырды, былай отырды. Ойланған болды. Бір кезде басын шайқап:

– Болмайды, дайындалыңыздар, – деп қойып қалды.

Жекжаты жүректен жатыр еді. Жарықтық осы сөзді күтіп жатқандай жүріп кете барды.

Салқынбек те тап осындай күй кешті. Ішінші хатты оқыды да сылқ етіп отыра кетті. Орынбасарлары оны

орындық астында сұлқ түсіп жатқан жерінен тауып алды.

Басшы болу оңай ма, "жұмыс-жұмыс" деп жүріп жүйкесінің жұлым-жұлымы шығыпты. Жүрегі жараланған. Тоқтап-тоқтап соғатын әдет тауыпты. Осының барлығын облыстық ауруханада жатқан Салқынбектің соңынан көңілін сұрай барғандар айтып келді. Салқынбектің аудан әкімдігінен көңілі қатты қалыпты. Сондықтан осыдан ауруханадан шыққан бетте облыстағы бір құзырлы мекеменің тізгінін ұстайды деседі. Расында, жүрегін жаралайтын, жүйкесін аралайтын мұндай жұмысқа босқа жегіліп қайтеді?

Айтпақшы ол орнына жаңа тағайындалған аудан әкіміне үш өсиет қалдырып кетіпті. Мұнысы енді "сасқан үйрек артымен сүнгиді" дегеннің кері-ау. Алайда, "аман ердің аты шығар" деген, тірі болса әлі талай қызығы мен шыжығына куә болармыз. Тек шыдамды болайық.

## БАЙЛАР ДА ЖЫЛАЙДЫ

Батырбектің даңқы бүкіл қаланы дүркіретіп жіберуге толығынан жетеді. Сонау Американың алпауыттары ғана мінетін соңғы үлгідегі автомашиналарды бірінен соң бірін алдырады.

— Бұл Батырбектің байлығы бүкіл қаланы сатып алуға жетеді, — деседі билетіндер.

Десе дегендей-ақ. Облыс әкімі, облыс прокуроры, облыстық соттың төрағасы, облыстық ұлттық қауіпсіздік комитетінің басшысы, облыстық ішкі істер департаментінің директоры сынды дәкейлер осы



кісінің шаңырағынан шай ішеді. Батекең Астана жаққа жиі барғыштайды. Енді осыдан соң оны осал еместігін пайымдай беріңіз.

Бірақ, Жаратқан иеміз соншама байлық берген жанның бір жерінен қысып тұрады деседі ғой. Батекең алшысты алқымдағанда қамшы сынды. Оның балаларынан жасырып ұстап жүрген екі-үш тоқалы бар-ды. Алайда, оларды бұл үйге әкелудің қисыны жоқ. Өйткені, "тығулы" тоқалдар шалдан алып қалуды ғана біледі. Ертең мына үйге бір енсе, қандай қылық шығарарын бір құдайым білсін?!

Бәйбішенің жылы өткенде өзімен түйдей құрдас Айдарбек ақыл қосты:

– Батеке, белің бүгіліп, еңкейіп отырған аузы сасық шал емессің. Әлі бетіңнің қызылы, беліңнің қуаты кете қоймаған. Балалар өзді-өзімен кетер. Шүйіркелесіп шай ісіп отыратын бір шүйкебес керек бұл үйге. Қане, не ойлағаның бар? – деді.

– Өзім де соны өзіңізбен кеңескелі жүр едім. Не ақыл қосасыз? – деді Батырбек.

Мұндай аузы дуалы адамның өзіне ақыл қосуды өтінуі пірге қол бергеннен артық бақыт. Айдарбектің басы айналды. Басы айналып-айналып, орнына келгенде бүй деді:

– Сіздей сұңқарға серік болар жан сұлулығымен қоса ақылды болуы тиіс. Көргенді жердің қызын алуыңыз керек.

– Бәрекелді! Менің де күткенім осы сөз. Сонда таңдау кімге түседі?

Айдарбектің сүрінген жері осы болды. "Міне, мына қыз" деп көрсете қоятын адамы алақанында дайын тұрған жоқ-ты.

Астан соң Батекең мен Айдекең айлап ақылдасты.



Сұқсырдай сұлу бойжеткен баршылық. Алайда, өзімен иығы теңдес кісілерге "қызынды маған бер" деудің қисыны қай жағынан тартсаңыз да келмейді. "Құда болайық" десе жөн басқа.

Өстіп екіұдай ойда жүргенде Айдекең алқынып жетті. Осында бір кісінің бойжетіп отырған айдай сұлу қызы бар екен. Қыз әкесінің қолы қысқа, жүдеулеу тұрады. Бір үйдің құрылысын бастағанына он жыл болған. Әлі толық бітіре алмай отыр. Өйткені, бір айлығына ғана қарайлайды. Мұғалімнің жалғыз жалақысынан өзге несі болсын?!

Арада екі күн өткенде мұғалім Әлібек өңі түгілі түсінде көрмеген зәулім үйде шай ішіп отырды.

— Қашанғы қатардағы мұғалім боласыз. Мектепке директор етеміз. Одан әрі қалалық білім бөлімінің бастығы қызметінің де төбесі қылтияды. Ана салып жатқан үйіңізді бұзып тастап (осы жерде Әлібек шошып қалды), орнына үш қабатты евростильмен жаңа ғимарат саламыз. Мұны әрі кетсе күзге дейін бітіріп береміз. Мына астыңыздағы жұлым-жұлымы шыққан "Жигулиді" тастаңыз. Сізге бұл жараспайды. "Джип" мініп жүріңіз. Балаларыңызды да қызмет баспалдағымен тезірек өсіреміз,— деп Айдекең әңгімені төтесінен бастады.

"Бұл не қылған батпан құйрық" деп Әлібектің аузы ашылып қалды. Сөйтсе бұлар жанындай жақсы көретін кенже қызы — Ажарға құрық салып отыр екен ғой.

— Сонда қай балаңызға айттырғалы отырсыз? — деп Әлібек үй иесіне сұраулы жүзбен қарады.

Батырбек қып-қызыл болып сала берді.

Содан тізгінді Айдарбек қайта қолға алды. Батекеннің басына бақ қонған адам екен, бірақ бәйбішесі қайтып,

берекесі болыңқырамай жүргенін тілі жеткенше бипаздап жеткізуге тырысты. Әлібектің басы қатты. Көнейін десе Ажарын қимайды, көнбейін десе енді мына Батырбектен бәрібір қашып құтыла алмайды. Оның үстіне мынадай бақ уыстан шығып кеткелі тұр. Ол қалай көніп қалғанын өзі де сезбей қалды. Ішкен вискидікі ме, басқаныкіні ме, басы айналды.

...Мұғалімді мүсіркеушілер көп еді. Оның табан астынан байып, балалары бірінен соң бірі бастық бола бастағанына былайғы жұрт қайран қалды. Бірақ елден қазір ештеңе жасыра алмайсыз. Әлібектің қалай "завгорОНО" болып шыға келгенінен бүкіл қала хабардар болды.

– Шіркін, Ажар десе ажар еді-ау. Байғұс қызды бір қаусаған шалға қор қылды.

– Батырбек келіншегін тіпті, балаларынан қызғана-тын болды. Бұрын үйіне келіп-кетіп жүрген кісілермен араласуды да қойыпты.

– Ажарды үйден шығармай ұстайды екен. Өзі қызметке кеткенде бөлмесіне құлыптап қамап кетеді деседі. Камера арқылы әйелінің не істеп жатқанын бақылап отырады екен.

– Үй күзетшілерін жиі ауыстыратын болыпты.

– Бір күзетшісін ауыр халде ауруханаға түсіріпті, – деген сөздер дауылдан бетер соққылады.

Бір таңырқататыны – Әлібек пен әйелі Батырбектікіне апта сайын барып тұрғанымен, күйеу баланың қайынжұртына келгенін әлі ешкім көре қойған жоқ. Ажарды да жібермейді. Қайыната мен қайын ене де онда көп кідіре қоймайды. Батырбектің қас-қабағын бағады. Күйеу көңілді болса ет жеп қайтады. Көңілсіз болса, қыздарымен жеңіл-желпі шай ішіп, қайтуға тез жиналады.

— Тозаққа салып қойдыңыз ғой. Сізді де біреулер ұстаз дейді-ау. Өзегіңізден шыққан өз балаңызға жаныңыз ашымайды. Басқаларға не үлгі көрсетесіз? — деп Ажар жылап қалады.

Үйден ауыр оймен шыққан Әлібекке "Джип" жылан сияқты көрінеді. "Неге теңіне тегін бермедім? Мұғалімдікпен-ақ жан бағуға болар еді ғой. Қазір жұрт көзіме көлгірсігенмен, сырт айнала сыбап кетеді. Тоғышар дейді. Ана күйеу бізді адам ғұрлы көрмейді. Бүйтіп жасаған жақсылығы бар болсын. Ажардың көз жасы жібере қоймас" деп Әлібектің іші қан жылап келе жатады.

Әрине, Батырбектің де өз есебі бар. "Жаман жерден келіншек алыпты" деп соңына сөз ілестірмес үшін, қайын жұртын жарылқап-ақ жатыр. Оның үстіне Ажардың да көңілін аулап қоюы керек. Ол Ажарды бір көргенде-ақ ұнатқан. Атқан таңдай ажарын айтсаңшы. Талшыбықтай бұралған құлын мүсіні ше? Ажарды алғалы бүгінде сары қарын болып қалған тығулы тоқалдарын да төңіректемейтін болды.

Бірде Ажар: "Күйеу болып әке-шешемнің үйіне бармайсыз. Екеуміз бірге барсақ олар қуанып қалар еді" деп назданды. Кәрі күйеудің жүрегі елжіреді. Жеңгеліндеріне қымбат дүкендерден қымбат киіттер алдыртып, есік ашып баруға жиналды. Қас-қарая олар жолға шықты. Әке-шешесінің қазіргі тұрмысын, жаңа үйді көріп Ажар таң қалды. Өйткені, кеткелі келіп отырғаны осы еді.

Күйеу әдеп сақтап бақты. Үйінде Ажар ана бөлмеге кірсе де, мына бөлмеге кірсе де аңдып отырушы еді. Енді өз үйінде қалай аңдысын.

Ет желініп болғанда Ажардың табан астында жоғалып кеткені жөнінде суық хабар келді. Отырғандар

дүрлікті. Үш қабатты үй, қора-қопсы түгел тінтілді. Ажар ізім-қайым жоқ. Бет-аузы қап-қара болып түтіккен Батырбек көлігімен үйіне түн жарымда ғана қайтты.

Арада екі жыл өткенде Ажар бір ұлымен үйіне оралды. Күйеуі Мұрат мектепте бірге жүрген жігіті екен. Екеуі ұялы телефон арқылы байланысқан. Батырбектің бай болып, қасында жатқаны болмаса, басқа қауқары жоқтығын Ажар сүйгенінен жасырмаған. "Ретін тауып, үйіңе кел. Арғы жағын өзім шешемін" депті Мұрат. Одан арғысы белгілі. Көз көрмес, құлақ естімес жаққа екі ғашық қол ұстасып, тартып кеткен.

Ажардың күйігінен Батырбек көп ұзай алмапты. Жүрек талмасынан қайтыс болған.

— Қырық жыл отасқан бәйбішесі қайтқанда шыдаған жүрек, қырық күн қасында жатқан кермеқас қашып кеткенде үзілгені қалай? — деп біреулер табалап күледі.

— Ех, шатақ шал біреудің уыздай қызын қорлап нең бар еді? — деп екіншісі өзгелер естіп қоймасын дегендей тұншыға күледі.

— Тоқал алғыш болып тайрандаған талайларға бұл сабақ, — депті Бәтима әжей.

Жұрттың тағы не дегенін термелеп қайтеміз, кезінде бүкіл қаланы атақ-даңқымен дүрліктірген марқұмның үйіне барып, құран оқып шықтық. Балалары "әкеміз өлді-ау" деп аса қайғырып тұрмаған сияқты. Қайта "тағы кім табалап кетеді?" дегендей жүздерін жасырып төменшіктей беретін сияқты көрінді маған.

Кейде осылай байлар да, олардың балалары да жылайды...

## ТӘРБИЕСІЗ ТҮС

Қауақ малын өрістетіп келіп, таңертеңгі шайына кіріскені сол, қасына сайтандай сап етіп кенжесі Сауап отыра кетті. Сүт кенженің аты – сүт кенже. Қауақтың сөзімен айтқанда "қоржын түбінде қалған соңғы патрон". Ендеше, ол тәтті болмай, кім тәтті болады.

– Көке, – деді Сауап еркелеп. – Бүгін бір ғажайып түс көрдім.

Қауақ елп ете қалды.

– Иә, балам, ол қандай түс?

– Мынауский!

– Мынауskejің не, маубасым-ау? Былай таратып айтпайсың ба?

– Айтсам, сәл нелеу...

– Өзі ғажайып түс болады да, тағы нелеуі несі?

– Біртүрлі ыңғайсыздау.

– Онда ғажап ештеңесі болмағаны ғой.

– Болғанда қандай, әке! Ғажайып дедім ғой, ғажап.

– Ендеше, адамның ындынын құртпай, айтсаңшы тезірек.

– Бұл өзі тезірек айтып тастайтын түс емес. Асықпай айтпасаң дәмі кетеді.

– Енді жау қуып келе жатқан жоқ. Таратып, терендетіп айт, түсінді.

– Қоймадыңыз ғой, тегі. Айтайын. Таң атып келеді екен. Таң шапағы әлемді тамаша бір түске бөлей түсті. Со-н-ау қырқадан қол ұстасқан екі адам түсіп келеді екен деймін. "Бұл өзі таңертеңнен не қылып жүрген жарлар?" деп үңіліп қараймын кеп. Сөйтсем, жеңешем екеуіңіз шешініп тастап, теңіздей тербелген гүлдің ішінде келеді екенсіздер.



– Әй, шешініп тастағаны несі? Сонда немене тыржалаңашпыз ба?

– Иә, солай. Үстеріңізде лыпа жоқ.

– Оңбаған! Осындай да түс көре ме екен адам? Мынадай тәрбиесіз түсті неге көресің, ә?!

Қауақ "соңғы патронды" салып қалатын әлдене іздеп, жан-жағына қарманып еді, қолына ештеңе ілікпеді. Сауап ыршып түсіп, әжесінің артына барып паналады.

Сауапты осындай дәрежеге жеткізген әрине, әжесі. Туған әкесін – "Көке", шешесін – "жеңге" деуге үйреткен Сықсима апасы. Ол "аф" дегенде Сауап аузынан сарт етіп түсе қалған. Ендеше Қауаққа "соңғы патрон" дес берер ме?

– Енді мен түсті таңдап көрем бе? Түсіме не кірсе, соны көрем де... – деп ақталды Сауап.

– Жақсы түс көрген, – деп араға түсті әжесі, – екеуің тыржалаңаш гүлдердің арасында келе жатсаңдар, келін қыз туады екен.

– Қайдағы қыз? Қайдағы туу? – деп бағжаң ете қалды Күлайша.

– Е, немене, тусаң әлі жассың, мен сияқты белі бүкірейіп отырған кемпір емессің. Қасында әлі жасы қырыққа толмаған байың бар. Сен тумағанда кім туады? Баяғыда біз сендей кезімізде сегіз-тоғыз ұл-қыздың анасы атанғанбыз. Сен екеуімен ғана шектелдің. Мына қыз байға кетсе, Сауапжан жалғыз қалмай ма? Сондықтан қыз да болса туып алғаның жақсы. Артынан Алла жазса тағы бір перзент сүйерсіңдер, – деді Сықсима.

– Түү-у, апам тым шұбыртып жіберді ғой. Мына екі немереңіз жетпеді ме, сізге, – деп анасын сабырға шақырды Қауақ.



– Жетпейді. Мына өзіндей Жұманға қарашы. Қатыны қырқында балпанақтай ұл тапты. Оның алдында бес ұл-қызы бар. Бір ұл, бір қызбен қақиып қалған сендерсің ғой, – деп Сықсима ұршығын қолына алды.

– Осы апам-ақ, маған тиіспесе отыра алмайды, – деп Күлайша көзінің жасын көлдетті.

– Таңғы шайымызды да тыныш іше алмаймыз, – деп Қауақ кесесін төңкерді.

Арада екі күн өткенде Сауап тағы бір түсін жорытқысы келді.

– Әжесінің баласы, тағы да мен гүл арасында тыржалаңаш келеді ме екем? – деп Күлайша "қайнысының" алдын орады.

– Жоқ. Бұл өткен жолғыдан да керемет түс.

– Айта қойшы, құлыным, – деп әжесі еміренді.

– Осы сіздің балаңыз, қайбір жетістіріп түс көреді. Өткен жолдағыдай былжырақ бірдеңе де, – деді Қауақ.

– Қайдағы былжырақ? Былжырақ түс болмайды. Ол алдағыны болжайды, – деді Сауап.

– Күнім сол. Менің балам ақылды, – деп Сықсима баласының басынан сипады.

Бұған Сауап екіленіп кетті.

– Түсімде, – деді ол ұзақ жалындырмай-ақ, – көкем керемет бір қалаға барыпты. Содан "Сауна" деген моншада аққудай бір арумен аймаласып...

Күйіп кеткен Қауақ қолындағы тарелканы Сауапқа қарай жіберіп қалды. Сауап дер кезінде бұғып үлгерді. Тарелка қабырғаға соғылып, быт-шыты шықты.

– Қаршадай болып алып осы бәле қай-қайдағы түстерді көреді. Бәрі сіздің кесіріңіз. Балаңызды бетімен жіберіп, – деп Қауақ шешесіне жәутендеді.

– Өткенде досыңыз Біліске мақтанып отыр едіңіз ғой. Қалада "Сауна" деген моншаға бардым деп. Мен соны көрдім, – деп Сауап ақталды.

– Е, бәсе, бұ шіркін неге қалашыл болып алды десем, осындай сұмдығы бар екен ғой, – деп Күлайша бүйірін таянды.

– Сен де бір баланың сандырағына сеніп... – деп Қауақ күлгенсіді.

– Әжесінің баласы өтірік айтпайды. Бір сұмдығыңды білдік, – деп Күлайша жылап жіберді.

– Жеңеше, сіз туралы да бір жақсы түс көрдім, – деді осы кезде Сауап.

Тығырықтан шығар жол табылғанына Қауақ қуанып кетті. Іле:

– Ол не түс? – деп суыртпақтап сыр тартты.

Бұл кезде Сауаптың табаны қызған еді. Әжесінің "қой енді, шырағым. Ойыннан от шығады" дегеніне карамастан түйеден түскендей топ еткізіп, түсін айтып салды.

– Мына жеңешем мектепте директордың кабинетінен шықпайды. Менің сыныпта жасаған бұзықтығымды сылтау етіп, Болысбек ағайға үзіліс сайын кіреді де, ұзақ отырады. Осыған ойластырып бір түс көрдім. Жеңешем... – дей бергенде Сауаптың басына жұдырық сарт ете қалды.

Оны ұрған Күлайша еді. Бұрын-соңды енесінің көзінше баласының басынан сипамайтын келіннің мына қылығы енді шектен шамадан тыс шыққандық еді. Енесі келініне алара қарады. Күлайша бетін басып, бөлмесіне кетті.

– Сауапжан, мынандай тәрбиесіз түстерді саған көруге болмайды деп қашанғы айтамын. Енді гәрі

түстерінді ешкімге айтушы болма, — деп шырылдады Қауақ.

Ішінен "е, бәлем ұсталдың ба? Қосымша сабағым бар" деп мектептен ылғи кешігіп келуші едің. Білдік, қандай қосымша сабағыңның бар екенін" деп Қауақ жұдырығын түйіп, келіншегі жатқан бөлмеге қарай асығыс аттанды.

## МЕН ТАУЫҚ КЕПЕГЕ ҚАЛАЙ ТҮНЕП ШЫҚТЫМ?

Темір жол вокзалына келіп түскенім сол, бір жігіт жүгіре басып жетіп, жүгіме жармасты. "Бұл қай туысым болды?" деп мен аң-таң қалдым.

— Танымадыңыз-ау ағасы,— деді елгезек жігітім менің ішкі ойымды оқығандай.

— Иә, айналайын.

— Мен проводник Пәрімбекпін. Өткенде де өзіңізге қызмет көрсеткенмін, аға.

Ішім жылып қалды. Ағасын танып, арсалаңдап қызмет көрсетіп жүрген мұндай інілерден қалай айналмайсың?!

— Алматыға ғой, аға.

— Алматыға.

— Онда 13-ші вагонға жайғастырамыз. Жақсы жерден орын беремін. Жақсылап демалып барасыз.

— Мен қалайша 13-ші вагонға мінемін. Әлі билет те сатып алғаным жоқ.

— Ту-у, аға-ай! Өтірік ақымақтанбаңызшы. Кассада бәрібір билет жоқ. Бәрін бронға беріп қойған. Одан да

менімен жүріңіз. Әрі кассир келіншекке жалынбайсыз, әрі билет те кассада арзанырақ.

— Сонда да мен кассаға бас сұғып шығайын. Бухгалтерияға іссапар куәлігіммен бірге билетті де тапсыруға тиістімін.

Проводник тарс кетті. Қол жүктерді сылқ еткізіп тастай салды. Оларды мықшындай көтеріп, касса алдына келдім.

— Алматыға дейін бір билет.

— Кешіріңіз. Поездың жүруіне 20 минут қана уақыт қалды. Осы мерзімге дейін қайда жүрсіз? Билеттер түгел сатылып кетті.

Студент кезімізде проводниктермен талай дос болғанбыз. Одан кейін де Пәрімбек сияқтыларға күніміз түскен. Кейде осылай билетсіз келсең, "орын жоқ! Комиссия тексеріп жүр. Сен үшін жұмыстан қуылар жайым жоқ. Аулақ кет!" деп вагонның табалдырығын аттатпайтын. Түк түсінсем бұйырмасын. Кассир "билет жоқ" дейді. Жолсерік "жақсы орынға жайғастырып, жан рахатына бөлеймін" дейді. Қайсысына сенейін.

Екіұдай болып тұрғанымда қасыма Пәрімбек қайта келді. Көздерінен "жаңа айтқанымға көне салуым керек еді ғой. Ал не болды енді?" дегенді анық оқыдым. Бірақ, оған "жәрдемдесе көр" деп айтуға бет жоқ. Қолымнан жетелеп, жұмаққа сүйреп бара жатқанда асау аттай жұлқынып, ноқта үзіп кеткен күнә өзімнен.

Алайда жолсерік жөн білетін, жаны жомарт жан болып шықты.

— Оқасы жоқ, аға. Жаңа айтқанымға көне салуымыз керек еді. Әлі де кеш емес. Жүріңіз, — деп ол қол жүгімді тағы да өзі көтеріп, алдыма түсті.

Ноқталы тайдай томпаңдап, жолсеріктің соңынан ілестім.

Ол мені бір купеге әкеліп кіргізді. Міне, қызық. Купе бос тұр. Тағы да таң қалдым. Мана кассир келіншек "билет жоқ" деген. Ал, мұнда... Дегенмен маған бәрібір емес пе? Алматыға алқынбай жетсем болды. Осыны ойлап төменгі орынның біріне жақсылап жайғасып алдым. Осы кезде купеге дабырлай сөйлеп және үш кісі кірді. Пәрімбек оларды орындарына жайғастырып, теңгесін алып, шығып кетті.

— Өзі бір мың болғыр бала екен. Пәрімбек болмаса бәріміз далада қалатын түріміз бар. Уф! Орын таптық-ау, әйтеуір,— деп қояды менімен көршілес кісі.

— "Алматыға бүгін аттанбасам болмайды" деп құдайдың зарын қылдым. "Билет жоқ" деп кассир келіншек бедірейіп отырып алды. Сөйтсек орын дегеніңіз ырғын. Мұндай бедірейген бәлелерден тезірек құтылу керек,— деп жоғарыға жайғасқан жолаушы пәлсафа соқты.

"Кемедегінің жаны бір". Поезға "қоян" болып кірген төртеуіміз жолға ала шыққан азық-түлігімізді ортаға қойып, тамақтанып алдық. Қарын тоқ, уайым жоқ. Әңгіме жол қысқартады. Аз уақытта таныс-біліс болып алған біз қысыр әңгімеге көштік. Жолсерікті жақтадық. Кассир келіншекті көзін көгертіп даттадық.

Ымырт үйіріле поезд бір қалаға жетіп тоқтады. Азығымыз азайып, жұтқыншағымызға бір нәрсе жетіңкіремей тұрған соң поездан көлге секірген бақадай топ-топ етіп, түсе қалдық. Төртеуіміз төрт жақтан сыпырған соң не қалады? Қоржынға біраз дүние салып, купемізге оралсақ, басқа біреулер жайғасып жатыр.

— Ау, бұларыңыз не? Мұнда біз бармыз,— деп төртеуіміз төрт жақтан аттан салдық.

— Кешіріңіздер, тап осы вагонға, тап осы купеге

билетіміз бар. Сенбесеңіздер мінеки,— деп жолдан қосылғандар билеттерін көрсетті.

Енді билеті бардың билігі жүреді. Амал жоқ, төмендегі төсектегі екеуміз орындарымызды босатып бердік. Осы кезде жүгіріп Пәрімбек те жетті. Біз оны бас салдық.

— Ағайындар, кешіріңіздер. Осы қаланың кассиріне "билет сатпаңыздар",— деп алдын ала ескерткенбіз. Тындамапты.

— Енді не істейміз?

— Нешауа. Сіздей ағалар үшін тағы екі-үш орынды бармаққа басып, тығып келе жатырмын. Тек ренжімей, сонда жылдам көшіп алсаңыздар болды.

Ренжігенде, ренжімегенде енді түннің әлдебір уақтысында, бөтен қалада жүктеріңді арқалап түсіп қала алмайсың? Амал жоқ, басқа купеге көшуге тура келді. Таныстар осында тоқайластық. Отырыс қайта жалғасты.

Аттың басын жіберіп, біраз сілтенкіреген екенбіз, купе есігі қағылғанда селк етіп ұйқыдан ояндық. Келген Пәрімбек екен. Ымдап мені шақырды.

— Аға, ұятты бір тірлік болып қалды.

— Немене, басың ауырып тұр ма?

— Одан да жаман.

— Сонда не? Енді уақыт өткізбей айтсаңшы.

— Айтсам, мына станцияда сіздер отырған купеге билет сатылып кетіпті.

— Мен енді не істеуім керек? Осы станцияда түсіп қалайын ба?

— Жоқ, аға! Олай істемейсіз. Қазір мен тұп-тура жолсеріктер үшін арналған купеме апарып, сізді өзімнің орныма жайғастырамын. Онда сізді ешкім мазаламайды. Жүріңіз.



"Жазған құлда шаршау жоқ". Жүктерімді арқалап, мен енді жолсеріктерге арналған купеге көштім. Бұл өзі іші тар демесеңіз, екі кісіге лайықталған жай екен. Өрі-бері көшіп шаршағаным бар, іштегі тентек судың тепкісі бар, жатқан бетте қор ете түсіппін. Көзімді ашсам поезд Алматыға кіріп келеді екен. Орнымнан тұрып, беті-қолымды жуған болдым. Заттарымды түгендеп едім, туфлиім алғашқы орналасқан купеден, шалбарым екіншісінен табылды.

Тамбурда купелестеріммен кездестім.

— Иә, қалай жеттіңіздер? — деп сұрадым олардың бірінен.

— Құрысын. Түні бойы купеден купеге көшіп жүрдік.

— Мені көршілес вагонға апарып орналастырды. Плацкарт вагон екен. Үшінші полькадан орын зорға табылды. Үштегі уыт қойсын ба, аунаймын деп үшінші полкадан құлап түсіппін. Аяғымды баса алмай тұрмын. Қабырғаларым да сырқырап ауырады,— деді екінші жолаушы.

— Әй, бұл Пәрімбекті періште проводник па десек, пәлесі көп екен ғой, — деп үшінші купелесім күрсініп салды.

— Ал, сіз қалай демалдыңыз? — деп сұрады менің жағдайымды білгісі келген жолаушының бірі.

— Сенесіздер ме? Мен тауық кепеде түнеп шықтым, — деп вагон текпешегінен төмен түсе бердім.

Үшеуі аң-таң болып, бір-біріне қарасты.

Алматыға аман-есен жеткеніме қуансам да, түндегі екі-үш жерге көшіп қону, тар купе есіме түсіп, теміржол вокзалынан ұзап кеткенше асықтым.

## ЖАТЫПАТАР

### ЖАМАН ОЙ

Екі кемпір немерелерін жетелеп, аулаға шықты. "Өлгенге дейін бағатындары" ойынға кіріскенде әңгіме былай өрбіді.

— Мына немерем арқамнан түспейді. Мен жоқ болсам, қасық су да ішпейді.

— Әдірем қалсын, о несі екен?! Менің немерем әкешешелерін көрсе болды, мені ұмытады.

— Сірә, әке-шешесі күректеп табатын шығар.

— Иә, тапқандарын балаларының аузына тосады. Сіздің келін мен ұлыңыз да мына тентекті жек көрмейтін шығар енді.

— Қайдам?

— Қайдамы несі?!

— Несі сол, келін осы немеремді тапты да "оқимын" деді ма-ау, "шоқимын" деді ма-ау, қалаға кеткен. Сол кеткеннен қарасын батырды.

— Ұлың ше?

— Келінді іздеймін деп кетіп еді, көшеде жан-жағына алаңдап жүрген жерінен сезіктенген біреулер темір торға тығып тастапты деп естідім.

— Е-е, аман екен ғой, әйтеуір.

— Иә, аманы аман ғой. Бірақ, келін мен ұлдың бірі оралғанша өліп қаламын ба деген келіп жүр маған жаман ой.

## БІР ҚҰДІРЕТ

Үй алдында екі шал насыбай атып отыр.

– Ассалаумағалейкум, аталар!

– Уа, алейкумсалам!

– Насыбай бар ма, ата?

– Бар.

– Онда шақшаңызды шығарыңыз. Атып жіберейін.

Жігіт ұзап кетті.

– Ау, жаңа менен насыбай сұрап, атып кеткен кімнің баласы?

– Жүсіпбектің мұғалім баласы ғой.

– Дайрабай ма?

– Сол.

– Оны қалаға барып, шпана болып кетіпті дегені қане?

– Ойбай, тыс-с. Естіп қалмасын.

– Кім естиді? Екеуміз ғана отырмыз ғой.

– "Үй артында кісі бар" демеуші ме еді. Есітіп қойса, пәлекет дей ме, рәкет дей ме, жинап әкеліп шаңымызды қағып жүрер.

– Бұл енді ауылға келіп, қалай мұғалім болып жүр? Сонысын айтасыңызшы.

– Әу баста Дайрабайдың дап-дардай оқуға түскені бар ғой. Бар. Содан казино дегенге бастық болған дейді.

– Казино дегені несі екен?

– Қаз және ине дегеннен шықса керек.

– Бұл жерде "қаз" бен "иненің" бір-біріне не қатысы бар?

– Қатысы енді құдалардікінен де қалың деседі. Ата-бабаларымыз "алтын шыққан жерді белден қаз"

демеуші ме еді. Казино дегенің де сол алтын сауатын жерге ұқсайды. Яғни құмар ойнап, теңге табады дейді.

— Ал, "инесі" несі сонда?

— Инесі енді ине. Осы жерде бірталай жастар инеге отырады деседі.

— Ойбай-ау, иненің үстіне отырса, жамбасына кірмей ме?

— Сен шал да осы? Қазіргі жаргонды білмейсің. "Инеге отырады" деп білегіне есірткі салдыратындарды айтады.

— Астапыралла! Осындай жын-шайтан ортасыннан ол қалай аман келіп жүр?

— Оны енді мен қайдан білейін? Мұғалім болып, бала оқытып жүргеніне қарағанда ерік-жігері мықты болды-ау, шамасы.

— Қай пәннен сабақ береді екен?

— Спорт және дене шынықтырудан.

— Ой, алла! Балаларды басқа нәрсеге шынықтырып жүрмесін.

— Қайдам?!

— Балаларға доп тепкізіп қойып, өзі ана Балықбайдың химиядан сабақ беретін қызының қасында көздері боталап отырады да қояды дейді ғой.

— О, несі екен?

— Білмедім. Бір құдірет бар ғой, бір құдірет.

— Иә, құдіреттің бар екені рас енді.

## БЕС РЕТ ҚҰДАЛЫҚ

Әкесі баласына ақыл айтып отыр. Ұлы жалыға бастады.

– Әке, бәрібір басқа балаларыңыз бір төбе де, мен бір төбе емеспін бе?

– Немене сонда? Олардан "ақылым артық тудым" деп ойлайсың ба?

– Енді ше? Бес рет үйленіп, сізді бас құда ретінде бес рет төрге шығарған жалғыз мен ғанамын ғой!

## ЖҰБАТУ

Момынның бесінші рет үйленген келіншегі перзентханаға түсті. Сол күннен бастап Момын ішіп кетті.

– Апа,— деп мұңын шақты келіні енесіне,— балаңыз мен осында жатқан соң бұрынғы әйелдеріне кетіп қалды-ау, шамасы. Міне, екі күн болды төбе көрсеткен жоқ.

Енесі үйге үнсіз қайтты. Келсе үйде Момын мас болып, ұйықтап жатыр. Ертесіне келініне тағы келген енесі:

– Келін, а келін,— деп айқай салды төменнен.

Терезеден келіннің басы көрінді.

– Сен бекерге күдіктенгенсің. Момынжан бұрынғы әйелдеріне бармапты. Ес-түсін білмейтін адамды олар неғылсын. Үйде жатыр теңкиіп.

## ТӘРБИЕ

Күйеуі мен әйелі ұрысып жатыр.

– Балаларды әбден жалқау етіп біттің. Бәрі де өзіңе тартқан. Сүндеттелген бала сияқты шалқасынан жатады да қояды.

– Сонда не істе дейсің маған?

– Жұмыс істетіп үйрет. Сылауды, сырлауды, әктеуді үйренсе, қолдарына жұғып қалмайды.

– Көп қабатты үйде оларды қалай үйретемін?

– Жер учаскесін ал.

Күйеуі жүгіріп жүріп, тұрғын үй салу үшін жер учаскесін алды. Үш ұлын да жұмысқа салды. Әйелі тағы айқайға басты.

– Белдері бесіктен шықпай жатып балаларды қара жұмысқа жектің. Ауыр жұмыс істеп, белдерінен шойырылатын болды. Сенің балаларға жаның ашымайды. Безбүйрексің. Оларға басқа әкеден туғандай қарайсың!

Мұны естіген ұлдары қолдарындағы құрал-саймандарды лақтырып-лақтырып тастап, үйлеріне қайтты.

Әке иленген лайдың ішінде бір өзі қала берді...



## ӘН АРНАЙЫҚ ДЕП ЕДІК...

– Алло!

– Да.

– Бұл "Сәлем" хабары ма?

– Иә.

– Иә, болса біз қызметкеріміз Арғынбек дегенге музыкалық сәлем жолдайық деп едік.

– Немене, оның туылған күні ме еді?

– Жоқ-ә! Ол антұрған күні бойы айқайлап әндетеді де жүреді. Саңқылдап күлгенде қабырғалар қозғалады. Қабырғалар қозғалған соң жүйкеміз де жарылады. Өткенде осы бәле ішіп келіп, қырып кете жаздады. Ол жұмысқа бес-алты күн келмей қалса, құлағымыз тыныш болар дегенбіз. Қайдағы? Ішіп алғанда қайта әнді бұрынғыдан да барылдап қатты айтатын болды. Тоқтамайды. Содан таңертеңнен кешке дейін құлағымызға мақта тығып алып отыратын болдық. Сырттан біреу келсе, құлақтағы мақтаны алып, айқайлап сөйлесеміз. Бұл өзі антұрған адам.

Біріншіден арақ береміз деп қолдан алқаш жасап алдық. Қазір қыз-келіншектердің әтіріне дейін ұрлап ішіп қоятын жағдайға жетті. Бұрынғы істеген жерінде де алқаштығымен қуылған куқұлқын екен. Содан арақ есіне түскенде айқайлап ән айтып, құлқынын тежеп жүреді екен ғой. Біз оны қайдан білейік.

Екіншіден, жұмыс істемейді. Еңбек кітапшасының сау жері жоқ. Бізді де бір төбе деп келген көрінеді. Ең ұзақ тұрақтаған жері – түрме. Бес жыл тапжылмай отырған.

Үшіншіден, жұмысымыздағы әйел атаулыға жүрегін ұсынып бітті. Оны енді жүрексіз қалмасын десек, тезірек басқа қызметке ауыстыру керек болып тұр.

Төртіншіден, бізге де түрмедегі тәртіпті орнатқысы келеді-ау. Бетіне қарағанды бас салып қылғындырады.

Осындай аса құрметті қызметкерімізге бір қаралы марш ойнай салыңыздаршы. Құлағың тыныш болғыр, осыдан соң бәлкім кеңсені басына көтеріп, ән салуын тоқтатар.

## КЕРЕК ЕМЕС ЗАТ

Анасы:

– Үйдегі керек емес заттарды сыртқа шығарып тастандар. Қане, нені пайдаланбай жүрміз?

Баласы:

– Келініңізді.

## ОТБАСЫНЫҢ ТҮТҚАСЫ КІМ?

Мұғалім:

– "Отбасы – шағын мемлекет". Оның тұтқасын кім ұстайды?

Оқушы:

– Мамам.

Мұғалім:

– Неге олай ойлайсың?

Оқушы:

– Өйткені, менің мамам папама: "Осы үйдің тұтқасын мен ұстап отырмын. Уысымнан сәл босатсам бет-бетіңмен тентіреп кетер едіңдер!" – деп күнде ескертіп отырады.

## КӨП МАҒЫНА

Мұғалім:

– Оңғарбаев, сен неге еркін тақырыпқа шығарма жазып келмегенсің?

Оқушы:

– Жазып келдім ғой.

Мұғалім:

– Соқ өтірікті. Дәптеріңнің бірінші бетіне "Апай!.." деген жалғыз ғана сөз жазғансың. – Сосын үш леп белгің не?

– Енді сіз "аз сөз жаз" дедіңіз, мен бір-ақ ауыз сөз жаздым. "Оған көп мағына сыйғызындар", – дедіңіз. Үш леп белгіге барлық мағына сиып тұрған жоқ па?"

## ЖҮРЕКТЕГІ ЖАРА

"Қырсық бір айналдырғанды шыр айналдырады" деген. Алғашқыда балтаны аяғына түсіріп, жаралап алды. Соңынан отыншы ну орманның ішінде адасып кетті. Қар қалың еді. Түнгі ызғар түсіп келе жатты. Егер пана таппаса, таң атқанша мұз болып қатып қалар түрі бар. Бақытына орай, алдынан Аю кезікті.

– Сен менің үңгірімді панала. Мен үйренгенмін ғой. Бір түнге шыдармын, – деді ол.

Отыншы Аюдың үңгіріне түнеп шықты.

– Қалай, жайлы жатып шықтың ба? – деп сұрады таңертең үңгір иесі.

– Рахмет! Тоңғаным жоқ. Бірақ, үңгірің сұмдық сасық екен. Таңға дейін зорға шыдадым, – деді отыншы.

Аю үңгірінің алдына тұра қалды.

– Бұл сөзден соң мені басымнан бір сал да, өлігімнің үстінен аттап кет, – деп ақырды ол отыншыға.

Отыншы көп ойланған жоқ. Балтасымен Аюдың басынан бір-ақ салды. Талып қалған үңгір иесінің үстінен аттап, жөніне кете барды.

Арада біраз уақыт өткенде қалың жынысты орманда Адам мен Аю тағы кездесті. Адам сасқалақтағаннан:

– Баяғыда балтамен басыңа ұрған едім. Жарасы жазылды ма? – деп сұрады.

Аю басындағы жүннің арасынан ескі жараның ізін көрсетті.

– Міне, – деді сосын. – Басымдағы жара баяғыда-ақ жазылған. Бірақ, жүректегі жараны айтсаңшы, әлі жазылар емес.

## "ҰЙҚЫДАҒЫ АРУ"

Автобуста бір бойжеткен ұйықтап келе жатты. Қасындағы әжей белі бүгіліп, орындыққа сүйеніп тұр. Әлсін-әлсін "ұйқыдағы" қызға жиі қарап қояды. Келесі бір аялдамада бойжеткен көзін оқыс ашты. Өзіне қарай қалған әжейді көріп:

– Неменеге сонша тесіле қалдыңыз? – деп шарт кетті.

– Осы қыздың ары қашан оянады екен деп жай ғана қарап тұрғаным ғой, қарағым, – деді кейуана сабырмен.

Қыз ләм-мим деместен аялдамадан түсіп қалды.

Оның ар-ұяты оянды ма, әлде тиісті аялдмасына жетті ме екен?

## МЫСЫҚТІЛЕУ

– Шіркін, біздің қаланың шұрық-тесік асфальт жолы жөнделмей-ақ қойса екен? – деді қосалқы бөлшектер базарының сатушысы.

– Неге? – деп үркіп қалды автокөлік жүргізушісі.

– Өйткені, қазір саудам жүріп тұр. Бір шұңқырдан қашамын деп мың шұңқырға түсіп, көлігін сындырып алғандар сауданы қыздырып-ақ жатыр.

## СОЛАЙ ЕКЕН-АУ...

– "Бейбітшілік" көшесі жаңылдырып бітті. Бұл өзі көше ме, әлде даңғыл ма? – деп сұрады жүргізушілердің бірі.

– Оны неге сұрадың?

– Өйткені, көшенің бір жеріне көше, екінші жеріне даңғыл деп жазылыпты.

– Сен де қызықсың, – деді жауап беруші, – Демек, даладай даңғырлап жатқан тұсы даңғыл да, көліктер кептеліп тұрған жері көше емес пе? – депті сонда жүргізуші.

## БҰҚА БАҚСАҢ НЕ БОЛАР ЕДІ?

Көпті көрген, көңілдегі сөзін бетке айтатын бір ақсақал жол-жөнекей малшынікіне соқса, үй иесі басын әзер көтеріп, самарқау сәлем беріпті.

– Қарағым, сен кім болып жұмыс істейсің? – депті оған ақсақал.

– Бұзау бағамын, – депті анау әзер сөйлеп.

Сонда ақсақал:

– Семіздікті қой көтереді, бақташы көтермейді екен-ау. Бұзау баққанда осындайсың, бұқа бақсаң не болар едің? – деген екен.

Сол айтпақшы, бүгінде қолына болмашы билік тие қалғандар мұрындарын көкке шүйіріп, жанына торсық байлатпайтын болып алды. Жақында ғана кішігірім мекеменің бастығы атанған өзімізге көптен таныс Бәйшікешке құтты болсын айта бардық. Хатшы қызы танауы аспандап болар емес.

– Сіздерді камерадан көріп отыр. Керек болсаңыздар, шақырады, – дегенді зорға айтты.

Камерасынан көрінейінші деп-ақ мойнымызды жалтыраған ұңғыға қайта-қайта созып қоямыз. Бірақ... Керек болмадық. Хатшы қыздың үстелінің астынан құмыға шыққан сылдырмақты естідік. Қыз дедектеп бастығына кіріп шықты. Сосын бізге кірпігін қадап тұрып: “Қолым тимей жатыр, кейін келсін” деп жатыр” – деді. Жаңа ғана “жалғыз отыр” деген еді. Ендігісі мынау. Бірақ бізді көретін камера жоқ қой. Сосын көндік.

Жоғарыдағы ақсақалшылап: “Ойпырым-ай, кішігірім мекемеге бастық болып едің, танауыңнан есек құрт түсіп қалыпты-ау. Ол құртқа қашан тояр екенсің? Бұдан да үлкенірек шенеунік болсаң, жұртты қырып жіберерсің-ау, сірә” дегенді іштей қайталап, кете бардық.



## ИМАНТАРАЗЫ

Ауылдан келген Адырбек қария автобусқа мініп, ұлының үйінен қызынікіне бармақ болды. Автобуста оған ешкім орын бере қойған жоқ. Сабақтан қайтқан бір топ студент самбырлап сөйлеп келеді.

– Кеше мен бір “жынды” ұялы телефон алдым,— деді жастардың бірі.

– Құлақтан теппеші-ей, кеше ғана тамаққа тәбетім жоқ деп жүр едің, оны қай қаржыңа алдың?

– Мен бір коммерсант келіншекпен танысып, соны “сындырдым емес пе?”

– Тұқымдарың көбейсін! Ойпырым-ай, осындай да сөз болады екен-ау?! Баламызды қалада мәдениеттілікке тәрбиелеп жатыр деп ауылда біз мәз болып жүрміз. Мәдениеттіліктерің осы болса, мәдениетсіздіктерің қайсы? Бұлардың быдыбыдысынан менің бәйбішемнің бақырғаны әлдеқайда мағыналы, имантаразы екен-ау. Жоғары білім беретін университеттердің оқытушылардың ауылға шынайлық тәрбие курсына шақырмаса болмас,— деп ақсақал келесі аялдамадан түсіп қалды.

## ТҰРА ҚАШТЫ

— Осы кептелгілерден-ақ көресіні көрдік-ау. Қазір көлікпен жүргеннен жаяулатқан әлдеқайда тиімді,— деп ашуланды таксист.

— Дұрыс айтасыз,— деп келісті жолаушы,— мен баратын жеріме тура бір сағат кешіктіріп келе жатырсыз. Сондықтан сіз маған айып төлеуге тиіссіз.

— Қызық екен! Мен сізді тасимын әрі айып төлеймін. Тапқан екенсіз, ақымақты.

— Саған дауа жоқ екен,— деді таксист.

Содан соң көлігін жол жиегіне тоқтатып еді, жол полициясының қызметкерлері айып салды.

Күйіп кеткен жүргізуші таксиді тастай салып, тұра қашты.

Бүгінде сол таксист базарда арба айдап жүр деседі...

## РАС-ЕЙ...

— Жұмбақ жасырайын ба? — деді төртінші сыныптағы ұлы жұмыстан келген әкесіне.

— Жасыра ғой.

— Алыстан көзді арбайды,  
Мас етіп, теңгенді жалмайды.

Бұл не?

— Ау, бұл әлгі түнде жүретін көбелек қыздар емес пе?

— Қызда басың қалсын? — деді жұмбақ жасырушының шешесі.

— Таппадыңыз, әке! Бұл шалғайдан шатастырып, ішімдікті насихаттап тұрған бильборд қой.

– Әкенің көз алдынан үлкен етіп әдемі қыздың суретін салған бильбордтар кезек-кезегімен елес беріп өтті. Оларда "ауыз су", "тәтті су" деп жазғанмен арғы жағында "ащы суды" мезгеп тұрғанын іші баяғыда-ақ сезетін.

## КӨЗІ КӨГЕРГЕН КЕЛІНШЕК

### *Қаз-қалпында*

Батырбектің жалғыз қарындасы шалғайдағы ауылдардың біріне тұрмысқа шықты. Арада біраз уақыт өткенде анасы:

– Неткен безбүйрексің? Ана қарындасыңның хал-жағдайын біліп қайтпайсың ба? Өзі де бізді сағынып жүрген шығар! – деген.

Арасында тойдан бері де біраз уақыт өтіпті. Батырбек жалғыз қыз болған соң ба, қарындасы Қарлығашты өте жақсы көруші еді. Сенбі, жексенбіні пайдаланып барып қайтуға жиналды.

Тосыннан келе қалған ағасын көрген Қарлығаш абдырап қалды. Біртүрлі бет-жүзін көрсеткісі келмей көлегейлей беретін сияқты. Андап қараса оң көзінің асты көгеріпті. Батырбектің басы қанына шапты. Алдында мүләйімсіп отырған күйеу жігітті ұрып жықты.

– Аға, ұрмаңыз оны! Не жазығы бар? – деп Қарлығаш шырылдап ара түсті.

– Немене мені түк сезбейтін мақау көремісің? Көзіңді не үшін көгертті? – деді Батырбек дір-дір етіп.

– Ой, соны да сөз деп... Сексеулді жарып жатыр едім бір жаңқасы ұшып келіп тигені, – деп Қарлығаш көзінің қалай көгергенін дәлелдеп жатты.

– Қалай-қалай қиыстырасың, ә! Одан да мына сүмелек ұрды демейсің бе? Мен оған басынғанның қандай болатынын көрсетейін. Мықты болсаң сексеулді өзің жармайсың ба? Қаршадай қызға отын жарғызғанша?.. – деп Батырбек орнынан тұрып келе жатқан күйеу баласына кіжіне қарады.

– Аға, рас айтамын, ол ұрған жоқ. Сексеуіл тиіп кетті, – деп Қарлығаш тағы ара түсті.

Мұнан соң Батырбектің ашуы басылайын деді. Күйеу бала бір қойды алып ұрып, алдына қуырдақ келгенде қабағы ашылайын деді.

Ертесіне күйеу бала мен қарындасы оны таксиге салып жіберді. Күйеу баланың қолтығына сүйеніп, тәтті жымыып қол бұлғап тұрған Қарлығашты көріп Батырбектің жүрегі елжіреді. “Күйе балаға бекер-ақ қол көтеріппін” деп өзін-өзі іштей жазғырып та қойды.

Шын мәнінде өткенде Шекербек жолдастарымен ішіп келіп, сиыр сауып жатқан Қарлығашқа шайды тез әкеле қоймадың деп орынсыз соқтыққан. Ақырында ұрып тынды. Енесі келіп ажыратпағанда, Шекербек екінші көзін де көгертер ме еді кім білсін. Бірақ ертесіне келіншегінен кешірім сұраған. Бәрін де қу араққа әкеліп теліген. Обалы не керек, содан бері араққа жуымай жүр. Үйге достарын да көп ертіп келе бермейді. үй шаруасына қарайласады.

Қарлығаштың сол кешірімділігін көрген атасы мен енесі оны бұрынғыдан да сыйлай түсті. Әрине, көзі көгерген келіншек ағасы келіп қалғанда күйеуін тәубаға келтіріп алуға да болар еді. Бірақ ол ғұмырын күйеуімен өткізеді, содан сәби сүйеді. Ұрса өз күйеуі. Еркектің оқта-текте осындай қораздығы болмаса, жараса ма?

Қарлығаш осыларды ойлап отбасы ынтымағын сақтап қалды. Шекербек онсыз да өткендегісіне өкініп жүр.

...Кафеде жас жұбайлар отырды. Үріп ауызға салғандай әсем келіншек өзін тым еркін ұстайды. Екі жас ортаға шығып көлде жүзген аққудай жарасып, дөңгелене биледі. Өуезді әуен біткенде жігіт оны орындығына әкеліп жайғастырды. Осы кезде олардың қасына тағы бір жұп келіп отырды. Бұл күйеу жігіттің таныстары еді. Әлден соң келген жігіт жас келінді биге шақырды. Вальс ырғағына дөңгелене билеген жұрттар өзара әңгімеге кірісіп те кеткен еді.

Қайта айналып келгенде жігіттер билеген қыздарына құрмет көрсетіп, орындықтарына жайғастырды. Үйге келген соң Гүлсім күйеуіне тиісті.

— Сен ана қызбен билеп жүргенде не жайында сөйлестің? Оны тіптен белінен тас қылып құшақтап алыпсың ғой, кездесуге шақырдың ба? — деді.

— Жындымысың? Ол досымның болашақ жары ғой. Оны не деп кездесуге шақыруым керек? — деп Жомарт күлді.

— Ендеше, неге сонша бір-біріңе ынтыға қарадыңдар? — деп Гүлсім көкбеттене түсті.

— Енді билеп жүрген соң адам бір-біріне қарайды да.

— Бәлкім, сүйіскен шығарсындар?

Жомарттың шыдамы таусылды.

— Иә, сүйістім. Қайтпексің? — деп қалды.

Гүлсім Жомарттың бетінен салып жіберді.

Жомарт та өзін ұстай алмады. Гүлсімнің көзі көгеріп қалыпты.

...Міне, енді екі жас судья алдында отыр.

— Бұл мені жәбірледі. Ұрды. Мұнымен тұра алмаймын. Бізді ажыратуыңызды сұраймын,— деді келіншек.

– Ойлануға уақыт беремін. Әлі де қабырғаңызбен кеңесіп көріңіз, – деді судья.

– Мен ойланып қойғанмын. Сіз тек бізді ажыратып қана қоймай, көзімді көгерткені үшін мұны соттаңыз. Тиісті жазасын алыңыз, – деді Гүлсім көк езуленіп.

– Енді ерлі-зайыптылар арасында мұндай-мұндайлар болып тұрады емес пе? Соған бола шаңырақты шайқалтпақсыз ба? – деді судья Гүлсімге үміт күте қарап.

– Мен басқа судьяға арызданамын. Сіздің үстіңізден шағым айтамын, – деп Гүлсім сыртқа шығып кетті.

– Осы жастарға не жетпейді? – деп судья ойланып отырып қалды.

## АБЫРОЙСЫЗ АТАҚ

Атақ дегеніңіздің өзі азапты ауру. “Атақ, даңққа бөленемін, сөйтіп елдің ауызында жүремін” деп күні-түні көз ілмейтіндер айықпас дерт жұқтырып алғанын сезбей де қалады, қашан көрсең ашкөзденіп айналасына ұрлана қарап жүреді. Мұндай кесірлі кесел жұқтырып алғандарды емдеудің тәсіл-айласын жер шарындағы ешбір ел әлі таба алған жоқ. Сондықтан оның қауіптілігі атың өшкір әлгі СПИД-іңізден де жоғары болып тұр.

Есберген деген көкеміз осы кесірлі кеселге ұшырағалы бері есін жия алмай жүр. Құзырлы мекемелерді жағалап: “Маған мынадай атақ беріңдер”, – деп алақан жаюын тия алмай жүр. Онысы аздай, сол атақ үшін араға ағайын салып, сүйіншіге атан түйе атап алаөкпе болып аласұрып жүргені алаңдатып тұр.

Атан түйе дегеннен шығады, Атанбек деген әкім



жігіт қарап жүрмей арандатып жүретіндердің сортынан еді. Сол қу “Көшеміздің ең зиялы адамы” деген бір атақ ойлап тауып, бүкіл ауылды бір-біріне алакөздендіріп тастады. Бүгінде алақандай ауыл бірнеше топқа бөлінді. Бұрын білмейді екенбіз, “бәріміз бір атаның баласымыз” деп жүрсек, біздің өзіміз қырық тарауға бөлінеді екенбіз. Қазір ауылдың адамдары ата-атаға жіктеліп, қауымдасып жүретін болды. Бөлектеніп біткеніміз соншама, егер балаларымыз арғы көшенің жүгермегімен сәл-пәл ойнаңқырап келсе, құтылмас дауға, бітпес бәлеге ұшырап жүр.

— Әй, ойының осылғыр-ау, сен бала таппағандай неге арғы көшенің бұзықтарымен ойнайсың? Ол саған қандай туыс еді? Біздің көшенің зиялысы Көпірбай көкеңнің қас жауы Сұлтан деген сорақы сол жақта емес пе? Ол Қытық руының Құлжасынан. Құлжадан Құтырған, одан Жытырған тарайды. Жытырған деген кезінде жауынгер болғанмен, ұрпақтары ұсақталып кеткен. Сол Жытырғаннан Құтылған өрбиді. Құтылғаннан Етексу шығады. Сен сол Етексудан тараған елдермен ойнайсың тағы. Бұдан былай сол көшеге қарай өткенінді көрейін, тұяғыңды сындырамын,— деп Біліс баласын санына қолбұрау салған құлындай шыңғыртты.

Оны көріп Жұман жетпегіріне жұдырық ала жүгірді. Салқынбектің де сайтаны ұстап, тістерін сақырлатып сүмелегін сұлатып салды.

Ауылда осындай түтесілмес тартыс жүріп жатыр. Негізінен ауылда он көше бар. Сол он көшенің адамдары жиырмаға жырылып отыр. Өйткені, әр көше жоғарыдағы атаққа екі адамнан ұсынып, мәселені тіптен ушықтырып жіберген. Оқиға осылай көз

ауылына қадірі жоқ қария екен ғой” дейтін болды ғой олар. Жоқ, мен бұған жол беріп қоя алмаймын. Қалай қылғанда да осы атақты мен алуым керек. Ана басқа жерден ауып келген Атанбек әкім де кеше шақырып алып: “Ақсақал, осындай да осындай, байқап жүрмін, бұл ауылда сізден асқан көшелі кісі көргенім жоқ. Бүкіл ауылды аузыңызға қаратасыз, тіпті, облыс әкімі Сізді іркіліссіз қабылдайды. Осындай беделді ақсақалға біз тағайындаған атақты неге қимаймыз?” деп еді. Сендер келіп қайдағыны сандырақтайсындар. Сонда сырттан келген әкім құрлы болмағандарың ба? Бұлай етсеңдер Астанадағы балама... кетіп қаламын,— деп Есберген өзіне қарасты аталастарының алдында шала бүлінді.

— Масқара! Ауылымыздағы азулы ақсақалдарды ренжітіп, Астанаға аттандырып жіберсек, ағайынға қай бетімізді көрсетеміз,— деп ағайын-жұрт ақылдары айран, ойындағылары ойран болды.

Ойласып-ойласып жиырма талапкерді бір үйге жинап, барлығына шапан жауып, алдарынан өтісті. Тамаққа сылқия тойып, ақаңа бөгіп алған кандидаттар “атақ үшін ақымақ болып кете жаздаппыз” деп төс түйістіріп тарасты. Басты Есберген бастап мүжіп, келгендер сыбаға жеп мәз болысты.

Ертесіне, Жаңа жылға екі күн қалғанда Атанбек әкім “Көшеміздің ең зиялы адамы” абыройлы атағы Есберген ақсақалға берілгенін хабарлап, ауыл зиялылары мен белсенділері бас қосқан алқалы жиында көкірегіне төс белгі қадап, қолына куәлік ұстатты. Тіптен, оң жақ бүйіріне дейін орап тұратын “Көшеміздің ең зиялы адамы” деген лента жасатқан екен, соны таққанда Есберген жәкеміз есі кете қуанды.

Сол күні Есберген ақсақалдың үйінде бір қошқар

пышаққа ілікті. Құтты болсын айта келушілер сол түні 12 жәшік арақ тауысып тарасыпты деседі.

Жығылған жиырманың да түгі кете қоймады. Есберген жәкеміз олардың әрқайсысының бетін жайын ауызымен жапыра сүйіп:

– Ендігі кезек сендердікі, – деп емексітіп қойды.

Мұнымен қоймай көргенділік жасап, кезек бергені үшін әрқайсысына сый-сыяпат жасады. “Мұндай айтулы оқиға күнде бола бермейді” десіп, көкелерінің алдын кесіп өтпей келісімпаздық көрсете білген жиырма көсілтіп ішіп, үйлерін таба алмай, ауылда бір-екі күн адасып жүрді.

Қазір техниканың жетілген тұсы. Алыстағы ауылда Есберген ақсақалдың атақ алғаны сол мезетте-ақ облыс әкімінің, облыстық мәслихат хатшысының құлағына тиді. Астанадан адам араластырып Есберген ақсақал “Облыстың құрметті азаматы” атағына облыстың қос басшысын иліктіріп қойған еді. Мына жағдайға тосын атаққа таңырқаған облыс басшылары ақылдаса келе “бір жылда бір адамға екі атақ беру қисынсыз” деп Есберген ақсақалды тізімнен сызып тастап “осы кісіге қиянат болды-ау” десіп жүрген басқа адамның аты-жөнін енгізді.

“Бүгін-ертең “облыстың құрметті азаматы” атанып, айды аспанға бір-ақ шығарамын” деп іштей күпініп жүрген Есберген кімнің тобықтан шалып жібергенін біле алмай күйіп-пісті. Қан қысымы көтеріліп, сол күні облыстық ауруханадан бір-ақ шықты.

Ол облыс орталығына шұғыл аттанып бара жатқанда, ең сенімді інілеріне: “Тойға дайындала беріңдер” деп тапсырма беріп кеткен еді. Ел ауызында сөз жатады ма? Бұл жасырын тапсырма сол күні-ақ ауылға жария болды.

– “Есберген” деп есімін бергенмен, бұл жәкемді Жаратқан ақылдан жұрдай еткен екен ғой. Абыройсыз атаққа сонша құныққанша, облыста омалып отырмады ма? – десіп қатарластары қарқ-қарқ күлді.

## КӨПРБАЙ КӨКЕМ ТОЙ ЖАСАДЫ

Қошқарбай інім кәдімгідей “жігіт” болып қалыпты. “Насыбайыңды әкелші, бір атып кеп жіберейін” дегенде, шалбарын шешіп, жалаңбұт шауып келіп, қасқая қарап танауы делдиіп тұра қалады.

– Тү-у-у, ащы екен ғой,– деймін “насыбайынан” иіс алған болып.

Кейде қалтамда тиын-тебен жүреді. Қошқарбай да қу ғой, насыбайынан аттырғаны үшін менен балмұздаққа теңге алады. Қашан қалауындағы теңгені қалтаңнан шығарғанша, белбеуін шешіп, тобыққа дейін түсіріп жіберген шалбарын қайта кимейді. Енді оны қашанғы жалаңбұт ұстарсың. Ұялғаныңнан қалтаңның түбін қағасың.

Міне, сол Қошқарбай інім мұсылман болып төсекте бір-екі күн монтиып жатты да, артынша шапқылап-шауып кетті. Ол шауып кеткен күннің ертеңіне Көпірбай көкем мені шақырып алып оңашалап ой айтты.

– Ынтымақ бауырым, інің күнде сүндеттеліп жатқан жоқ. Енді жігіт болған екен, дүрілдетіп той жасау керек. Бұрынғының-соңғының салты сондай. Азамат болған ініңе бір той жасап бере алмасам, адам болып несіне қара жерді жалпағынан басып жүрмін. Мына бес күндік жалғанда бір күн болса да бура болып өту керек

қой. Көрсін Көпірбай көкеңнің кім екенін мына жұрт. Көптен ағайын-туыс, құда-жекжаттың басын қосып шай бере алмай жүр едім. Бұған қалай қарайсың?! — деп бетіме ұзағырақ қарағыштады.

Жарықтық Көпірбай көкем-ай, жәутендеп бала сияқты монтия қарағанының өзі өзекті өртегендей-ау. Енді көкем “той жасаймын” деп құлшынып отырса қалай “қой” деп айта аларсың.

— Дұрыс, көке! Мына өмірде баласына бір той жасап бере алмай қаншама адам арманда кетті. Құдайға шүкір, талай адамға өткізгеніңіз бар. Ағайын-бауыр, құда-жекжатыңыз бар, аянбаңыз. Сіздің үйге бір той керек,— деп мен онсыз да айтақ қайданшығады деп елеңдеп отырған көкемнің шабынан түрттім.

— Әй, Қатпаш! Қатпаш деймін! Әй, ку саңырау, қайда жоғалып кетті екен? Осындайда қатын деген қасыңнан табылар болсапы,— деп Көпірбай көкем бір қолымен жер таянып орнынан зорға көтерілді.

Жеңгейді жетектеп ертіп әкеліп, жаңағы орнына қайта жайғасты да, Қатпашқа қарап:

— Мына қайныңның не дейтінін өз құлағыңмен тыңда. Саған айтпап па едім, той жасау керек деп. Одан сенің түгің де кетпейді. Аллаға шүкір, менің де елге өткізгенім бар. Шығынның барлығы қайтады. Ал, кемпір, той жабдығына кіріс,— деп тапсырманы табанда-ақ төпеп тастады.

— Ана қысыр биені соясың ба? — деді жеңгей.

— Әй, қай малды соятынымда не әкеңнің құны бар. Одан да қосар ақылың болса ортаға салмайсың ба? — деді Көпірбай көкем маңғазданып.

— Менде қайбір ақыл болушы еді. Сендер не десеңдер сол болады ғой,— деді Қатпаш.



– А, Құдай! Сені де адам деп ақыл сұрап отырған өзіме де обал жоқ,— деп көкем кемпіріне кіжінді.

Енді Көпірбай көкем айтпайды, айтса дегенінен қайтпайды. Ертеңіне ол өз кіндігінен тараған ұл-қыздарын, ағайын-туыстарын түгел жинап “мәслихат” өткізді. Той алдағы сенбіге белгіленді.

Қалталылар ғана таңдап түсетін әйдік мейрамхана таңдалынып алынды. Көпірбай көкем оңай шағылатын жаңғақ емес. Көптен тыққыштап жүргені бар, күйеу бала мен қыздың қосқаны бар, бір тойға жетерлік қаржы дайын болды. Тапсырма алып, табанымыздан тозып кеттік.

Қошқарбайға “алтын адам” үлгісіндегідей киім тіктіртті.

– Тентегім сол, әкесінің еркесі ғой бұл. Соңғы патроным, қартайғанда көрген қуанышым! – деп онсыз да шолжаң Қошқарбайды бұлғақтатып бақты.

– Ура! Әкем маған той жасап берейін деп жатыр! – деп Қошқарбай інім жаһанға жар салып, аттандап кетті.

Ол көрімдікке жиырма мыңдай теңге жинапты. Жүруге жараған соң сол теңгеге велосипед сатып алды.

– Қошқаржан, әпшуінді ауыртып аласың ғой, “велигінді” жайырақ айда,— деген әке-шешесінің сөздерін құлағына ілер емес.

Кеше көршісі Нұртайдың ала тайыншасын велосипедімен қуып жүріп соқты. Жұманның итін қуамын деп Жұманның өзіне барып соғылды. Жұман аяғын ала алмай бірер күн ақсап жүрді.

Не керек, той да басталды. Қошқарбайды алдын ала дайындаған жуас атқа мінгізіп, жылқының жүгенінен жетелеп, ортаға алып шықтық. Қошқарбай айналасына



куана көз салып, ат үстінде мығым отыр. Сол кезде асаба оны ат үстінен еңкейтіп, құлағына бірдеңе деп сыбырлады.

– Тойға келгендеріңіз үшін рахмет! – деді Қошқарбай.

“Мынаның есі бар екен ғой” деп қуанып қалдық. Сөйтіп тұрғанда ол тағы да микрофонмен сөйлеуге ыңғай танытты.

– Ендігі тойға мен қатын алғанда келіндер! – деді ат үстіндегі “жігітіміз”.

Жұрт мәз болды. Сұлтан: “Қаршадай болып қатынды қайтеді? Ана алжыған әкесінің үйретіп қойғаны да!” деп қасындағы Қалданның құлағына сыбырлап жатты.

Жұрт ду күлгенде жуас ат та жұлқынып қалды. Абырой болғанда нөқта-жүгеннен мықтап ұстап алған жігіттер жылқыны тырп еткізбеді. Қошқарбайды ат үстінен ағасы көтеріп алған еді. Ол ойбайлап қашып, атқа жолайтын емес. Сценарий бойынша енді оны атпен отырғандардың арасынан айналдырып алып шығу керек еді. Бірақ қорқып қалған бала атқа мінер ме? Жүдә болмаған соң Қошқарбайды жездесі Біліс мойнына мінгізіп, ортаға шықты. Мойнында дорба, оның үстінен қайнысы тепкілеп Білістің есі кетті. Дорбаға әркім қалауынша көрімдік салып жатты.

Мұнан соң тойды әулетіміздің үлкені бата беріп ашты. Сол-ақ екен, бөтелкелердің тығындары ашылып, әйда, ішуден жарыс басталып кетті.

– Қошқарбайдың “жігіт” болғаны үшін!

– Мұсылман болғаны құтты болсын!

– Той тойға ұlassын!

– Көке, Қошқарбайдың өзі айтқандай, енді ұлыңыздың үйлену тойына келейік!

– Шаршасаңыз, тек тойда шаршаңыз!

Осы кезде қайдан келгені белгісіз, Қошқарбай інім асабаның қасынан табыла кетті. Ал, асабаның қасында сөйлеген адамдардан тойана жинап Көпірбай көкем мен Қатпаш жеңгем тұр еді.

– Әке! – деді ол көкеме еркелеп.

– Ау, не балам?

– Мына Ынтымақ көкем “насыбай, насыбай” дей беруші еді, мұның өз аты бар екен ғой.

– Кім айтты оны саған?

– Енді Нұртай көкем солай деп тұр ғой.

– Ой, Нұртай көкең де, өзің де құры. Той өткізіп жатырмыз. Мешайт жасама. Бар ойнап кел! – деп кіжінді көкем.

– Не, той жасасаң маған жасап жатырсың. “Бар, ойнап келіңіз” не? Сонда бұл тойда мен жүрмегенде кім жүреді? – деп Қошқарбай інім ер тепкілеп жылады.

Көпірбай көкемнің үлкен жер Бибігүл Қошқарбай бауырын құшақтап оңашаға зорға әкетті.

Қошқарбай ортадан кеткен соң Көпірбай көкем құдасы мен қызметтестері арасында кезек жүгіріп алаөкпе болды. Өйтпеске шара бар ма? Екі жақ та керек адамдар.

– Басеке, мынау армян конягі. Баланың бақыты үшін алып жіберіңіз! – деп өзі тісбасар іздеп әлекке түсті.

Тойды кім үшін жасап жатқанынан жаңылысып, бастығымен әуре болып кетті. Ол да бір қайтпайтын қара нар екен. Ақыры Көпірбай көкем мен бастығы сүйісіп, зорға ажырасты.

Көкем енді құдалар отырған үстелге қарай ойысты. Мұнда да бәйек болып құдасы мен құдағиына бірнеше рюмке коньяк ішкізді. Құдасы өзінен бұрын бастығына барып, жарбақтаған көкемді жақтырмай қалған ба,

біразға дейін жібімей отырды да, “қой, бәрібір ат құйрығын кесісіп кете алмаспыз” дегендей, мұзы ери бастады. Осы сәтті Көпірбай көкем қалт жіберген жоқ.

Көпірбай көкем енді құдағиға “қармақ” салды. Оған да бірер рюмке коньяк жұтқызды. Қатпаш жеңешем келіп құдаларының алдына киіт қойып кетті. Құдағиының құлағына алтын сырға тағып еді, манадан бері томторыс отырған Күлайша күлімсіреп сала берді. Құда мен құда, құдағи мен құдағи сүйісі басталып кеп берсін. Мұнан соң құдалар биі басталды. Құдалар келіншектерін ауыстырып билеп, бір жырғап қалды.

Қошқарбайдың көктегірі үшін өтіп жатқан той көңілсіздеу аяқталды. Көпірбай көкем бастығым, құдам мен құдағиым деп жүріп ағайын-бауырды ұмытып кетті. Серік, Тортай, Жандар сынды інілері ізеттілік дегенді ұмытып, Көпірбай көкеме әлдене десіп қалды. Көрші-қолаң отырған жерге арақ-шарап жетпей қалыпты.

— Бүйтіп жинаған адамдарыңды алағайдай бөлген тойың бар болсын! — деп Ошақбай орнынан тұрды.

— Еш болмаса әкелген сыйымызға орай бірнәрсе ішіп кетейік,— деп Нұралы баласын тойға қызмет істеп жүрген жігіттерге жұмсады.

Тойға барса топалаң жасамай қайтпайтын Өсербай өтірік мас болып бірталай адамды қырып кете жаздады.

Той өтіп жатқан көктеп-көгергір Қошқарбай інім төбелес бастағанда қорқып, ұйықтап жатқан жерінен тұрып қашып кеткен екен. Бүкіл құда-құдағи, ағайын-туыс, жекжат-жұрағат, көрші-қолаң болып іздеп шала бүліндік те қалдық. Еш жерде жоқ. Ақыры полицияға хабарлауға тура келді. Көпірбай көкем уайым соқты.

Уфілеп күрсінгенде жүрегі айырылып түсіп қалардай. Тойшыл топтан береке кетті. Қуаныш соңы уайымға ұласты.

Сөйтіп улап-шулап жүргенде үйден қуанышты хабар жетті. Қошқарбай үйіне аман-есен барыпты. Алайда, “енді мен әкеме бала болмаймын. Тойда мені қайта-қайта ешкім айтқан жоқ. Төрдегі орныма Әбен атам отырып алды” деп түкпірдегі бөлмені ішінен іліп алып, қиғылық салып жатыр деп естідік. Иә, кенже ұлдың ашуы қатты.

Енді Көпірбай көкем бастап Қатпаш жеңешем қоштап, тойда іркіліп қалған таңдаулы топ Қошқарбаймен келіссөз жүргізуге кетіп бара жатырмыз.

## ТАРАУ-ТАРАУ ТҮСТЕР

Бозай Бұлдырықов басқан қадамынан, өзіне тіке қараған адамынан секем алып жүретін өте күдікшіл кісі. Кейде тіпті көрген түсінен жиырылып атылғалы тұрған әбжыланды көргендей шошынады. Ал, алдын қара мысық кесіп өтсе машинасын кері бұрып, бесалты көшені айналып барар жеріне жүрегі атқақтап зорға жетеді.

Оның қызметтегі ең сенімді серігі – Жарасқан Жыңғылбайұлы. Түндегі көрген түсінен шошынып, өңі қашып келгенде әуелі Жарасқан Жыңғылбайұлын шақырады. Жарасқанның енді түс жорығыштық, көріпкелдік қасиеті жоқ. Дегенмен, бастығының осал жерін жақсы білетін Жарасқан жұбатарлық, алданарлық сөз табудың асқан шебері.

Бүгінде Бозай Бұлдырықовтың түсі оңған шүберектей бозарып келді. Жуан денесі ірк-ірк етіп,

машинасынан аударылып-төңкеріліп зорға түсті. Кабинетіне кіріп, хатшыға бір шәйнек шай алдырды. Жарасқан жүгіріп жеткенде, Бозай бастығы алтыбасты айдаһармен алысып жеңген батырдай алқынып барып келіп отыр еді.

– Жарасқан жарқыным, отыр,— деп орындық нұсқады қызметкеріне.

– Рахмет! Бозай Бұлдырықович, қабағыңыздан қорқып отырмын. Тағы да жүрегіңіз бе маза бермеген? — деп Жарасқан бастығының ыңғайын ала сөйледі.

– Е, бұл жүрек босқа атқақтамайды. Бір нәрсені сезді де...

– Жайшылық па, бәсеке! Не болып қалды тағы?

– Қайдағы жайшылық! Азап! Түнімен жолбарыстың жон арқасындай тарғыл-тарғыл түс көремін. Өзі менің түстерім тарау-тарау. Құс жастыққа басты қоя бергенде алғашқысы басталады да, түн ортасы екіншісі, одан соң үшіншісі, төртіншісі, бесіншісі, алтыншысы аталадай араласып кете барады. Жесір кемпірдің қырық жамау көйлегіндей бірдеңе. Кейде шетелдердің шым-шытырық, қым-қиғаш фильмдеріндей неше түрлі атыс-шабысқа толы болып келеді. Сондықтан осы сорақы түстердің бастарын біріктіре алмаймын. Осы бүгін таңға жуық Шварцнеггердің өзі қуып жетіп, автоматымен жүрек тұсымнан атып кеп қалғанда, шошып ояндым. Жүрегім жарылып кете жаздады. Атқақтап әлі басылар емес. Содан бір уыс дәрі іштім де, жұмысқа жиналдым,— деп көкірегі сырылдап, біраз уақыт алқынып отырып қалды.

Жарасқан Жыңғылбайұлы бастығына: “Шошқадай семіріп бара жатырсыз. Сізге азу керек. Мүмкіндігіңіз молғой, спорткешеніне барып неге денешынықтырумен айналыспайсыз?” — деп айта алмай-ақ келеді. Оның да



жөні бар. Баяғыда бір отырыста Бозай бастығының бір құрдасы: “Саған азу керек қой. Таңертең ерте тұрып жүгірмейсің бе?” дегенде, бұл жатып келіп ашуланған. “Бұл семіздік дегенің – туа бітті жұғысты ауру. Әйтпесе, сенің ырысыңды ішіп жүрген жоқпын” деп құрдасына қатулана қараған. Содан бері Жарасқан бастығының бұл пікірімен таласқан емес.

– Бозай Бұлдырықович, жұмыс десе жаныңызды беретін басшысыз. Сол жұмыстың жайын ойлап, жайсыздау жатқансыз ғой. Немесе бастырылып қалдыңыз ба екен? Бүгінгі түстеріңізден түңілетіндей түк таппай отырмын, – деп Жарасқан бастығына кесе ұзатты.

Қаланың шетінде Тәшмат деген тәуіп бар. Ұлты – өзбек. Ұзақ жыл қазақтардың арасында өскендіктен қазақ тілін жетік меңгерген. Бозай мен Жарасқан оқта-текте жасырынып, Тәшматқа жолығып, бастықтың түсін жорытып тұрады. Жарасқанның ана жолы сол түс жорығыш – құмалақшының үйіне барғаны есінде. Бозай Бұлдырықович мұны қояр да қоймай, соған алып барып еді.

– Шыңдарына қарасаң, төбең шымырлайтын биік бір тауға өрмелеп барады екем. Шың басына эне жетемін деймін, міне жетемін деймін, жеткізбейді. Биікке көтерілген сайын тұман қоюлана түседі. Таудың ұшар басына жақындағанда байқаймын, аяқ тірейтін бүдір жоқ. Содан ба, аяғым тайып кетер ме екен деп қорқамын. Сөйтіп жүріп тау басына да шықтым-ау. Төмендегінің барлығы алақандағыдай көрінеді. Таудың оң жақ етегіне қарасам, кілең ирелендеген жыландар, қаптаған құрт-құмырсқа. Сол жақ етегінде жылқылар жайылып жүр. Оңтүстігінде қызметтестерім маған дүрбімен қарап тұр. Солтүстігімде жоғарыдағы



басшыларым “осы қайтер екен” дегендей, селқос қарайды. Содан мен таудың қай етегіне түссем екен деп, ойланып қаламын. Шың басынан түсіп келе жатқанымда аяғым тайып кеткендей болып, жүрегім оқыс бұлқынды да шошып ояндым. Сөйтіп таудың қай етегіне түскенімді білмей қалдым, – деп Бозай тәуіпке түсін қаз-қалпында айтып берді.

Тәшмат та тәпсісін ары аударып, бері аударып ұзақ отырды. Оның үнсіздігі ұзаған сайын Бозайдан береке кетіп барады. Осыны байқаған Жарасқан тәуіп Тәшматтың бүйірінен түртті.

– А-а! – деп ұйқысынан шошып оянғандай болған Тәшмат алдында көздері жәутендеп отырған екеуге “сендер әлі осында отыр ма едіңдер” дегендей, ажырая қарады.

– Иә, бұл түсті қалай жоруға болады? – деп Жарасқан жорға бастығының алдына түсіп кетті.

Тәшмат “осылардың түсін жорып берсем бе, бермесем бе?” дегендей, тәпсісімен әуреленіп отырыңқырап қалды. Жарасқан тәуіптің қалтасына екі мың теңге сүңгітті.

– Бұл өте жақсы түс, – деді Тәшмат тәкашпарланып. Алдындағы екеу “Сүйінші! Шешең ұл тапты!” деген жақсы хабар естігендей елпендеп қалды.

– Биік тауға көтерілгендерің жуырда қызметің бұдан да биіктейді екен. Әрине, биіктеген сайын айналаң тұманданатыны – көре алмаушылар көп, аяқ тірейтін бүдір жоқ дегенің – сізді ешкім де қолдап отырмаған сияқты. Өз күшіңізбен, қабілет-қарымыңызбен көтерілесіз. Ал енді төмендегі көрінгендер – достарыңыз бен қастарыңыз. Жылан, құрт-құмырсқа дегеніңіз түске енсе жақсылыққа жору керек. Әулиелі жерлерге барғанда алдыңнан жылан шықса, жолыңның

болатыны сияқты түске енген жыланның да жақсылығы бар. Бірақ жылқы өз тұяғы сияқты қатты болады. Бұл — дұшпандарың. Түсіңіздің тәуір болатыны шың басында тұрып, оянып кетуіңізде. Әйтеуір, төменде көрінген төрт жердің ешқайсысында қалмадыңыз ғой. Демек, жоғарылаған соң досыңыз да, қасыңыз да көбейетінін, солардан сақтанып жүру керектігін меңзейді бұл түс. Сондықтан алдын ала сүйіншіңізді дайындай беріңіз, — деп Тәшмат қолындағы кітабын жапты.

Түстің теріс бағыт алып тентіреп кетпей, түгелдей жақсылық жағына қарай жантайғанына екеуінің де жаны кіре түсті. Бозай қойнынан әмиянын алып, көріпкелдің алдына бүтін бес мың теңгелік тастады. Тәшматқа қайта-қайта рахметтерін жаудырып, жұмысқа оралған.

Осы түс жорыту оқиғасы ойына оралған Жарасқан:

— Бозай Бұлдырықович, өткенде Тәшмат тәуіп “қызмет баспалдағымен тағы да жоғарылайсыз” демеп пе еді. Осы хабар тосыннан келіп, жүрегіңіз жарылардай қуанарсыз бәлкім, — деп түстің тәуір жағына қарай бағыт түзеуіне жетелегендей болды.

Расында, сол бір түсім сұмдық салиқалы түс еді-ау. Оны неге ұмытып кеткенмін. Ана сапожник Сұлтан киномеханиктің үзік-үзік фильмдеріндей жамау-жамау түстерді көп көргеннен соң, адам шатаса береді екен ғой, — деп Бозай Бұлдырықовичтің өңіне қан жүгіре бастады.

Шай суып қалған екен. Хатшы қызды шақыртып жаңалатты. Екеуі ұзақ отырып сырласты. Ыстық шай ішіп, маңдайының қатпар-қатпары жазылып, денесінің құрысқан-тұрысқан тұстары басылып, ашыла түскен

Бозай бұлдырықтың тезегіндей шашырап кеткен түстерін қайта түгелдей бастады.

— Жарқыным Жарасқан, өткенде көрген бір түсім кеше Тәшмат тәуіптің алдында есіме түсіп еді. Айтуға қорықтым. Енді бір жүдә ұяттау түс. Жеңешен екеуміз баяғы жаңа қосылған жылдардағыдай бір көлдің жағасында үстімізде бір елі лыпа жоқ ұмар-жұмар жатырмыз. Көлдің суы соншалықты тұнық. Су астындағы тастарына дейін анық көрініп жатты. Содан шылып еткен дауыстан оянып кетсем, жеңешен үлкен шараға ыдыстарды толтырып салып, жуып отыр екен,— деді Бозай.

— Ойбай-ау, бәсеке, мына түсіңіздің тәуіптің алдында бекер айтпағансыз ғой. Тегі сынықтан басқаның барлығы жұғады. Осы Тәшмат тәуіптің алдына бара жатып, өзім де түс жорығыш болып алдым, білем. Бұл түсіңізді өзім-ақ жорып берейін, бәсеке, — деді Жарасқан.

— Ал баста!

— Бастасам тұнық көлде шомылып жүргендеріңізге қарағанда, барлық ауыртпалықтан арылады екенсіз. Тазарасыз! Үстіңізден “ішіп қойды, жеп қойды, туыстарын ғана өсіріп жатыр” деп арыз жазушылар тыйылады. Ал жеңгемізбен ұмар-жұмар болуыңызға қарағанда, келініңіз немере сыйлағалы жүр-ау осы! — деп Жарасқан атының арынын зорға басты.

“Расында, мынаның тұспалдарында дәлдік бар” деп Бозай іштей сүйсінді. Жарасқан өткенде бастығының үйіне барғанда, жаңа түскен келіннің кеңдеу көйлек киіп жүргенін байқап қалған. Ал Бозай мұның сұғанақтығын сезіп отырған жоқ. Жарасқан болса ішінен: “Мынаның түсі не деген жаман еді. Түсінде

тыржалаңаш жүрсе, кебін киіп келмеске кетіп қалмас па екен. Онда менің күнім қараң-ау” деп ішкі ойынан шошынды. Сөйтіп отырып: “Түсті алғаш қалай жорыса оқиға солай қарай өрбиді” дегені қайда?” деп баяғыда екі қабат келіншектің екі емшегін қос қасқырдың жеп жатқаны жөнінде көрген түсін есіне алды. Әлгі келін осы түсті көргенде “қасқырға жем болады екенсің” деп жорыпты бір әңгүдік. Жолға шығып кеткен келіннің түсін естіген бір данышпан: “келін қошқардай екі ұл туады екен, екі емшегін тала жатқаны сол ұлдары емес пе еді. Неге асығыс жорығансың?” деп әлгі әңгүдікке қатты өкінген екен. Сол данышпан келіннің соңынан кісілер жіберген. Алайда олар жолда қасқырға жем болған келінді кездестірген. Осы оқиға есіне түскенде Жарасқанның өн бойы қалш-қалш етті.

Бірақ “түс түлкінің тезегі” деген емес пе. Қай-қайдағы есіме түскені несі?” деп танданды Жарасқан.

Осы кезде таңертеңнен бері аузын буған өгіздей үндемей тұрған қара телефон ара шағып алған балаша баж ете қалды. Бозай Бұлдырықов телефон тұтқасын маңғаздана көтерді де: “Алло! Алло! Тыңдап тұрмын!” деді сыздана. Іле түрі өрт сөндіргендей түтігіп кетті.

— Андағылар шұғыл шақырып жатыр,— деп балаң үйрек деп аталатын саусағымен төбені нұсқап көрсетті. Бөлмесінен тұнжырап асығыс шығып бара жатқан бастығының қушиған иығына қарап қалған Жарасқан сериялы сұмдық түс көргіш болып кеткен Бозымның жоғарыға шұғыл шақырылғанынан секем алып, диванға сылқ етіп отыра кетті...

## САУ СИЫРДЫҢ “СОРТЫ”

“Орта жолда атың, орта жаста қатының өлмесін” деген ата-бабаларымыздан қалған сөз бар. Бірақ тағдырдың жазғанына шара жоқ. Рысбай деген құрдасымның қатыны көп те ауырмай, қоштасып та үлгермей ата-бабалар кеткен ауылға төтесінен тартып-ақ жөнелгені. Обалы не керек, Рысбай ұрыспай-жұлыспай жиырма жыл отасқан, анау-мынау сылдырлаған табақ-аяқтың сынықтарын сырт көзге көрсетпей кеткен Гүлнанының соңын үш жыл күзетті. Ауыл-аймақтағы ет-жақындары:

— Ау, енді осылай орта жолда бақсының моласындай жападан жалғыз жетімсіреп қаламысың? Мына көгенкөздерге ана керек. Ертең бұларың үйленеді. Құда-құдағилармен араласуың тағы бар. Сорайып қалай жалғыз бармақсың. Келін мен бала отау тігіп, өзімен өзі кеткенде дамбалыңды жуып, тамағыңды істеп беретін біреу керек қой,— деп түсінік жұмыстарын тықпақтап жүріп, Рысбайды үйленуге зорға көндірді.

— Бәлі, маған тиейін деп отырған қыздарың кәне? — деді ол салған жерден.

— Жазған-ау, қыз деп қутыңдайды ғой. Ата сақалы аузына түскелі жүргенде қызды қайтесің, қатын ал,— деді Жұмабике жеңгесі.

— Бір-екі байдан айтып келген, өтірікті шындай қылып айтып берген, бірақ үйіне ие бола алатындай жібі түзу келіншек болса да мейлі десейші, көксоққыр-ау,— деп Тастыгүл жеңгесі бетін шымшылады.

— Қазір оң жақта отырған қыздан гөрі, есік көрген келіншектер оңды. Өйткені, олардың өмірден көрген тәжірибелері бар. Байдың қадірін біледі. Ал отызға дейін не бай алмай, не құдай алмай жүрген қыз аты



бар шөпжелке қайбір сау сиырдың “жапасы” дейсің?! Олардың басынан не өткенін, кімдерге қылымсығанын бір құдайымның өзі білсін! Одан да байы өлген келіншекті алсаң оябыңды сол табады,— деп Қатира жеңгесі шындыққа жанасатын ақыл қосты.

Мұны тыңдайтын Рысбай ма? Ер-тоқымын бауырына алып тулап кеп берсін.

— Мен не сонда? Біреуден қалған қаңсықты, яғни, өзгемен ойнап-күлген қаншықты қатын қылмақпын ба? Әлде мені мұқатып отырсындар ма? Құдайға шүкір, күшім де, дәулетім де жетеді. Маған расымен жандарың ашыса, ел іші емес пе, оң жақта отырыңқырап қалған, бірақ үстіне шыбын қонбаған қыз тауып бермейсіңдер ме? — деп қалш-қалш еткенде, ақыл айтып келген жеңгелері “мынаның беті аулақ” дегендей, есіктен мысықша атыла шығып, бірінен соң бірі қарасын батырды.

Бөлмеде Рысбай мен ағасы Күрішбай, жеңгесі Мақпал, төртеуіміз ғана шоқиып-шоқиып отырмыз. Өлі тыныштықты бұзып:

— Ит көйлекті тоздырғалы бері дос болып келе жатырсындар ғой. Мынаған келіншекті өзің тап,— деді Күрішбай әйеліне.

— Иә, біздің Мырзаға мықты қызды өзің ізде. Несіне дос болып жүрсіндер. Сен көп жерді аралап жүрсің ғой. Жақсы қыз болса, қарастыра жүр,— деді Мақпал майысып.

Жеңгейлерден жәрдем жоғалған соң амал не, елу жылға жоқ жан жолдасым еді ғой деп өмірлік серік іздеу үшін жолға жиналдым.

“Жүрген жетеді, іздеген табады”. “Пәлен деген жерде түген дегеннің оң жақта отырған қызы бар



екен. Оқимын деген бе-ау, шоқимын деген бе-ау, байға тиіп бақытты болу басына келмеді. Енді көк етіктің менсінбей, көк етіктің таба алмай отырған жайы бар екен” деген хабар қолға тиісімен, жедел жолға жиналды.

Қыз шарт қойыпты: “Мені көруге жұрт аяғы басылған елең-алаңда келсін. Жігітпен кездесіп жүр екен деп көрші-қолаң табаламайтын, ит шәуілдеп абаламайтын болсын. Содан соң болашақ күйеуімнің (байымның демегеніне шүкір) дап-дардай қызметі, астында шетелдік машинасы, басында екі қабатты үйі болсын” депті. Енді бұл жағынан біздің Рысбай құралақан емес. Сондықтан қорқатын ретіміз жоқ.

Қыз екі бөлмелі пәтерде тұрады екен. Өзінің айтуынша, ағалары әперген. Қас қылғанда біз барған күні үйіне аға-жеңгелері келіп, қызбен аулада жолықтық. Қасына бір келіншекті ерте шыққан екен. Қараңғыда түр-түстерін ажырата алмадық.

Рысбай мен Гуля оңашада сөйлесті. “Екі жас” өздері түсініссін” деп біз машинадан түспедік. Ол не айтты, бұл не деді? Енді осы арасын айтып бере алмаймын. Әйтеуір, ұзаққырақ сөйлесіңкіреп қалғанына қарап “жолаушының кешіккенінен сүйін” дегендей, қуанып отырдық.

– Денесі ып-ыстық екен. Қараңғыда құшақтағансып, төсіне қолым тиіп кетіп еді, өртенгірлері қап-қатты екен, – болды Рысбайымыздың алғашқы дерегі.

– Мінезі қалай екен, мінезі? – деп ынтыға сұрадық – біз.

– Кім білген? Алғашқыда кім сыр алдыра қояды. Түрін қараңғыда аңғара алмадым. Былай, аса ажарсыз емес сияқты, – дейді Рысбай.

– Немене, көркіне көже құйып ішермісің. Бала-

шағаңа ие бола алатын ақылды адам болса жетеді де, — деп жатырмыз.

Дегенмен, алғашқы кездесу нәтижелі. Екеуі ұялы телефондарының нөмірлерін алмасқан. “Түген күні кездесеміз” деп уағдаласқан. Сол күн де келіп жетті.

— Достым Салқынбек, кездесуге жалғыз барамын. Қыз “бір өзің кел” деген, — деп ескертті Рысбай.

— Қай жерде кездесетін болдыңдар?

— Үйінде.

— Үйінде болғанда екі бөлмелі пәтерінде ме?

— Иә.

— Ойбай, онда сені жалғыз жібермеймін.

— Неге?

— Негесі несі-ей, бұл күнгі адамдардың ойында не барын кім біледі? Ертең болары болып, бояуы сіңіп қалған соң долы қатынды қалай жар етпексің? Одан қалай құтылмақсың?

— Кетші әрі. Қайдағы долы? Сып-сыпайы ғана сұлу. Сзызылып тұр. “Ағай” дейді жүрегімді жандырып. “Екеуміз ғана оңаша отырайықшы сырласып” дейді және ет-бауырымды елжіретіп.

— Тап осылай деді ме?

— Иә.

— Ендеше сені Қыз Жібектің ауылына жалғыз жіберуге мүлде болмайды. Мен де ілесе барамын. Айттым ғой, мынауың сау сиырдың “сортынан” емес.

— Ойбай-ау, қыз ұялады ғой. Екеулеп бірдеңені бүлдіріп алармыз. Мен білем ол жақсы қыз. Сап-сау-ақ сиырдың сортынан.

— Ұялатын қыз жоғарыдағы әңгімені айтпайды. Одан да уақытты ұттырмай жинал. Қызға бірге барамыз. Мен араларыңа кіріспеймін. Аз-кем отырамын да сыртқа шығып кетіп машинада күтемін.

– Бүлдіресің-ау...

– Бүлдірмеймін.

Рысбай амалсыз мені Шегелікке алды. “Қыз Жібектің ауылы қайда?” деп атой салып аттанып кеттік.

Есік қоңырауы соғылғанда “қашан келіп қалар екен?” дегендей, есік кілті лезде ашылды. Іштен халатын жеңіл жамылған аппақ қыз көрінді. Рысбайды көріп күлім қаққан оның көзі мені шалысымен, қап-қара болып түтігіп кетті.

– Келіңіздер,– деді еріндері жыбырлап,– аяқ киімдеріңізді мына жерге шешіңіздер.

Аяқ киімдерімізді айтқан жеріне тастап, көрсеткен бөлмеге кірдік. Екі орындық тұр екен.

– Мынаған сіз, анаған сіз отырыңыз,– деді үй иесі.

Өзі екеумізге қарсы жерге барып отыра кетті.

– Иә, жайша жүрсіздер ме? – деді сосын.

Мен Рысбайға, ол маған қарады.

– Жоқ,– деп қырсықтым мен,– осында бір қолтығы сөгілген ала бұзау іздей келіп едік.

– Қолтығы сөгілген ала бұзауды пәтерден емес, қоралардан немесе жайлаудан іздеген жөн болар.

– Жіптің ұшы осында ілестіріп әкелді емес пе?

– Ол қандай жіп?

– Осылай салғыласып отыра береміз бе? Қазақтың қонақжайлылығы қайда? Орындыққа омалтып отырғыза бересің бе? Жерге көрпеше төсемейсің бе? – дедім мен.

Гуля сөзден ұтылып, жерге көрпе әкеліп төседі. Сосын:

– Сізге мен “жалғыз келіңіз” демеп пе едім,– деді досыма қарап.

– Алдымнан досым кездесе кеткені.

— Бес минут бұрын ғана телефонға жалғыз тұрмын демеп пе едіңіз. Сонда бес минутта қалай ғана бір-біріңізді тауып ала қойдыңыздар.

— Достар бірін-бірі әлемнің екі шетінде жүрсе де тез тауып алады,— деді досым.

— Енді шай қойып жіберу керек,— дедім осы кезде мен тағы да қарап тұрмай.

— Онда біреуіңіз дүкенге жүгіріп келе қойыңыздар,— деді Гуля.

— Жоқ. Жеті түнде дүкенге жүгіріп әуре болмай-ақ қоялық. Барға шүкір, жоққа салауат. Мен бір шыны шай ішемін де тұрамын,— дедім сыпайылық танытып.

— Мына отырысыңызға қарағанда, ұзағырақ аялдайтын сияқтысыз, — деді үй иесі.

— Бекер олай ойлайсыз. Мен біреудің үйінде ұзақ отыруды қаламайтын едім.

— Көрініп тұр.

— Несі көрініп тұр?

Осы кезде Гуля Рысбайға алара қарады.

— Мына тақылдаған бәлені қайдан тапқансыз? Адамды досына қарап таны деген. Сіздің де кім екеніңізді досыңызға қарап біліп тұрмын,— деді Гуля.

— К-К-Күлеке, бұл кісі енді осындай әзілқой адам. Енді ертең аралас-құралас жан болатындықтан әзілдесіп жатқаны да,— деп досым мені ақтауға көшті.

— Басқаны қайдам, бұл кісіңмен мен араласпаймын,— деді көгерген Гуля.

— Сонда қалай, менің бала күнгі досыммен араласпайсың ба? Мені ажыратпақшысың ғой, ә? Оның бола қоймайды. Көп сөзді қой да шайыңды әкел,— дедім мен өзімді-өзім ұстаған әрі құрдассынып әзілдеген болып.

— Мен біреудің үйіне келіп команда бергенді

ұнатпаймын. Қане, үйді босатындар, екеуің де,— деп Гуля есікті ашып, сыртты нұсқады.

— “Кет дегенде ит те кетеді”. Кеттік Рысбай,— деп мен сыртқа сытылып шықтым.

Рысбай бөгеліп қалды.

“Қап,— деп өкіндім сыртқа шыққан соң,— бекер-ақ келген екенмін. Қырсықпай қарап отырсам ғой. Бәлкім, Гуля үйден қуып шықпас па еді. Екеуінің тіл табысып кетуі де ғажап емес еді ғой. Қолға қонғалы тұрған бақты ұшырып жібердім бе, қалай? Бір көргенде жібі түзу адам сияқты еді. Көлденең келіп килігіп, ашуын ашыған айрандай көпірткен мен кінәлі шығармын”.

Әлден соң жоғары қабаттан төмен түсіп келе жатқан Рысбайдың аяғының тық-тық еткен дыбысы құлағыма келді. Әр тық еткен сайын төбемнен біреу балғамен ұрып тұрғандай миым шаншыды.

— Иә, қалай, татуластыңдар ма? — деп сұрадым досымнан.

Рысбай қолын бір-ақ сілтеді.

— Қыз емес, нағыз мыстанның өзі. Бізді Құдай сақтапты, — деді Рысбай.

Шеге болып келгенімнің жөн болғанын біліп, енді өкінгенім жоқ.

Арада біраз уақыт өткенде Гуляның көршісі бір қызық жай айтты. Гуля қыз іздеп жүрген бір сұрбойдақты үйіне шақырып, оңаша кездеседі. Әлгі сорлы таңертең оянса басында протокол жазып, полиция отыр дейді. Содан әлгі байғұс барлық жиған-тергенін беріп, әупіріммен зорға құтылыпты.

Осы әңгімені Рысбай да естіген-ау, шамасы. “Үстіне шыбын қонбаған қыз керек” дегенді айтуды

доғарыпты. “Жібі түзу біреу болса жолықтырсаңшы” деп жеңгелеріне жәутеңдейтін көрінеді. Сол жаулықтарынан айналайын жеңгейлер және бір жерге жұмсап отыр. Сау сиырдың сортынан болса, тойға келіп қалуларыңыз да мүмкін.

## “ШАРШАТТЫҢЫЗ ҒОЙ, ШЕҢГЕЛБАЕВ АҒАЙ!”

Кезекті сабағын беріп болып кабинетіне келген мектеп директоры Жоламан Өмірзақовтың соңынан хатшысы ілесе-мілесе кірді.

— Ағай!

— Иә, не болды, қалқам? Түрің біртүрлі болып кетіпті ғой?..

— Мектепке тағы да комиссия келіпті.

— Қайда?

— Жаңа сіз сабақ үстінде болғаннан соң завуч Орынкүл тәтей сынып бөлмелерін аралатып кеткен. Қазір олар бухгалтерияда сынып журналдарын, тағы басқа құжаттарды қарап отырған болуы керек.

— Менің рұқсатымсыз ба?

— Иә, Шеңгелбаев ағай қойды ма, келген комиссия мүшелерін сүйрелей жөнелді ғой. Орынкүл тәтейге жекірді. Сосын “мен бәріңді құртамын” деп кекірді.

Мұны естігенде Жоламанның жон арқасында мыңсан құмырсқа қаптап бара жатқандай шымырлады. Бірнеше мектепті арызқойлығымен алатайдай бүлдіріп, ақырында осында келіп паналаған Шеңгелбаевтың құқайы бұл бір ғана емес. Кезінде аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы, аудан прокуроры, совхоз



директоры, ауданның бірінші басшысының үстерінен арызды қарша боратып, жұртқа жалақорлығымен даңқы шыққан Шеңгелбаевтың бүлдірмегені жоқ. Бірде ол қызды-қыздымен мектеп директоры болып қызмет істейтін өзінің туған ағасының үстінен арызды аудан асырып айдап жіберіп, бұл жаласы дәлелін таппаған соң ауылдан аластатылған деген соңындағы “қара таңбасы” әлі өшіп бітпеген де еді. Енді міне, мектепке Жоламан Өмірзақов директор болғалы он жетінші комиссия келіп отыр.

— Бір жылда көрген құқайым осы. Екі жылға жетпей жынданып кетпесем жарады,— деп қалды мектеп директоры.

— А-а, кім жынданып кетті дейсіз ағай?

— Шеңгелбаевты айтамын да.

— Оның жынды екенін бүкіл ауыл біледі. Біреуге тиіспесе, сүйкенбесе ішкен асы бойына тарқамайды, — деп күледі ел.

Жоламан осы мектепке келгенше Шеңгелбаев екі директордың түбіне жеткенінен хабардар. “Шеңгелбаевтың шеңгелді уысына түссеңіз, оңайлықпен құтылмайсыз” дегенді ауыл түгіл, аудан айтып жүр. Сондықтан “пәледен машайық қашыпты” деп, жұрт одан сырт айналып жүруге тырысады. Осыны білетін арызқой “менен бәрі қорқады” деп, көрінгенге сиырдай сүйкеніп жүреді.

Директор комиссия мүшелерін бухгалтериядан тапты.

— Сіздер әуелі мектеп басшысына жолығуларыңыз керек еді, — деді Жоламан амандық-саулықтан соң.

— Мұндай жемқорға алдын ала жолығуға болмайды. Алаңдамай жұмыстарыңызды жалғастыра беріңіздер,— деді Шеңгелбаев шатынап.

– Кешіріңіз, мына арыз иесі Шеңгелбаев сізді бүгін мектепте жоқ деген соң, ақыры келіп қалдық қой деп жұмысқа кірісіп кеткен едік, – деді журнал қарап отырған жоғарыға жайғасқан жұқалтаң кісі.

– Қане, сонда не таптыңыздар? Мына бір жылда не ішіп, не жеп қойыппын.

– Оны енді тексеру қорытындысы анықтайды да.

– Міне, мынау сіздердің алдарыңызда облыстық білім департаментінен келгендер жазып кеткен акт. Ал, мына қорытындыны облыстық сыбайлас жемқорлыққа және экономикалық қылмысқа қарсы күрес басқармасының қызметкерлері жасаған. Мұнан соң облыстық прокуратура мен облыстық ішкі істер басқармасының қызметкерлері де аумен балық ұстағандай, бүкіл құжатты сүзіп шықты. Олардың да тексеру қорытындылары алдарыңызда. Ешқайсысы қылаудай күнә қоя алмады. Осыған дейін мұнда он жеті рет тексеру келіпті. Сіздер он сегізіншісіздер. Тап осы мектепті тексер деген қағаздарыңыз болса, біздің кедергі келтіргеніміз артық шығар. Жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін, – деді директор өзін байсалды ұстауға тырысып.

– Бұл келген комиссияның барлығының аузына бірдеңе тығып жібереді. Болмаса қылмысы шашетектен. Сіздерді де сол сүрлеуге салғалы тұр, – деп Шеңгелбаев шыр-шыр етті.

Комиссия мүшелері бір-біріне қарасты. Бұлар республикадан келгендер еді. “Не де болса құжаттарды көріп шығайық” дегенге тоқтасты.

Астанадан келгендер апта бойы құжаттарды ақтарды. Алақандай ғана мектепте “директор ойып тұрып жеп қойды” дейтіндей қаржының құрдымға құрып кеткен орны білінбейді. Рас, кейбір ата-аналар мақта

терімі кезінде балаларын мектепке жібермей қалады екен. Бірақ Шеңгелбаев шиырып тұрып жазғандай, “мектеп босағасында іші шерміп қалған қыз” жоқ болып шықты. Оқу үлгерімі төмен болса да сыныптан сыныпқа сыныпша сырғытылып жүрген “серілер” де таптырта қоймады. Есесіне, биылғы оқу жылының қорытындысы мен мектеп бітірушілердің бірқатары мемлекеттік грантпен жоғары оқу орындарына қабылданған. Жоғары сынып оқушылары арасында халықаралық, республикалық олимпиадалардың жеңімпаздары шығыпты. Мектептің бір мұғалімі облыстық “Жыл мұғалімі” атаныпты.

“Апам да аң-таң, мен де аң-таң” демекші, Астанадан келгендердің аңтарылған жері осы болды. Содан соң олар облыстық, аудандық құзырлы органдар өкілдерін шақырып, мектепте жалпы жиналыс өткізді.

– Ағайдың ойлағаны арандату ғана. Осылай етіп жүрмесе бұл кісінің бойына ішкен асы тарқамайды,— деді қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Жанар.

– Бұл кісінің әйелі — мектеп директорының орынбасары. Қызы — мұғалім әрі сынып жетекшісі. Өзі жасы жетпіске жуықтаса да сабақ береді. Ағайдың ендігі ойы әйелін мектеп директоры етіп тағайындату. Бәлкім, астыртын арыз жазу содан соң тыйылар, — деді химия пәнінің мұғалімі Мәрия.

– Мен директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарымын. Білім жағына жауап беретіндіктен Шеңгелбаевтың сабағына кіріп тұрамын. Бұл кісі сонау алпысыншы жылдардың үрдісімен сабақ береді. Өтер сабағына жаңа технологияларды пайдаланбайды. Сондықтан оқушылардың барлығының оқу үлгерімі төмен. Мектепті артқа тартып жүрген осы кісінің сабағы,— деді Асанбай.

– Шеңгелбаев ағай мен директор болып тұрған кезімде үстімнен арызды қарша боратты. Бір айда тоғыз тексеру келді. Әбден тойып біттім. Содан соң “саған керегі директорлық екен ғой” деп қызметімді босатып бердім. Бірақ бұл кісінің көздегені болмады. Аудандық білім бөлімі мектеп директоры етіп басқа кісіні тағайындады. Келген күннен оның да басынан қиқу кетпеді. “Ішіп қойды, жеп қойды”, “Мектепте теңге жинаттырып жатыр”, “Оқу сапасы төмендеп кетті”, “Мектепте сыбайлас жемқорлық жылдам дамып барады” деген сияқты адамның ойына келмейтін небір қитұрқылармен жоғарыға арыз айдаумен болды. Мектебімізден комиссия шықпайды. Сонда біз оқу сапасына қай кезде көңіл бөлеміз. Мектептен не Шеңгелбаев, болмаса ұжым түгелдей кетейік. Біздің шешім осы. Мектепте әйелі, ұл-қызы, өзі қалсын. Қандай болар екенін көрейік,— деп Рүстем мінберден жұлқынып түсті.

– Рас, мектептен бәріміз кетеміз.

– Не – Шеңгелбаев, не – біз.

– Арызқойға арамыздан орын жоқ.

– Туған ағасын аямаған бізді аяушы ма еді, қашанға дейін бұл кісіден қорқақтай береміз. Арсызға ара түсуге болмайды. Қуайық ортамыздан.

– Бүгін кетсін!

– Дәл қазір кетсін!

– Кешірім сұрасын!

– Кешіріміне зәру емеспіз! Тек қарасын батырса болғаны!

Астанадан келгендер сасайын деді. Осы кезде қолын көтеріп ортаға Жоламан шықты. Директор емес пе, өзгелер жым болды.

– Шеңгелбаев ағай, шаршаттыңыз ғой. Қаншама

арыз жаздыңыз, ешқайсысы дәлелденген жоқ. Міне, Астанада келген комиссия да ешнәрсені жеп қоймағанымызды анықтап отыр. Енді жұрт алдында жүзім ақ, қолым таза. Осындай басқосуда айтайын, мынадай арызқойы-аждаһасы бар ауылда енді мен бір минут та шыдап тұра алмаймын. Қазір арыз жазып, жұмыстан шығамын, — деп Жоламан Өмірзақов мінберден түсіп сыртқа шығып жүре берді.

Мектеп мұғалімдері Астанада келген комиссия мүшелерінен қымсынған жоқ. Аз ғана мерзімде адал еңбегімен, ұйымдастырушылық қабілетімен танылған, ақкөңіл де ақжарқын мектеп директорының соңынан еріп шұбатылып шыға бастады.

Осы кезде Шеңгелбаевтың әйелі күйеуін бас салды. — Оңбаған! Енді көрсетейін дегенің осы ма еді?! Астанада келгендер аңтарылып тұрып қалды.

## ТІРКЕМЕ

Отыздың төртеуіне тырмысқанда барып біздің Ордабек көрші ауылдан келіншек алып келді. “Бұл жалғаннан қу тізесін құшақтап өтер ме екен?” десіп жүргенде, ойда-жоқта қатынды болғанына құрдастары қатты риза болып қалысты. Әрине, ағайын-туыс, құда-жекжат жағы болса да қуанышты.

Дегенмен араға күн аралатпай Ордабектің ордасы жақтан бір ойбайдың басы көрініп қалды.

— Не дейсің, ойбай, Ордабектің әкелген келіншегінің тіркемесі бар екен.

— Өзі екі-үш күйеуден ажырасқан дейді.



– Бәсе! Отыздан асқанша үйлене алмай жүрген Ордабекке қайбір жетіскен қыз тиеді десек...

– Қойсандаршы-ей, өзі ұнатса болыпты да.

– Қайдағы ұнатқан. Бұдан өзге тиетін қыз болмаған соң қойныма бақа да болса салып жатайын деп амалсыздан ұрынған да.

– Дегенмен әлгі “тіркемесі бар екен” дегені не сөз?

– Сорлы-ау, соны да білмейсің бе, соңынан ертіп келген екі ұл, бір қызы бар екен.

– Жетіскен екен.

– Әй, ынжық-ай, ынжық!

Осы әңгімеден соң менің “тіркеме” деген сөз есітсем, бүкіл денем түршігетін болған. Алайда, тіркеме сөзі басқа да мағынада айтыла береді екен.

Диплом алып дардай маман болып оралғанда Адырбайды ағасы дәй бір директордың алдына дедекдетіп алып барды.

– Осылай да осылай. Бұл інім университетті өте жақсы бітірді. Жастайынан еңбекқор болып өскен. Астанада тентіреп оқу қуып жүргенде де әке-шешесіне “теңге сал” деп тебінген жоқ. Астанада теңгені де, жеңгені де өзі тапты. “Жеңге” деп отырғаным жатар орыны мен анда-санды жігітшілік жасайтын жайлы жайы ғой. Осы інімді қызметке қабылдасаң жаман болмайсың. Ұятқа қалдырмайды. Сенің алдыңа “тіркемесімен” келіп отырмыз,— деп бастырмалатты ағайы.

“Тіркемені” естіп директоры тірілейін деді. Ағатайы конверттегі долларды директордың алдына домалата салды. Сосын:

– Қызметке қабылдандың! Құттықтаймын! – деп қолынан қысып, арқасынан қақты.

Інісінің жанары жасаурады.



Расында, ағатайы табыстап кеткен директор Адырбайға өте жайлы болды. Көп ұзатпай қызметін өсірді. Сенімді адам ретінде өз шаруасына да жұмсап тұрды. Бірде бастығына үлкен қонақтар келді.

— Айналайын Адырбай, сенен басқа жұмсайтын адам таппай отырмын. Тез дүкенге шауып барып келе ғой,— деді қызметкеріне.

“Жаппарқұлда жан бар ма”, шұғыл аттанды. Есіктен шыға бергенде директор:

— “Тіркемелерін” де ұмытпа деген.

“Бұл қандай тіркеме болды екен” деп ойланды Адырбай.

Өз басының шамасы келмеген соң орынбасардан ақыл сұрауға тура келді.

— Соны да білмейсің бе? — деп күлді орынбасар,— “тіске басарын” да ала кел дегені ғой.

— Ә, солай ма еді!

— Солай!

“Солай” болған соң жолай мықты деген фирмалық дүкенге соғып, балықтың уылдырығына дейін алды. Кілең шетелдік шарап, қымбат коньякты көрген бастығы “есің бар бала екенсің ғой” дегендей, арқасынан қақты.

Көп жасағыр көкесі Адырбайды бөлім бастығына отырғызып кетті. Осы әңгімені маған Адырбай жыр қылып айтқан еді.

Содан бері де бұл “түлен түрткен “тіркеме” деген тіркестің талайын көріп те, естіп те жүрміз. Сонау совхоз кезіндегі Әбдіхалық көкемнің машинасының екі-үш тіркемесінен бөлек, жақсы мағынасындағы тіркемені көрсем көзім шықсын.

Жуырда біздің мекемеде де жаңалық болды. Бұрынғы бастығымыз қызметінен кеткен соң, орнына

бас терісі келіспеген біреу келді. Келді де КСРО-ның алғашқы және соңғы Президенті М.С.Горбачев секілді “қайта құруды” бастап кеп берді. Ол су жаңа екі орынбасар, екі-үш “мықты” қызметкер ала келді. Су жаңа бастыққа “тіркеме” ұстатпақ түгілі, қызметіман қоштасып, тентіреп айдалада адасып қала жаздадым. Шаруамнан “ши” шығара алмаған дәу бастық ақырында қызметімді бір саты төмендетіп тынды.

“Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің” демекші, қызықтың көкесі әлі де алда екен. Әбден жайғасып, жайланып болған соң орынбасар өзінің бұрынғы істеген жерінен екі-үш келіншек пе, қыз ба, ол жағын өзі біледі, жаңа кадр шақыртты. Бұлар сол жақта жүріп шолжандап үйреніп қалған ба, келгеннен еркелікті күшейтті. Жұмысқа кешігіп келу, тапсырманы орындамай қоя салу бұлар үшін түк емес. Ал біз “шықпа жаным, шықпамен” отырамыз.

Баяғыда біреу: “Самарқанда бір әпкем бар, менен де өткен сорақы” деген екен. Сол айтпақшы, сорақылықтың көкесі алда болып шықты. Мекемеге біраз үйреніп алған әлгі еркелер енді “неге біз өз алдымызға жұмыс істемейміз” дегенді шығарды.

– “Мұртқа өкпелеп жүргенде сақал шықты” демекші, бастықтардың тепкісіне әзер төзіп жүргенде, мына тіркемелердің төрден орын іздей бастауы түңілтті ғой, – деп қашанда бетке тура айтудан тайсалмайтын Түгелбай тепсінді.

Түгелбайға “тіркемелер” пысқырмады да.

Көп ұзамай мекеме жұмысы қайта қаралып, қызмет бөліске түсті.

– Саған осы жұмыстың барлығы ауырлау ғой деп, мүсіркегенсіп, бұрыннан үйреніп қалыптасып қалған қызметімізді соларға өткізіп, ноқтадан босаған

асау тайдай ойнақтап шыға келдік. Өйткені талап қатты болғанмен, міндет аз. Себебі, сүбелі жерлер сүйіктілерде. Расын айтқанда мұндай бөлшектеу әлемнің ешбір елінде кездескен емес. Осы тұрғыдан алғанда біздің мекемені Гиннестер рекордтар кітабына қосуға әбден болады.

Бүгінде “кеше келген тоқалдар, шөміш алып шошандар” деген күй кешіп отырған жай бар. Олай болатыны кеше келген “тіркемелер”де бір-бір бөлім бастығы болып алған.

Өткенде мақталы ауданға арнайы іс сапармен бардым. Бір трактор төрт бірдей мақта толы тіркемені сүйреп барады екен. Қайдағы бір тіркемелерді көріп талағым тарс жарылып кете жаздады.

Тегі, адамдар сүйкімсіздеу тіркестен де жүйке ауруына ұшырайды ма деп қалдым.

## БІР ЖАРНАМАҒА ҮШ ҚОҢЫРАУ

Құрысын! Газет-журналды жиып әкеліп оқиын десем, жібі түзу бір дүние көрінбейді. Қай бетті ашсаң да жарнама. Қырсықтығым ұстап кетті. Сосын мен де газетке жарнама беруге жүгірдім.

— Не, не дейсіз? — деп жарнама бөлімі меңгерушісінің екі көзі алақандай болды, — не сатамын дейсіз?

— Құлағың керең бе, немене? Әйелімді сатамын деймін.

Жарнамашы алдындағы қағазын не толтырарын, не толтырмасын білмей аңтарылды.

– Сіздерге қаржы керек қой, – дедім бастырмалатып.

– Иә, – деп мойындады жарнама бөлімінің меңгерушісі, – газеттің негізгі табыс көзін жарнама құрап отыр.

– Ендеше, неге бөгелесіз? Ақысын алыңыз да, жарнамамды жариялаңыз.

Сонымен менің “Әйелімді сатамын” деген жарнамам газеттің көрнекті жеріне жарияланды.

Қоңырау көп күттірген жоқ.

– Әйеліңіз сізге не үшін ұнамай қалды? Оны не үшін сатпақсыз? – деп сұрады алғашқы клиент.

– Онда сіздің шаруаңыз болмасын. Әйелімді аласың ба, жоқ па, – деп ашуландым.

– Алатын болған соң қоңыраулатып тұрмын ғой. Әйеліңіздің қандай ерекшеліктері бар?

– Ол әрі жас, әрі сұлу.

– Мұндай әйелден өлсе де айырылмау керек қой.

– Сатып алған соң не істесеңіз де өз еркіңізде.

– Олай болса әйеліңіздің тағы басқа қандай ерекшеліктерін атай аласыз?

– Келіншегім керемет кербез. Күн сайын сағат он екіде оянады. Содан қымбат бояулармен кешке дейін боянады.

– Содан соң не істейді?

– Сен алқымнан ала бердің ғой. Асықпай тыңда. Кешке көркін көрсету үшін үйден шығып кетеді.

– Қайда кетеді?

– Көшеге дедім ғой.

– Өзі былай ресторан, казино, түнгі бар, сауна деген сияқты жерлерге бармайды ма?

– Бармайды. Ондай жерлерге барса аяғын сындырамын.

– Сындырмаңыз. Әйеліңіз маған керек болады. Жаңағыдай жерлерге бармаса, әйеліңіз тым тәуір адам болды ғой.

– Оған талас жоқ. Тәуір адам. Бірақ үнемі қымбат киімдер алғанды жақсы көреді. Жүзіктеріне, сақиналарына, білезіктеріне, сырғаларына сан жетпейді. Әрқайсысының құны кем дегенде он мың АҚШ доллары.

– Мұндай әйелді тезірек сатып алу керек қой.

– Сіз немене, оның сақиналарын сатып байымақсыз ба? Ол өлсе де жеке бұйымдарын сатқызбайды.

– Жүдә жақсы. Мен талғаммен киінетін әйелді жақсы көремін.

– Ол жағынан мін жоқ. Бірақ үйде ешқандай жұмыс істемейді. Үй жинау, киім үтіктеу, тамақ пісіру жағынан мақұрым.

– Әлі жас екен, тәрбиелейміз.

– Тәрбиеге көнсе, әрине.

– Сіз оны қалай, қашан алып едіңіз?

– Күдігіңіз бар ма?

– Қыз кезінде “в масле” алғанмын. Кейін ұрыса бастаса радиаторы тез қайнайтын болды. Аузынан көбік атқылайды. Моторы да тез қызып кетеді. Короткий замеканьесі ұстап, көгеріп-сазарып жатып алады. Екі фарасы да өткір. Өңменіңнен қадалса оқ тигендей ұшып түсесің. Алғаш алғанда жіп жіңішке еді, қазір дутый. Сондықтан кеше алған киімі бүгін сыймай қалып жатады.

– Қызық екен. Сіз немене машина сатқалы жатырсыз ба, әлде...

– Әйелімді...

– Әйел заты болса, оның машина бөлшектеріне не қатысы бар?

– Енді қазіргі тілмен сөйлеп тұрмын ғой.

– Жарайды. Әйеліңізді, то есть келіншегіңізді көруге болады ма?

– Болмайды.

– Неге?

– Өйткені, оның қазір задный мостында кінәрат бар.

– Қалай, ауру ма?

– Жоқ. Ауру емес. Бірақ қатты жүрсе задный мосты шуылдайды.

– О, тоба! Жас келіншектің де қатты жүрсе задный мостысы шулайды ма?

– Мені үй айналдыра қуғанда оның барлық жері шулап кетеді.

– Мынауыңыз келіншек емес, жан алғыш болды ғой.

– Одан да жаман.

– Ендеше, келіншегіңіз өзіңізге.

Арғы жақтағы телефон тұтқасын тастай салды.

Қап! Әжептеуір ермек болып отыр еді. Босқа ренжіттім. Бірақ уақыт көп өткен жоқ телефон тағы шар етті.

– Бұл – прокуратурадан. Сіз айдың-күннің аманында адам саудасымен айналысып отырсыз. Тез бізге келіңіз. Жауапкершілікке тартамыз,— деді арғы жақтан қатаң дауыс.

– Егер біз өзара келісім арқылы осындай қадамға барып отырсақ ше?

– Бәрібір адам құқығын жерге таптау болып шығады.

– Сонда да мен сіздерге бара алмаймын.

– Сен заңға бағынбайтын кімсің өзі?

– Иә, заң бәрімізге бірдей. Бірақ мен жарнамада “әйелімді” деген сөзді тырнақшаға алып жаздыртқанмын.

– Онда тұрған не бар?

– Үлкен мән бар. Сіз тырнақшаға алынған сөздің басқа мағына беретінін білмейтін бе едіңіз. Құрдастарыма қалжың болсын деп газетке осылай



жарнама бере салғанмын. Оның үстіне қазақ машинаны “екінші әйел” деп те атайды.

– Солай ма еді? Әттеген-ай, мен “адам саудасымен айналасытын бір оңбағанды ұстадым. Енді қызмет дәрежем өседі. Сыйлық аламын” деп отырсам...

– Келесі жолы аларсыз.

Аздан соң телефон тағы безілдеді. Бұл жолы сақтық шараларына көштім.

– Қарағым, келінді не үшін сатпақсың? – деді бір қария.

Дауысы тоқсандағы қариянікіндей. Өкпесі сырылдап тұр. Бәлкім, полиция қарияны әдейі жұмсап тұрған болар.

– Енді сатқымыз келді де.

– Қай жылғы?

– Жап-жаңа... Свежий...

– Қандай ерекшеліктері бар?

Мен алғашқы сұраушыларға айтқанымды жіпке тізгендей етіп, қайталап шықтым.

– Жас болса тәрбиелеуге көніп кетер. Аламын! – деп кесіп айтты қария.

– Ата-ау, ол сізге не үшін керек?

– Не үшін керегі несі тағы?! Былтыр кемпірім өліп, қу тіземді құшақтап қалғанмын. Қартайғанда жас иіс иіскеп, бір жасап қалайын. Айналайын, сендер жассындар ғой. Қыз деген қазір қырғын. Шертіп жүріп, “мынауский” дегенін тандап аласындар. Ал бізге обкаткадан шыққан осындай жас әрі көрікті келіндер жарай береді.

Маңдайымнан мұздай тер бұрқ ете қалды.

Осы кезде түкпірдегі бөлмеден біздің үйдің биінің жанайқайы шықты. “Осыдан сатсам, қайтып алмаймын” деп қорытындыға келіп отырғанмын.

— Сен кімді сатқалы жүрсің? Бар шешеңе құры. Қайтып бұл есікті ашушы болма! — деп қолыма чемоданымды ұстатып, үйден тырқыратып қуып шықты.

Көшеде еріндерім тілім-тілім болып қаңғып келе жатып қатуланғанда жерге тірідей көміп, суырып алатын келіншегімді ойладым...

### СҰРАСАҢ АУЫЛЫМДЫ ТЕСІКТАСТА...

Кешкі апақ-сапақта аласұрып Атанбек досым қоңыраулатты.

— Әй, ошырылып отауында, күбір-күбір етіп күркенде омалып отыра бересің бе? — дейді бәтшағар.

— Е, отырмағанда не істеймін. Жұмыстан жаңа келдім емес пе?

— Жүдә, жапырып келген шығарсың. Одан да қасыңа жанторсығыңды жетелеп, біздің үйге тарт. Тез кел. Сараңсып автобусқа отырма, таксимен құйындай ұшып жет.

— Не болып қалды соншама? Жау шапқаннан сау ма?

— Осы сенің аузыңнан-ақ жақсы сөз шықпайды. Қайдағы жау? Той! Біздің үйде той болып жатыр.

— Ойбай-ау, осылай демеймісің. Иә, бұл не қылған той, біз білмейтін? Әлде жасырып, тоқал алып той жасап жатырсың ба?

— Жасырсам, саған жар салып айтамын ба? Бүгін біздің Тарзанның туған күні.

— Кешір Атеке! Қалай ұмытып кеткенбіз. Қазір жетеміз.

Жолай дүкеннен оны-мұны сыйлығымызды алып, Атанбектің үйіне асығыс жеттік. Қонақтар біршама жиналып та қалды. Тарзанды қалың топтың ішінен тауып, сыйлығымызды табыстадық. Шекесі торсықтай ұл тапқан Сәулесіне де сәлемдеме ұсынылды. Орын тауып жайғастық. Осы тұста тамада Тұрғанбек тарғыл дауысымен хабарландыру жариялады.

– Бүгін – Тарзанның туған күні. Соған байланысты Зәуре ән салып береді.

Тап осыны күтіп тұрғандай ортаға Зәуреміз шыға келді. Кәдімгі Салықбайдың кенже қызы. Тоғыз немесе он жаста. Зәуре көп күттірген жоқ. Кәдімгі әншілерше көпшілікке ізет көрсетіп, сәлем беріп алды да бастап кетті.

Жол ашып жүрекке,  
Сен едің гүл еккен.  
Зор бақыт өзіңе,  
Келемін тілеп мен.

Өзіңе гүл бағып,  
Жыр жаздым сырлы ағын.  
Келмейді біреудің  
Сезімін ұрлағым.  
Мендегі махаббат,  
Сен үшін күш алған.  
Жанымның ләззаты,  
Сағыныш құшағың.

– Әп, бәрекелді! Бұл кентаулық Рақым Балабиевтің сөзіне жазылған ән ғой.

– Қалай тамаша айтады, ә!

- Мына қыз әнші болайын деп тұр ғой.
- Жарайсың, Зәуре!
- Жаса, Зәуре!
- Жаным тағы бір ән сал.
- Мына Тарзанның туған күніне тағы бір ән айтып бере ғой, жаным!

Зәуре іркілген жоқ. Микрофонды қолға қайта алды.

Дірілдеген сырғаң-ай,  
Аспандағы тұрған Ай!  
Жалт етіп бір сәт қарасаң,  
Жолыңа жаным құрбан-ай!  
Ей, ей, бойжеткен!  
Болмап еді той көптен.  
Сыртыңнан сенің ғашық боп,  
Сыр ашуға ой кеткен,  
Жүрегім сен деп соғады,  
Түсінсейші бойжеткен!

Біз он жасар әншінің әуеніне елітіп, жаппай ортаға шықтық. Зәуренің білмейтіні жоқ екен. “Ләйлә, ләйлә, қалқам-ай”, “Сүйем сені”, “Ғашықтар”, осы секілді бірнеше ән айтып тастады. Селкілдеп билеп жүрміз.

– Бұл Қасымхан Бегмановтың сөзіне жазылған “Бойжеткен” деген ән деп қояды Атанбек.

– Ау, ағайын! Мынадай керемет әншіні құрметтеу керек қой. Кәне, сыйлықтарың қайда? – деп тамада тың ұсыныс тастады.

Біз енді қаршадай әншіге сыйлық бере бастадық. Қалтасы, қойны-қонышы теңгеге толған жас әншінің қарақат көздері жайнап, жұлқынып әуенін үдетті. Оны зорға тоқтатып алдық.

Бұдан соң ортаға Мәуленнің Дәурені шықты. Жас шамасы Зәуремен қарайлас. Ол Зәуреден де асып түсті. Әндерінің ішінде тақырыбы махаббатқа тірелмейтіні жоқ. Кілең бір “күйдім-сүйдім”, “сен болмасаң өлемін” деп үздіккен әннен есіміз шықты. Туған күн ғой, топырлап билеу керек. Тарзанчиктің тілектестері әннен шашу шашып жатқанда, томсырайып отыруға бола ма?

Тойшыл топты біраз әурелеген Дәуренге де қошемет аз болған жоқ. Оған да тиын-тебен тыққыштадық. Үлкен әнші болу үшін тост көтердік. Бетінен сүйдік: Тіптен, көтеріп алып аспанға атқандар да болды.

Расында, Дәурен бүгінде бірқатар байқауларға қатысып үлгерген. Жүлдесіз емес. “Өскенде әнші боламын” дейді. Болсын. Болашақ осылардікі емес пе?

— Мұхтардың тойынан Дәурен 100 доллар алып келді,— деп масаттанды Мәулен.

— Өткенде Әбдіхалықтың тойынан біздің Зәуре де 100 доллар әкелген,— деп қосарланды Салықбай.

— Ол тойларда балаларыңыз туған жер, табиғат, Отан жөнінде ән айтып жүрген шығар? — деп сұрап қалдым мен.

Салықбай жақтырмай қарады.

— Сен де қайдағыны айтасың. Ондай әндерге бүгінгі жастар билей ме? Сондықтан секіріп билейтін ырғақты әуен-әндер айтылуы тиіс, — деп маған Мәулен түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Бұл кезде Дәуреннің дәурені арта түскен кез еді. Ол енді ар-ұятты жинап қойып:

— Сұрасаң ауылымды Тесіктаста,

Мен барғанда көйлегінді шешіп таста,— деп әуелетіп жатты.

Жиналғандардың екі езулері құлағында. Мәз-

мәйрам. Мына оспадарсыз әнді бала емес, өздері айтып отырғандай ештеңеге мән берер емес.

Басқаны білмеймін, өз басым Тарзанның туған күнінен тойып шықтым. Тамаққа немесе араққа емес, болмашы тиын-тебен үшін жас ерекшеліктеріне сай емес әндерді айтқызып жүрген әке-шешелеріне.

Туған күннен төрт тәулік өткенде Тоғанбай аға той жасады. Ауыздарынан әлі ана сүтінің дәмі кетпеген он қыз ортаға шығып, жартылай жалаңаш мықындарын бұлғақтатып, төстерін дірілдетіп дөңгелене билей бастағанда, көзіммен жер шұқып отырып қалдым.

Он қыздан соң Зәуре мен Дәурен махаббат жайлы әннің майын тамызып айтып жатты.

Есімді жиғанда жүйке аурулары ауруханасында қол-аяғымды ербеңдетіп, бөксемді бұлтыңдатып, өзіме де тосын, табиғаты бөлек бір әуенді ыңылдап жатыр екенмін....

## МАТАДОР

Мексика, Португалия, Франция елдерінде коррида сайысына қатысушылардың жасына шектеу қойылмайды деседі. Бізде спорттың бұл түрі мүлде жоқ. Дегенмен, өгізбен өз құрдасындай қалжыңдасып ойнайтын матадорлар мыңдап кездеседі. Солардың бірі – мықтымысқан Мықтыбек. Оған коррида сайысынан Қазақстан чемпионы атағын беруге әлдеқашан болатын еді. Әншейінде төбелестің неше атасын меңгеріп, осыдан әлемдік жарыс өткізіп жүрген тентексұрлар корридаға келгенде неге кібіртіктейтінін біле алмадым.



Ал енді, сіз матадор Мықтыбек спорттың бұл түрін қалай, қашан меңгерді деп мазаңыз май ішкендей болып отырсыз ғой. Асықпаңыз, оның да ау-жайын айтамыз.

Мықтыбек алғаш бесінші сыныпта оқып жүргенде матадор атанды. Ол сыныптасы Сұлтанның үйіне сабаққа бірге дайындалмақ болып келе жатқан еді. Аулада жатқан өгіздің өзіне алакөздене карағаны ұнамай қалды. Өгізіңізден қорқатын Мықтыбек пе, бір таяқты ала салып, Зеңгі баба тұқымының жүйке жүйелерін зерттей бастады. Жон арқадан тиген таяққа өгіз мыңқ еткен жоқ. Құйымшак, бел де шыдамды екен. Бұл Зеңгі бабаның осал тұсы – қос мүйізі екен ғой. Сол мүйіздерге келгенде Мықтыбекті жын қысты. Бұл жол таяқ емес, күл-қоқыста бұрышы шығып жатқан Қытайдың шыдамды қабын суырып алды. Сөйтіп қос мүйізге кигізе қойғаны сол, өгізіңіз өкіріп орнынан атып тұрды. Басы-көзі қаппен тұмшаланған өгіз біз тығыш алғандай мөңкісін келіп. Содан мойынын бір жағына тұқыртып алып, Мықтыбекті қуып кеп берсін. Құтырып кеткендей, аузынан жын шашып, жер тарпиды. Киілген қап жалп-жалп еткенде көзі құтырған қасқырдікіндей қанталап кеткенін байқады Мықтыбек.

Матадор олай қашты, былай қашты. Өгіз өңмендеп қыр соңынан қалар емес. Бір кезде жанталасып жүріп, шарбақтан асып түсті-ау. “Енді құтылдым ба” десе, өкірген бәлекет шарбақты мүйізімен қиратып, аттан салып соңынан қуып келеді. “Өлді деген осы екен ғой” деген Мықтыбек іш киімін былғап алған сонда.

Аяқ-қолы жерге тимей, үйді айналып қашып жүргенде сыныптасы Сұлтанның әкесі шығып қалып,

өгізге қарай тұра ұмтылған. Мүйізінде арқаннан ұстап, зорға тоқтатқан. Сөйтсе, өгізі құрғыр иесін танып бөгелген екен ғой.

Сұлтандардың өгізі Мықтыбекке өшігіп алды. Олай өткенде де, былай өткенде де көлеңкеде жатқан өгіздің бетіне қанар немесе жаюлы киімдерді лақтырып, ызаландырып қоюды бұл да әсте ұмытқан жоқ.

Бұл текетірес өгіздің соғымға жығылуымен тоқталды. Бір айналдырғанды шыр айналдырады дей ме, көп кешікпей, Мықтыбекті Асқардың ала өгізі қуып жүр деп естідік. Мыхаң бұл өгізге де бірқатар қорлық көрсеткен сыңайлы. Алғашқыда алдындағы жемін бас жібі жетпейтіндей жерге ысырып кеткен. Соңғы өткенінде шарбақтың арасынан сирақтарына соққылаған. Өлердей өшігіп алған өгіз Мықтыбекті кумағанда қайтсін. Содан кейінгісі де қызық. Кәдімгі матадорлар сияқты ала өгіздің алдына қызыл мата тоса қоймай ма? Сол матаны сүземін деп өршелене ұмтылған жануар Мықтыбекті жазым ете жаздаған.

“Ауру қалса да әдет қалмайды” деген бар. Мықтыбек отау құрған кезде де сиыр көрсе, сүйкенуін қоймады. Келіншегі Жанардың сауып отырған сиырлары Мықтыбекті көріп қалып, шелек толы сүт талай рет ақтарылған.

– Тыныш тұрмайтынның өзі екен! – деп, талайын ауыстырды қарасанның. Әйтеуір, бәрі Мықаңның “танысы” болып шығады.

Жаз уақыты. Мықтыбек сәкінің үстіне масахана құрып алып, Жанарымен сонда жатады. Бірде ол таңертең ерте тұрып, келіншегіне көмектеседі. Содан қайтып келіп, масахана ішіне құлай кеткен. Әлден

соң көзі ілініп кетіпті. Сөйтіп жатқанда бетін біреу сүйгендей болады. “Е, Жанарым екен ғой, жаным менің” деп Мықтыбек сүйіктісіне бетін тоса түсті. Жанары тағы сүйді. “Мені тым жақсы көреді екен ғой” деп, Мықтыбектің жүрегі атқақтады. Ол келіншегін жақсы көріп кетті. Аймалап сүйгісі келді. Осы тұста жан-жары тағы өпкендей болды. Бұл жолғысы жалағандай ма, бірдеңеге ұқсап кетті. Адамда да осындай тіл болады екен-ау.

Мықтыбек аунап түсіп, сығырайтып көзін ашып еді, масахананы шайнап тұрған Сұлтанның өгізін көрді. Зәресі ұшып кеткен Мықтыбек орнынан қалай атып тұрғанын өзі де білмейді. Шалбар-көйлегін үйінің артында бір аяқтап тұрып киді. Бір есін жиса орталық көшеде салып ұрып безіп келеді. Ала өгіз соңында. Дарбазасы ашық үй болса қойып кетуге бар. Бірақ қас қылғанда бірде-бір үйдің қақпасы, не шарбағының есігі ашық емес. Әрине, “жалмауызға да жан керек”. Мықтыбек “скоросты” ауыстырып, жылдамдықты үдетті. Артына қараса мүйіздерін сүзуге ыңғайлап алған өгіз ызалана қуып келеді. Мына түрімен ол өлтіруден де тайынбайды. Мықтыбектің қорыққаны соншама, түрі адам шошырлық деңгейге жетті. Көшеде малын өріске шығарып жүрген адамдар қарасы көрінбейді. Көпшілігі жаңа түскен келіндер.

— Қап, мыналардың алдында масқарам шықты ғой,— деп ойлаған сайын, тіпті адами қасиеттен арылды.

Пышаққа жығылғыр өңмендеген өгіз қыр соңынан қалар емес. “Мықтыбек келіндерінің, қарындастарының алдында ұятты болды-ау” деп ойлайтын өгіз бе, бұлай пайымдай алса, ол басқа

емес Сұлтанның басыбайлы, байлаулы өгізі болар ма. Мақұлық қой мынау. Иә, хайуан. Хайуан болмаса жаңа ғана үйленген жігітті көшеден көше бездіріп, алаөкпе қылып қуар ма? “Осыдан құтылсам етінді боршалап, қасапханаға өткізбесем, Мықтыбек атым құрысын” деп келеді Жанардың қосағы. Алайда, қазір құтылғаны олжа.

Мықтыбек қашқаннан қашып отырып, мектептің ауласына кіріп кеткенін өзі де сезбей қалды. Тап осы кезде мектеп ауласында жоғары сынып оқушыларының таңғы жаттығуы өтіп жатыр еді. Мықтыбек оқушылардың ортасына қойды да кетті. Қыздар қорыққандарынан қалтырап, жан-жаққа қашты. Балаң жігіттер қызық көріп қарап тұр. Осы кезде Мықтыбек сүрініп құлап түсті. Ала өгіз жығылып жатқан мықтыны сүзбекші еді, мүйізіне трусиді ілікті. Өгіз басын оқыс көтеріп қалғанда трусидің жартысы мүйіздің ұшында өтті. Қыздар мектептің ішіне қарай лап қойды. Жас жігіттер шуласып, өкірендеген өгізді ұстауға ұмтылды.

...Жанар жылап жүр.

— Сен-ақ абырой әпермейтін болдың маған. Енді саған жалаңаш күйінде мектеп оқушылары алдында шалжайып жатуың қалып еді. Осыдан соң мен мектепке қалай жұмысқа барамын. Жұртқа жанарымды тіктеп қалай қараймын. “Мынау әлгі өгізден қашқан жалаңаштың жары” деп мені күлкі-әжуа етпей ме? Саған жолықтырған қай Құдай екен мені? Бүйткенше өлгенім жақсы еді!

— Әй, өгіз ғой...

— Өзің өгіз, семіз өгізсің. Сендей өгізбен сүрген өмірдің! — деген Жанар бәрінен баз кешіп, ауыл шетіндегі қасқа жолға түсті.

Арқан бойы көтерілген күннің шұғыласымен қыпқызыл болып желбіреген юбканың соңында салбыраған мұрны тиер-тимес болып, матадор-Мықтыбек кетіп бара жатты. Өзі талай ызаландырған өгізден аумай қалыпты.

## ЖЫЛЖИДЫ АҚҚУ...

Қудалықтың тізіміне Батырхан іліккенде былайғылары ат-тондарын ала қашты.

– Егер құдалыққа Батырхан баратын болса, мен үйде-ақ қалайын,— деді Гүлжан.

– Бұл дүлей барған жерінде абырой әпереді ме? Аузына арақ тисе Алласын ұмытып кететін албасты ғой. Жоқ, бармаймын,— деп Райгүл әңгімесін шорт кесті.

– Көке! “Батырым, батырым” деп осы балаңызды еркінсітіп біттіңіз. Ол өзі ұрынарға қара таппай қағынып, сүзеген сиыр сияқты сүйкенетін жерді сағынып жүретін дию ғой. Басқа барса да тап осы жолы Батырханды жібермей-ақ қойыңызшы. Оған бір жәшік арақ әперіп, үйге тастап кетейік,— деді Серік.

Меңдіқалидың мұрты тікірейді. Көздері алашапырашты. Қолдары дірілдеді. Сосын:

– Әй, найсаптар! Не оттап отырсыңдар? Батырханның аузына арақ тимегеніне қазір алты ай өтті. Шайтан суды мүлдем қойдым деп отыр. Екіншіден, ол осы шаңырақтың үлкені. Кенже қарындасының құдалығына Батырхан бармағанда, кім барады? Осыған да ақылдарың жетпейді ме? Өңшең кешелер! Не деп



күйсеп тұрғандарын білмейді,— деп Мендіғали ақсақал қамшысының сабымен етігінің қонышын ұрғылады.

Бұл оның “әңгіме осымен тәмам” дегені.

Құмқала қыстағынан құдалыққа тоғыз адам аттанды.

Төртінші үйге келгенде Батырханнан береке кетті.

— Әй, мынау іш пыстыратын дәстүр ғой. Бұдан да неге бір төбелес ұйымдастырып жібермейді. Қызықтың көкесі сонда болатын еді,— деп Батырхан жеңгесі Райгүлдің құлағына сыбырлады.

— Ойбай, тыныш отыр, жетпегір. Құдалықта төбелесіп, қарындасыңның жүзін жерге қаратпақ па едің. Енді екі-үш күннен соң ауылға қайтамыз. Сәл шыдай тұр,— деп Батырханға жеңгесі басу айтты.

Жетінші үйге келгенде Батырханның бет-аузы жыбырлады. Содан соң ол тағы да жеңгесінің құлағына сыбырлады.

— Бұдан әрі шыдай алатын емеспін, жеңеше! Қолым қышып барады.

— Өшір үнінді, жетпегір! Барған соң әкеңе айтып жаныңды шығартамын.

Жетінші үйдегі асаба Батырханға арақ ұсынды.

— Асаба мырза, бұл кісінің тентек судан тиылғанына талай жыл. Қыштамаңыз. Оның орнына мен-ақ тартып жіберейін,— деп Райгүл алдындағы арақ толы стақанды аузына апарып, ішіндегісін өңешіне ақтара салды.

— Немене, құда баланың арақ ішпейтініндей асқазанында жара бар ма? — деп осы тұста күтуші жақтағы бір жеңгей Батырханның алдына жетіп келді.

— Қане, құда бала! Екі жастың бақыты үшін алып жібер. Өзің біздің келіннің туған ағасы екенсің. Осындай қызықшылықта алып жібергеннің артықшылығы жоқ. “Жылқыны нокта қосады, құданы құдай қосады” деген, бел құдамыз екенсің, айналайын, сөзімді жерге



тастама. Қарындасың мен сияқты ақ жаулықты әже болсын,— деп бір кемпір шаужайдан жармасты.

“Жылқының мінезі иесіне мәлім”. Батырханның аузына арақ тисе, бүкіл ауылды қырып жіберетін алақұйын мінезі бар екенін білетін Гүлжан мен Райгүл арашаға ұмтылды.

— Қинамаңыз, әжетай! Бұл құдаңыздың арақ ішпейтін аздап кеселі бар.

— Аздап болса ештеңе етпейді. Бірер ұрттайды да қояды. Не бопты сонша, түге? Құдалықта да осылай ішпей-жемей отыра беруге бола ма екен? Ал, давай, бір рюмке! Тым құрыса бір рюмке! — деп күтуші келіншек құданың іші-бауырына кіріп барады.

— Құдағи! Сіз де қадалған жерден қан алмай қоймайтын жан екенсіз ғой. Бұл кісіге арақ ішуге болмайды деп құдайдың зарын айтып отырмыз ғой. Қойсаңызшы. Ақыры арақ ішу керек болса, біз-ақ ішейік,— деп, онсыз да арақтан қызара-бөртіп отырған Райгүл құдағиымен соғыстырып, стақанды дастарханға лақтырып жіберді.

Батырхан жеңгесін аяп кетті. Егер бір-екі үйге барса сөз жоқ, жеңгесі жығылады. Ұяттың көкесі сонда болмақ. Бірақ, оған жол беретін Батырхан ба?

— Әй, Райгүл! Енді бір стақан арақ ішсең, аузыңды күншығысқа қаратамын! Қатындарға құйғыштарға көрсетейін, арақ ішкеннің қандай болатынын, — деп Батырхан орнынан қарғып тұрды.

— Ой, молодец! Құда деген осындай болуы керек! — деп күтушінің бірі арақ толы стақанды алып, бел құданың алдына жетіп келді.

Батырхан стақанды басына бір-ақ көтерді. Енді күтушілер бел құданың қасына бал көрген шыбындай үймеледі.

— Е, бәсе-ау!

– Құда деген осындай болуы керек қой!

– Жарайсыз, бел құда!

– Міне, азамат!

Көп ұзамай-ақ арақ Батырханның басына шапты.

– Әй,– деді ол үй иесіне, – бізді сыйлайсыңдар ма, жоқ па?

– О, не дегеніңіз, бел құда! Сіздерді сыйламағанда кімді сыйлаймыз?

– Онда әйелің екеуің ән айтып бересіндер.

Үй иесі – Сағынтай еді. Әу деп ән салатын өнері жоқ қаражаяудың өзі. Сондықтан ол Жәмилаға жабысты. Ол да ән айтып қарқ қылмайды. Әйелдердің басқосуында “Дедім-ауға” қосылғаны болмаса. Енді бел құда қиылып тұрған соң, амал бар ма, Жәмила “Дедім-ауға” басты.

– Жүп болсын,– деді Батырхан.

Жәмила “мына жалмауызға қайдан тап болдым” дегендей, Сағынтайға жәутендеп қарады.

– Тағы біреуін айтып жібер,– деді ол.

Жәмила енді жандалбасалап “Дудар-айға” басты. Дауысы жетпей, сөздерін ұмытыңқырап барып, әйтеуір “өлдім-талдым” деп әнді аяқтап шықты-ау.

– Енді әнді сен айтасың,– деп Батырхан Сағынтайға жармасты.

Оның алашапыраштанып кеткен көздерінен қорыққан үй иесі домбырасын қолға алды. Оның құлақ күйін ұзақ келтірді. Құдалар мен қонақтардың шыдамы таусылған шақта:

– Жылжиды аққу, айдында жылжымайды,– деп әуелете бергені сол еді, Батырхан жұлып алғандай:

– Ей, құда! Аққу жылжи ма, әлде жылжымай ма? Конкретно айт! – деп орнынан тағы да қарғып тұрды.

Жұдырығы түюлі, жүзі өрт сөндіргендей. Мұны көріп Сағынтай сасқалақтап:

– Жылжиды аққу, айдында жылжымайды,– деп әнін қайта бастап келе жатыр еді, Батырхан:

– Конкретно айт дедім ғой саған. Аққу жылжи ма, жылжымай ма? – деп жағасына жармасты.

Сағынтайдың көздері жыпылықтап:

– Жылжиды, жылжымайды,– деп кекештеніп тұрып қалды.

– Әй, мынау мені мазақтап тұр ғой,– деп Батырхан оны қолақпандай қолымен қойып қалды.

Төбелес басталып кетті. Күтуші жақ арашашы болып жүр. Кеселер сынды. Тарелкалар қирады. Арақтар төгілді. Дастарханның астаң-кестеңі шықты.

– Жаңа айтпап па едім, сіздерге, жатқан жыланның құйрығын баспаңыздар деп. Енді бұл өзі жығылмай, не оңбай таяқ жемей қоймайды,– деп Райгүл жылап жіберді.

Содан бері талай жыл өтті. Жара жазылды. Суыған көңілдері татуласты. Әйткенмен, Сағынтайды құрдастары “Жылжиды аққу...” дегенін әлі қоя алмай келеді. Мұны естігенде Сағынтайдың сағы сынады.

## ШОШЫМАЛЫ БОП ҚАЛДЫҚ

Біздің мекемеге тентек толқын тәрізді ауық-ауық соғып тұратын бір құйын бар. Сол құрғырдың тау ішіндегі “Лохнес” көліндегі жұмбақ мақұлықтай көптен бері ішін тартып көрінбей кеткеніне біраз болып еді. Таяуда Тайландтағы цунами сияқты аяқ астынан көтеріліп, астаң-кестеңімізді шығара жаздады. Енді міне, топ-топқа бөлініп, “дейді, дейдінің” делебесін қоздырып, талайларды тау асырып, бірталайын батпаққа батырып, әлек болып жатырмыз.

– Не дейсің, бастық ауысатын болыпты.

– Орнына кім келеді дейді?

– Менің білуімше, Сандыбайдың әрекеті күшті деседі.

– Ой, ол Сандыбайың бұл орынға лайық емес. Оның үстіне Сандыбайдың қолтығынан демеп жіберетін көкесі де жоқ.

– Бәлкім, көкесі болмағанымен қаржысы мол шығар.

– Оттапсың. Сандалып жүрген Сандыбайдың тесік қалтасында соқыр тиын да жоқ.

Аузының дуасы бар дейтін болжағыштар, бал тартқыштарың адасып, айдалаға кетті. Бүгінде “бастық ауыспайтын болыпты, тек жуырда штат қысқарады екен” деген жаңа бір болжам талайдың түн ұйқыларына төрт бөлді. Мұндайда “қысқартуды кімдерден бастайды екен?” деген жүдә бір орынды сұрақ көлденең тұрып алды. Бүгін енді үш орынбасардың біреуін қысқартпай алмай “қиналып” жатырмыз.

– Серікті облыс әкімінің ағасының өзі тікелей отырғызды. Ол орын – “заңды”.

– За то, оның әкім інісі басқа қызметке ауысқалы жатыр.

– Демек, қысқартуға Серік ілігеді ме?

– Ау, мырзалар! О заман да бұл заман бірінші орынбасардың қысқарғанын кім көріпті, қысқартуға үшінші орынбасар ілікпес пе?

– Әй, мынауың қисынды.

– Өзін де жоқ жерден, штатта жоқ орынға тағайындап еді ғой.

– Рас, жөні сол.

– Орынбасарларды қысқартса, кезек әуелі үшіншіге түсуі тиіс.

– Дегенмен, оның әкесі облысымызға танымал кісілердің бірі. Облыс әкіміне жиі-жиі адам салып жүр дейді ғой.

– Оның қолынан келеді. Беделін салып, белден басатындардың бірі деседі ғой.

– Ендеше, екіншінің мойнына құрық түсіп тұр екен дә.

– Заңды отырған адамды орнынан орынсыз аударып тастайтын болды десеңізші.

– Солай болып тұр ғой енді.

– Бұл заман не болып барады өзі?!

Орынбасарлар жөніндегі болжам осымен бітіп, кезек бөлімдерге келгенде, енді аянбадық. Іштей ұнатпайтынымыз бар, аздап қырғи қабақ болып жүргеніміз бар, “қысқарту” атты жаналғыштың жалына байладық та жібердік.

Осы талқылаудың үстіне асығып-үсігіп Бекболат та келіп қосылған. Бекеңнің енді білмейтіні жер астында. Келтірген қисындары да құлаққа қонады. Енді бізге әйгілі Нострадамус, Артур Кларк, Брэд Уинерс, Дэвид Пик деген көріпкелдер керек болмай қалды. Кімді қайда отырғызады, кімдер қысқартылады, алақанға салғандай белгілі болды. Болжамының орны бар болғандықтан

Бекболатты бауырымызға бастық. Содан соң бастық жөніндегі іште ит болып өліп жатқан сырымызды айқара аштық. Басекеңді “ит адам” дестік. Аузымызға келгенін айтып, әйдә бір бөстік. Әңгімені әркім өзінше іліп әкетіп жалғады. Бекболат та бастықты жамандауда ешкімнен қалмады.

Арқамыздан битіміз төгілгендей бір жеңілдеп қалғанбыз. Жиналғандер тарай бастады. Солардың соңын ала Бекболат та бөлмесіне кеткен. Сол-ақ екен Абылай:

– Осы бар ғой, ә... Бекболатты байқадыңдар ма? Көзі алаңдап... өзі жансыздардан болып жүрмесін,— деп бір бәленің басын қылтитты.

– Өткенде бастықтың соңынан қанша адам ертіп келгенін әңгіме етіп едік қой. Соны бастық қалайша қаз-қалпында естіп қойды. Бекболатта бір кәкір бар. Байқандар...

Бойымызда белгісіз діріл пайда болды. Бұл Бекболат дегенің... Сөйтіп тұрғанда арамыздан Абылай кетті. Ол қалай кетті, солай Сейдахмет суырылып:

– Осы бар ғой, ә... Бәленің барлығы Абылайда ма деймін. Мен білсем, бастыққа сөз тасып жүрген сол. Чо то, бастықтың кейбір сөздері сонікіне ұқсап барады. Абылайдан аулақ жүрейікші, осы,— деп жаңа жансызды жария етті.

Шошып түстік. Кімге сеніп жүргенбіз?! Бастық енді шетімізден...

Бекболат бір айналып қайта соқты. Бағанағыдай емес, екпіні басылып қалыпты.

– Жігіттер, мәселенің мәнісіне көзім енді жетті. Осы бар ғой, ә... Қасқарбек қандай адам? Қазір ғана көрдім, бастықтың қабылдауынан шығып келеді. Жымысқы



жүзінен жазбай таныдым, біреулерімізді оңдырмай жамандап, айызы қанып, шаттанып шықты. Соның өзі, жүріс-тұрысы маған вообще ұнамайды. Жылпос жігіт секілді,— деп ешқайсымыздың ойымызда жоқты айтты. Одан сайын шошып кеттік.

Ол кеткен соң Салқынбектен секем алдық. Жұманды да жамандадық. Нұралының да ішін кептірдік. Қарап отырсақ, біздегінің барлығы шпион, демек, ешкімге сенуге болмайды. Сонда мұндай кілең жансыздар қаптаған мекемеде көсегеміз қалай көгермек?

Түс ауа тиын-тебен керек болып, есеп-қисап бөліміне соқтым. Мұнда да қызу талқылау, жаппай жұлдыз жорамал.

— Қысқарту туралы құлағыңа қандай әңгімелер жетіп жатыр? — деп сұрады Алмабек.

— Солай да солай, үш-төрт бөлім, бір орынбасар кететін сияқты.

— Именно кімдер?

Мен иығымды кушиттым. “Оны қайдан білейін” дегенім. Алмабек мұныма қанағаттанбады.

— Бәрін білесің, айтқың келмей тұр, ә, қусың ғой,— деді.

— Қандай ку? Ақку ма, әлде қара ку ма? — дедім мен де жорта.

— Қарасы,— деді Алмабек.

Бұдан әрі тұра берсем, соңы сойқанға соқтырарын біліп, табанымды жалтыраттым. Есіктен шығып үлгермей Алмабектің:

— Осы бар ғой, ә...— дегенін құлағым шалып қалды.

Осы бар ғой, ә... Шынында не істесем екен? Екі қолымды тас төбеке қойып, көз көріп, құлақ естімеген бір жаққа кетіп қалсам ба екен?

Сонда бала-шағамды мына Абылай, Алмабек, Бекболат бағар дейсің бе? Құрысыншы бәрі...

Осы бар ғой, ә... Бәрінен де дұрысы, тас керең әрі мақау болып жүрген бе деп қалдым... Әйтпесе, бара-бара шошымалы боп бітетін түріміз бар.

## ҚОЙДЫҚТЫҢ ҚОЙЫРТПАҒЫ

Үй жинастырып жүрген үлкен қызым Қамыркүл кенже ұлым Қойдықтың еркін тақырыпқа жазған шығармасын тауып алыпты. Қамыркүлдің соңғы кездері баудың арғы бетіндегі шарбақтың түбіне барып алып, ұрын келетін жүгермекпен (яғни, болашақ күйеу баламен) түннің әлде біраз уақтысына дейін отырыңқырап қалатынын, оны Қойдық қудың қалтарыста қадағалайтынын тілге тиек етсек, екеуінің күнде не үшін дұрдараз болып жүретінін айтпай-ақ аңғарасыз.

— Пап, а, пап, мына жүгермегіңіздің сіз жайында не деп жазғанын оқыдыңыз ба?

— Е, не депті сонша? Әрине, мақтаған болар.

— Иә, мақтап жетістіріпті. Мә, өзіңіз оқып алыңыз, ендеше.

Міне, Қойдық баламның әдебиет пәнінен еркін тақырыпқа жазған шығармасын оқып отырмын.

"Тақырып: "Менің әке-шешем".

"Менің папам мектептің директоры. Мамам: "Мектебіне еден сыпырушы болса да жұмысқа кірейінші. Үйде ішқұса болып өлетін шығармын" десе, "Әй, ақымақ, дардай директордың әйелі еден сыпырып

жүр деген кімге жақсы? Осы саған не жетпейді?" деп айқайлайды. Расында, мамама не жетпейтінін мен де түсінбеймін.

Өткенде үйге Түгелбай тәтем келді. Үлкен қызы Шымкенттегі жекеменшік университеттің бірін бітіріп келген екен.

— Шырағым, Шотбай, (менің әкемді айтады да) алысым емессің. Сенің әкең Болысбек пен біздің әкеміз Жылқыайдар араларынан қыл өтпес дос-жаран адамдар болған. Біздің де ниетіміз түзу. Бір рудан тараған ағайынды адамдармыз. Кіші қызым Гүлдана білдей биолог болып оралып отыр. Әу баста сенгеніміз өзің едің. Мектебіңнен бір орын табылар деп ағалық базынаммен алдына келіп отырмын. Енді бұрынғы-соңғының жолы ғой, мына орамалға 400 доллардың көк қағазын түйіп әкелдім. Әрине, сендердің өздеріңнен де сұрайтын үлкен басшыларың бар. Сол жағын да ойладық та,— деп күлген болды. Күлкісі онша емес еді.

— Көке-ау, сізден ешнәрсе алмай-ақ, қарындасты жұмысқа орналастырамын ғой,— деп папам орамалды Түгелбай тәтеме қарай жылжытып жатыр еді, мамам оның санын оңдырмай шымшып алды. Папам бақырып жіберуге шақ қалды. Мамамды салып жіберуге оқталғандай оң қолын оқыс көтеріп барып, қолтығын қаси салды. Сосын:

— Мына келініңіз де "қайнағадан" ұят болады деп отыр,— деп, қозғалақтанғанынан-ақ мамамның шымшыған жері ойылып қалған шығар.

Түгелбай тәтем орнынан жедел тұрды.

Орамал орынында қалды.

Оны іліп алған мамам, алақ-жұлақ етіп барып сандыққа салды.

Түгелбай тәтем кеткеннен соң көп ұзамай үйге Мейрамбек, Серік, Жандар, Тортай, тағы басқа да екі-үш кісі келіп кетті.

Неге екенін қайдам, әйтеуір біздің үйге келгендер ә дегеннен папамды мақтайды. Кетерлерінде отырған жерлерінде түйіншек қалады. Оны папам ашып та қарамайды. Кісілер отырған жерді үнемі мамам жинайды. Қонақтардың ұмытып кеткен түйіншек, ормалдарын сандыққа салып сақтап қоюды ұмытпайды.

Папamның мектеп мұғалімдерінің де жинайтын жылуы жетеді. Өткенде үйге завуч Әлібек ағайды шақырып алды.

— Әлібек, бізге тағы да комиссия келе жатыр. Кім біледі не деп кетерін. Әйтеуір, сақ болайық. Өткендегідей әр мұғалімнен 5000 теңгеден жинап қой. Бәлемдердің ауыздарын майлап жіберейік, — деді завуч ағайға.

— Мақұл, бәсеке! Сіз айтсаңыз қатырамыз ғой, — деді Әлібек ағай.

— Осы мұғалімдер Шотбай ағай теңгені жиі жинаттыратын болды деп жүрген жоқ па?

— Е, жоға! Бәрінің де тайрандап жүргені сіздің арқаңыз ғой, бәсеке! Көбісінің кемшілігі бар, сабақтарын жөнді өткізе алмайтындары да жетеді. Ана Салқынбек, Нұртай, Сұлтан сабақтарына салдыр-салақ түгілі, үнемі арақ ішіп келеді. Кейде тіпті келмей де қалады. Соларды мектептен тырқыратып қуып шықсаңыз, көрмей отырсыз ба? Ендеше, олардың сізге өкпелейтін орыны бар ма? Әрине, комиссия "мектепте оқу сапасы төмен, тәртіп бетімен кеткен" деп жазса бар ғой, бәрі де жеп отырған нандарынан табан астында айырылар еді. Сондықтан ешқайсысы жұмған ауыздарын ашпайды, — деді Әлібек ағай.

– Онда іске кіріс, – деді папам.

Ертесіне Әлібек ағай үйге бір дорба теңге әкеліп төкті. Мамам бұл жолы жастықтың бірін сөкті. Бірақ комиссия келмей қалды. Ешкім келіп теңгесін кері қайтарып алған жоқ. Сөйтіп отырып мамам "жұмыс істеймін, жұмыс істеймін" деп жұлқынады және. Оған не жетпейтінін мен де түсінбеймін?!"

Айналайын, балапаным сол, алтыным, ақылдым. Расында, осы Зиядашқа не жетпейді? Ішкені алдында, ішпегені артында. Екі қолын жылы суға малып отыр. Сөйтіп отырып "үйде ерігіп біттім" дейді. Теңгесі түгел, сірә оныкі өсек айтатын жер іздегенмен бірдей. Ал бізде ол жетіп, артылады.

Қанша дегенмен Қойдық еркек кіндік емес пе? Папасының сөзін сөйлеп отырғанын қарашы-ей. Бұйтпесе ол менен туар ма? "Костюмнің қолтығы сөгілді" деп жүр еді, осыдан тап бүгін су жаңа костюм әпермесем бе?

Қамырқұлден қысым көріп қашып кеткен Қойдықты қанша іздесем де қарасын көрсетпеді. Бала неме сірә, ойнап кетсе керек.

– Әй, Зиядаш, бала қайда? – деп айқай салдым.

– Сен қашаннан балаңды іздейтін болып қалдың? Өзің сияқты қаңғып жүрген шығар бір жерде.

– Мен қашаннан қаңғыбас едім? Ой, ақымақ? Осы байыңды қағытқаннан маңдайыңа қарағайдай мүйіз шығатын болса әлдеқашан шығатын еді ғой. Сандамай түскі тамағыңа кіріс. Қойдық қарағымның қарны ашқан болар.

– Балаңды сен тамақтандырып жүр едің.

– Енді бәріміздің де тамақ ішетін кезіміз тақап қалды ғой.

– Тақап қалса мектебіндегі әлгі тәуірлеріне, тәлпіш

қатындарыңа бармайсың ба? Солар емес пе сені тойындырып жүрген.

"Пәледен машайық қашыпты" деген, енді кідірсем, бұл қатын көрдегі әке-шешемнің кінәларын қопарады. Қолды бір сілтеп баламның шығармасын тасалау жерге барып түгесіп тастауға кірістім.

"Мектепте біздің папамды мұғалімдердің барлығы да жақсы көреді. Солардың ішінде Сәндікүлдің ықыласы тіптен бөлек.

Сәндікүл – біздің мектепке осыдан екі жыл бұрын басқа мектептен ауысып келген апай. Күйеуі машина апатынан қайтыс болыпты. Сондықтан папамның оған жаны сұмдық ашиды. Үйіне отын-су түсірткізіп береді. Түрлі салықтарды басқа мұғалімдерден жинаса да одан алмайды. Кейде тіпті жұмыстан соң екеуі қалып, әлденені ақылдасып отырады. Папам мұндайда жұмыстан кешігіп келеді. Мамам "тағы да әлгі сайқалыңмен болдың ба?" деп зіркілдейді. Папам Сәндікүлмен бірге мектептен кеш қайтуын сонда да қоймайды.

Папам Сәндікүл апайды үнемі көтермелеп жүреді. Өткенде ғана оны облыстық мұғалімдер жарысына жіберіп, артынан өзі де сол жаққа кетті. Бекер бармапты, Сәндікүл апай облыстан бірінші орын алып келді. Ұмытпайтын адам екен, "Бұл сіздің арқаңыз ғой" деп бәріміздің көзімізше папамның бетінен сүйді.

Айтпақшы, осы Сәндікүл апай мектепке алғаш келгенде папамның хатшысы Тұрсынкүл екеуі қатты ұрысып қалды.

– Шотбай ағай екеуіміздің арамыз шырын еді. Сен салдақы қаңғып келдің де, оның басын айналдырып алдың, – деді Тұрсынкүл апай.

– Олай деменіз, біздің арамызда достық сезімнен



басқа ешқандай байланыс жоқ. Енді жаны ашыса жалғызділікті жанға көмек беру басшының тікелей міндеті,— деді Сәндікүл апай.

— Кесір жесірге деп айт,— деді Тұрсынкүл долданып.

— Жесірлікті жаратқан басыңызға салмасын. Мен жесір болайын деп болғаным жоқ, Тәңірінің басқа салғаны,— деп Сәндікүл апай жылап қалды.

Оның жылағанын жеңілгені деп ойлаған болса керек, Тұрсынкүл апай желпінді.

Қазір папам тағы бір жаңадан келген мұғалім қызға қырғидай тиіп жүр?!"

Шығарманың осы жеріне келгенде дәптер қолымнан түсіп кетті.

Ой, сұмдық-ай! Мынаны бала деп жүрсем, бәле екен ғой. Оған тамақ дайындатып жүрген мен де ақымақ екенмін-ау. Қай-қайдағыны теріп жаза бергені несі? Өзін шайтан шалықтап кеткен жоқ па екен?

— Қамыркүл, а, Қамыркүл, қайдасың?

— Мұндамын, папа!

— Мына дәптерді Қойдық мектепке апарған жоқ па еді?

— Жазып болып, киіздің астына тыққан екен. Сол жерден тауып алдым ғой. Мектепке апара қойған жоқ-ау деймін.

— Онысы дұрыс екен, ал мамаң ше, мамаң? Ол оқыған жоқ па?

— Әуелі сізге бердім ғой дәптерді,— деген қызым қасыма еркелей келіп, дауысын ерекше құбылтып жіберді. Пап, өткенде әдемі куртқа әперемін деп едіңіз ғой. Әйтпесе, мамама...

— Әперемін, қарғам, әперемін. Тағы не керек еді?

— Ура! — деген қызым бір секіріп түсіп, қолын шапалақтап жіберді. Сосын құлағымның қалқаншасын қытықтап тұрып, сыбырлады. Бәлекет бойжетіп

қалыпты. Қалай ерітуді біледі. Папа, сосын маған Сәндікүл апайдікі сияқты қымбат пальто керек.

— Ол да болады, қызым.

Қызым бетімнен сүйіп, бөлмесіне кетті.

Мен баламның шығармасын қолтыққа тығып, мектептегі психологқа келдім.

— Осылай да осылай, бала айналасындағыларды байқағыш болса, оны әдемілеп қағазға түсіре білсе, бұл ненің белгісі.

— Бұл — зеректіктің белгісі.

— Ал, әкесінің құпиясын қалтарыссыз біліп қойса ше?

— Бұл — жақсылықтың нышан емес.

Сонда қалай болғаны? Менің кенже ұлым мектептің дардай директорының баласы. Зерек пе әлде түк сезбейтін терек пе?

Осы оймен келе жатып биік бір терекке тірелдім. Терек дегенім зіңгіттей жігіт болып қалған кенжем Қойдық екен.

Осының есімін ағайын-туыстан ұялғансып Қойдық атап едік. Расында, барлығын да қою керек шығар, бәлкім?!..

## ҚАСЫМБЕКТИҢ ҚАРЫНЫ

Қазір қазақтардан қадыр қашып тұр. Баяғы бабаларымыздай бір қойды сатып, үйме табақ етті ортаға қойып, бір-біріне деген ықылас пен туыстық сезімге тойып, әңгіме-дүкен құрып отыратын тату ғұмыр келмеске кетті. Жұрт тамағын соғыстан кейінгі жылдары студент Сұлтанның көрпесінің астына тығып жейтініндей, биік-биік һәм жуан-жуан арғы жағында арпылдаған қасқыр иттері бар дуалдардың ішінде жасырын ішетін болған. Тек, тойларда, онда да байлығы мен шайлығын көрсетіп мақтанатындар, азалы жиындарда болмаса, былайғы кезеңде қазақтардың бірігіп ас-су ішуі арманға айналған.

Осындай аумалы-төкпелі, аласапыран кезде кейбіреулерге тамақ тауып, тойынып жүру қиынның қиынына айналды. Алайда, осындай мейірімсіздеу маусымның өзінен жол тауып, қара қарын тойындырып жүрген пысықайлар арамызда әлі де жетеді.

Студент кезіміз. Қарын бірде тоқ, бірде аш. Курстастардың біреуінің қазаны бүлкілдей бастаса, әкеміздің үйіне келгендей бөлмеден шықпаймыз. Қашан қара қазан ортаға қойылады, ішіндегі вермишель мен бірер-түйір карточкасы бар көже ішіліп болады, соған дейін қозғалмаймыз. Содан соң қара нан мен бірер кесе шай ішіп, мәз-мәйрам болып бөлмелерімізге жылыстаймыз.

Міне, осындай ашқұрсақ, алаңкөңіл, аңқылдақ студенттер арасында қашан көрсең де екі бетінің қаны тамып тұратын Қасымбек деген құрдасымыз болды. Сірә, туыстарының бірі мықты қызметте ғой дейміз, тамақ жөніндегі әңгімеге келгенде Қасымбегіміз қашқақтайды. "Маған тамақ табу, тезек тергеннен

де оңай" деп тұрғандай көреміз онысын. "Сол туысыңның үйіне мені де ең құрығанда бір рет апарып тойдырып қайтшы" деп жалынып-жалбарынып жүрген жерлестері, жолдастары да жетерлік. Мұндайда ол:

— Менің көкем мықты. Өте бақуат тұрады. Ірі қызметте ғой. Анау-мынауды үйіне бас сұқтыра бермейді,— деп шіренеді.

Әрине, мықтының үйіне кіріп шығу, тоя тамақ ішу таусылмайтын арман. Жұтқыншағымыз жыбырлап, кірпіктеріміз жиі-жиі қыбырлап, сайтанымыз құлағымызға "тамақ ішпейсің бе?" деп сыбырлап, содан қарнымыз шұрылдап, мұрнымыз пырылдап, әбіржиміз де қаламыз. Осы бейшара түрімізді көріп, Қасымбек қанағаттанады ғой шамасы, шалқалай түсіп, қарқ-қарқ күледі. Осы күлкісі бізге түрпідей тиеді.

Сағымдай созылған бес жыл бойы Қасымбектің: "Қарным аш еді, тамақ ішіп келейік" дегенін естімей-ақ өттік.

Диплом жұмысын жазып, жанталасып жүрген абыр-сабыр "өлдім-талдым" қауырт кезең. Енді бір екі-үш айда университетпен қоштасамыз. Көңілдерде қимастық сезім бар. Әсіресе, әншейінде жақтыра бермейтін қу қыздар үлбірей қарайды. Жүрек шымырлайды, көңіл толқиды. Осындай сезім арпалысында жүргенде, қасыма Қасымбек келді.

— Ынтымақ, тамақ жағына қалайсың?

— Өңештен өтетінінің барлығына қарсы емеспін.

Қарын аш қасқырдай ұлып тұр.

— Кеттік, ендеше!

— Қайда?

— Не қайдасын сұрайсың, тамағыңды тойдырсам болды емес пе?

— Жарайды!

Қасекеңнің соңынан ноқталанған құлынша бүлкілдеп ере бердім. Қарын шұрылдап тұрса, сайтанның да соңынан еріп жүре береді екенсің.

Зәулім бір мейрамхананың алдына келдік. Адам деген ығы-жығы. Түсіп жатқан машиналары да осал емес. Ә демек, бұл Қасымбектің туысының әлде бір тойы болды ғой. Алайда, Қасекемді ешкім елейтін емес. Өзі де ешкімге барып сәлемдесейін демейді. Әлде бүгін-ертең мықты маман болғалы тұрғандықтан, маңғаздықты қазірден меңгерейін деді ме екен. Сонда да аға, жеңгесіне барып сәлемдесуі керек қой. Осы оймен басым әңгел-шәңгел болып тұр еді, Қасымбек қолтығымнан түртті.

— Есікке жақын барып тұралық. Қазір жұрт ішке лап бергенде, орын тауып отыру қиын, — деп сыбырлады ол.

Есікке жақындадық. Кіре берісте еркектер мен әйелдерге арналған бөлек-бөлек жай бар екен. Қасекең тура бір өз үйінде жүргендей еркінсіп, сол жайдағы қол жуғыштан сабынданып жуынып келді.

Уақыт болды. Жұрт ішке кіре бастады. Көппен бірге біз де қозғалдық. Кіре берісте қаз-қатар бірнеше адам тұр. Келгендер әлгілерге көрісіп, төрге озып жатыр. Қасекең де көрісіп шықты. Мен де қалыспадым.

Зәулім дәмхананың жуан ортасына жайғастық. Үстел үстінде неше түрлі тамақ жайнап тұр. Әлден соң, келушілер аяғы саябырсыды. Әлдекімнің әруағына арналып құран оқылды. Бет сипап, тамаққа жауға тиіскендей кірістік. Алдымыздағы салаттардың сау-тамтығы қалмаған екен, көрші келіншек қол жалғап жіберді. Оны да жұтқыншақтан әрі асырдық. Бірінші, екінші тағамдарды да тостырмай құтты орнына қондырдық. Жуан-жуан жіліктерді жәукемдеп, қымызға қол создық. Абай атамыз айтпақшы, "аш

қарын жұбанар ма, майлы ас жемей". Майлығы бар, майсызы бар, студенттердің сөмке-қарнына қарай сумаңдап өтіп жатты.

Өмірімде бұлай тамақ ішіп көрмегендеймін. Әрине, мынадай дәмнен соң, дым татпай бір-екі аптаға шыдауға болады. Қарын тойынған соң, адам жан-жағына қарағыштайды екен. Байқаймын, тамақты дәл біздей опырып жеген ешкім жоқ. Барлық үстелде дерлік жеміс-жидек, табақ-табақ ет, салаттардың неше түрлісі мұрты бұзылмаған күйі тұр. Аш бөрідей алдындағысын жалап-жұтаған біз ғана.

Осы түрімізге ұялып отырғанда құран оқылып, беттер сипалып, асқа келгендер сыртқа шыға бастады. Елмен бірге біз де есікке ұмтылдық. Былай шыға Қасымбектен:

— Мынау қай туысың еді? — деп сұрадым, тісімді шимей шұқып тұрып.

— Оны қайтпек едің? Тамағыңды тойдырдым ба, бітті. Арғысын сұрама,— деп сазарды.

Арада тағы апта өткенде, Қасекең мені әйдік бір тойға апарды. Мұнда да бізді ешкім елеп-ескермеді. Есесіне, тамаққа тойып, араққа бөгіп қайттық. Қасымбек қойнына екі бөтелке арақ, тағы бірнәрселер тыға шығыпты. Курстастар да қарық болды. Алайда, Қасымбектің осы қамқорлығы үшін, оны екі рет асханаға апаруыма тура келді.

Қасымбек қоштасардың аз-ақ алдында сырын ашты. Сабазың бес жыл бойы той-жиындарға шақырусыз қатысып, тамағын тойындырып жүріпті. Бір-екі мәрте, тіпті құдалыққа да араласып кетіп, киім киіп шыққан кездері де болыпты.

Сол Қасымбекпен арада отыз жыл өткенде, үлкен бір аста жолығысып қалдық. Баяғы жіп-жіктей жігіт



жуан қарын, дөңгеленген адамға айналыпты. Мені танымағансыды. Кейіннен сырттай естідім, ол әр қызметтің жалын бір ұстап, тоңғаң тауықша секектеп жүріпті де, темір тордың ар жағында біразырақ тоқталып, жуырда жарық дүниеге қайта оралыпты. Қазір әр жұмыстың басын үзіп-жұлқып атқарып жүрген жайы бар екен.

Қаладағы құдайы тамақтарда облысқа танымал болған мерейтойларда немесе азаматтардың қырық күндіктері мен жылдық астарында Қасекеңді үнемі көріп жүремін. "Е, бір қатысы бар ғой" деп ойлап қоятынмын.

Жуырда Атанбек маған бір сыр ашты.

– Осы Қасекең жарнаманы сұмдық оқиды дейді.

– Не үшін? Әлде бизнеспен айналысады ма?

– Е, жоқ-ә!

– Ендеше неге жарнамаға жабысқыш.

– Өйткені, газет беттерінде тойға, асқа шақыруларды қалт жібермейді.

– Танитындары болса тілек білдіріп, көңіл айтатын шығар...

– Тіпті де олай емес.

– Сонда?..

– Оу, несін түсінбей тұрсың, танысын-танымасын көпшілікпен ілесіп барып қарын тойдырады да.

– Қойшы.

– Ешкіші болса да сол. Бірақ бұл естігеніңді ешкімге тіс жарып айтушы болма.

– Неге?

– Неге дерің бар ма, өзі бір шектен тыс бәлеқор деседі ғой.

– Онда келістік.

Жуырда бір танымал жазушының 60-қа толған

мерейтойы өтіп, кәделі дастархан басында Қасекенді тағы көріп қалдым. Әлгі жазушымен әзілімен жарасатын еді, соны пайдаланып:

— Көке, мына жуан қарынға қандай қатысыңыз бар? — деп сұрай салдым.

— Қайсысы?

— Мына ортадағы орындықта тамақты талғамай түгесіп отырғаны.

Жазушы көзәйнегінің үстінен бір, астынан бір қарап иығын қушитты. Сосын елемегенсіп:

— Шығармаларыма шынайы ғашық оқырмандарымының бірі болар, — деп кері бұрылды.

Осы оқиғадан соң іле-шала жан досым Жеңіс 50-ге келдім деп, елді жинады. Басқаны қойғанда, Жеңістің кімдермен жұрағат, кімдермен етене араласатынын жүдә жақсы білемін. О, тоба, Жеңістің мерейтойында Қасымбек жүр қасқайып. Өткенде бір аста Жеңіс досым:

— Осы бір қарынды көрсем тамақ атаулыдан безіп кеткім келеді, — деп Қасымбектің ту сыртынан көрсеткен.

Сонда бұл келіс қай келіс? Мен Жеңіске, Жеңіс маған қарады.

— Қайтесің, тойдың шырқын бұзба, — деді сосын.

Той қызметіндегі адамбыз. Жүгіріп жүріп Қасекенді ұмытып кетіпшім. Бір қарасам, Қасекеннің жуан қарыны жер сызып сыртқа шығып барады екен. Қайдан ғана аузыма сап ете қалғанын қайдам, "бүкірді мола түзейді" деген дауысым қаттырақ шығып кетті.

— Не? Не дейсің? — деп таңырқай сұрады тамада.

Мен аузыма сөз түспей:

– Қасымбектің қарыны.... – деп қалдым.

Тамада теріс түсінді. Қолына микрофонды ала салып:

– Шақырылған қонақтармен бірге Қасымбектің қатыны, то есть келіншегі де ортаға шықсын,— деп жатыр.

Маған дыбыс күшейткіш: "Қасымбектің қарыны, Қасымбектің қарыны" деп жаңғырып жатқандай болды.

Сол бойда Қасымбек те, қарыны да бой көрсеткен жоқ. Тегі, тоя тамақ жеу туралы басты жоспары орындалған ол бұл тойға қайта оралып әуре болмайды...

## ҚОНАҚ ҮЙДЕГІ ҚОРҚЫНЫШТЫ ЕЛЕС

Шалғай облыстан келген шағым хатты тексеру ақыры Шаяхметке тірелді.

– Жасым болса алпысты алқымдады. Өкпемді сүйретіп, ту-у алыстағы көнекентке мен бармай-ақ қояйын. Осында өрімдей-өрімдей жастар өріп жүр ғой. Солардың біріне тапсырындар,— деп Шаяхмет шалқасынан түсті.

– Жіберсем, жастар таппай отырғаным жоқ. Мына шағымның шұлғауы шұбатылыңқырап жатыр. Су сияқты көпті көрген салиқалы азамат араласпаса, бүгінгі жастар істің байыбына бара алар ма? Олар онсыз да тұтанғалы тұрған, шоққа май құйғаннан басқа не біледі. Шәке, осы істі бір тұншықтырса, сіз тұншықтырасыз. Оның үстіне жылы жақта демалып кайтсам деп жүр едіңіз. Андағылар сізді өздеріндегі

шипажайға орналастыруға уәде беріп отыр. Әрі демалып, әрі іске нүкте қойып қайтыңыз,— деп министрдің өзі майысып тұрған соң, Шаяхметтің “мақұл” деп, шұлғымасқа амалы қалмады.

Алпыстағы адамға алыс жол ауырлық етеді екен. Поездан түскенде Шаяхмет кәдуілгідей шаршаулы еді.

— Хош келдіңіз, Шәке! Әуелі үйге кіріп сыбағаңызды жейсіз. Сізге арнап бір қой сойғанбыз. Келініңіздің қолынан шай ішіп, іске содан соң кірісе жатарсыз,— деді вокзалда қарсы алған министрліктің облыстағы өкілдігінің қызметкері Сұлтан. Қасында тағы 5-6 жігіт бар.

— Қазақшылықтарың қалмайды-ау! Жарайды! Астан үлкен емеспіз. Бірақ, бала кешкісін мені келіннің алдында қалдырма. Бөтен үй, басқа босаға, жаңа келген келіндей жаутаңдап, қысылып-қымтырылып отырмайын. Емін-еркін керіліп-созылып жатайын, мені бір тәуір деген қонақ үйге жайғастыр,— деді Шаяхмет.


— Шәке! Бұл жағынан қам жеменіз. Қаламыздағы ең жақсы қонақұйдің бірінен жалғыз кісілік жұмақтай бөлме алып қойғанбыз,— деді мұндайда қамшы салдырмайтын Сұлтан.

Олар шетелдік сүйріктей автомашинамен әйдік қонақұйдің алдына келіп тоқтады. Қабылдаушы қарындас:

— Аға, демаласыз ба? — деді.

— Әрине, қалқам. Алыс жолдан шаршап келдім. Демаламын ғой, — деді Шаяхмет.

Қабылдаушы қарындас мұны өзінше жорыды. “Шалыңкутың қағып тұр. Қасында қолпаштаушылары көп екен. Тегін емес. Теңгесі де төгіліп тұр-ау” деп шамалады. Шәкеңе бөлме ұнады. Жуынды, қырынды, киімдерін ауыстырды. Салқын шырындар ішті. Содан соң:



– Кеттік, інім! Енді келіннің дайындаған тамағынан жеуге болады, – деді.

Астанадан келген ақсақал кешке дейін біраз мекемелерде болды. Шағымның шығу тегін алыстан орағытып іздеуіне қарағанда, жергілікті басшылардың іскерлігіне едәуір сын болғалы тұрғанын сезген басқармадағылар әрі-бері қозғалақтай бастады.

Шаяхмет қонақүйге қараңғылық тұмшалай бастағанда келді.

– Қатты шаршадым. Енді мені мазаламандар, шал адам ерте жатып ұйықтар болар, – деді ол әлі де біраз жерлерге жетелегісі келіп тұрған басқарманың жігіттеріне.

Олар қайтып кетті. Шаяхмет ерте жатып тынығып алу үшін төсегіне қисайды.

Көзі енді ілініп барады екен, есік қағылды. Шаяхмет тәпешкесін тырп-тырп еткізіп барып есікті ашты. Ашты да таң-тамаша қалды. Өйткені, есік алдында көздері жәудіреп он екіде бір гүлі ашылмаған қуыршақтай қыз тұр еді.

– Иә, қызым?! Сірә, сен есікті жаңылысып қақтың-ау, шамасы.

– Жоқ, ағай сізге келдім.

– Не үшін?

– Демалмайсыз ба?

– Мен онсыз да демалып жатырмын ғой, қызым-ау.

– Демалғанда енді біз сізге қызмет көрсетеміз.

– Маған ешқандай да қызмет керек емес. Рахмет, қалқам! Ұйықтауым керек! – деп Шаяхмет есікті іштен ілді.

Қыз иығын қиқаң еткізіп, жөніне жүре берді.

Жастыққа басы енді тиіп еді, есік тағы қағылды.



“Жеті түнде келіп тұрған кім болды екен?” – деп Шаяхмет есікке және беттеді.

– Бұл кім?

– Ашыңыз, аға! Біз ғой.

– Бізін кім?

– Мен – Жанна!

— “Мен – Жанна” дегенді танымаймын.

– Танымасаңыз, танысамыз.

– Қарағым, мен ерігіп тұрғаным жоқ. Жолдан шаршап келдім. Ұйықтауым керек.

Шаяхмет есікті ашпай төсегіне қайта беттеп еді, есік қоңырауы тағы безілдеп қоя берді. Шәкең амалсыз тұрып есік ашты.

– Міне, енді дұрыс. Шыли шаршап та тұрған жоқ сияқтысыз ғой. Демаласыз ба?

– Ал мен не істеп жатырмын?

– Сіз қу тізеңізді құшақтап, жалғыз жатырсыз.

– Алпыстағы алжыған шал жалғыз жатпай, жалмауыз кемпірді құшақтап жатуы керек пе?

– Жалмауыз кемпірден жерісеңіз, желкілдеп тұрған бізден неге тоят алмайсыз?

– Ә-ә, әлгі “демалмайсыз ба?” дегендерің осы ма? “Демалғанының” түрін. Одан да “бірге жатамыз” деп тоқетерін айтпайсың ба?

– Солай ғой, – деп Жанна төмен қарады.

– Жасың нешеде қызым?

– Жиырма бірде.

– Онда сен маған лайықты емессің, маған он сегіздегі қыз керек! – деді Шаяхмет қитығып.

Жанна бөлмеден жұлқынып шықты. “Қақпас, әліне қарамай, “он сегіздегі қыз керек” дейді ғой тағы да. Шамаңа қара шатақ шал” деп бара жатқаны алаулаған жүзінен айқын оқылып тұрды.

– Уф, қатырдым-ау, бәлемді! – деп өзінің тапқырлығына масаттанған Шаяхмет жастыққа тағы бас қойды.

Арада бес минут өткенде телефон безек қақты.

– Бұл 107-ші бөлме ме?

– Иә.

– Кім екен?

– Бір осырақ шал.

– Ха-ха-ха! Осырақ болса да қалтасы ортаймаса жарайды. Барлық қызмет түрін жасай алатын әмбебап, бәрі сұлу, сылқым қыз. Демаласыз ба?

– Бағасы?

– Келісім бойынша.

– Сонда?

– Кәрі сүйегіңізді жібітіп, жігіт шағыңызды еске түсіреміз. Бар болғаны 100 вакс.

– Бұл не? Бір түндік қызмет үшін бе?

– Е, жоқ-а! Бір сағатқа.

– Менің оған шамам жоқ.

– Теңгеге ме, қызға ма?

– Екеуіне де...

– Ендеше, 10 мың теңге төлей қойыңыз.

– Әй, нткен арсызсындар өздерің. Мен ондайлардың қатарынан емеспін.

– Сізден де кәрілерді селкілдеткенбіз...

– Оңбаған!..

– Өзіңіз қайбір оңды адамсыз. “Ойы арам бұқа бұзаудың қасына келіп ұйықтайдының” кері ғой сіздікі. Әйтпесе қонақ үйде...

– Сендерше қонақ үйге қонып шыққандардың барлығы қағынған ғой.

– Қалай ойлайсыз өзі, расы солай ғой. Жарайды,

көке! Сізге бір сағатқа 7 мың теңге. Біздің де төлейтін жеріміз бар.

– 5 мың берейін.

– Сараң шал екенсіз. Жап-жас қыз ғой. Неге қимайсыз? Соншама ләззат үшін 2 мың теңгеңізді...

– Сонда қыз қаншама?

– Жиырмада.

– Жоқ, маған он сегіздегі қыз керек!

– Шал емес шайтан екенсіз.

– Мейлі сайқал болмағанымға шүкір.

– Алжыған қақбас! Қу сүйек! Кәрі азбан!

– Азғын!

Шаяхмет телефон трубкасын тастай салды да, шалқасынан түсті. Жүйкесі жүн түткендей арса-арса. Ол орнынан тұрды да бір стакан су ішіп, қайта жатты. Телефон қайта безектемес үшін желісін ажыратып тастады.

“Енді алаңсыз ұйықтармын” деген. Қайдан? Арада 4-5 минут өтер-өтпесте есікті тағы біреу қағып тұр.

– Не керек?

– Демалмайсыз ба?

– Демалып жатырмын.

– Маған сіздің бөлме бос деп айтты ғой.

– Сонда бос болғаны несі?

– Сізді жалғыз жатыр, қасында қыз жоқ деді.

– Ә, солай деді ме?

– Иә, ағай, демаласыз ба, жоқ па?

– Мен демалып болған адаммын.

– Өтірік айтасыз. Ешкімді де қабылдамапсыз ғой.

Есікті ашып, мені көріңізші. Бәлкім, ұнап қалармын.

Мына мыстан қыздан оңайлықпен құтылмайтыны білген Шаяхмет есікті ашты. О, тоба! Үріп ауызға салғандай көрікті бір ару тұр.

– Шырағым-ау, мұның не? Ұят қайда, ар қайда?

– Ар ақша болмайды ата!

– Сонда да басқа кәсіп таппадың ба?

– Түн ішінде сіздің ақылыңызды тыңдап тұрар уақыт жоқ. Демаласыз ба, жоқ па?

– Кет, аулақ! Енді келсең полицияға звондап көзіңе көк шыбын үймелетемін.

– Шақырып көр полицияны. Бәлені өзіне аударып, айдағып жіберейін. Олармен біздің байланысымыз бар екенін білмейді екенсіз ғой.

Бұл жолы Шаяхмет ішкен суына шашалып қала жаздады. Жүрек дәрісін қалтасынан әзер тауып ішті де, жарықты өшірді.

Көзі ілініп барады екен. Есікті біреу болар-болмас тықылдатты. Бұл жолы Шаяхмет орнынан шапшаң тұрды. Сағатына қарады. Түнгі төрт болған екен. Сұлтанға “сағат 8-де кел” деген. Жеті жарымда тұрып, жуынып-шайыну керек. Демек, үш жарым сағат қана уақыт қалды. Бұл түрімен қонақүйдегілер таң атқанша тыныштық бермейді. Кенет Шаяхметтің басына бір ой сарт етіп келе қалды. Ол есікті жылдам ашып, келген қызды ішке кіргізіп алды.

– Қарағым, сағат түнгі төрт болды. Мен жеті жарымда кетуім керек. Іш жарым сағатқа қанша аласың, – деп сұрады түнгі “қонағынан”.

– Бес мың жетеді.

– Онда шешін де жат. Қарт адаммын ғой. Ұйықтап қалсам сөкпе. Бірақ қарауылдық қызметіңе әлгі бес мыңды аласың.

“Мынаның есі дұрыс па?” деген таңданыспен қыз шешіне бастады. Алайда бөлме иесі қонақ қызға бөлек төсек көрсетті. “Теңгесін төлесе маған бәрібір” дегендей қыз диванға құлай кетті.

Таңертең аса шаршаулы Шаяхметті көрген Сұлтан оны жолсоқты болып келгенге балады.

— Қонақ үйлерінде қорқынышты елес бар екен,— деген Шәкеңнің сөзін олар әзіл деп жорыды.

Сол күні Шаяхмет қонақ үйден безіп шықты. “Келін алдында қысылып-қымтырылмайын” деп ойлаған ол енді “бүгін кімнің үйі шақырады екен?” деп кеш түсе бастағаннан қалтырайтын әдет тапты.

## СҰМДЫҚТЫҢ КӨКЕСІ

Тұңғыштың театр десе, талағы тарс кетеді. Ол театрды бос әурешілік деп есептейді. “Осы жұрт үйлерінде теледидары бар, үй кинотеатры бар, салпақтап театрға не үшін барады?” деп өз сауалына өзі жауап таба алмай шақшадай басы шарадай болады да жүреді. Тұңғыш үшін театр жиналыс өткізетін зәулім сарай ғана. Сондықтан өзі облыс әкімінің идеология жөніндегі орынбасары бола тұра, театр жөнінде бас қатырып көрген жан емес. Айтпақшы, бір жақын інісі “көке-ау, облыс тізгінін ұстап тұрған үштің бірісіз. Мына жаман ініңізге театрдың тізгінін ұстатсаңызшы” деген соң көңілін қимаған. Оның театр төңірегіндегі тұжырымы осымен тоқыраған-ды.

Бірде ол облыс әкімі Есен Аманұлының театрға күн сайын барғыштап жүргенін тосыннан естіп қалды. Енді Есен Аманұлы араларынан қыл өтпейтін бала күнгі сырлас, сыйлас досы. Жұмыстан соң қызмет тізгінін ұстап жүрген біраз көңілі жақын жігіттер жасырынып саунаға, казиноға барып көңіл көтеретіні бар-ды. Бұдан жалыққанда облыс тізгінін ұстаған жігіттердің бірінің


үйінде бас қосады. Соңғы 5-6 күн бойы Есен Аманұлы осы топтың ешқайсысынан төбе көрсете қоймағанына қарап “жұмысбасты болып жүр-ау” деп жорыған. Күнделікті сапырылыстан кездесуге қолы тимей кетіп еді. Сөйтсе ол театр төңіректен бастапты ғой.

Есен Аманұлының жұбайы Айнаш педагогтар отбасынан шыққан көргенді келін. Бәлкім, Есен Аманұлын театрға сүйрелеп жүрген сол сүйкімді келін болар. Кей-кейде жігіттер бас қосқанда кілең келіншек оңашаланып әңгіме-сұхбат құратын-ды. Тұңғыштың еркетотайы Гүлжан қымбат киімдері мен сырғаларын, жүзіктерін айтып ауыз жаппайды. Одан қала берсе әлемнің қандай мемлекеттерінде болғанын тізбектеп мақтанады.

Болмысынан қарапайым әрі жылтыраққа аса әуес емес Айнаш мұндайда жымияды да қояды. “Мына зәлім қатын осындай отырыстарға әдейі жарқырап киінбей келеді. Әйтпесе оның біздегіден де артық киім киіп, сырға тағуға, жүзік салуға шамасы келмейді ғой деймісің. Әншейін бізге қарапайым көрінгісі келеді. Әйтпесе үйінде дүние толып тұр ғой. Сандық-сандық алтын, бриллиант, алмаз, жақұт, гауһар, інжу-маржан, тағы басқа да қымбат бұйымдар мина жарсаң да ашылмайтын сейфтерде тығулы жатқан болар. Оларды өлгенде тағар ма екен?” деп Гүлжанның іші уілжиді. “Енді міне, жаман байы әкім болды екен деп бізден бөліп, театрға сүйрегіштеп жүр. Бізді менсінбегені ғой. Көрерміз байының қашанға дейін әкім болып тұрғанын”.

Алайда Гүлжан іштей қарсыласты екен деп Тұңғыш жоспарын өзгертпейді. Келесі күні ол театрда қандай спектакль жүргелі жатқанын, оның сағат қаншада өтетінін, театрға Есен Аманұлы қай уақытқа билет





алғанын жасырын біліп алды да, Гүлжанын қолтықтап жетіп барды. Гүлжанға жүдә жақсы болып қалды. Үстіндегі асылдарын “кімге көрсетіп мақтанамын” деп басы қатып жүр еді, театрға келген көптеген келіншектердің көздері шарасынан шығып кетті. Мұны көріп Гүлжан одан сайын шалқақтай түсті.

Айнашты қолтықтап есіктен еніп келе жатқан облыс әкімін Тұңғыш сонадайдан таныды. Есен Аманұлы аулада серуендеп қана келетін адамдай қарапайым киініпті. Айнаш та сол баяғы қалпы. Оларға қарағанда Гүлжан императордың ханзадасындай малынып тұр.

— Ассалаумағалейкүм! — деп, Тұңғыш бастығына қарай қос қолын ала ұмтылды, — Есен Аманұлы, театрға сіз де келіп қалғанбыз ба? Бүгін театрда жақсы бір қойылым болады деп естіген соң Гүлжанды қолтықтап жеткенім ғой. Қарасам маңдайыңыз жарқырап, есіктен сіз еніп келесіз. Мен өзі жастайымнан театрды жақсы көремін ғой. Тәуір деген қойылымдарды қалт жібермеймін, — деп Тұңғыш лыпылдап жатыр.

Әкім сыр берген жоқ. Тұңғыштың театрды қаншалықты жақсы көретінін басқа білмесе де, Есен Аманұлы жақсы біледі. Жұмыстан соң қолдары қалт еткенде сауна, басқа да көңіл көтеретін жерлерде жарқанаттай жармасып, жанынан қалмайды. Сонда ол театрға қай уақытта барып жүр.

— Жақсы, бүгінгі қойылымға көзқарасыңыз қалай? — деп сұрады әкім жорта.

Бүгін театрда жергілікті бір драматургтің пьесасы негізінде спектакль қойылғалы жатыр еді. Болса-болмаса да Тұңғыш бұл қойылымның сюжетімен таныс емес. Сондықтан ол сасқалақтап қалды.

— Есен Аманұлы, енді қойылымға бағаны көріп

шыққаннан соң айтамыз да,— деп тығырықтан шығып кеткендей болды.

— Ә, сіз бұл қойылымды бұрын-соңды көрмеген бе едіңіз. Ал біз бұл спектакльге осымен үшінші рет келіп отырмыз,— деді әкім.

Әкім басымен бір спектакльге үш мәрте келсе, мұның өзі өте көкейтесті мәселені қозғаған дүние болды ғой. Әлде Есен Аманұлының көзі жас актрисаға түсіп жүр ме екен?

“Апам да аң-таң, мен де аң-таң” демекші, Тұңғыштың аң-таң қалған жері осы болды. Қашаннан бері Есен Аманұлы театрдан шықпайтын болған. Бұл не қылған жұмбақ?

Театр келесі жолы Ғ.Мүсіреповтің “Қыз Жібегін” қойды. Содан кейін Ш.Айтматовтың “Жан пидасы” сахналанды. Арада тағы бірер күн өтпей өзбек драматургы Ж.Құдайбердиевтің “Уа, сұлтан!” атты қойылымы шымылдығын түрді. Облыстық орыс театры Дж.Стейнбектің “Люди и мышцы” атты спектаклін шығарыпты.

Әу баста театрға Есен мен Тұңғыш ғана әйелдерімен келуші еді. Енді театрға облыс әкімшілігінің қызметкерлері түгел көшіп келетін болды. Бұл аздай облыстық әкімшілікке бағынышты департаменттер мен басқармалардың бастықтары, қала әкімі, оның орынбасарлары, тиісті бөлімдерінің меңгерушілері, колледж, мектеп директорлары театршыл болып алды. Тіптен қарапайым адамдарға билет жетпейтін күн туды. Облыс орталығымен іргелес үш аудан бар еді. Олардың әкімдері де кеш түссе болды, театр деп үздігеді де отырады.

Облыстық мәдениет басқармасының бастығы Мырзабай Созақбаевтың сасқан жері осы болды. Әкім

біткен театршыл, кеш түссе қылқиып келеді де тұрады. Әрине, оларға тың репертуарлар керек. Сондықтан кәсіби театрлар мен драма үйірмелерінің байқауы дегенді ойлаптапты. Аудан, қалалардан театрұжымдары көшіп келіп, барлық репертуарларын сарқып спектакль көрсетіп кететін болды. Дегенмен айналасы екі-үш айда олардың да қойылымдарының түбі көрінді. Осы кезде облыстық театр жергілікті бір драматургтің жеңіл-желпі тақырыпқа арнаған комедиясын дайындаған еді. Есен Аманұлы нөкерлерімен келіп мұны да көріп кетті.

Осы уақытта әртүрлі деңгейдегі әкімдер мен олардың орынбасарлары, департамент, басқарма бастықтары, директорлары тәп-тәуір театр сыншысы, театртанушы дәрежесіне көтеріліп қалды. Департамент бастығы Тұрсынбек Тәжібаев әр қойылымнан соң спектакль жөнінде кішігірім талдау жасайтын дәрежеге жетті. Қызды-қыздымен ішкі саясат департаментінің директоры Әбен Қалданов нашақор жастар жөнінде бір пьеса жазып тастады. Мұны естіп облыстық қоршаған ортаны қорғау басқармасының бастығы Жұман Мәндібайұлы “Орман” деген пьеса жазып, айды аспанға бір-ақ шығарды.

Енді осы пьесаларды сахналау мәселесі талқыланып жатыр. Облыстық театрдың бас режиссері Шандырбек Шашубаев шатақтау адам еді. Қалай ғана жуасығанын жан білмейді, “Орман” деген болашақ спектакльдің дүниені дүр сілкіндіреріне сенімділігі соншама, жұмысқа құлшына кірісті. Әбен Қалдановтың “Нашақор қыздың наласы” атты дүниесі театр тарихында бұрын-соңды болмаған тың туынды көрінеді.

“Сынықтан басқаның барлығы жұғады”. Айналаңдағының барлығы театртанушы, театр сыншысы, драматург болып жатқанда, кәсіпкерлікті

қорғау басқармасының бастығы Құтыш Білісұлы қарап қалсын ба? Құтыш тіптен қатырды. Ол кәсіпкер бір жігіттің басынан өткерген хикаялары негізілде “Етікші” деген пьеса жазып, алдыңғыларын қуып жетті. Артынша “Арбакеш” деген тағы бір дүниеге қызу кіріскенін естідік. Мұнысы базарда арба айдап жүрген жалқы жігіттің басынан кешкен ауыр тағдыры төңірегінде көрінеді.

Театр десе тыжырынатын Тұңғыш таңғажайып жаңалық ашты. Ол облыстық газет редакторына қоңырау шалып “Театр” деген қосымша шығаруды ұсынды. “Театр – киім ілгіштен басталады” дегенді өзінше өзгертіп “Тәрбие – театрдан басталады” деген жаңа мақал ойлап тапты.

Осылай театр төңірегінде мәдени төңкеріс болып жатқан бір тәуір кезеңде тосын оқиға орын алды. Облыс әкімі театрға келуін кілт тоқтатты.

– Есен Аманұлы, соңғы кезде театрға неге мойын бұрмай қойдыңыз? Онда қазір жаңа өрлеу процесі жүріп жатыр. Жаңа драматургтар пайда болды. Таяуда Жұман Мәндібайұлының “Орман”, Құтыш Білісұлының “Арбакеш” деген пьесалары сахналанды. Енді айтары жоқ, керемет туындылар. Барып көруіңізді өтінемін, – деді орынбасары Тұңғыш.

– Бауырым, өнерлі елдің өресі кең, мәдениеті мәуелі болатынына таласым жоқ. Сәтін салса сен айтқан спектакльдерді арнайы барып көріп шығармын. Бірақ оған қазір қолым тимейді. Оның үстіне дәрігерім де “жүйкемнің жөнге келгенін” айтып, енді мазаланбаңыз деп кетті, – деді әкім.

– Сонда қалай? – деп таңырқанды Тұңғыш.

– Сен білмейсің ғой, өткенде жүйкем сыр беріп түн баласына ұйқы көрмейтін бір дерт жабысты. Дәрігерім:



“Кешке бір уақыт серуендеп, театрға барып ойыңызды бөліп тұрыңыз” деп кеңес берген. Содан Айнаш екеуіміз кешкі қаланы қызықтап келе жатып бір спектакльдің жарнамасына көзіміз түсіп кіре салып едік, маған ұнап қалды. Содан театрға тартып кетуіміз жиіледі. Мына кереметті қара, театрға әр барған сайын бойымдағы бір зіл батпан жүк түсіп қалғандай, өзімді қауырсындай жеңіл сезінетін болдым. Адам өзіне жаққан нәрседен жуық арада қол үзбейді. Содан Құдайдың құдіреті, ұйқы да тынышталды, жүйке де қалыпқа түсті. Енді қарап отырсам, күн сайын театрлата беруге болмайды екен. Жұмыс деген шаш-етектен. Бұдан мені театрдан мүлде қол үзіп кетті деп ойламаңдар. Қолдарың тисе театрға күн сайын барып тұрыңдар. Мен оған тіпті де қарсы емеспін. Қайта қуанамын. Ал мені жазғыра көрмендер. Онсыз да сендерді театрға ынтық еттім емес пе? – деді Есен Аманұлы.

Тұңғыш тырп еткен жоқ. Үнсіз шығып кетті.

Қазір Есен Аманұлы кешкілік стадионды жаптырып тастап, спортпен айналысып жүр. Қарындары салбыраған әкімдердің өкпелері ауыздарына шығып кетердей күй кешуде. Әнеукүні жуан қарын бір полиция қызметкері орта жолда өкпесі өшіп жығылып, “спортшы” жігіттерді біраз әуреледі.

Бүгінде Тұңғыш әуреленудің көбісі әлі алда ғой деп пайымдайды. Бастықтың көлеңкесі болып күн кешудің азабы мол болатынын ойына алғанда, төбе шашы тікірейеді.

Кеше Тұңғышқа театрдың директоры шақыру билетін әкеліп тастады. Департамент басшысы, драматург Әбен Қалдановтың “Нашақор қыздың наласы” атты жаңа қойылымы сахналанбақ екен. Театр



директорының айтуынша, театрға адам толмай сұмдық болып жатқан көрінеді.

— Тифу! — деп жерге бір түкірді Тұңғыш, — адам өзі бастықтың кешке тағы не өнер көрсететінін білмей басы қатып отырса... Әй, театрың құлап қалмас. Әкім жуырда штанга көтеруді бастапты. Бізде жуан қарындылар көп. Ана жерінен, мына жерінен жағымсыз сасық сұйық атқыласа, сұмдықтың көкесі сонда болады. Білдің бе?

## ТЕМПЕРАТУРА

Адырбай аяқ астынан ауырып, дөңбекшіді де қалды. Бұрын мұндай пәлесі жоқ еді. Температурасы көтеріліп, көздері кіртііп, шөміштен қағылған баладай шидей болып шыға келді. Жүрек шіркін бұлқынды, асқазан бүрді. Оның арғы жағында тағы бірнәрселер аш қасқырша “үрді”. Адырбай олай жүрді, былай жүрді, ауру азабы басылмады. Жан жары Жұпар телефонды бұрады, жедел жәрдем сұрады.

— Іш сүзегі, дереу ауруханаға жатқызбаса болмайды, — деп дәрігер жедел диагноз қойды.

Артынша Адырбайды жедел жәрдем машинасына тиіп, қызыл-жасылды жарығын жағып, аңыратып ауруханаға тартты. Жұпар да күйеуімен бірге бармақ еді, дәрігер тиіп тастады.

Олар кеткен соң Жұпар балаларымен отырып, біраз уақыт ой теңізіне сүнгіді. Ешнәрсе болмағанадай алаңсыз жатып алғанын ертең туған-туыс, жора-жолдас қалай түсінеді. “Бізге бір ауыз хабарлай салсаң қайтеді? Осындайда бір-бірімізді іздемегенде қашан іздейміз” деп таудай өкпесін артып шыға келетіндеріне күмән

жоқ. Оның үстіне тым мазасызданып кетіп еді. Артынан барып ахуалын біліп қайтпаса болмас. Жұпар достары Ынтымақ, Салқынбек, Сұлтанға телефон шалып еді “үйіңнен шығып кетпей күтіп отыр. Біз қазір жетеміз” деп хабар алды. Жұпардың ойына Қожанасырдың қылығы түсті. Ол құдыққа құлап кеткен баласына: “Ешқайда кетіп қалма, мен қазір саты әкеліп шығарып аламын” демеуші ме еді. Сол айтпақшы, жаны күйзеліп тұрғанда, оның үстіне түн қараңғысында Жұпар қайда жоғалмақ? Достарының қамқор пейілі демеу болды ма, Жұпар Қожаның қылығын қайта ойлап күліп алды. Әкесі жедел ауруханаға түсіп, отбасы қайғының уын ішіп отырғанда, шешесінің шайтан шалықтап кеткендей шалқалай күлгенінен балалары шошынды. Адамға қуанған мен қайғы бірдей. Жедел кеткен әкеден жаман хабар келді ме деп, іш тартып қалған үлкен ұлы:

– Не болды сізге, мама? – деп айқайлап жіберді.

– Жай. Жай ғой қарағым. Қазір Ынтымақ, Сұлтан, Салқынбек ағаларың келеді. Ауруханаға барып әкеңнің ахуалын біліп қайтамыз, – дегенде үлкен ұлдың көзі шарасынан шықты.

Осы кезде дос-жарандар да жетіп, орталарына Жұпарды алып ауруханаға асығыс аттанды.

Кезекші дәрігер бұларды қатқылдау қарсы алды. Кіріп хал-жағдайды сұрауға қатаң тыйым салды.

– Адамдарыңыздың ахуалы ауыр. Тезірек мына дәрілерді тауып әкеліндер, – деп дәрігер дәрілердің аты-жөні жазылған ішірткі қағазды қолдарына ұстатты.

Қазір бір тәуірі дәріханалар күндіз-түні жұмыс істейді. Рецепттегі дәрілерді олар тез тауып оралды. Дәрілерді қабылдап алған кезекші дәрігер сабыр сақтап, әліптің соңын күте тұруды өтінді.

Түнде сағат деген табандап тұрып алады екен ғой. Тыпыршып бұлар тұр. Ауру тарихын бұрқыратып жазып отырған дәрігердің науқаспен тіпті шаруасы жоқтай.

— Доктор, сырқаттың жағдайын біліп шығыңызшы? — деп достар кезек-кезек жалынды.

— Мейірбике басында тұр. Мен тағайындаған дәрілерді беріп жатыр. Жаңа ғана көріп шықтым,— деп дәрігер ділмарсыды.

— Сонда да біздің көңіліміз тынышталу үшін тағы бір рет барып байқап келіңізші, көп жасағыр! — деп Салқынбек шыдамсызданды.

— Сіздер енді қайта берсеңіздер де болады. Ертең келіңіздер. Хабарын сонда білерсіздер,— деп дәрігер қозғалмады.

— Ойбай-ау, аурудың ахуалын білмей үйге қай бетімізбен қайтамыз? Мұнда соның жағдайын білмесек не үшін келдік. Үйде балалары әкелерінің жағдайын білмек болып, екі көздері төрт болып жаутаңдап отыр. Ал мынау қайтындар дейді еше,— деп Жұпар жүлқынды.

— Енді мұндағы тәртіп осындай. Дәрігерді сыйлау керек,— деп Ынтымақ Жұпарға басу айтты.

Оның осы сөзі дәрігердің жұқалау жеріне дөп тиді-ау, шамасы. Ол түн ішінде аурухананы дүрліктірмеу керектігі жөнінде біраз нұсқау айтты да, науқастың жағдайын білмек болып палатаға кіріп кетті. Әлден соң басы салбырап қайта шықты.

— Не болды?

— Жағдайы қалай?

— Ауру тынышталды ма?

— Ұйықтады ма?

Дәрігер үнсіз келіп үстеліне жайғасты. Мына отырысына қарағанда “сырқаттың тағдыры менің қолымда” дегенді айтпай-ақ аңғаруға болатындай. Қағазына қайта шұқшия беріп дәрігер:

– Температура! – деп қолын шошайтты.

– А, не?

– Температурасы түспей жатыр, – деді дәрігер.

– Не істеу керек дәрігер?

– Мүмкін тағы басқа дәрілер әкелгеніміз жөн болар!

– Расында бір дәріні ұмытып кетіппін. Ол бірақ өте қат дәрі. Аптекада оны оңайлықпен бере қоймайды. Өзім бармасам болмас, – деп дәрігердің ықыласы түсті.

– Сізді тәңірі жарылқасын! Сөйте қойыңызшы! – деп шу ете түсті достар.

Былай шыға дәрігер бүгіндікке нәр сызбағанын айтты. “Жаппарқұлда жан бар ма”, Ынтымақ жолай бір дәмханадан бір дорба тамақ алып шықты. Бір сөмкеде коньяк, арақ та бар.

Аптекаға дәрігер жеке кірді. Әлдебір уколды алып, олар ауруханаға қайтты. Келгеннен соң әлгі дәріні егуге дәрігердің өзі кетті. Қайтып келген соң тұтас піскен тауықтың етін боршалап жеуге кірісті. Қазы-қарта, жал-жаядан да түк қалдырмады. Сұлтан мен Салқынбектің жұтқыншағы жыбырлады. Жұпар Ынтымаққа бірнәрсе деп сыбырлады. Олар дәрігерді мақтап отырып, екі бөтелке коньякты тауысты. Содан соң әңгімелері ауру жайына ауысты. Бұл кезде дәрігер де көңілденіп қалып еді. Өйткені Ынтымақ осы кезді пайдаланып, оның қалтасына 200 доллар салып еді.

– Мен енді барып Адырбай ағаның ахуалын біліп келейін, – деп дәрігер аяғының ұшымен басып, палатаға қарай аттанды.

— Дегенмен өзі ақкөңіл дәрігер екен. Жүгіріп жүріп дәріні өзі тауып әкелгенін айтсаңшы,— деп Сұлтан адам жанының арашашысын аспанға көтеріп, мақтауын асырды. Бірақ әуелгіде жек көріп қалғанын жасырды.

— Жаман жігіт емес,— деп оған Салқынбек қосылды. Ынтымақ сөзден тосылды.

Осылай тұрғанда дәрігердің өзі де келіп қалды. Манағыдай емес жүзі жадыраңқы.

— Түк те қорқыныш жоқ. Ағаның температурасы түсіпті. Қазір қалыпты. Балбырап ұйықтап та кетіпті. Енді таңертең бір-ақ оянады,— деді мың жасағыр Мықтыбек.

Дәрігердің аты осылай екен. Келушілер Мықтыбекке мықты денсаулық тілеп, үйлеріне қайтты.

Бәрібір шыдамаған. Ертесіне жұмыстарына асығыс бас сұғып бәрі ауруханаға жетті. Түндегі кезекші дәрігер үйіне қайтып кетіпті. Оның орнындағы дәрігер жап-жас қыз екен. Ол терезе арқылы сөйлесуге рұқсат берді.

— Түнімен температураң түспей, ауруың асқынып, дәріханадан дәріханаға тентіреттің ғой бізді,— деп қалды аузы жылдам Сұлтан.

— Қайдағы температура? Мені осында жеткізісімен бірер уколдан соң ішімнің ауырғаны сап басылды. “Үйге қайта берейін” деген едім, кезекші дәрігер рұқсат етпеді. “Ертең анализіңізді алып, аурудан аман болсаңыз босатамыз” деген соң амалсыз қалдым. Түнде тәуір ұйықтап шықтым. Кеше бір жақпас тамақ кеп қойдым ба екен? Қазір сап-саумын,— деді терезеден ысқа қарап тұрған Адырбай.

Кешегіден түрі оңалып қалғанын көріп Жұпар кымиды.



Ал түндегі дәріханадан дәріхана қоймай, екі дорба дәрі-дәрмек әкелгені, дәрігердің долларды алып, тамаққа тойғаннан соң барып жорғалағаны, достарының ахуалы ауыр деп қорқытқаны еске түсіп, Ынтымақтың температурасы көтерілді.





## МАЗМҰНЫ

Сабырбекті не үшін оқимыз?.....	3
Оң қол.....	5
Жидегүл жайнап сала берді.....	10
Абыройдан айрылған алтын алқа.....	16
Ашық сабақ.....	20
Автожарыс.....	26
Жоғалған құда.....	31
Дөкейлерді дөңбекшіткен.....	38
Ұры көз.....	43
Баяндамадан келген бәлекет.....	48
Ұрғашы піл.....	53
Нұртайдың намысы.....	57
Аққолтық.....	62
Қиямпұрыс кесел.....	68
Сарыауыздар сұхбаты.....	72
Індет.....	77
Қайтармалы қасірет.....	83
Майтабан.....	87
Күлпаш.....	92
Ақырзаманның баласы.....	103
Махаббат және көз жасы.....	107
Батырханның елесі.....	113
“Әжейдің қырқына да, жылына да барамын”.....	120
“Атау кере”.....	127
Шүрк етпе.....	134
Біз саяжайға не үшін қаштық?.....	139
Көбікауыз.....	146
Үш кеңес.....	151
Байлар да жылайды.....	157
Тәрбиесіз түс.....	163
Мен тауық кепеге қалай түнеп шықтым?.....	167

## **ЖАТЫПАТАР**

Жаман ой.....	172
Бір күдірет.....	173
Бес рет құдалық.....	175
Жұбату.....	175
Тәрбие.....	176
Ән арнайық деп едік... ..	177
Керек емес зат.....	178
Отбасының тұтқасы кім? .....	178
Көп мағына.....	179
Жүректегі жара.....	179
“Ұйқыдағы ару”.....	180
Мысықтілеу.....	181
Солдай екен-ау... ..	181
Бұқа бақсаң не болар еді?.....	181
Имантаразы.....	183
Тұра қашты.....	184
Рас-ей... ..	184
Көзі көгерген келіншек.....	185
Абыройсыз атақ.....	188
Көпірбай көкем той жасады.....	194
Тарау-тарау түстер.....	200
Сау сиырдың “сорты”.....	207
“Шаршаттыңыз ғой, Шеңгелбаев ағай!”.....	214
Тіркеме.....	219
Бір жарнамаға үш қоңырау.....	223
Сұрасаң ауылымды Тесіктаста.....	228
Матадор.....	232
Жылжиды аққу... ..	237
Шошымалы боп қалдық.....	242
Қойдықтың қойыртпағы.....	246
Қасымбектің қарыны.....	253
Қонақ үйдегі қорқынышты елес.....	259
Сұмдықтың көкесі.....	267
<b>Температура.....</b>	<b>275</b>

Сабырбек ОЛЖАБАЙ

## ҒАСЫР МАШАҚАТЫ

(өзіл-сықақ өңгімелер)

Редакторы Ж. АСАН

Көркемдеуші редакторы С. ҚАСЫМОВ

Техникалық редакторы А. ТІЛЕУКЕЕВА

ИБ №504

Басуға 26.05.2011ж. қол қойылды.

Пішімі 84x108 <sup>1</sup>/<sub>32</sub>. Әріп түрі “Times New Roman”

Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 15.

Таралымы 2000 дана.

Тапсырыс №310.

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы  
Жангелдин–Мұхамеджанов көшесі, 30/26.

“ҚАЗАқпарат” баспа корпорациясы

Тел.: (8-727) 397-41-63, 397-41-62

Эл. пошта: Kazakparat@inbox.ru

“ҚАЗАқпарат” баспа корпорациясының баспаханасы

**“ҚАЗАҚПАРАТ”** баспа корпорациясынан биыл төмендегідей кітаптар жарық көреді:

*“XXI ғасыр прозасы” сериясымен:*

Әкім Тарази. “Көк аспанда қырағы көз бар”. *Деректі әңгімелер.*

Қуандық Түменбай. “Өлілер мен тірілер”. *Деректі әңгімелер.*

Нұрғали Ораз. “Сиқырлы көл”. *Әңгімелер.*

Думан Рамазан. “Жылап аққан тамшылар”. *Әңгімелер.*

Адам Мекебаев. “Алапат”. *Роман.*

Зейнел-Ғаби Иманбаев. “Қос қайың”. *Шығармалар жинағы.*

Геннадий Доронин. “День любви”. *Сборник рассказов.*

*“Қазақ күлкісі” сериясымен:*

Ғаббас Қабышев. Шығармалар жинағы. *Қос томдық.*

Толымбек Әлімбеков. “Қалай болса – солай”. *Әзіл-сықақ әңгімелер.*

Мұхтар Шерім. “Қашқандар мен қуғандар”. *Әзіл-сықақ әңгімелер.*

Қабдрахман Отарбаев. “Вампир”. *Әзіл-сықақ әңгімелер.*

Алпысбай Боранбаев. “Ала қаптың әлегі”. *Сатиралық өлеңдер.*

Сабырбек Олжабай. “Ғасыр машақаты”. *Әзіл-сықақ әңгімелер.*

Ғалым Смағұл. *Карикатуралар.*

Темірбек Қожекеев. “Ескі жылдың есебі”. *Сатиралық әңгімелер.*

ISBN 978-601-03-0086-6



9 786010 300866



Kaz Atkinson